

Қазақстан Республикасының Парламенті

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы № 209 Кодексі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 49-баптан қараңыз) Заңымен

Парламент Республики Казахстан

## Мазмұны

1. Жалпы бөлім
  - 1-бөлім . Жалпы ережелер
    - 1-тарау . Негізгі ережелер
      - 1-бап . Осы Кодекспен реттелетін қатынастар
      - 2-бап . Қазақстан Республикасының салық заңдары
      - 3-бап . Салық заңдарының қолданылуы
      - 4-бап . Қазақстан Республикасындағы салық салу принциптері
      - 5-бап . Салық салудың міндеттілігі принципі
      - 6-бап . Салық салудың айқындығы принципі
      - 7-бап . Салық салудың әділдігі принципі
      - 8-бап . Салық жүйесінің біртұтастығы принципі
      - 9-бап . Салық заңдарының жариялылығы принципі
      - 10-бап . Осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар
    - 2-тарау . Салық төлеушінің және салық агентінің құқықтары мен міндеттері.
  - Салық қатынастарындағы өкілдік
    - 11-бап . Салық төлеушінің құқықтары
    - 12-бап . Салық төлеушінің міндеттері



- 
- 13-бап . Салық агентінің құқықтары мен міндеттері
- 14-бап . Осы Кодекспен реттелетін салық қатынастарындағы өкілдік
- 3-тарау . Салық қызметі органдары. Кеден органдары. Салық қызметі органдарының басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы
- 15-бап . Салық қызметі органдарының міндеттері мен құрылымы
- 16-бап . Салық қызметі органдарының құқықтары
- 17-бап . Салық қызметі органдарының міндеттері
- 18-бап . Мүдделер қақтығысы
- 19-бап . Кеден органдарының салықтар алу жөніндегі өкілеттігі
- 20-бап . Уәкілетті органдардың өкілеттіктері
- 21-бап . Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері
- 22-бап . Салық қызметі органдарының басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекеті
- 23-бап . Салық қызметі органдарының лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау
- 2-бөлім . Салық міндеттемесі
- 4-тарау . Жалпы ережелер
- 24-бап . Салық міндеттемесі
- 25-бап . Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер
- 26-бап . Салық базасы
- 27-бап . Салық ставкасы
- 28-бап . Салық кезеңі
- 5-тарау . Салық міндеттемесін орындау
- 29-бап . Салық міндеттемесін орындау
- 30-бап . Салық міндеттемесін орындау кезінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу ерекшеліктері
- 31-бап . Салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы

32-бап . Салық міндеттемесін орындау мерзімдері

33-бап . Салық берешегін өтеу тәртібі

34-бап . Таратылатын заңды тұлғаның салық міндеттемесін орындауы

35-бап . Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде салық міндеттемесін орындау

36-бап . Қайтыс болған жеке тұлғаның салық берешегін өтеу

37-бап . Сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған жеке тұлғаның салық міндеттемесін орындау

38-бап . Салық міндеттемесі бойынша талап қою мерзімі

6-тарау . Салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу кезінде салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдың артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару

39-бап . Салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу кезінде салық төлеушінің артық төлеген салық, төлемақы, өсімпұл сомаларын есепке жатқызу

40-бап . Салық міндеттемесін орындаған кезде салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдың артық төленген сомаларын қайтару

7-тарау . Салықтарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгертілуі

41-бап . Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгертілу ұғымы және оның жалпы шарттары

42-бап . Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдауға уәкілетті орган

43-бап . Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімдердің қолданылуын тоқтату

44-бап . Салық төлеушінің кепілге салынған мүлкінен өндіріп алу және оны өткізу тәртібі

8-тарау . Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері

45-бап . Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері

46-бап . Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына өсімпұл

47-бап . Салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

48-бап . Салық төлеушінің салық берешегі есебіне мүлікке билік етуін шектеу туралы шешім шығару

9-тарау . Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары

49-бап . Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары

50-бап . Салық берешегін банк шоттарындағы ақша есебінен өндіріп алу

51-бап . Салық берешегі сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу

52-бап . Салық төлеушінің салық берешегі сомасын оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу

53-бап . Салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен салық берешегі есебінен өндіріп алу

54-бап . Салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін салық берешегі есебіне өткізу тәртібі

55-бап . Салық төлеушінің-жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлеп шығару

56-бап . Салық төлеушіні банкрот деп тану

10-тарау . Салық міндеттемесін тоқтатудың негіздері

57-бап . Жеке тұлғаның салық міндеттемесін тоқтату

58-бап . Заңды тұлғаның салық міндеттемесін тоқтату

2. Ерекше бөлім

3-бөлім . Жалпы ережелер

11-тарау . Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері

59-бап . Жалпы ережелер

60-бап . Салықтар

61-бап . Алымдар

62-бап . Төлемақылар

63-бап . Мемлекеттік баж

64-бап . Кеден төлемдері

12-тарау . Салық есебінің ережелері және салық есептілігі

65-бап . Салық есебінің ережелері

66-бап . Есеп құжаттамасын жасау және сақтау

67-бап . Бөлек есеп және оны жүргізу тәртібі

68-бап . Салық есептілігі

69-бап . Салық есептілігін жасау мен табыс ету тәртібі

70-бап . Салық декларациясын табыс ету мерзімін ұзарту

71-бап . Салық есептілігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

72-бап . Салық есептілігін сақтау мерзімі

13-тарау . Операциялардың жекелеген түрлерінің салық есебінің ерекшеліктері

Параграф 1 . Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі салық салу ерекшеліктері

73-бап . Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылау

73-1-бап . Трансферттік бағаларды қолдану кезінде салық салу объектілерін түзету

Параграф 2 . Басқа жағдайларда салық салу ерекшеліктері

74-бап . Қаржы лизингі

75-бап . Ортақ үлестік меншік

76-бап . Жекелеген жағдайларда салық салу объектілерін анықтау тәртібі

4-бөлім . Корпорациялық табыс салығы

14-тарау . Жалпы ережелер

77-бап . Төлеушілер

78-бап . Салық салу объектілері

15-тарау . Салық салынатын табыс

79-бап . Салық салынатын табыс

Параграф 1 . Жылдық жиынтық табыс

80-бап . Жылдық жиынтық табыс

81-бап . Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түсетін табыс

82-бап . Үйлерді, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс

83-бап . Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар

84-бап . Күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар

85-бап . Банктер жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар

86-бап . Борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар

87-бап . Шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың (топтың) құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар

87-1-бап . Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар

88-бап . Кен орындарын игеру салдарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру салдарын жою қорына аударымдар сомасының асып түсуінен алынатын табыстар

89-бап . Бұрын жасалған шегерімдер бойынша алынған өтемдер

90-бап . Өтеусіз алынған мүлік

90-1-бап . Табыстардың әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған шығыстардан асып түсуі

91-бап . Жылдық жиынтық табысты түзету

Параграф 2 . Шегерімдер

92-бап . Шегерімдер

93-бап . Қызмет бабындағы іссапарлар кезіндегі және өкілдік шығыстар бойынша өтемдер сомаларын шегеру

94-бап . Сыйақы бойынша шегерімдер

95-бап . Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдер

96-бап . Күмәнді талаптар бойынша шегерімдер

97-бап . Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер

98-бап . Ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдер

99-бап . Сақтандыру сыйлықақылары бойынша шығыстарды шегеру

100-бап . Әлеуметтік төлемдерге және оқытуға жұмсалған шығыстарды шегеру

101-бап . Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шегерімдері

102-бап . Теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуінен шегерім

103-бап . Салықтар шегерімі

104-бап . Шегерімге жатпайтын шығыстар

Параграф 3 . Тіркелген активтер бойынша шегерімдер

105-бап . Тіркелген активтер

106-бап . Тіркелген активтердің құны

107-бап . Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу

108-бап . Амортизациялық ішкі топтардың, топтардың құн балансын айқындау

109-бап . Тіркелген активтердің келіп түсуі және шығып қалуы

110-бап . Тіркелген активтер амортизациясының шекті нормалары

111-бап . Тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер

111-1-бап . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. № 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

112-бап . Қаржы лизингі шарттарымен берілген (алынған) тіркелген активтер

113-бап . Жөндеуге жұмсалған шығыстар бойынша шегерімдер

Параграф 4 . Ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша табыстар мен шегерімдер

114-бап . Ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша табыстар мен шегерімдер

16-тарау . Салық төлеушілердің кейбір санаттарына салық салу жөніндегі жекелеген ережелер

Параграф 1 . Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу

115-бап . Салық салу объектісі

116-бап . Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының табыстары мен шығыстарының есебі

117-бап . Корпорациялық табыс салығының ставкалары

118-бап . Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация және есеп айырысу

119-бап . Корпорациялық табыс салығын төлеу мерзімдері

Параграф 2 . Басқа санаттардағы салық төлеушілерге салық салу

119-1-бап . Мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын жекелеген ұйымдарға салық салу

120-бап . Коммерциялық емес ұйымдарға салық салу

121-бап . Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

17-тарау . Салық салынатын табысты түзету

122-бап . Салық салынатын табысты түзету

18-тарау . Залалдар

123-бап . Залал ұғымы

124-бап . Залалдарды ауыстыру

---

19-тарау . Корпорациялық табыс салығын есептеп шығару тәртібі мен оны төлеу мерзімдері

125-бап . Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеп шығару

126-бап . Аванстық төлемдер сомасын есептеп шығару

127-бап . Корпорациялық табыс салығын төлеу мерзімдері мен тәртібі

128-бап . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. № 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

129-бап . Шетелдік салықты есепке жатқызу

130-бап . Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттерде алынған табыс

130-1-бап . Резиденттердің халықаралық шарттарды шет мемлекеттерде қолдану тәртібі

20-тарау . Төлем көзінен ұсталатын салық

131-бап . Төлем көзінен салық салынатын табыстар

132-бап . Төлем көзінен ұсталатын салықты есептеп шығару тәртібі

133-бап . Төлем көзінен салықты аудару тәртібі

134-бап . Төлем көзінен ұсталған салық жөніндегі есеп-қисап

21-тарау . Салық ставкалары

135-бап . Салық ставкалары

22-тарау . Салық кезеңі және салық декларациясы

136-бап . Салық кезеңі

137-бап . Салық декларациясы

5-бөлім . Инвестициялық салық преференциялары

138-бап . Инвестициялық салық преференциялары

139-бап . Инвестициялық салық преференцияларын қолдану тәртібі

140-бап . Преференциялардың қолданылуын тоқтату

5-1-бөлім . Салық төлеушілердің жекелеген санаттарына салық салу ерекшеліктері

22-1-тарау . Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

140-1-бап . Жалпы ережелер

140-2 бап . Салықтарды есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімдері

140-3-бап . Салық кезеңі және салық есептілігі

22-2-тарау . "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

140-4-бап . Жалпы ережелер

140-5-бап . Салықты есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімдері

140-6-бап . Салық кезеңі және салық есептілігі

22-3-тарау . Өз өндірісінің, соның ішінде сертификатталған, қосылған құны жоғары тауарларын өткізетін ұйымдарға салық салу

140-7-бап . Жалпы ережелер

140-8-бап . Салықтарды есептеу

140-9-бап . Корпорациялық табыс салығын есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімдері

6-бөлім . Жеке табыс салығы

23-тарау . Жалпы ережелер

141-бап . Төлеушілер

142-бап . Резидент емес жеке тұлғаларға салық салу ерекшеліктері

143-бап . Салық салу объектілері

144-бап . Салық салынуға жатпайтын табыстар

145-бап . Салық ставкалары

24-тарау . Төлем көзінен салық салынатын табыстар

146-бап . Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстары

147-бап . Салықты есептеу және төлеу

148-бап . Жеке табыс салығы бойынша есеп-қисап

Параграф 1 . Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысы

149-бап . Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысы

150-бап . Қызметкердің заттай нысандағы табысы

151-бап . Қызметкердің материалдық пайда түріндегі табысы

152-бап . Салық шегерімдері

153-бап . Салықты есептеу және ұстап қалу

153-1-бап . Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар табыстарының жекелеген түрлерінен жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі

Параграф 2 . Төлем көзінен салық салынатын біржолғы төлемдерден түскен табыс

154-бап . Біржолғы төлемдерден түскен табыс

155-бап . Салық сомасын есептеу

Параграф 3 . Төлем көзінен салық салынатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері

156-бап . Төлем көзінен салық салынатын зейнетақы төлемдері

157-бап . Салық сомасын есептеу

Параграф 4 . Төлем көзінен салық салынатын дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс

158-бап . Салық сомасын есептеу

Параграф 5 . Стипендиялар

159-бап . Стипендиялар

160-бап . Салық сомасын есептеу

Параграф 6 . Төлем көзінен салық салынатын, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс

161-бап . Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс

162-бап . Салық сомасын есептеу

25-тарау . Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар

163-бап . Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар

164-бап . Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар бойынша жеке табыс салығын есептеу

165-бап . Салық төлеу мерзімдері

Параграф 1 . Мүліктік табыс

166-бап . Мүліктік табыс

Параграф 2 . Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы

167-бап . Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы

168-бап . Салықты есептеу және төлеу

Параграф 3 . Жеке кәсіпкердің табысы

169-бап . Дара кәсіпкердің табысы

Параграф 4 . Басқа табыстар

170-бап . Төлем көзінен салық салынбайтын басқа табыстар

26-тарау . Жеке табыс салығы бойынша декларация

171-бап . Жеке табыс салығы бойынша декларация

172-бап . Жеке табыс салығы бойынша декларация табыс ету мерзімдері

173-бап . Шетел салығын есепке алу

174-бап . Салық төлемінің расталмауы

7-бөлім . Резидент еместердің табысына салық салу ерекшеліктері

27-тарау . Жалпы ережелер

175-бап . Жалпы ереже

176-бап . Резиденттер мен резидент еместер

177-бап . Резидент еместің тұрақты мекемесі

178-бап . Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табыстары

28-тарау . Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың табыстарына салық салу тәртібі

179-бап . Төлем көзінен табыс салығын есептеу мен ұстаудың тәртібі

180-бап . Төлем көзінен ұсталатын табыс салығының ставкалары

181-бап . Төлем көзінен табыс салығын аудару тәртібі мен мерзімдері

182-бап . Салық есептілігін табыс ету

183-бап . Бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түскен табыстарға салынатын салықты есептеу мен төлеу ерекшеліктері

29-тарау . Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың табыстарына салық салу тәртібі

184-бап . Қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның салық салынатын табысын анықтау ерекшеліктері

185-бап . Резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырған қызметінен түскен таза табысына салық салу тәртібі

186-бап . Резидент емес заңды тұлғаның табыстарына жекелеген жағдайларда салық салу тәртібі

30-тарау . Резидент емес жеке тұлғалардың табыстарына салық салу тәртібі

187-бап . Төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстау және төлеу тәртібі

187-1-бап . Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде Қазақстан Республикасындағы көздерден төленетін резидент емес жеке тұлғалар табыстарының жекелеген түрлерінен жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі

188-бап . Салық есептілігін табыс ету

189-бап . Қызметі тұрақты мекеме құруға алып келетін резидент емес жеке тұлғадан табыс салығын алуды есептеу және төлеу тәртібі

190-бап . Резидент емес жеке тұлғаның табысына жекелеген жағдайларда салық салу тәртібі

191-бап . Аванстық төлемдерді және жеке табыс салығын төлеу тәртібі мен мерзімдері

192-бап . Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебі және жеке табыс салығы жөніндегі декларация

31-тарау . Халықаралық шарттар бойынша арнаулы ережелер

193-бап . Халықаралық шартты қолдану жағдайы

194-бап . Халықаралық шарттар әкімшілігін жүргізу және оларды қолдану тәртібі

195-бап . Қазақстан Республикасындағы көздерден табысқа салық салу мақсатында резидент емес заңды тұлғаның басқару және жалпыәкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызу әдістері

196-бап . Шығыстарды барабар бөлу әдісі

197-бап . Шығыстарды шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісі

198-бап . Резидент еместердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмейтін қызметінен түскен табыстарынан табыс салығын шартты банк салымдары арқылы төлеу тәртібі

198-1-бап . Резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарынан төленген табыс салығын мемлекеттік бюджеттен қайтару тәртібі

199-бап . Халықаралық шартты халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстарға салық салуға қатысты қолдану тәртібі

200-бап . Халықаралық шартты резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарының жекелеген түрлеріне салық салуға қатысты қолдану тәртібі

201-бап . Халықаралық шартты тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен таза табысқа салық салуға қатысты қолдану тәртібі

201-1-бап . Халықаралық шартты резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарына салық салуға қатысты қолдану тәртібі

202-бап .  
Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. № 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

203-бап . Халықаралық шарттың ережелерін және резиденттікті растайтын құжатты қолдануға өтініш беру кезінде қойылатын жалпы талаптар

204-бап . Қазақстан Республикасында салықтың ұсталған және төленген сомалары туралы анықтама

8-бөлім . Қосылған құн салығы

32-тарау . Жалпы ережелер

205-бап . Қосылған құн салығы ұғымы

206-бап . Салық салу объектілері

207-бап . Төлеушілер

33-тарау . Қосылған құн салығы бойынша есепке қою

208-бап . Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға қойылатын талаптар

208-1-бап . Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылатын орын

209-бап . Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік

210-бап . Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару

34-тарау . Салық салынатын айналым және салық салынатын импорт

211-бап . Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша айналым

212-бап . Салық салынатын айналымды анықтау

213-бап . Салық салынатын импорт

214-бап . Тапсырма шарттары бойынша жүзеге асырылатын өткізу бойынша айналымдар

215-бап . Тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізу орны

216-бап . Өткізу бойынша айналым жасау күні

35-тарау . Салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт мөлшерін анықтау

217-бап . Салық салынатын айналым мөлшері

218-бап . Салық салынатын айналым мөлшерін түзету

219-бап . Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету

220-бап . Салық салынатын импорт мөлшері

221-бап . Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызмет көрсетулер алу кезінде салық салынатын айналым

- 
- 36-тарау . Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар
    - 222-бап . Тауарлар экспорты
    - 223-бап . Тауарлар экспортын растау
      - 223-1-бап . Тазартылған қымбат бағалы металдарға салық салу
      - 224-бап . Халықаралық тасымалдарға салық салу
        - 224-1-бап . Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында өткізілетін тауарларға салық салу
        - 224-2-бап . Жекелеген жағдайларда салық салу
    - 37-тарау . Қосылған құн салығынан босатылған айналымдар және импорт
      - 225-бап . Қосылған құн салығынан босатылған айналымдар
      - 226-бап . Жерге және тұрғын үй ғимараттарына байланысты айналымдар
      - 227-бап . Қаржылық қызмет көрсетулер
      - 228-бап . Қаржы лизингіне берілген мүлік
      - 229-бап . Коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер
      - 230-бап . Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстары
        - 230-1-бап . Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер
        - 231-бап . Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, жұмыстар
        - 232-бап . Медициналық және мал дәрігерлік қызмет саласындағы тауарлар мен қызмет көрсетулер
        - 233-бап . Кәсіпорынды сату
        - 234-бап . Қосылған құн салығынан босатылатын импорт
      - 38-тарау . Қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу
        - 235-бап . Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы
        - 236-бап . Есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы
        - 237-бап . Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету

238-бап . Күмәнді міндеттемелер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету

239-бап . Қосылған құн салығы салынбайтын өткізу бойынша айналымдар болған кезде қосылған құн салығын есепке жатқызу тәртібі

240-бап . Барабарлық әдісі

241-бап . Бөлек есептеу әдісі

39-тарау . Шот-фактура

242-бап . Шот-фактура

243-бап . Салық салынатын айналым түзетілген кезде шот-фактуралар жасау

40-тарау . Салықты есептеу және төлеу тәртібі

244-бап . Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығы

244-1-бап . Жекелеген жағдайларда салық төлеудің тәртібі

245-бап . Қосылған құн салығының ставкалары

246-бап . Салық кезеңі

247-бап . Салық декларациясы

248-бап . Қосылған құн салығын төлеу мерзімдері

249-бап . Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту

250-бап . Есепке жатқызу әдісімен импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу

41-тарау . Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

251-бап . Есепке жатқызылған салық сомасы салық кезеңі ішінде есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайларда бюджетпен өзара қатынас

252-бап . Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын қайтару

253-бап . Грант қаражаттары есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару

---

254-бап . Қосылған күн салығын Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге қайтару

9-бөлім . Акциздер

42-тарау . Жалпы ережелер

255-бап . Акциздерді қолдану

256-бап . Төлеушілер

257-бап . Акцизделетін тауарлар тізбесі және акцизделетін қызмет түрі

258-бап . Акциз ставкалары

43-тарау . Қазақстан Республикасында өндірілетін, өткізілетін акцизделетін тауарларға және акцизделетін қызмет түрлеріне салық салу

259-бап . Салық салу объектісі

260-бап . Операция жасалған күн

261-бап . Салық базасы

262-бап . Түрлі ставкалар белгіленген жағдайда спирттің барлық түріне салық салу ерекшеліктері

263-бап . Акцизделетін тауарлардың бүлінуі, жоғалуы

264-бап . Акциз маркаларының, есепке алу-бақылау маркаларының бүлінуі, жоғалуы

265-бап . Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын көтерме және бөлшек саудада өткізуге жатқызу өлшемдері

267-бап . Лотереяларды ұйымдастыруға және өткізуге салық салу

268-бап . Акцизделетін тауарлар экспортын растау

269-бап . Акциз сомасын есептеу

270-бап . Салықтан шегеру

271-бап . Акциз төлеу мерзімдері

272-бап . Акциз төленетін жер

273-бап . Салық төлеушілердің құрылымдық бөлімшелері үшін акциз есептеу мен төлеу тәртібі

274-бап . Салық кезеңі

275-бап . Салық декларациясы

44-тарау . Акцизделетін тауарлардың импортына салық салу

276-бап . Импорттталатын акцизделетін тауарлардың салық базасы

277-бап . Импорттталатын акцизделетін тауарларға акциз төлеу мерзімдері

278-бап . Акцизден босатылған акцизделетін тауарлардың импорты

9-1-бөлім . Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығы

44-1-тарау . Жалпы ережелер

278-1-бап . Төлеушілер

278-2-бап . Салық салу объектісі

44-2-тарау . Есептеу тәртібі және салық ставкалары

278-3-бап . Есептеу тәртібі

278-4-бап . Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығының ставкалары

44-3-тарау . Салық кезеңі, төлеу мерзімдері және салық декларациясы

278-5-бап . Салық кезеңі

278-6-бап . Төлеу мерзімдері

278-7-бап . Салық декларациясы

10-бөлім . Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

45-тарау . Жалпы ережелер

279-бап . Осы бөлімде реттелетін қатынастар

280-бап . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. № 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

281-бап . Жер қойнауын пайдаланушыларға жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жасалғанға дейін салық салу

282-бап . Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салу

283-бап . Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттардың салық режимінің үлгілері

284-бап . Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға қатысы жоқ операциялар бойынша салық режимі

285-бап . Салық заңдары өзгерген кезде өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша салық салу шарттары

286-бап . Салық сараптамасы

46-тарау . Бонустар

287-бап . Бонустар туралы жалпы ережелер

Параграф 1 . Қол қойылатын бонус

288-бап . Қол қойылатын бонусты белгілеу тәртібі

289-бап . Қол қойылатын бонусты төлеу мерзімі

290-бап . Салық декларациясы

Параграф 2 . Коммерциялық табу бонусы

291-бап . Коммерциялық табу бонусын төлеу тәртібі

292-бап . Коммерциялық табу бонусының мөлшері

293-бап . Коммерциялық табу бонусын төлеу мерзімі

294-бап . Салық декларациясы

47-тарау . Роялти

295-бап . Роялти туралы жалпы ережелер

296-бап . Төлеушілер

297-бап . Роялти төлеу тәртібі

298-бап . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. № 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

299-бап . Пайдалы қазбалардың құнын айқындау тәртібі

300-бап . Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтидің ставкалары

301-бап . Төлеу мерзімдері

302-бап . Салық кезеңі

303-бап . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. № 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

304-бап . Салық декларациясы

47-1-тарау . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. № 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен

48-тарау . Үстеме пайда салығы

305-бап . Төлеушілер

306-бап . Салық салу объектісі

306-1-бап . Салық базасы

307-бап . Есептеу тәртібі

308-бап . Үстеме пайда салығы ставкалары

309-бап . Салық кезеңі

310-бап . Салық төлеу мерзімі

311-бап . Салық декларациясы

311-1 . Төлеушілер

49-тарау . Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі

312-бап . Өнімді бөлу туралы келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызметке салық салу ерекшеліктері

312-1-бап . Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін айқындау

313-бап . Өтелетін шығындар

313-1-бап . Өтелмейтін шығындардың құрамы

313-2-бап . Жер қойнауын пайдаланушының шығындарын өтеу тәртібі

313-3-бап . Өтемдік және пайда түсіретін өнім есебі

313-4-бап . Өндірілген өнім құнын есептеу

314-бап .

Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. № 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

314-1-бап . Салық кезеңі

314-2-бап . Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу мерзімі

314-3-бап . Салық декларациясы

49-1-тарау . Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі

314-4-бап . Төлеушілер

314-5-бап . Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеу тәртібі

314-6-бап . Салық кезеңі

314-7-бап . Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемді төлеу мерзімі

314-8-бап . Салық декларациясы

11-бөлім . Әлеуметтік салық

50-тарау . Жалпы ережелер

315-бап . Төлеушілер

316-бап . Салық салу объектісі

317-бап . Салық ставкалары

51-тарау . Салықты есептеу және төлеу тәртібі

318-бап . Әлеуметтік салықты есептеу тәртібі

319-бап . Әлеуметтік салықты төлеу

320-бап . Мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салықты төлеу ерекшеліктері

321-бап . Құрылымдық бөлімшелер бойынша салықты есептеу және төлеу тәртібі

52-тарау . Салық декларациясы

322-бап . Әлеуметтік салық жөніндегі декларация және құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есеп-қисабы

12-бөлім . Жер салығы

53-тарау . Жалпы ережелер

323-бап . Жалпы ережелер

324-бап . Төлеушілер

325-бап . Жекелеген жағдайларда төлеушіні анықтау

326-бап . Салық салу объектісі

327-бап . Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін анықтау

328-бап . Салық базасы

54-тарау . Салық ставкалары

Параграф 1 . Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын салық ставкалары

329-бап . Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары

330-бап . Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары

331-бап . Ауыл шаруашылық мақсаттары үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылық мақсаттарына арналмаған жерлерге салынатын салық ставкалары

Параграф 2 . Елді мекендердің жерлеріне салынатын салық ставкалары

332-бап . Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары

333-бап . Үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкалары

Параграф 3 . Өнеркәсіп жеріне салынатын салық ставкалары

334-бап . Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары

335-бап . Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын салық ставкалары

Параграф 4 . Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне салынатын салық ставкалары

336-бап . Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне салынатын салық ставкалары

Параграф 5 . Автотұрақтар, автомобильге май құю станциялары, базарлар мен казино үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық ставкалары

337-бап . Автотұрақтар, автомобильге май құю станциялары, базарлар мен казино үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық ставкалары

Параграф 6 . Салық ставкаларын түзету

338-бап . Базалық салық ставкаларын түзету

55-тарау . Салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

339-бап . Салықты есептеу мен төлеудің жалпы тәртібі

340-бап . Заңды тұлғалардың салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

341-бап . Жекелеген жағдайларда салық есептеудің ерекшеліктері

342-бап . Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

56-тарау . Салық кезегі және салық есептілігі

343-бап . Салық кезеңі

344-бап . Салық есептілігі

13-бөлім . Көлік құралдары салығы

57-тарау . Жалпы ережелер

345-бап . Салық төлеушілер

58-тарау . Салық ставкалары

347-бап . Салық ставкалары

59-тарау . Салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

348-бап . Салықты есептеу тәртібі

348-1-бап . Салық төлеу мерзімдері

60-тарау . Салық кезеңі және салық декларациясы

349-бап . Салық кезеңі

350-бап . Салық есептілігі

14-бөлім . Мүлік салығы

61-тарау . Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы

351-бап . Салық төлеушілер

352-бап . Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні анықтау

353-бап . Салық салу объектісі

354-бап . Салық базасы

355-бап . Салық ставкалары

356-бап . Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

357-бап . Жекелеген жағдайларда салықты есептеу мен төлеу

358-бап . Салық кезеңі

359-бап . Салық есептілігі

360-бап . Құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалардың салық есептілігін табыс ету ерекшеліктері

62-тарау . Жеке тұлғалардың мүлік салығы

361-бап . Салық төлеушілер

362-бап . Жекелеген жағдайларда салық төлеушілерді анықтау

363-бап . Салық салу объектісі

364-бап . Салық базасы

365-бап . Салық ставкалары

366-бап . Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

367-бап . Салық кезеңі

14-1-бөлім . Ойын бизнесі салығы

62-1-тарау . Ойын бизнесі салығы

367-1-бап . Төлеушілер

367-2-бап . Салық салу объектілері

367-3-бап . Салық ставкалары

367-4-бап . Салық кезеңі

367-5-бап . Салықты төлеу тәртібі мен мерзімі

367-6-бап . Салық есептілігін табыс ету

367-7-бап . Ойын бизнесі салығын төлеушілердің қосымша төлемі

367-8-бап . Қосымша төлемді есептеу және төлеу тәртібі

15-бөлім . Арнаулы салық режимдері

63-тарау . Жалпы ережелер

368-бап . Жалпы ережелер

369-бап . Арнаулы салық режимдерін қолдану ерекшеліктері

64-тарау . Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі

Параграф 1 . Жалпы ережелер

370-бап . Жалпы ережелер

371-бап . Арнаулы салық режимін қолдану талаптары

Параграф 2 . Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі

372-бап . Жалпы ережелер

373-бап . Біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі

Параграф 3 . Патент негізіндегі арнаулы салық режимі

374-бап . Жалпы ережелер

375-бап . Патент негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі

Параграф 4 . Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі

376-бап . Жалпы ережелер

377-бап . Оңайлатылған декларация негізінде бюджетпен есеп айырысу  
тәртібі

377-1-бап . Жекелеген салық түрлерін және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу ерекшеліктері және олар бойынша есептілікті табыс ету

65-тарау . Шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі

378-бап . Жалпы ережелер

379-бап . Арнаулы салық режимін қолдану ерекшеліктері

380-бап . Бірыңғай жер салығын есептеу мен төлеу тәртібі

381-бап . Жер учаскелерін жалға берген (алған) кезде салық салу ерекшеліктері

382-бап . Бірыңғай жер салығы бойынша салық есептілігі

383-бап . Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу мен төлеу ерекшеліктері

384-бап . Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері бойынша салық есептілігін табыс ету

66-тарау . Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимі

385-бап . Жалпы ережелер

386-бап . Салық кезеңі

387-бап . Патент беру тәртібі

388-бап . Патент құнының есебіне енгізілген салықты және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем ақыны есептеу тәртібі

389-бап . Салық және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеудің тәртібі мен мерзімдері

390-бап . Патент құны есебіне кірмеген салықтың және басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу, төлеу ерекшеліктері және олар бойынша салық есептілігін табыс ету

67-тарау . Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимі

391-бап . Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

392-бап . Жалпы ережелер

393-бап . Тіркелген жиынтық салық салу объектісі

394-бап . Тіркелген жиынтық салық ставкалары

395-бап . Тіркелген жиынтық салықты және акцизді есептеу мен төлеу тәртібі

396-бап . Салық кезеңі және салық декларациясы

397-бап . Тіркелген жиынтық салық салу объектілерін тіркеу (қайта тіркеу) тәртібі

16-бөлім . Басқа да міндетті төлемдер

68-тарау . Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін алым

398-бап . Жалпы ережелер

399-бап . Алым төлеушілер

400-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

69-тарау . Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым

401-бап . Жалпы ережелер

402-бап . Алым төлеушілер

403-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

70-тарау . Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым

404-бап . Жалпы ережелер

405-бап . Алым төлеушілер

406-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

70-1-тарау . Жылжымалы мүлік кепілін және кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым

406-1-бап . Жалпы ережелер

406-2-бап . Алым төлеушілер

406-3-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

---

71-тарау . Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым

407-бап . Жалпы ережелер

408-бап . Алым төлеушілер

409-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

72-тарау . Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым

410-бап . Жалпы ережелер

411-бап . Алым төлеушілер

412-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

73-тарау . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. № 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

73-1-тарау . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. № 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

74-тарау . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. № 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

416-бап . Жалпы ережелер

417-бап . Алым төлеушілер

418-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

75-тарау . Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым

419-бап . Жалпы ережелер

420-бап . Алым төлеушілер

421-бап . Алым ставкалары

422-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

75-1-тарау . Туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым

422-1-бап . Жалпы ережелер

422-2-бап . Алымды төлеушілер

- 
- 422-3-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі
- 76-тарау . Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алым
- 423-бап . Жалпы ережелер
- 424-бап . Алым төлеушілер
- 425-бап . Алымды есептеу мен төлеу тәртібі
- 76-1-тарау . Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алым
- 425-1-бап . Жалпы ережелер
- 425-2-бап . Алымды төлеушілер
- 425-3-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі
- 77-тарау . Аукциондардан алынатын алым
- 426-бап . Жалпы ережелер
- 427-бап . Алым төлеушілер
- 428-бап . Салық салу объектісі
- 429-бап . Алым ставкалары
- 430-бап . Алымды есептеу мен төлеу тәртібі
- 431-бап . Салық декларациясы
- 78-тарау . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. № 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен
- 79-тарау . Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым
- 438-бап . Жалпы ережелер
- 439-бап . Алым төлеушілер
- 440-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі
- 80-тарау . Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым
- 441-бап . Жалпы ережелер
- 442-бап . Алым төлеушілер

- 
- 443-бап . Алым ставкалары
  - 444-бап . Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі
  - 81-тарау . Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы
  - 445-бап . Жалпы ережелер
  - 446-бап . Төлеушілер
  - 447-бап . Төлемақы ставкалары
  - 448-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі
  - 449-бап . Салық кезеңі
  - 450-бап . Салық есептілігі
  - 82-тарау . Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы
  - 451-бап . Жалпы ережелер
  - 452-бап . Төлеушілер
  - 453-бап . Салық салу объектілері
  - 454-бап . Төлемақы ставкалары
  - 455-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі
  - 456-бап . Салық төлеушілердің жекелеген санаттарының төлемақыны есептеу мен төлеу ерекшеліктері
  - 457-бап . Салық кезеңі
  - 458-бап . Салық есептілігі
  - 83-тарау . Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы
  - 459-бап . Жалпы ережелер
  - 460-бап . Төлеушілер
  - 461-бап . Салық салу объектісі
  - 462-бап . Төлемақы ставкалары
  - 463-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі
  - 464-бап . Салық кезеңі
  - 465-бап . Салық есептілігі

84-тарау . Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы

466-бап . Жалпы ережелер

467-бап . Төлеушілер

468-бап . Төлемақы ставкалары

469-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі

85-тарау . Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы

470-бап . Жалпы ережелер

471-бап . Төлеушілер

472-бап . Салық салу объектісі

473-бап . Төлемақы ставкалары

474-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі

86-тарау . Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін  
төлемақы

475-бап . Жалпы ережелер

476-бап . Төлеушілер

477-бап . Төлемақы ставкалары

478-бап . Төлемақы төлеу тәртібі және мерзімдері

87-тарау . Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы

479-бап . Жалпы ережелер

480-бап . Төлеушілер

481-бап . Төлемақы ставкалары

482-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі

483-бап . Салық кезеңі

484-бап . Салық есептілігі

87-1-тарау . Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын,  
сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы

484-1-бап . Жалпы ережелер

- 
- 484-2-бап . Төлеушілер
  - 484-3-бап . Төлемақы ставкалары
  - 484-4-бап . Есептеу және төлеу тәртібі
  - 484-5-бап . Салық кезеңі
  - 484-6-бап . Салық есептілігі
  - 88-тарау . Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы
  - 485-бап . Жалпы ережелер
  - 486-бап . Төлеушілер
  - 487-бап . Төлемақы ставкалары
  - 488-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі
  - 89-тарау . Сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлемақы
  - 489-бап . Жалпы ережелер
  - 490-бап . Төлеушілер
  - 491-бап . Төлемақы ставкалары
  - 492-бап . Есептеу мен төлеу тәртібі
  - 90-тарау . Мемлекеттік баж
  - Параграф 1 . Мемлекеттік баж
  - 493-бап . Жалпы ережелер
  - 494-бап . Төлеушілер
  - 495-бап . Баж алу объектілері
  - 496-бап . Мемлекеттік баждың соттардағы ставкалары
  - 497-бап . Нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж ставкалары
  - 498-бап . Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін мемлекеттік баж ставкалары

499-бап . Шетелге шығуды, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуды ресімдеу кезіндегі мемлекеттік баж ставкалары

499-1-бап . Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органның заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны

500-бап . Басқа да іс-әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж ставкалары

501-бап . Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату

502-бап . Нотариаттық іс-қимылдар жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

503-бап . Азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде мемлекеттік баж төлеуден босату

504-бап . Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және алу кезінде мемлекеттік баж төлеуден босату

505-бап . Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу жөніндегі істер бойынша мемлекеттік баж төлеуден босату

505-1-бап . Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті орган заңды мәні бар іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

506-бап . Басқа да іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

507-бап . Мемлекеттік бажды төлеу тәртібі

508-бап . Мемлекеттік бажды қайтару тәртібі

Параграф 2 . Консулдық алым

509-бап . Жалпы ережелер

510-бап . Консулдық алым төлеушілер

511-бап . Консулдық алым ставкалары

512-бап . Жүзеге асырылғаны үшін консулдық алым алынатын іс-әрекеттер

513-бап . Жекелеген жағдайларда консулдық алым төлеуден босату

514-бап . Консулдық алымды төлеу тәртібі

- 
- 91-тарау . Кеден төлемдері
- 515-бап . Жалпы ережелер
- 516-бап . Кедендік төлемдердің түрлері
3. Салық әкімшілігін жүргізу
- 17-бөлім . Жалпы ережелер
- 92-тарау . Негізгі ережелер
- 517-бап . Салық бақылауы
- 517-1-бап . Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын салықтық бақылау
- 518-бап . Салық құпиясы
- 519-бап . Бюджетке түсімдерді есепке алу
- 93-тарау . Салық төлеушілерді тіркеу
- 520-бап . Осы тарауда қолданылатын терминдер мен анықтамалар
- 520-1-бап . Жалпы ережелер
- 521-бап . Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу
- 522-бап . Салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеуден өту мерзімдері
- 523-бап . Алып тасталды - 2012 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 224 Заңымен
- 524-бап . Салық төлеушілерді тіркеу есебі
- 525-бап . Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шығарып тастау
- 526-бап . Банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттері
- 527-бап . Резидент емес жеке және заңды тұлғаларды салық органдарында мемлекеттік тіркеу ерекшеліктері
- 528-бап . Салық төлеушінің тіркеу есебін жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілігі
- 529-бап . Уәкілетті органдардың салық төлеушілерді тіркеуді жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-әрекеті

530-бап . Салық қызметі органдары тіркеу есебін жүзеге асыратын кездегі уәкілетті органдардың міндеттері

531-бап . Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілерді есепке алудың ерекшеліктері

532-бап . Қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу

94-тарау . Салық тексерулері

533-бап . Салық тексерулері ұғымы мен түрлері

534-бап . Салық тексерулерін жүргізудің мерзімділігі

535-бап . Салық тексерулерін жүргізудің мерзімдері

95-тарау . Салық тексерулерін жүргізу тәртібі

536-бап . Салық тексеруін жүргізу негіздемесі

537-бап . Салық тексеруін жүргізудің басталуы

538-бап . Салық қызметі органы лауазымды адамдарының тексеруді жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға жіберілуі

539-бап . Құжаттарды алып қою

540-бап . Салық тексеруін аяқтау

541-бап . Салық тексеруі нәтижелері бойынша шешім

96-тарау . Камералдық бақылау

542-бап . Камералдық бақылау ұғымы

543-бап . Камералдық бақылау нәтижелері

97-тарау . Мониторинг

544-бап . Салық төлеушілер мониторингі ұғымы

545-бап . Мониторингке жататын салық төлеушілер

98-тарау . Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану

546-бап . Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану

547-бап . Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану жөніндегі талаптар

548-бап . Бақылау-касса машиналарының қолданылу және пайдаланылу тәртібінің сақталуына салық бақылауын жасау

99-тарау . Акцизделетін тауарларға, мемлекеттің меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және өткізу тәртібін сақтауға бақылау жасау, уәкілетті және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жасау

549-бап . Акцизделетін тауарларға бақылау жасау

550-бап . Мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібін сақтауға бақылау жасау

551-бап . Уәкілетті және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жасау

18-бөлім . Салық тексеруі нәтижелеріне және салық қызметі органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

100-тарау . Салық тексеруі нәтижелеріне шағым жасау тәртібі

552-бап . Салық төлеушілердің салық тексеруі қорытындылары бойынша шағымдарын қарайтын органдар

553-бап . Салық төлеушінің шағым беру тәртібі

554-бап . Салық төлеуші шағымының нысаны мен мазмұны

555-бап . Салық төлеушінің шағымын қарау

556-бап . Жоғары тұрған салық органы шешімінің мазмұны

557-бап . Салық қызметінің жоғары тұрған органына шағым берудің салдары

100-1-тарау . Салық төлеушінің шағымын қараудың нәтижелері бойынша шешімді қайта қараудың тәртібі

557-1-бап . Шешімді уәкілетті мемлекеттік органда қайта қарау

557-2-бап . Уәкілетті мемлекеттік органға шағымданудың тәртібі мен мерзімдері

557-3-бап . Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағымның нысаны мен мазмұны

557-4-бап . Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағымды қарау тәртібі

557-5-бап . Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілген шағым бойынша шешім қабылдау

557-6-бап . Уәкілетті мемлекеттік орган шешімінің мазмұны

557-7-бап . Уәкілетті мемлекеттік органға шағым берудің салдары

557-8-бап . Қосымша тексеру жүргізудің тәртібі мен мерзімдері

558-565-баптар . Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. № 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен

101-тарау . Салық қызметі органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

566-бап . Шағымдану құқығы

567-бап . Шағымдану тәртібі

568-бап . Салық қызметі органдары лауазымды адамдарының салық заңдарын бұзғаны үшін жауаптылығы

## **Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)**

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР 10.12.2008 № 100-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 49-баптан қараңыз) Заңымен.*

*Ескерту. ҚР 2003.11.29. N 500 Заңымен Салық кодексіне енгізілген өзгерістер әртүрлі уақытта қолданысқа енгізілген (3-бапты қараңыз).*

*Ескерту. ҚР 2001 жылғы 12 маусымдағы N 210-II "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Заңын қараңыз.*

*Ескерту. Кодекстің бүкіл мәтіні бойынша "ақиз алымы маркалары", "ақиз алымы маркаларының", "ақиз алымы маркаларын", "ақиздік алымы маркаларын", "ақиз алымының (бүлінген немесе жоғалған (оның ішінде ұрланған) маркалары", "ақиз алымының бүлінген немесе жоғалған маркалары", "ақиз алымының бүлінген маркаларын" деген сөздер тиісінше "ақиздік маркалар", "ақиздік маркалардың", "ақиздік маркаларды", "бүлінген немесе жоғалған (оның ішінде ұрланған) ақиздік маркалар", "бүлінген немесе жоғалған ақиздік маркалар", "бүлінген ақиздік маркаларды" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2003.11.29 N 500 Заңымен (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), бүкіл мәтін бойынша "қатысушылары, құрылтайшылары", "қатысушылардың, құрылтайшылардың" деген сөздер тиісінше "құрылтайшылары, қатысушылары", "құрылтайшылардың, қатысушылардың" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), бүкіл мәтін бойынша "Қоршаған ортаны ластағаны", "қоршаған ортаны белгіленген лимиттерден артық ластағаны", "қоршаған ортаны ластағаны", "Қоршаған ортаны белгіленген лимиттерден тыс ластағаны", "қоршаған орта ластануының", "қоршаған ортаны ластауға", "қоршаған ортаны ластау", "Қоршаған ортаны ластанғаны" деген сөздер тиісінше "Қоршаған ортаға эмиссия", "қоршаған ортаға белгіленген лимиттерден тыс эмиссия", "қоршаған ортаға эмиссия", "Қоршаған ортаға белгіленген лимиттерден тыс эмиссия", "қоршаған ортаға эмиссияның", "қоршаған ортаға эмиссиялауға", "қоршаған ортаға эмиссия", "Қоршаған ортаға эмиссия" деген сөздермен ауыстырылды - 2007.01.09 N 213, бүкіл мәтін бойынша "репатрианттар (оралмандар)", "оралмандар (репатрианттар)" деген сөздер "оралмандар" деген сөзбен ауыстырылды - 2007.07.06 N 276 Заңдарымен.*

*Ескерту. бүкіл мәтін бойынша "уәкілетті мемлекеттік орган", "Уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органмен", "уәкілетті мемлекеттік органның", "уәкілетті мемлекеттік органымен", "уәкілетті мемлекеттік органға", "Уәкілетті мемлекеттік органға", "Уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "Уәкілетті орган", "уәкілетті ор-*

ғанмен", "уәкілетті органның", "уәкілетті органымен", "уәкілетті органға", "Уәкілетті органға", "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. ҚР 2005.11.22 N 89 Заңымен енгізілген өзгерістер 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі (2-бапты қараңыз), 2005.11.22 N 90 Заңымен енгізілген өзгерістер әртүрлі уақытта қолданысқа енгізілген (2-бапты қараңыз).

## 1. Жалпы бөлім

### 1-бөлім. Жалпы ережелер

#### 1-тарау. Негізгі ережелер

##### 1-бап. Осы Кодекспен реттелетін қатынастар

Осы Кодекс салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу және есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ мемлекет пен салық төлеуші арасындағы салық міндеттемелерін орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

##### 2-бап. Қазақстан Республикасының салық заңдары

1. Қазақстан Республикасының салық заңдары осы Кодекстен, сондай-ақ қабылдануы осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.
2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі осы Кодексте көзделмеген міндет ешкімге жүктелуге тиіс емес.
3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер осы Кодексте белгіленген тәртіпте және жағдайларда белгіленеді, енгізіледі, өзгертіледі немесе күшін жояды.
4. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінің арасында қайшылықтар болған кезде, салық салу мақсатында осы Кодекстің нормалары қолданылады. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, салық қатынастарын реттейтін нормаларды салықтық емес заңдарға енгізуге тыйым салынады.
5. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Кодекстегіден өзге ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

##### 3-бап. Салық заңдарының қолданылуы

1. Салық заңдары Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады және жеке тұлғаларға, заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.
2. Осы Кодекске жаңа салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер белгілеу, қолданыстағы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ставкалары мен салық базасын өзгерту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізетін Қазақстан Республикасының заң актілері ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей қабылдануы және олар қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қана қолданысқа енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

##### 4-бап. Қазақстан Республикасындағы салық салу принциптері

1. Қазақстан Республикасының салық заңдары салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеудің міндеттілігі, салық салудың айқындығы, әділдігі, салық жүйесінің біртұтастығы және салық заңдарының жариялылығы принциптеріне негізделеді.
2. Қазақстан Республикасының салық заңдарының ережелері осы Кодексте белгіленген салық салу принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.

##### 5-бап. Салық салудың міндеттілігі принципі

Салық төлеуші салық заңдарына сәйкес салық міндеттемелерін толық көлемінде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

##### 6-бап. Салық салудың айқындығы принципі

Қазақстан Республикасының салықтары және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері айқын болуға тиіс. Салық салу айқындығы салық төлеушінің салық міндеттемелері туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңдарында белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

**7-бап. Салық салудың әділдігі принципі**

1. Қазақстан Республикасында салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады.
2. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады.

**8-бап. Салық жүйесінің біртұтастығы принципі**

Қазақстан Республикасының салық жүйесі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты біртұтастас болып табылады.

**9-бап. Салық заңдарының жариялылығы принципі**

Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға тиіс.

**10-бап. Осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар**

1. Салық салу мақсатында осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар:

- 1) қайырымдылық көмек - жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, коммерциялық ұйымдарға, сондай-ақ қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға олардың жарғылық қызметін қолдау мақсатында өтеусіз негізде берілетін мүлік;
- 2) сыйақы - кредиттер үшін; қаржы лизингі бойынша Қазақстан Республикасының қаржы лизингінің мәселелерін реттейтін заң актілеріне сәйкес сыйақы түрінде берілген (алынған) мүлік үшін; салымдар (депозиттер) бойынша; жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша; жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша; борыштық бағалы қағаздар бойынша төлемдер - дисконт не купон (бастапқы орналастыру құнынан және (немесе) сатып алу құнынан дисконтты не сыйлықақыны ескере отырып); вексель бойынша төлемдер;
- 3) ұтыстар - конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар бойынша, салымдар мен борыштық бағалы қағаздар бойынша ойындарды қоса, ұтыс ойындары бойынша салық төлеушілер алатын заттай және ақшалай түрдегі табыстардың кез келген түрлері, сондай-ақ құмар ойында және (немесе) бәс тігуде алынатын мүліктік пайда түріндегі табыстар;
- 4) грант - мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметі қайырымдылық және халықаралық сипатта болатын және Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін, мемлекеттік органдардың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге енгізілген шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар - Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңды тұлғаларға, сондай-ақ жеке адамдарға; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар - Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін өтеусіз негізде беретін мүлік;
- 5) ізгілік көмек - халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін шет елдерден және халықаралық ұйымдардан жіберілген азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, техника, құрал-жарақтар, жабдықтар, медициналық құралдар және дәрі-дәрмектер, өзге де заттар түрінде Қазақстан Республикасына өтеусіз берілетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті ұйымдар арқылы бөлетін мүлік;
- 6) дивидендтер - акциялар бойынша төленуге тиісті табыс; қордың басқарушы компаниясы пайларды сатып алған кезде пайлар бойынша табыстарды қоспағанда, пайлық инвестициялық қордың пайлары бойынша төленуге тиісті табыс; заңды тұлға өз құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі; заңды тұлғаны тарату кезінде, сондай-ақ құрылтайшының, қатысушының заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, мүлікті бөлуден түсетін табыстар;
- 7) борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт - борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны мен бастапқы орналастырылу (купон есепке алынбаған) құны немесе оларды сатып алу (купон есепке алынбаған) құны арасындағы айырма;
- 8) борыштық бағалы қағаздар - заем қатынастарын куәландыратын қаржы құралдары. Борыштық бағалы қағаздарға мемлекеттік бағалы қағаздар, облигациялар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес борыштық бағалы қағаздар деп танылған басқа да бағалы қағаздар жатады;
- 9) қатысу үлесі - жеке және заңды тұлғалардың бірлесіп құратын ұйымдарға, консорциумдарға, акционерлік қоғамдарды және инвестициялық пай қорларын қоспағанда, мүлкімен қатысу үлесі;
- 10) басқа да міндетті төлемдер - бюджетке белгілі бір мөлшерде жүргізілетін міндетті ақша аударымдары (алымдар, баждар, төлемақылар мен төлемдер);
- 11) жеке кәсіпкер - заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент немесе резидент емес жеке тұлға;
- 11-1) инжинирингтік қызметтер көрсету - инженерлік-консультациялық қызметтер көрсету, зерттеу, жобалау-конструкторлық, есептеу-талдау сипатындағы жұмыстар, жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін даярлау, өндірісті ұйымдастыру және басқару, өнімдерді сату саласындағы ұсынымдарды әзірлеу;
- 12) (алып тасталды)
- 13) (алып тасталды - 2005.11.22. N 89 Заңымен)

- 14) борыштық бағалы қағаздар бойынша купон (бұдан әрі - купон) - эмитенттің шығарылым шарттарына сәйкес борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құнынан тыс төлейтін (төлеуге тиіс) сомасы;
- 15) тұлға - жеке тұлға және заңды тұлға; жеке тұлға - Қазақстан Республикасының азаматы, шет мемлекеттің азаматы, азаматтығы жоқ адам; заңды тұлға - Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған ұйым (шетелдік заңды тұлға). Шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған компания, ұйым немесе басқа да корпорациялық құралым осы Кодекстің мақсаттары үшін олар құрылған шет мемлекеттің заңды тұлғасы мәртебесіне не ме, жоқ па - оған қарамастан дербес заңды тұлғалар ретінде қарастырылады;
- 16) есептеу әдісі - салық есебінің әдісі, оған сәйкес табыстар мен шығыстарды төлеу уақытына қарамастан жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарларды өткізу және мүлікті кіріске алу мақсатымен тиіп жіберу кезінен бастап есептеледі;
- 17) салықтар - мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;
- 18) салық берешегі - бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген сомалары;
- 19) салық төлеуші - салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға;
- 20) салық агенті - осы Кодекске сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, заңды тұлға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға;
- 21) салық режимі - осы Кодексте белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы;
- 22) бересі - есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары;
- 22-1) жер қойнауын пайдаланушылар - Қазақстан Республикасының аумағында, мұнай операцияларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;
- 22-2) негізгі құралдар - өндірісте пайдалануға, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруге, жалға беруге және (немесе) әкімшілік мақсаттарға арналған, қызмет ету мерзімі бір жылдан астам материалдық активтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында айқындалған инвестициялық жылжымайтын мүлік, сондай-ақ концессия шарты шеңберінде концессионер (құқық мирасқоры) өндірген және (немесе) алған активтер;
- 23) (алып тасталды)
- 24) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы - шығарылым шарттары бойынша купон төлеу көзделетін борыштық бағалы қағаздардың бастапқы орналастыру (купон есепке алынбаған) құны немесе сатып алу (купон есепке алынбаған) құны мен номиналдық құнының арасындағы айырма;
- 25) туынды бағалы қағаздар - осы туынды бағалы қағаздардың базалық активіне қатысты құқықты куәландыратын бағалы қағаздар. Туынды бағалы қағаздарға опциондар, своптар, форвардтар, фьючерстер, депозитарийлік қолхаттар, варранттар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес туынды бағалы қағаздар деп танылған басқа да бағалы қағаздар жатады. Тауарлардың стандартталған партиялары, бағалы қағаздар, валюта және қаржы құралдары базалық активтер болуы мүмкін;
- 25-1) қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және тікелей еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке адам;
- 26) өткізу - сату, айырбастау, өтеусіз беру мақсатында тауарларды тиіп жіберу, жұмыстарды орындау және қызметтер ұсыну, сондай-ақ кепілге берілген тауарларды кепіл ұстаушыға беру;
- 27) роялти - мыналар үшін:  
пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құралымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін;  
авторлық құқықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, патенттерді, сызбаларды немесе модельдерді, тауар белгілерін немесе басқа да осыған ұқсас құқық түрлерін пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін; өнеркәсіп, сауда немесе ғылыми-зерттеу жабдықтарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін; "ноу-хауды" пайдаланғаны үшін; кинофильмдерді, бейнефильмдерді, дыбыс жазу немесе өзге де жазу құралдарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін төленетін төлем. Бербоут-чартер немесе ди-майз-чартер шарттары бойынша жалға алынатын теңіз және әуе кемелері өнеркәсіптік жабдыққа жатады;
- 27-1) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы - қазақстандық қор биржасының негізгі сессиясында қалыптасқан және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бірлесіп белгілеген тәртіппен анықталған теңгенің шетел валютасына орташа салыстырылған биржалық бағамы;
- теңгенің қазақстандық қор биржасында сауда-саттық жүргізілмейтін шетел валютасына бағамы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп белгілейтін тәртіппен кросс-бағамдар пайдаланыла отырып есептеледі;

28) арнаулы салық режимі - салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленетін және жекелеген салық түрлерін есептеу мен төлеудің және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін берудің оңайлатылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі;

28-1) демеушілік көмек - осы көмекті көрсететін тұлға туралы ақпаратты тарату мақсатында өтеусіз негізде:

жеке тұлғаларға жарыстарға, конкурстарға, көрмелерге, байқауларға қатысу үшін және шығармашылық, ғылыми, ғылыми-техникалық, өнертабыс қызметтерін дамыту, білім және спорт шеберлігі деңгейін арттыру үшін қаржылық (әлеуметтіктен басқа) қолдау түрінде;

коммерциялық емес ұйымдарға өздерінің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін берілетін мүлік;

29) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі - филиал, өкілдік;

30) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы - тауар сыныптамасының тауарларды сипаттау мен олардың кодын белгілеудің үйлестірілген жүйесіне негізделген кодтары жүйесі;

31) уәкілетті орган - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

32) уәкілетті органдар - бюджетке төленетін міндетті төлемдерді есептеуді және (немесе) жинауды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген салық органдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

32-1) ақпараттарды өңдеу жөніндегі қызметтер көрсету - ақпараттық массивтерді жинау мен қорытуды, жүйеге келтіруді жүзеге асыру және осы ақпаратты өңдеу нәтижелерін пайдаланушының иеленуіне беру жөніндегі қызметтер;

33) салық төлеушінің электрондық құжаты - белгіленген электрондық форматта берілген, ол қабылданып және бірдейлігі расталғаннан кейін салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат;

34) салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарынан жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның салық төлеушіге тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандардың реттілігі;

35) бағалы қағаздар - акциялар, борыштық бағалы қағаздар, туынды бағалы қағаздар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар деп танылған мүліктік құқықтың өзге де объектілері .

2. Салық заңдарының басқа арнаулы ұғымдары мен терминдері осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалатын мағынада пайдаланылады.

3. Осы Кодексте пайдаланылатын Қазақстан Республикасының азаматтық және басқа да заңдары салаларындағы ұғымдар, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, заңдардың сол салаларында пайдаланылатын мағынада қолданылады.

*Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23 N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04 N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29 N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13 N 11 (қолданысқа ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22 N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12 N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.05.15 N 253 , 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 2-тарау. Салық төлеушінің және салық агентінің құқықтары мен міндеттері. Салық қатынастарындағы өкілдік

### 11-бап. Салық төлеушінің құқықтары

1. Салық төлеуші:

1) қолданылып жүрген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы, салық заңдарындағы өзгерістер туралы салық қызметі органдарынан ақпарат алуға;

2) салық қатынастары мәселелері бойынша өз мүдделерін жеке өзі не өз өкілі арқылы немесе салық консультантының қатысуымен білдіруге;

3) салық бақылауы нәтижелерін алуға;

4) салық бақылауы нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеу жөнінде салық қызметі органдарына түсіндірме табыс етуге;

5) жеке шотынан салық міндеттемелерінің орындалуы бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы көшірме алуға;

6) осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде белгіленген тәртіппен салықтық тексеру актілері бойынша хабарламаға және салық қызметі органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

7) салық құпиясының сақталуын талап етуге;

8) салық салуға қатысы жоқ ақпарат пен құжаттар табыс етпеуге құқылы.

1-1. Салық төлеуші салық заңнамасында реттелетін қатынастарға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электрондық тәсілмен қатысуға құқылы.

2. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

*Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **12-бап. Салық төлеушінің міндеттері**

1. Салық төлеуші:

1) осы Кодекске сәйкес салық міндеттемелерін дер кезінде және толық көлемінде орындауға;

2) салық қызметі органдарының анықталған салық заңдарын бұзушылықтарды жою туралы заңды талаптарын орындауға, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқаруы кезіндегі заңды қызметіне кедергі жасамауға;

3) нұсқама негізінде салық қызметі органдары лауазымды адамдарының салық салу объектісі және салық салумен байланысты объект болып табылатын мүлікті тексеруіне жол беруге;

4) салық есептілігі мен құжаттарды осы Кодексте көзделген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелерін реттейтін заңдарында көзделген ақпарат пен құжаттарды табыс етуге;

5) осы Кодекске сәйкес қолма-қол ақшамен, төлемдік банк карточкаларымен, чектермен сауда операцияларын жасаған немесе қызметтер көрсеткен кезде тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуды фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде пайдалана және тұтынушының қолына бақылау чегін бере отырып жүргізуге;

6) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуына (осы Кодекстің 69-бабы 7-тармағының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда) және (немесе) таратылуына байланысты құжаттық тексеруді жүргізу туралы салық органына өтініш беруге міндетті.

2. Салық төлеуші осы Кодексте көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

*Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **13-бап. Салық агентінің құқықтары мен міндеттері**

1. Салық агентінің, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық төлеуші сияқты құқықтары бар және сондай міндеттері болады.

2. Салық агенті сондай-ақ:

1) осы Кодекстің ерекше бөліміне сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды дұрыс және дер кезінде есептеуге;

2) салық төлеушіден тиісті салықтарды ұстап қалуға және осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімде оларды бюджетке аударуға;

3) салық төлеушілерге төленген табыстардың, сондай-ақ ұсталған және бюджетке аударылған салықтар сомасының есебін, соның ішінде әрбір салық төлеуші бойынша жеке-жеке жүргізуге;

4) тіркеу есебінде тұрған жері бойынша салық органына осы Кодекстің ерекше бөлімінде белгіленген тәртіппен салық есептілігін табыс етуге;

5) осы Кодекстің 177-бабының 6-1-тармағының ережелерін қолдануға міндетті.

3. Салық агенті салық заңнамасында реттелетін қатынастарға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электрондық тәсілмен қатысуға құқылы.

*Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **14-бап. Осы Кодекспен реттелетін салық қатынастарындағы өкілдік**

1. Салық төлеуші салық заңдарымен реттелетін қатынастарға заңды немесе уәкілетті өкілі арқылы қатысуға құқылы.

2. Салық төлеушінің атынан заң негізінде уәкілетті болатын тұлға салық төлеушінің заңды өкілі болып танылады.

3. Салық төлеуші салық қызметі органдарымен қатынастарда өз мүдделерін білдіруге уәкілетті болатын жеке немесе заңды тұлға салық төлеушінің уәкілетті өкілі болып танылады. Салық төлеушінің уәкілетті өкілі салық төлеуші беретін сенімхат (құрылтай құжаттары) негізінде әрекет етеді, сенімхатта оның өкілеттіктерінің нақты тізбесі көрсетіледі.

4. Салық заңдарымен реттелетін қатынастарға салық төлеушінің өзінің қатысуы оны өкіл алу құқығынан айырмайды, сол сияқты өкілдің қатысуы салық төлеушінің аталған қатынастарға өзінің қатысу құқығынан айырмайды.
5. Салық төлеуші өкілдерінің салық заңдарымен реттелетін қатынастарға сол салық төлеушінің қатысуына байланысты жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) салық төлеушінің әрекеттері (әрекетсіздігі) болып танылады.

### **3-тарау. Салық қызметі органдары. Кеден органдары. Салық қызметі органдарының басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы**

#### **15-бап. Салық қызметі органдарының міндеттері мен құрылымы**

1. Салық қызметі органдарына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық түсуін, міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және дер кезінде аударылуын қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауына салық бақылауын жүзеге асыру жөніндегі міндеттер жүктеледі.
2. Салық қызметі органдары уәкілетті орган мен салық органдарынан тұрады.
3. Салық органдарына уәкілетті органның облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша аумақтық салық бөлімшелері, сондай-ақ уәкілетті органның ауданаралық аумақтық бөлімшелері жатады. Арнайы экономикалық аймақтар құрылған жағдайда осы аймақтардың аумағында салық органдары құрылуы мүмкін.
4. Салық органдары тиісті жоғары тұрған салық қызметі органына төменнен жоғары қарай тікелей бағынады және жергілікті атқарушы органдарға жатпайды.
5. (алынып тасталды - 2007.07.26. N 312 )
6. (алынып тасталды - 2007.07.26. N 312 )

*Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 312 , 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **15-1-бап. Уәкілетті органның функциясы**

Уәкілетті орган:

- 1) салық салу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 2) осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 3) салық органдарына басшылықты жүзеге асырады;
- 4) өзінің құрамына кіретін ведомствоның құзыретін айқындайды;
- 5) осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық бақылауын жүзеге асырады;
- 6) белгіленген тәртіппен салық төлеушілердің, салық салынатын объектілердің және салық салынуға байланысты объектілердің есебін, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген және төленген есебін жүргізеді;
- 7) салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық есептелуіне және уақтылы төленуіне, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының уақтылы ұсталуына және жинақтаушы зейнетақы қорларына уақтылы аударылуына салық бақылауын жүзеге асырады;
- 8) мемлекет меншігіне алынған мүлікті есепке алу , сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібін сақтауға, оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті уәкілетті органға толық және уақтылы берілуіне, сондай-ақ оны өткізген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуіне бақылауды жүзеге асырады.

*Ескерту. 15-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **16-бап. Салық қызметі органдарының құқықтары**

1. Салық қызметі органдары:
  - 1) осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді өз құзыреті шегінде әзірлеуге және бекітуге;
  - 2) өз құзыреті шегінде салық міндеттемелерінің туындауы, орындалуы мен тоқтатылуы жөнінде түсіндіруді жүзеге асыруға және түсініктеме беруге;
  - 3) осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық бақылауын жүзеге асыруға;

- 4) салық төлеушінің бухгалтерлік құжаттамасына, сметаларына, ақшасының бар-жоғына, бағалы қағаздарына, есеп айырысуларына, декларацияларына және салық міндеттемелерін орындауға байланысты өзге де құжаттарына Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген талаптарды сақтай отырып, тексеру жүргізуге;
- 5) салық төлеушіден уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеу (ұстау мен аудару) жөнінде құжаттар, оларды толтыру жөнінде түсіндірмелер, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың дұрыс есептелгендігін және дер кезінде төленгендігін (ұсталғандығын және аударылғандығын) растайтын құжаттар беруді, сондай-ақ резидент салық төлеушінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан еншілес компанияларының қаржылық есептілігін қоса алғанда, оның шоғырландырылған қаржылық есептілігін талап етуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен салық тексеруін жүзеге асыру барысында салықтық құқық бұзушылықтар жасалғанын айғақтайтын құжаттарды салық төлеушіден алып қоюға;
- 7) орналасқан жеріне қарамастан табыс табу үшін пайдаланылатын кез келген салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді тексеруге, салық төлеушінің мүліктеріне (тұрғын үй-жайлардан басқа) түгендеу жүргізуге;
- 8) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салық төлеушіден электрондық құжаттар түріндегі ақпарат алуға;
- 9) мыналарға:
- салық салуға байланысты мәселелер бойынша тексерілетін салық төлеушіге - заңды тұлға мен дара кәсіпкерге;
- қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен әрекетсіз заңды тұлғаға;
- заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген тұлғаға және оның зайыбына (жұбайына) қатысты коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, банктерден немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер алуға;
- 10) осы Кодекстің ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда салық төлеушінің салық міндеттемесін жанама әдіспен айқындауға;
- 10-1) салық тексерулеріне басқа да мемлекеттік органдардың мамандарын тартуға;
- 11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес соттарға талаптар қоюға құқылы;
- 12) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабы 2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша заңды тұлғаны тарату туралы сотқа талап-арыз беруге құқылы.
- 1-1. Салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жүктелген міндеттерді іске асыруды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электрондық тәсілмен жүзеге асыруға құқылы.
2. Салық қызметі органдарының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

*Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.10. N 483 , 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **17-бап. Салық қызметі органдарының міндеттері**

1. Салық қызметі органдары:
- 1) салық төлеушінің құқықтарын сақтауға;
  - 2) мемлекеттің мүдделерін қорғауға;
  - 3) салық төлеушінің салық міндеттемелерін орындауына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық есептелуіне және уақтылы төленуіне, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының дер кезінде ұсталуына және аударылуына салық бақылауын жүзеге асыруға;
  - 4) салық төлеушілердің, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің есебін, есептелген және төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есебін белгіленген тәртіппен жүргізуге;
  - 5) белгіленген салық есептілігінің нысандарын толтыру тәртібін түсіндіруге;

- 6) салық тексеруін қатаң нұсқамалар бойынша жүргізуге;
  - 7) осы Кодекс ережелеріне сәйкес салық құпиясын сақтауға;
  - 8) осы Кодексте көзделген мерзімдер мен жағдайларда салық төлеушіге салық міндеттемелерінің орындалуы жөнінде хабарлама тапсыруға;
  - 9) салық төлеушінің өтініші бойынша үш күн мерзімнен кешіктірмей салық міндеттемелерін орындауы жөніндегі бюджетпен есеп айырысуларының жай-күйі туралы оның жеке шотынан көшірмені беруге;
  - 10) салық төлеушіге берілетін, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерінің орындалу фактісін растайтын квитанциялар көшірмесінің бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз етуге;
  - 11) мемлекет меншігіне айналған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, оның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті уәкілетті органға толық және уақтылы тапсырылуын, сондай-ақ ол сатылған жағдайда ақшаның бюджетке толық және дер кезінде түсуін бақылауды жүзеге асыруға;
  - 12) салық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық төлеушіден салық берешегін осы Кодекске сәйкес мәжбүрлеп өндіріп алуға;
  - 13) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес салық төлеушіге әкімшілік айыппұлдар салуға міндетті.
2. Салық тексеруі барысында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден қасақана жалтару фактілері, сондай-ақ қылмыс белгілерін көрсететін әдейі, жалған банкроттық фактілері анықталған кезде, салық органдары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес іс жүргізу шешімін қабылдау үшін тиісті құқық қорғау органдарының тергеуіне жататын материалдарды жібереді.
3. Салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының салық заңдарымен көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

*Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.06.22. N 147 Заңдарымен.*

#### **18-бап. Мүдделер қақтығысы**

Салық қызметі органдары лауазымды адамдарының жақын туысы (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-қарындастары, балалары) немесе жекжаты (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-қарындастары, ата-анасы мен балалары) болып табылатын және (немесе) қаржылық жағынан тікелей немесе жанама мүдделілігі бар салық төлеушіге қатысты мұндай лауазымды адамның қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына тыйым салынады.

#### **19-бап. Кеден органдарының салықтар алу жөніндегі өкілеттігі**

Кеден органдары, Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тауарлар өткізілген кезде, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді алуды жүзеге асырады.

#### **20-бап. Уәкілетті органдардың өкілеттіктері**

Уәкілетті органдардың бюджетке төленетін міндетті төлемдерді алу жөніндегі өкілеттіктері осы Кодекстің ерекше бөлімінде айқындалады.

#### **21-бап. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері**

1. Кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері (бұдан әрі - әкімдер) салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлікке, көлік құралдарына салынатын салықтарды, жер салығын жинауды ұйымдастырады.
2. Осы баптың 1-тармағында аталған салықтарды жинау қатаң есептілік құжаты болып табылатын квитанция негізінде жүзеге асырылады. Квитанция нысанын уәкілетті орган белгілейді.
3. Осы баптың 1-тармағында аталған салықтарды жинауды ұйымдастыру кезінде әкімдер:
  - 1) есептелген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей салық органы есептеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы туралы хабарламаларды салық төлеушіге тапсыруды;
  - 2) салық төлеушіге - жеке тұлғаға салық сомаларын төлеу фактісін растайтын квитанция беруді;
  - 3) банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ақша қабылдау жүзеге асырылған банктік күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей, салық сомаларын кейіннен бюджет есебіне жатқызу үшін күн сайын өткізуді қамтамасыз етеді. Егер күн сайынғы ақша түсімі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болса, сондай-ақ банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болмаған кезде елді мекенде ақша өткізу үш банктік күнде бір рет жүзеге асырылады;
- 4) квитанциялардың дұрыс толтырылуын және сақталуын;

5) салық органына квитанцияларды пайдалану туралы, сондай-ақ салық сомаларын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға өткізу туралы есептерді беруді қамтамасыз етеді.

4. Күші жойылды - ҚР 2008.12.10 N 100-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **22-бап. Салық қызметі органдарының басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекеті**

1. Салық қызметі органдары орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасайды, бірлескен бақылау шараларын қолданады, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.
2. Мемлекеттік органдар салық заңдарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда салық қызметі органдарына жәрдемдесуге міндетті.
3. Салық қызметі органдары мен кеден органдары өздеріне жүктелген салық бақылауын жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді өзара іс-әрекет жасау арқылы орындайды.
4. Салық қызметі органдары мен жергілікті атқарушы органдар салық жинауды жүзеге асыру бойынша бір-бірімен өзара іс-әрекет жасайды.

#### **23-бап. Салық қызметі органдарының лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау**

1. Салық қызметі органдарының лауазымды адамдары қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңмен қорғалады.
2. Қызметтегі жұмысын жүзеге асыруына байланысты салық қызметі органдарының лауазымды адамының денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келген жағдайда, оған республикалық бюджет қаражатынан бес айлық жалақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді, кейін бұл сома Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кінәлі адамдардан өндіріп алынады.
3. Қызметтегі жұмысын жүзеге асыруына байланысты салық қызметі органдарының лауазымды адамының денсаулығына кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтін ауыр зиян келген жағдайда, оған республикалық бюджет қаражатынан, кінәлі адамдардан кейін сомасы өндіріп алынатын, бес жылдық ақшалай табысы мөлшерінде біржолғы өтемақы, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысы мен зейнетақысының мөлшері арасындағы айырма (өмір бойы) төленеді.
4. Салық қызметі органдарының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындау кезінде қайтыс болған жағдайда қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне):
  - 1) қаза тапқан (қайтыс болған) адамның соңғы лауазымы бойынша республикалық бюджет қаражатынан он жылдық ақшалай табысы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады.
5. Қызметтік міндеттерін орындауына байланысты салық қызметі органдары лауазымды адамдарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян, сондай-ақ салық қызметі органдары лауазымды адамдарының отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян, осы сома кейін кінәлі адамдардан өндіріп алына отырып, республикалық бюджет қаражатынан толық көлемінде өтеледі.

## **2-бөлім. Салық міндеттемесі**

### **4-тарау. Жалпы ережелер**

#### **24-бап. Салық міндеттемесі**

1. Салық төлеушінің салық заңдарына сәйкес мемлекет алдында туындаған міндеттемесі салық міндеттемесі деп танылады, оған сәйкес салық төлеуші салық органына тіркеу есебіне тұруға, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге, салық есептілігін жасауға, оны белгіленген мерзімде табыс етуге, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті.
2. Мемлекет салық қызметі органы арқылы салық төлеушіден - оның салық міндеттемелерін толық көлемінде орындауын талап етуге, ал олар орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда оларды қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді және осы Кодексте көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқылы.

#### **25-бап. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер**

Мүлік пен іс-әрекеттер салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер болып табылады, олардың болуына байланысты салық төлеушінің салық міндеттемесі туындайды.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің әрбір түрі бойынша салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объект осы Кодекстің ерекше бөліміне сәйкес айқындалады.

**26-бап. Салық базасы**

Салық базасы дегеніміз салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамалары, олардың негізінде бюджетке төленуге тиіс салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы айқындалады.

**27-бап. Салық ставкасы**

1. Салық ставкасы салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын білдіреді.
2. Салық ставкасы салық базасының өлшем бірлігіне процентпен немесе абсолютті сомамен белгіленеді.

**28-бап. Салық кезеңі**

Осы Кодекстің ерекше бөліміне сәйкес жекелеген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі салық кезеңі деп түсініледі, ол аяқталған соң салық базасы айқындалады және бюджетке төленуге тиіс салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы есептеледі.

## 5-тарау. Салық міндеттемесін орындау

**29-бап. Салық міндеттемесін орындау**

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші салық міндеттемесін орындауды дербес жүзеге асырады.
2. Салық төлеуші салық міндеттемесін орындау үшін мынадай іс-әрекеттер жасайды:
  - 1) салық органына тіркеу есебіне тұрады;
  - 2) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің есебін жүргізеді;
  - 3) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базалары мен салық ставкаларын негізге ала отырып, бюджетке төленуге тиісті салық және басқа да міндетті төлемдер сомасын есептейді;
  - 4) салық есептілігін жасайды және оны белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық қызметі органдарына табыс етеді;
  - 5) салық заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептеп шығарылған және есептелген сомаларын, сондай-ақ салық міндеттемесі орындалмаған жағдайларда, салық өсімпұлдары мен айыппұлдарын төлейді.
- Салық төлеуші салық міндеттемесін осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындауы тиіс.
3. Салық төлеуші салық міндеттемесін мерзімінен бұрын орындауға құқылы.
4. Салық төлеушінің қолма-қол ақшасыз төлеу нысанында орындалатын салық міндеттемесі банктен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасына төлем тапсырмасы акцептін алған күннен бастап немесе салық төлеуші төлемді банкоматтар немесе өзге де электронды құрылғылар арқылы жүзеге асырған күннен бастап, ал қолма-қол ақша нысанында - салық төлеуші аталған соманы банкке немесе уәкілетті органға төлеген кезден бастап орындалды деп есептеледі.
5. Салық төлеушінің салық агенті орындайтын салық төлеу жөніндегі салық міндеттемесі оны ұстап қалған күннен бастап орындалды деп есептеледі.
6. Салықтар төлеу жөніндегі салық міндеттемесі осы Кодекстің 39 және 252-баптарында белгіленген тәртіппен есепке жатқызу жолымен орындалуы мүмкін.
7. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі салық міндеттемесі, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдардың қызметін реттейтін заң актілерінде көзделген жағдайларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілері мен және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттардың ережелерімен заттай нысанда төлеу немесе шетелдік валютамен төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, теңгемен орындалады.

*Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**30-бап. Салық міндеттемесін орындау кезінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу ерекшеліктері**

1. Төлем көзінен ұсталатын салық сомаларын есептеуді салық агенті жүзеге асырады.
2. Осы Кодекстің ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерінің сомасын есептеу жөніндегі міндет салық органына және уәкілетті органдарға жүктелуі мүмкін.

**31-бап. Салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы**

1. Салық төлеушінің салық міндеттемесін орындау қажеттігі туралы салық қызметі органының салық төлеушіге қағазға түсірілген немесе оның жазбаша келісімімен электрондық тәсілмен жіберген хабары хабарлама деп танылады.
2. Хабарлама түрлері төменде аталған түрлермен шектеледі және олар салық төлеушіге мынадай мерзімдерде:
  - 1) салық органы осы Кодекстің 30-бабының 2-тармағына сәйкес есептеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы туралы - есептеп шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей;
  - 2) салық тексеруі нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдардың есептелген сомасы туралы - салық тексеруі актісін табыс еткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;
  - 3) алып тасталды
  - 4) мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету жөнінде қолданылатын шаралар туралы, осы Кодекстің 45-бабының 1) тармақшасында белгіленген жағдайды қоспағанда, - осы Кодекстің 47-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мерзімдер аяқталғаннан кейін;
  - 5) салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алудың қолданылатын шаралары туралы - мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданыла бастағанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей;
  - 6) дебиторлардың банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу туралы - өндіріп алуға дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей;
  - 7) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы - салық есептілігінде бұзушылық анықталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей;
  - 8) салық төлеушінің шағымын қарау нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдардың есептелген сомалары туралы - шағым бойынша шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;
  - 9) салық заңдарын бұзушылықты жою туралы - оларды анықтаған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;
  - 10) қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын және орналасқан (тұрғылықты) жері өзгерген күннен бастап мұндай өзгерістер туралы жиырма жұмыс күні ішінде салық органын хабардар етпеген тұлғаны есептен шығару туралы - қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.
3. Хабарламада салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы; салық төлеушінің тіркеу нөмірі; хабардар етілген күн; Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда салық міндеттемесінің сомасы; салық міндеттемесін орындау туралы талап; хабарлама жіберу үшін негіздеме; шағымдану тәртібі көрсетіледі.  
Хабарламалардың нысанын уәкілетті орган белгілейді.
4. Осы баптың 2-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген, жіберу фактісі сол бойынша расталатын хабарламаны қоспағанда, хабарлама салық төлеушінің (өкілінің) жеке өзіне қол қойдырылып немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен тапсырылуға тиіс.
- 4-1. Осы баптың 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген хабарламаны салық төлеуші өзіне (өзі) хабарлама тапсырылған (алған) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде орындауға тиіс.
5. Осы бапта көзделген ережелер салық агентіне жіберілетін хабарламаға қатысты да қолданылады.

*Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**32-бап. Салық міндеттемесін орындау мерзімдері**

1. Салық міндеттемесін орындау мерзімдері осы Кодекспен белгіленеді. Бұл ретте, осы Кодексте белгіленген мерзімнің өтуі оның басталуы айқындалған нақты оқиғадан немесе заңды іс-әрекеттен кейін келесі күні басталады. Мерзім осы Кодексте белгіленген кезең аяқталған күнінің соңында бітеді. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, мерзім келесі жұмыс күнінің соңында аяқталады.
2. Салық органдары салық бақылауы нәтижелері бойынша салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдардың есептелген сомалары туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңдарын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберген жағдайда, салық міндеттемесі салық төлеушіге хабарлама тапсырылған (салық төлеуші хабарлама алған) күннен кейінгі отыз жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.
3. Салық тексеруі нәтижелері бойынша салық органдарының хабарламасында көрсетілген салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер өсімпұлдар есептелген сомаларымен (төлем көздерінен ұсталатын акциздердің және салықтардың есептелген сомаларынан басқа) салық төлеуші келіскен жағдайда, салық төлеушінің өтініші бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімі алпыс жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте көрсетілген сома төлеу мерзімі ұзартылған әрбір күнге өсімпұл есептеле отырып, осы кезеңнің әрбір он бес жұмыс күні сайын тең үлеспен бюджетке төленуге тиіс.

4. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың салық берешегі сомаларын жабу үшін соттың шешімімен жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілетін салық берешек сомаларын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындау мерзімдері жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімі күшіне енген кезден бастап оларды орналастыру (өткізу) аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

*Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **33-бап. Салық берешегін өтеу тәртібі**

Салық берешегін өтеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) есептеп қосылған өсімпұлдар;
- 2) бересі сомасы;
- 3) айыппұлдар сомасы.

*Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **34-бап. Таратылатын заңды тұлғаның салық міндеттемесін орындауы**

1. Таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу осындай салық есептілігі табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Салық есептілігінде (тарату есептілігін қоспағанда) көрсетілген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын жағдайда, мұндай төлем таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Таратылатын заңды тұлғаның салық берешегі аталған заңды тұлғаның ақшасы, оның ішінде оның мүлкін сатудан алынған ақша есебінен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген кезектілік тәртібімен өтеледі. Бұл ретте таратылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің салық берешегі де өтеледі.

2. Егер таратылатын заңды тұлғаның мүлкі салық берешегін толық сөйлемде өтеу үшін жеткіліксіз болса, салық берешегінің қалған бөлігін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, таратылатын заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) өтейді.

3. Егер таратылатын заңды тұлғада салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық төленген сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар осы Кодекстің 39-бабында белгіленген тәртіппен таратылатын заңды тұлғаның салық берешегін өтеу есебіне есептеуге жатқызылады.

Таратылатын заңды тұлғада салық берешегі болмаған жағдайда, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық төленген сомасы осы заңды тұлғаға қайтаруға тиіс.

*Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **35-бап. Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде салық міндеттемесін орындау**

1. Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салық міндеттемесін орындау оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) жүктеледі.

2. Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқорын (құқық мирасқорларын), сондай-ақ құқық мирасқорларының салық берешегін өтеуге қатысу үлесін белгілеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы осы заңды тұлғаның құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі оның салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгертуге негіз болып табылмайды.

4. Заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғанға дейін артық төлеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің сомасын салық органы қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салық берешегін өтеу есебіне есептеуге жатқызады.

5. Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салық берешегі болмаған жағдайда, осы заңды тұлғаның артық төлеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы оның құқық мирасқорына қайтаруға тиіс.

### **36-бап. Қайтыс болған жеке тұлғаның салық берешегін өтеу**

1. Қайтыс болған жеке тұлғаның ол қайтыс болған күнінде жиналып қалған салық берешегін оның мұрагері (мұрагерлері) мұраға қалдырылған мүлік құны шегінде және мұраны алған күнгі ондағы үлесіне барабар өтейді.

2. Жеке тұлғаның мұрагері болмаған жағдайда, ол қайтыс болған күнінде жиналып қалған салық берешегі өтелді деп есептеледі.

### **37-бап. Сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған жеке тұлғаның салық міндеттемесін орындау**

1. Жеке тұлғаны сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған жағдайда, мұндай жеке тұлғаға қатысты салық міндеттемесі шешім шығарылған күннен бастап тоқтатыла тұрады.
2. Сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған жеке тұлғаның салық берешегін хабар-ошарсыз кеткен адамның мүлкін басқаруға қорғаншы орган уәкілеттік берген адам өтейді.
3. Егер белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетті деп танылған адамның мүлкі салық берешегін өтеу үшін жеткіліксіз болса, онда хабар-ошарсыз кеткен адамның салық берешегінің өтелмеген бөлігін салық органы мүліктің жеткіліксіздігі туралы сот шешімі негізінде есептен шығарады.
4. Сот адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы шешімнің күшін жойған жағдайда, салық міндеттемесі бойынша белгіленген талап қою мерзіміне қарамастан, бұрын салық органы есептен шығарған салық берешегінің күші қайта басталады.

### **38-бап. Салық міндеттемесі бойынша талап қою мерзімі**

1. Салық қызметі органы, осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, салық кезеңі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге немесе олардың есептелген сомасын қайта қарауға құқылы.
  - 1-1. Қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа сәйкес жүзеге асыратын салық төлеушілер бойынша салық қызметі органы жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде үстеме пайдаға салынатын салық, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын есептеуге немесе олардың есептелген сомасын қайта қарауға құқылы, оларды есептеу әдістемесінде мынадай көрсеткіштердің бірі: рентабельділіктің ішкі нормасы (РІН) немесе пайданың ішкі нормасы немесе R-фактор (табыс көрсеткіші) қолданылады.
  - 1-2. Салық төлеуші осы баптың 1-тармағында белгіленген талап қою мерзімі күнтізбелік бір жылдан аз уақытта бітетін кезең үшін қосымша салық есептілігін табыс еткен жағдайда, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын есептеп қосу және (немесе) олардың есептеп қосылған сомаларын қайта қарау бөлігінде көрсетілген талап қою мерзімі бір күнтізбелік жылға ұзартылады.
  - 1-3. Салық төлеуші осы Кодекстің 100-бабының 4-тармағын және 144-бабының 25-1) тармақшасын қолданған жағдайда, осы баптың 1-тармағында белгіленген талап қою мерзімі корпорациялық табыс салығы мен жеке табыс салығын есептеу және (немесе) қайта қарау бөлігінде жеке тұлғаның міндеттемелерді орындауы бойынша осы Кодекстің 100-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімнен бес жылға дейін ұзартылады.
2. Салық төлеуші салық кезеңі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде және (немесе) осы баптың 1-1-тармағында аталған салықтар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде салықтың артық төленген сомасын есепке жатқызуды немесе салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық төленген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

*Ескерту. 38-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **6-тарау. Салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу кезінде салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдың артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару**

*Ескерту. 6-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **39-бап. Салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу кезінде салық төлеушінің артық төлеген салық, төлемақы, өсімпұл сомаларын есепке жатқызу**

1. Өткен салық кезеңдеріндегі салықтың, төлемақының, өсімпұлдың осы түрі бойынша міндеттемелер ескеріле отырып, салықтың, төлемақының, өсімпұлдың салық кезеңінде бюджетке төленген және төлеуге есептелген сомалары арасындағы айырма артық төленген салық, төлемақы, өсімпұл сомасы болып танылады.

Осы Кодекстің 198-1-бабына сәйкес резидент емес салық төлеушіге қайтарылуға тиіс төленген салық сомасы да артық төленген салық сомасы болып танылады.

2. Осы тараудың максаттары үшін жер учаскелерін пайдаланғаны, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны, қоршаған ортаға эмиссия, радиожилілік спектрін пайдаланғаны, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақылар төлемақы деп танылады.

3. Бюджетке артық төленген салық және төлемақы сомасы салық берешегін өтеу есебіне:

- 1) салық төлеушінің өтінішінсіз салықтың және төлемақының осы түрі бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдарды өтеу есебіне;

2) салық төлеушінің өтініші бойынша өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мынадай тәртіппен:

салықтың және (немесе) төлемақының басқа да түрлері бойынша бересіні, өсімпұл мен айыппұлдарды өтеу есебіне;

салықтың және (немесе) төлемақының осы және басқа да түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне міндетті есепке жатқызылуға тиіс.

4. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде кеден органдары алатын салықтардың бюджетке артық төленген сомасы салық төлеушінің өтініші бойынша салықтың артық төленген сомаларының бар екендігі туралы кеден органының растамасымен қоса, өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық берешегін өтеу есебіне мынадай тәртіппен:

салықтың басқа да түрлері бойынша бересіні, өсімпұл мен айыппұлдарды өтеу есебіне;

салықтың басқа да түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызылуға тиіс.

5. Бюджетке артық төленген өсімпұл сомасы:

1) салық төлеушінің өтінішінсіз салықтың және төлемақының осы түрі бойынша бересі мен айыппұлдарды өтеу есебіне;

2) салық төлеушінің өтініші бойынша өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мынадай тәртіппен:

салықтың және (немесе) төлемақының басқа түрлері бойынша бересіні, өсімпұл мен айыппұлдарды өтеу есебіне;

салықтың және (немесе) төлемақының осы және басқа да түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызылуға тиіс.

6. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, артық төленген салық, төлемақы, өсімпұл сомасын есепке жатқызуды бюджетке салық, төлемақы, өсімпұл төлейтін жердегі салық органы осы бапта белгіленген тәртіппен жүргізеді.

7. Осы баптың 3 және 5-тармақтарында белгіленген мерзім бұзылған жағдайда, есепке жатқызу мерзімі бұзылған әр күн үшін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

8. Бюджетке артық төленген салық, төлемақы, өсімпұл сомасы басқа салық төлеушінің салық міндеттемесі бойынша берешегін өтеу есебіне есепке жатқызылмауға тиіс.

*Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **40-бап. Салық міндеттемесін орындаған кезде салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдың артық төленген сомаларын қайтару**

1. Салықтың төлемақының, өсімпұлдың артық төленген сомасы осы Кодекстің 39-бабында көзделген есепке жатқызуларды жүргізгеннен кейін салық төлеушінің өтініші бойынша оның банк шотына аударылуға тиіс.

2. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салықтың төлемақының, өсімпұлдың артық төленген сомасын қайтару салық төлейтін жер бойынша қайтару туралы өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

2-1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізген кезде кеден органдары алатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдың артық төленген сомасын қайтару, бюджетке кедендік төлемдердің, салықтардың және өсімпұлдың артық төленген сомасының бар екендігі туралы кеден органының растамасымен қоса, қайтару туралы өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде төленген жері бойынша жүргізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзім бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде, қайтару мерзімінің әрбір бұзылған күні үшін өсімпұл есептеледі.

4. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, бюджетке төленген басқа міндетті төлемдердің, өсімпұлдың артық төленген сомасын қайтару осы бапқа сәйкес жүргізіледі.

*Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **7-тарау. Салықтарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгертілуі**

**41-бап. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгертілу ұғымы және оның жалпы шарттары**

1. Салықтарды (төлем көзінен ұсталатын салықтар мен акциздерден басқа) төлеудің осы Кодекспен белгіленген мерзімін салық төлеушінің негізделген өтініші негізінде, неғұрлым кеш мерзімге, бірақ күнтізбелік жылдың он айынан асырмай ауыстыру салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту деп танылады.
2. Өзгертілген мерзім бойынша салық міндеттемесін орындау құқығы басқаға берілуге тиіс емес.
3. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту, осы Кодекстің ерекше бөлімінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушіні осы Кодекстің 46-бабына сәйкес салықтар сомаларын дер кезінде төлемегені үшін өсімпұл төлеуден босатпайды.
4. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту, осы Кодекстің ерекше бөлімінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің мүлкін кепілге алу немесе банк кепілдігі арқылы жүргізіледі.
5. Салық төлеушінің мүлкін кепілге алу және банк кепілдігі арқылы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

#### **42-бап. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдауға уәкілетті орган**

1. Республикалық бюджетке келіп түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімді уәкілетті орган, осы Кодекстің 249-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, қабылдайды.
2. Жергілікті бюджетке толық көлемінде келіп түсетін салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімді салық төлеушіні тіркеу есебіне алу орны бойынша салық органы жергілікті атқарушы органмен келісе отырып қабылдайды.

*Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.*

#### **43-бап. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімдердің қолданылуын тоқтату**

1. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімнің қолданылуы онда белгіленген қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатылады.
2. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімнің қолданылуы салық төлеуші салықтардың бүкіл сомасын шешімде белгіленген мерзім аяқталғанға дейін төлеген жағдайда немесе салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау шарттарын бұзған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

#### **44-бап. Салық төлеушінің кепілге салынған мүлкінен өндіріп алу және оны өткізу тәртібі**

1. Кепілмен (банк кепілдігімен) қамтамасыз етілген салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертудің шарттары орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, салық қызметі органдары салық төлеушінің кепілге салынған мүлкін өндіріп алуға не банк кепілдігінің орындалуын талап етуге құқылы.
2. Салық төлеушінің кепілге салған мүлкін өткізу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

## **8-тарау. Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері**

#### **45-бап. Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері**

Салық төлеушінің белгіленген мерзімде орындалмаған салық міндеттемесін орындау:

- 1) төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасына өсімпұл есептеу;
- 2) банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- 3) салық төлеушінің салық берешегі есебіне мүлікке билік етуін шектеу тәсілдерімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз етудің осы баптың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдері салық төлеушіге осы Кодекстің 31-бабында белгіленген мерзімдерде хабарлама жіберген кезде қолданылады.

Салық төлеушінің нақты мекенжайы (тұрғылықты жері) бойынша болмауына байланысты почта немесе өзге де байланыс ұйымы жіберілген хабарламаны қайтарған жағдайда, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз етудің осы баптың 2) тармақшасында көрсетілген тәсілі салық төлеушінің нақты мекенжайы (тұрғылықты жері) бойынша болмауы туралы салық қызметі органдары жасаған актінің және салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жерін анықтау мүмкін еместігі туралы тиісті құқық қорғау органдары жауабының негізінде бес жұмыс күні ішінде қолданылады.

Салық төлеушінің нақты мекенжайы (тұрғылықты жері) бойынша болмауы туралы акт почта немесе өзге де байланыс ұйымы салық төлеушінің нақты мекенжайы (тұрғылықты жері) бойынша болмауына байланысты жіберілген хабарламаны қайтарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

*Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **46-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына өсімпұл**

1. Мерзімі өткен салық міндеттемесінің сомасына есептелетін осы баптың 3-тармағында белгіленген мөлшер өсімпұл болып танылады.
2. Өсімпұл сомасы салық берешегін өтеу бойынша салық міндеттемесін мәжбүрлеп орындату шараларын, сондай-ақ салық заңдарын бұзғаны үшін жауаптылықтың өзге де шараларын қолдануға қарамастан есептеледі және төленеді.
3. Өсімпұл салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап, өткен әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде бюджетке төлеген күнді қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеледі.
4. Салық және басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың сомаларын банк шоттарының есебінен шығару кезектілігін сақтамағаны үшін, сондай-ақ салық төлеушілердің банк шоттары есебінен шығарылған және банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассаларының салық және басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды, айыппұлдарды төлеу шотына қабылданған қолма-қол ақшаны бюджетке аударуды (есептеуді) кешіктіргені үшін банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға өсімпұл есептеледі.
5. Салық төлеушіні банкрот деп таныған сот шешімі қабылданғанда не оған қатысты мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданғанда, не оналту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылданғанда, осындай шешім немесе ұйғарым күшіне енген күннен бастап, жиналған бересі сомасына өсімпұл есептелмейді.
6. Бересінің жиналып қалуының бірден бір себебі қызмет көрсететін банктің таратылуы болып табылған жағдайда, мәжбүрлеп таратылған банктердің кредит берушілеріне бересі сомаларын дер кезінде өтемегені үшін өсімпұл банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешім күшіне енген кезден бастап есептелмейді.
7. Бересіні өтеу үшін сот шешімімен жарияланған акциялар мәжбүрлеп шығарылғанда, жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімі күшіне енгізілген кезден бастап оларды орналастыру аяқталғанға дейін бересі сомасына өсімпұл есептелмейді.
8. Жеке тұлға хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы сот шешімі күшіне енген кезден бастап, оның күші жойылғанға дейін бересі сомасына өсімпұл есептелмейді.
9. Салықтың артық төленген сомасы расталған жағдайда, осы Кодекстің 39-бабының 2-тармағында белгіленген есепке алуды жүргізу мерзімі бұзылған ретте салық төлеушінің артық төленген салық сомасын есепке алуды жүргізуге берген өтінішінде көрсетілген артық төленген салық сомасына барабар бересі сомасына өсімпұл есептелмейді.

Аталған ереже осы Кодекспен белгіленген жағдайларға қолданылмайды.

*Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **47-бап. Салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру**

1. Заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің банк шоттары (корреспонденциялық шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен:
  - 1) салық төлеуші салық есептілігін тапсыру мерзімі аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде оны табыс етпеген;
  - 2) белгіленген төлеу мерзімі күнінен бастап отыз жұмыс күні өткеннен кейін салық берешегін өтемеген;
  - 3) салық қызметі органының лауазымды адамдарының, осы Кодексте белгіленген салық тексеруін жүргізу тәртібін бұзған жағдайлардан басқа реттерде, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді салық тексеруіне, қарауына жол бермеген;
  - 4) осы Кодекстің 45-бабында көзделген құжаттармен расталған салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.

Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру салық берешегін өтеу жөніндегі операциялардан басқа, салық төлеушінің барлық шығыс операцияларына қолданылады.

2. Салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып белгілеген нысан бойынша шығарылады және банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым оны алған күннен бастап күшіне енеді.

3. Салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар сөзсіз орындауға тиіс.

4. Шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған салық органы банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себебі жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің күшін жояды.

Салық төлеушінің банк шоты жабылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банк тиісті салық органына салық төлеушінің банк шотының жабылғаны туралы хабарламамен бірге шот бойынша шығыс операцияларының тоқтатыла тұратыны туралы өкімді қайтарады.

5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдардың салық тексеруі нәтижесі бойынша есептелген сомасы туралы хабарламаға шағым жасалған жағдайда, банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жүргізілмейді.

*Ескерту. 47-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **48-бап. Салық төлеушінің салық берешегі есебіне мүлікке билік етуін шектеу туралы шешім шығару**

1. Салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық берешегі өтелмеген жағдайда, салық берешегі есебіне мүлікке билік етуді шектеу жүргізіледі.

Мүлікке иелікті шектеу туралы шешім уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша шығарылады.

Жылжымайтын мүлікке құқықтардың ауыртпалығын тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Салық төлеушінің мүлікіне билік етуін шектеу туралы шешім меншік құқығындағы немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы (мүлікті шаруашылық жүргізуге беру туралы шартта оны иеліктен айыруға тыйым салу көзделген жағдайлардан басқа реттерде) мүлікке қатысты шығарылады.

Салық төлеушінің қаржы лизингіне және (немесе) кепілге берілген мүлікіне билік етуді шектеу туралы шешім шығарылған кезде салық органы осы мүлікке қатысты шешім шығарылған кезден бастап оның күші жойылғанға дейін салық органдарына - шарттың қолданылуы аяқталғанға дейін осы мүлікті алып қоюға, ал салық төлеушіге шарттың талаптарын өзгертуге (шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға, қосалқы лизингке және (немесе) қайта кепілге беруге) тыйым салынады.

3. Мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді салық органы салық төлеушінің жеке шотында бар салық берешегі сомасы туралы деректердің негізінде қабылдайды.

4. Мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің негізінде салық төлеушіге мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету шарттарын бұзғаны үшін жауаптылық туралы ескертіле отырып, салық берешегі сомасына мүлік тізімдемесінің актісін жасау жүргізіледі.

Билік ету шектелген мүлік тізімдемесі салық төлеушінің бухгалтерлік есебі деректерінің негізінде айқындалатын оның бағасы көрсетіле отырып немесе Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы заң актісіне сәйкес жүргізілетін тәуелсіз бағалау негізінде жүргізіледі және уәкілетті орган белгілеген нысанда және тәртіппен екі дана етіп жасалатын актімен ресімделеді.

Тізімдеме актісін жасау кезінде салық төлеуші мұндай мүлікке меншік құқығын және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін табыс етуге міндетті.

Салық органы мүлікке билік етуді шектеу кезінде қатысқан салық төлеушіге мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді және мүлік тізімдемесі актісінің бір данасын тапсыруға міндетті.

5. Салық төлеуші салық берешегі сомаларын өтегеннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей салық органы мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің күшін жояды.

*Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **9-тарау. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары**

### **49-бап. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары**

Салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға шағым жасау жағдайларын қоспағанда, салық органдары мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады. Мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданыла бастағанға дейін салық төлеушіге осы Кодекстің 31-бабына сәйкес хабарлама жіберіледі. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу мынадай тәртіппен:

- 1) банк шоттарындағы ақшасының есебінен;
- 2) қолма-қол ақшасының есебінен;
- 3) дебиторларының шоттарынан;

- 4) билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен;
- 5) жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару арқылы жүргізіледі.

*Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.05.16. N 416, 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **50-бап. Салық берешегін банк шоттарындағы ақша есебінен өндіріп алу**

1. Салық төлеуші декларациялар және (немесе) есеп айырысулар бойынша, сондай-ақ салық тексерулері нәтижелері бойынша есептеген салық берешегі сомалары төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, салық органы салық берешегінің сомасын салық төлеушінің және (немесе) дербес салық төлеуші болып табылмайтын оның құрылымдық бөлімшелерінің банк шоттарынан олардың келісімінсіз мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алады.

Осы тармақтың ережелері Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, секьюритилендіру туралы заңнамалық актілеріне сәйкес өндіріп алуға жол берілмейтін банк шоттарына қолданылмайды.

2. Салық төлеушінің банк шоттарынан салық берешегі сомасын өндіріп алу, банк берген қарыздар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын ақшаның көрсетілген қарыздардың өтелмеген негізгі борышы мөлшеріндегі сомасын қоспағанда, салық органының инкассолық өкімі негізінде жүргізіледі.

3. Банк салық төлеушінің бір банктік шотынан салық берешегін өндіріп алу туралы салық органының инкассолық өкімін орындаған кезде, банк салық органына салық төлеушінің аталған банкте ашқан басқа банк шоттарына салық органы шығарған инкассолық өкімдерді, егер салық органы мұндай инкассолық өкімдерді сол сомаға, берешектің сол түрі бойынша, сол есепті кезең үшін ұсынса, салық органының инкассолық өкімдердің орындалғандығын растайтын төлем құжатын қоса тіркеп, салық органына орындаусыз қайтарады.

4. Инкассолық өкім Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілермен белгіленген нысан бойынша ұсынылады және онда салық төлеушінің немесе салық агентінің салық берешегі сомаларын өндіріп алу жүргізілетін банк шоты көрсетіледі.

5. Салық төлеушінің теңгемен жүргізілетін банк шоттарында ақша болмаған жағдайда, салық берешегі салық төлеушінің шетел валютасымен жүргізілетін банк шоттарынан салық органдары теңгемен ұсынған инкассолық өкімдері негізінде өндіріп алынады.

6. Клиентке қойылған талаптардың бәрін қанағаттандыру үшін клиенттің банктегі ақшасы жеткілікті болған жағдайда, салық берешегін өндіріп алуға инкассолық өкімді банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым бірінші кезекте және аталған өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей, банк шотында бар сомалар шегінде орындайды.

7. Салық төлеушінің банк шотында (шоттарында) ақшасы болмағанда немесе жеткіліксіз болғанда, клиентке бірнеше талаптар қойылған жағдайда банк осы шотқа (шоттарға) ақша түсуіне қарай және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілікпен салық берешегін өтеу есебіне клиенттің ақшасын алуды жүргізеді.

8. Салық органы салық берешегін өндіріп алу туралы инкассолық өкім шығарған салық төлеушінің банк шотында ақша болмаған жағдайда, инкассолық өкімді орындауға қабылдаған банк заңдарға сәйкес салық төлеушінің банк шоты жабылған кезде аталған инкассолық өкімді салық төлеушінің банк шотының жабылуы туралы хабарламамен бірге тиісті салық органына қайтарады.

*Ескерту. 50-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.02.20. N 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **51-бап. Салық берешегі сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу**

1. Салық берешегі сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу банк шоты болмаған немесе банк шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда жүргізіледі.

2. Бухгалтерлік есептегі бастапқы есепке алу құжаттарында көрсетілген салық төлеушінің қолма-қол ақшасын (соның ішінде шетелдік валютамен) салық органының алып қоюы салық берешегі сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу деп танылады.

3. Қолма-қол ақшаны алып қою уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алып қою туралы актімен ресімделеді.

4. Салық төлеушіден алынған қолма-қол ақша алып қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей, кейіннен бюджетке аударатындай етіп салық төлеушінің банк шоттарына есептеу үшін банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсырылуға тиіс. Банк шоттары болмаған жағдайда, салық төлеушіден алынған қолма-қол ақша өндіріп алынған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей бюджет есебіне алынуға тиіс.

*Ескерту. 51-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

**52-бап. Салық төлеушінің салық берешегі сомасын оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу**

1. Салық төлеушінің банк шоттарында ақшасы және қолма-қол ақшасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда салық органы жиналып қалған салық берешегі шегінде салық төлеушіге берешегі бар үшінші бір тұлғалардың (бұдан әрі - дебиторлардың) банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алады.

1-1. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алудың қабылданып жатқан шаралары туралы хабарлама алған күннен бастап салық төлеуші он жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жіберген салық органына дебиторлық берешек сомаларын көрсете отырып, дебиторлар тізімін табыс етуге міндетті.

Дебиторлар тізімі осы тармақта көрсетілген мерзімде табыс етілмеген жағдайда салық органы салық төлеушіге салықтық тексеру жүргізеді.

1-2. Ұсынылған дебиторлар тізімінің немесе дебиторлық берешек сомасын растайтын салықтық тексеру актісінің негізінде салық органы дебиторларға дебиторлық берешек сомасы шегінде салық төлеушінің салық берешегін өтеу есебіне олардың банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу туралы хабарлама жібереді.

Осы бапта көзделген жағдайды қоспағанда, дебитор хабарлама алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жіберуші салық органына хабарлама алған күнге салық төлеушімен бірлесіп жасалған өзара есеп айырысудың салыстыру актісін табыс етуге міндетті.

Дебиторлар өзара есеп айырысудың салыстыру актісін осы тармақта көрсетілген мерзімде табыс етпеген жағдайда салық органы аталған дебиторларға салықтық тексеру жүргізеді.

1-3. Дебиторлық берешек сомасын растайтын салықтық тексеру актісі және дебиторлардың банк шоттарындағы ақшасынан өндіріп алу туралы хабарлама болған кезде олар өзара есеп айырысулардың салыстыру актісін табыс етпейді.

1-4. Салық төлеуші салық берешегін өтеген жағдайда дебиторлар тізімі мен өзара есеп айырысулардың салыстыру актісі табыс етілмейді.

2. Салық төлеуші мен оның дебиторының арасындағы өзара есеп айырысуды салыстыру актісінде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) салық төлеуші мен оның дебиторының атауы, олардың тіркеу нөмірлері;
- 2) салық төлеуші мен оның дебиторы тіркеу есебінде тұрған салық органының атауы;
- 3) салық төлеуші мен оның дебиторының банк шоттарының деректемелері;
- 4) дебитордың салық төлеушіге берешек сомасы;
- 5) салық төлеуші мен оның дебиторының заңды деректемелері, мөрі және қойылған қолдары;
- 6) салыстыру актісінің жасалған күні.

3. Өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің немесе дебиторлық берешек сомасын растайтын салықтық тексеру актісінің негізінде салық органы салық төлеушінің салық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассольк өкімді дебитордың банк шотына ұсынады.

4. Салық төлеуші дебиторының банкі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымы осы Кодекстің 50-бабында белгіленген талаптарға сәйкес салық төлеушінің салық берешегі сомасын өндіріп алу туралы салық органы ұсынған инкассольк өкімді орындауға міндетті.

5. Осы баптың ережелеріне сәйкес өзара есеп айырысуды салыстыру актісі бола отырып салық органының хабарламасын табыс еткен кезден бастап тоқсан жұмыс күні ішінде салық төлеушінің пайдасына дебитор төлем жүргізген жағдайда, салық органы жүргізілген төлемдер сомасы шегінде салық төлеушінің салық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассольк өкімін дебитордың банк шотына ұсынуға құқылы.

*Ескерту. 52-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**53-бап. Салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен салық берешегі есебінен өндіріп алу**

1. Салық төлеушінің - заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің банк шоттарында ақшасы, қолма-қол ақшасы және дебиторларының банк шоттарында ақшасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайларда салық органдары оның келісімінсіз салық берешегінің сомасы шегінде салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкінен өндіріп алуды жүргізеді.

2. Салық төлеуші билік ету шектелген мүлктің шектеу алып тасталғанға дейін сақталуын және тиісінше күтіп-ұсталуын қамтамасыз етуге міндетті. Ол орындалмаған жағдайда, салық төлеуші билік ету шектелген мүлкті аукционға дайындау жөніндегі шығындарды өтеуге міндетті және аталған мүлікке қатысты заңсыз әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

*Ескерту. 53-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**54-бап. Салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін салық берешегі есебіне өткізу тәртібі**

Билік ету шектелген мүлкікті өткізу мамандандырылған аукционда жүзеге асырылады, оның жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**55-бап. Салық төлеушінің-жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлеп шығару**

Осы Кодекстің 49-бабының 1)-4) тармақшаларында көзделген барлық шаралар қолданылғаннан кейін салық төлеуші-жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғам салық берешегі сомаларын өтемеген жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, сотқа жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы талап-арызбен жүгінеді.

*Ескерту. 55-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен, өзгерту енгізілді - 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**56-бап. Салық төлеушіні банкрот деп тану**

1. Осы Кодекстің 49-бабында көзделген барлық шаралар қолданылғаннан кейін салық берешегі сомасын заңды тұлға, жеке кәсіпкер өтемеген жағдайда, салық органы Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес оны банкрот деп тану жөнінде шаралар қолданады.

2. Банкрот деп танылған заңды тұлғаны тарату тәртібі Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

*Ескерту. 56-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 10-тарау. Салық міндеттемесін тоқтатудың негіздері

**57-бап. Жеке тұлғаның салық міндеттемесін тоқтату**

Жеке тұлғаның салық міндеттемесі:

- 1) қайтыс болғанда;
- 2) оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енгенде тоқтатылады.

**58-бап. Заңды тұлғаның салық міндеттемесін тоқтату**

Заңды тұлғаның салық міндеттемесі:

- 1) толық таратылғаннан кейін;
- 2) қосылу (қосылған заңды тұлғаға қатысты), бірігу және бөліну жолымен толық қайта ұйымдастырылғаннан кейін тоқтатылады.

*Ескерту. 58-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 2. Ерекше бөлім

### 3-бөлім. Жалпы ережелер

## 11-тарау. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері

**59-бап. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында осы Кодексте белгіленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер қолданылады.
2. Салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді. Жанама салықтарға қосылған құн салығы мен акциз жатады.
3. Салық және басқа да міндетті төлемдердің сомалары Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттердің кірісіне түседі.

*Ескерту. 59-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

**60-бап. Салықтар**

1. Корпорациялық табыс салығы.
2. Жеке табыс салығы.
3. Қосылған құн салығы.
4. Акциздер.
- 4-1. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы.
5. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері.
6. Әлеуметтік салық.
7. Жер салығы.
8. Көлік құралдары салығы.
9. Мүлік салығы.
10. Ойын бизнесі салығы.

*Ескерту. 60-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

**61-бап. Алымдар**

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін алым.
2. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.
3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.
- 3-1. Жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым.
4. Радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.
5. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым.
6. алып тасталды
- 6-1. алып тасталды
7. алып тасталды
8. Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым.
- 8-1. Туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым.
9. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру алымы.
- 9-1. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алым.
10. Аукциондардан алынатын алым.
- 11.
12. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым.
13. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожілілік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым.

*Ескерту. 61-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.10.22. N 601 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.05. N 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**62-бап. Төлемақылар**

1. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы.
2. Жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы.
3. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы.
4. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы.
5. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы.
6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы.
7. Радиожілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы.

- 7-1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы.
8. Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы.
9. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы.

*Ескерту. 62-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.05 N 568 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **63-бап. Мемлекеттік баж**

Мемлекеттік баж .

64-бап. Кеден төлемдері

1. Кеден бажы .
2. Кеден алымдары.
3. Алдын ала шешім қабылдағаны үшін төлемақы.
4. Алымдар.

*Ескерту. 64-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **12-тарау. Салық есебінің ережелері және салық есептілігі**

#### **65-бап. Салық есебінің ережелері**

1. Салық төлеушілер салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді осы Кодексте белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша есептеу әдісімен айқындайды.
2. Шетел валютасымен жасалатын операция салық салу мақсатында операция (төлем) жасалған күнгі валюта айырбастаудың рыноқтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен қайта есептеледі.
3. Салық мақсаттары үшін тауар-материалдық қорлар есебі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
4. Барлық салықтарға қатысты баспа-бас айырбас операциялар осы операцияларды шот-фактуралармен міндетті түрде ресімдей отырып қолданылатын бағалар бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу ретінде қарастырылады.

*Ескерту. 65-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **66-бап. Есеп құжаттамасын жасау және сақтау**

1. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемелерін есептеу үшін негіз болатын бухгалтерлік құжаттама және өзге де құжаттар есеп құжаттамасы болып табылады.
2. Есеп құжаттамасы қағазда және (немесе) электрондық көздерде жасалады және осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, есеп құжаттамасы жасалған кезеңнен кейінгі салық кезеңінен бастап, осындай құжаттама қатысты болатын әрбір салық түрі немесе басқа да міндетті төлем үшін осы Кодексте белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін сақталады.
3. Қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға сәйкес жүзеге асыратын салық төлеушілердің есеп құжаттамасы келісім-шарттың қолданылуы аяқталған кезеңнен кейінгі салық кезеңі үшін осы Кодексте белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін сақталады.
4. Тіркелген активтердің, соның ішінде қаржы лизингі бойынша берілген (алынған) активтердің құнын растайтын есеп құжаттамасы осындай актив бойынша амортизациялық аударымдар есептелетін соңғы салық кезеңі үшін осы Кодексте белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін сақталады. Амортизациялауға жатпайтын тіркелген активтердің құнын растайтын есеп құжаттамасы салық салу мақсатында осындай активтер өткізілген салық кезеңі үшін осы Кодексте белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін сақталады.
5. Бухгалтерлік құжаттаманы салық төлеуші мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жасайды.

Шет тілдерде жасалған жекелеген құжаттар болған кезде салық органы олардың мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылуын талап етуге құқылы.

6. Есеп құжаттамасы электрондық көздерде жасалған кезде салық төлеуші мониторинг кезінде және тексеру барысында салық органдарының талап етуі бойынша мұндай құжаттардың қағазға түсірілген көшірмелерін беруге міндетті.

*Ескерту. 66-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **67-бап. Бөлек есеп және оны жүргізу тәртібі**

1. Осы Кодексте салық салудың әртүрлі шарттары көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілер салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің бөлек есебін жүргізуге міндетті.
2. Салық төлеушілер бөлек есепке алуды осы Кодексте белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, бухгалтерлік есепке алу деректері негізінде жүргізеді. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, бөлек есепке алу әрбір қызмет түрі бойынша жеке жүргізіледі.
- 2-1. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша және келісім-шарт шеңберінен тыс қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу үшін бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті.
3. Белгілі бір қызмет түріне жатқызылған барлық кірістер мен шығыстар тиісті есеп құжаттамасымен расталуға тиіс.

*Ескерту. 67-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **68-бап. Салық есептілігі**

1. Салық есептілігі дегеніміз осы Кодекстің 67-бабының ережелерін ескере отырып, салық төлеуші, салық агенті салық органдарына табыс ететін, салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпараты бар құжаттама.
  2. Салық есептілігіне осы тармақта көрсетілген мынадай құжаттар, сондай-ақ олардың қосымшалары мен қосымша нысандары кіреді:
    - салықтың әрбір түрі және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеуші жағдайы салық декларациялары, есеп-қисабы;
    - арнаулы салық режимдерін қолдануға патент алуға өтініштер;
    - осы Кодекстің 397 және 531-баптарына сәйкес салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді тіркеу және қайта тіркеу туралы өтініштер;
    - қосылған құн салығын бюджеттен қайтарып алуға өтініштер;
    - қосарланған салық салуды болғызбау туралы халықаралық шарттар нормаларын қолдануға берілген өтініштер;
    - шот-фактуралар тізілімі;
    - осы Кодекске сәйкес электрондық мониторингке жататын, салық төлеушілер табыс ететін құжаттама.
  3. Салық есептілігі - салық төлеушінің, салық агентінің осы Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес салық органдарына берілген жазбаша өтініші және (немесе) электрондық құжаты, онда салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер туралы, сондай-ақ салық міндеттемелерін есептеу мен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеуге байланысты басқа да деректер туралы мәліметтер болуға тиіс.
  4. Салық декларациясы мен есеп-қисабында көрсетілуге тиісті белгілі бір деректер болмаған жағдайда, оған уәкілетті орган белгілеген тиісті қосымшалар табыс етілмейді.
  5. Шаруа (фермер) қожалықтарына және қызметтің жекелеген түрлеріне арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, қызметтерін уақытша тоқтата тұрған жағдайда дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар тіркеу есебінде тұрған жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша алдағы кезеңге қызметті уақытша тоқтата тұру туралы өтініш береді. Қызмет өтініште көрсетілген, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге уақытша тоқтатылуға жатады.
- Салық төлеуші қызметті уақытша тоқтата тұрудың ағымдағы кезеңінің аяқталу күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қызметті уақытша тоқтату туралы кезекті өтініш беруге құқылы.
- Салық органдары қызметті уақытша тоқтата тұру туралы немесе қызметті уақытша тоқтата тұрудан бас тарту туралы хабарламаны өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді. Салық берешегінің болуы немесе осы Кодекстің 69-бабының 7-2-тармағына сәйкес салық есептілігін табыс етпеу қызметті уақытша тоқтата тұрудан бас тартуға әкеп соғады.
- Қызметті уақытша тоқтата тұрудан бас тартылған жағдайда салық төлеуші осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзінің салық міндеттемелерін орындайды.
- Қызметті уақытша тоқтата тұру туралы немесе қызметті уақытша тоқтата тұрудан бас тарту туралы хабарлама салық төлеушінің (өкілінің) өзіне қол қойғызу арқылы немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен тапсырылуға тиіс.
- Салық төлеуші қызметті уақытша тоқтата тұру туралы хабарламаны алған жағдайда қызметті уақытша тоқтата тұру туралы өтініште көрсетілген күннен бастап қызметі уақытша тоқтатыла тұрған деп есептеледі.
- Қызметті уақытша тоқтата тұру қызметті қайта бастаған күнге дейін алдағы салық кезеңдері үшін салық есептілігін тапсырмау үшін негіз болып табылады.

*Ескерту. 68-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **69-бап. Салық есептілігін жасау мен табыс ету тәртібі**

1. Салық есептілігін салық төлеуші, салық агенті не олардың өкілдері осы Кодекске сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша дербес жасайды.

Осы Кодексте салық салудың әртүрлі шарттары көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілер мұндай қызметтің әрбір түрі үшін бөлек салық есептілігін жасайды.

Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта өзгеше көзделмесе, бөлек есеп жүргізу қажеттілігі көзделген жер қойнауын пайдаланушылар келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша және келісім-шарт шеңберінен тыс қызмет бойынша бөлек салық есептілігін жасайды.

2. Салық есептілігі қағазда және (немесе) электрондық көздерде мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жасалады. Салық есептілігі электрондық көздерде жасалған кезде салық төлеуші, салық агенті уәкілетті органның талап етуі бойынша осындай құжаттардың қағазға түсірілген көшірмелерін табыс етуге міндетті.

3. Қағазға түсірілген салық есептілігіне салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрмен расталуға тиіс. Салық есептілігі электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс.

4. (алып тасталды)

5. Салық төлеуші, салық агенті салық есептілігін жасаған кезде, оның ішінде мұндай есептілікті оның өкілі жасаған жағдайда, салық есептілігінде көрсетілген деректердің дұрыстығы үшін жауаптылық салық төлеушіге, салық агентіне жүктеледі.

6. Салық төлеуші, салық агенті салық есептілігін тиісті салық органдарына осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімде табыс етеді.

7. Салық төлеуші (заңды тұлға) қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ол туралы салық органына жазбаша хабарлайды.

Салық төлеушіні (заңды тұлғаны) қосу, біріктіру, бөлу жолымен қайта ұйымдастырған немесе таратқан кезде қайта ұйымдастырылған немесе таратылған әрбір салық төлеушіге салық кезеңі басталғаннан қайта ұйымдастыру немесе тарату аяқталған күнге дейін өткізу актісінің, тиісінше бөлу немесе тарату балансының негізінде бөлек салық (тарату) есептілігі жасалады.

Таратудың салық есептілігі заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуына немесе таратылуына байланысты құжаттық тексеруді жүргізу туралы өтінішпен бір уақытта өткізу актісін, бөлу немесе тарату балансын бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады.

Табыс ету мерзімі таратудың салық есептілігін табыс ету күні басталмайтын салық есептілігі (тарату есептілігін қоспағанда) осы тармақтың үшінші бөлігінде белгіленген мерзімге дейін табыс етіледі.

Заңды тұлғаны бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастыруға байланысты құжаттық тексеруді жүргізу туралы өтініш бөлу балансын бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады.

Осы тармақтың ережелері қайта құру, сондай-ақ басқа заңды тұлғаны біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаларға қолданылмайды.

7-1. Жеке кәсіпкер кәсіпкерлік қызметті тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ол туралы салық органына жазбаша хабарлайды.

Кәсіпкерлік қызметті тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жеке кәсіпкер салық органына салық кезеңі басталғаннан бері кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған күнге дейін жасалған салық есептілігін табыс етеді.

Осы тармақта көрсетілген салық есептілігімен бірге жеке кәсіпкер кәсіпкерлік қызметтің тоқтатылуына байланысты құжаттық тексеруді жүргізу туралы өтініш береді.

7-2. Осы Кодекстің 68-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайда қызмет уақытша тоқтатылған кезде салық кезеңі басталғаннан қызмет тоқтатылатын күнге дейін салық есептілігі жасалады. Осы тармақта көрсетілген есептілік қызметті уақытша тоқтату туралы өтінішпен бір уақытта табыс етіледі.

Қызметті уақытша тоқтату туралы кезекті өтініш қызметті уақытша тоқтатудың ағымдағы кезеңінің аяқталу күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тапсырылған жағдайда осы тармақта көзделген салық есептілігі табыс етілмейді.

8. Салық төлеушілер, салық агенттері салық есептілігін өз қалауы бойынша:

1) өзі келу тәртібімен;

2) хабарланатын етіп почта арқылы тапсырыстық хатпен;

3) уәкілетті орган белгілеген жағдайларда ақпаратты компьютерлік өңдеуге болатын электронды түрде табыс етуге құқылы.

9. Құжаттарды салық органы қабылдаған күн немесе есептілік жөнелтілімі электрондық почта арқылы жеткізілгендігі туралы хабарланған күн салық есептілігі салық органына табыс етілген күн болып табылады.

Почта ұйымына немесе өзге де байланыс ұйымына осы Кодексте белгіленген мерзімнің соңғы күнінде сағат жиырма төртке дейін тапсырылған салық есептілігі почта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдаған уақыты мен күні қойылған белгісі болса, мерзімінде табыс етілген деп саналады.

10. Салық есептілігі алдын ала камералдық бақылаусыз қабылданады.

Егер салық есептілігінде:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетілмесе не дұрыс көрсетілмесе;

2) салық кезеңі көрсетілмесе;

3) осы баптың қолтаңба мен салық есептілігін куәландыруға қатысты талаптары бұзылса.

4) уәкілетті орган белгілеген электрондық пішімнің құрылымы бұзылса, салық есептілігі салық органына берілмеген болып есептеледі.

11. Егер осы Кодексте және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта өзгеше көзделмесе, бөлек есепке алуды жүргізу кезінде салық есептілігін табыс ету әрбір қызмет түрі бойынша, ал жер қойнауын пайдаланушылар үшін жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шарт бойынша жеке жүргізіледі.

*Ескерту. 69-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **70-бап. Салық декларациясын табыс ету мерзімін ұзарту**

1. Салық төлеушіден салық декларациясын табыс етудің осы Кодексте белгіленген мерзіміне дейін жазбаша (электрондық) өтініш алынған жағдайда, уәкілетті орган салық декларациясын және (немесе) салық төлеушілер табыс ететін, электрондық мониторингке жататын құжаттаманы табыс ету мерзімін үш айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

2. Осы бапқа сәйкес салық декларациясын табыс ету мерзімін ұзарту салық төлеу мерзімін өзгертпейді.

*Ескерту. 70-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **71-бап. Салық есептілігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салық декларациясына, есеп-қисабына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге осы Кодексте көзделген талап қою мерзімі ішінде жол беріледі.

Аванстық төлемдер сомасының есеп-қисабына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге осы Кодекстің 126-бабында көзделген тәртіппен рұқсат етіледі.

2. Салық төлеушінің, салық агентінің салық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді және (немесе) есеп-қисапты осы өзгерістер мен толықтырулар жатқызылатын салық кезеңі үшін қосымша салық декларациясын және (немесе) есеп-қисап жасау жолымен жүргізеді.

3. Қосымша салық декларациясындағы және (немесе) есеп-қисаптағы тиісті жолдарда бұрын табыс етілген салық декларациясымен және (немесе) есеп-қисаппен салыстырғанда анықталған айырманың сомасы ғана көрсетіледі.

4. Тексеру басталғанға дейін қосымша салық декларациясын және (немесе) есеп-қисап табыс еткен кезде, салық төлеуші, салық агенті анықтаған салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы бюджетке айыппұл есептелмей енгізілуге тиіс.

*Ескерту. 71-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **72-бап. Салық есептілігін сақтау мерзімі**

1. Салық есептілігі осы Кодексте белгіленген талап қою мерзімі ішінде салық төлеушілерде, салық агенттерінде және салық органдарында сақталады.

2. Салық төлеуші, салық агенті - заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде қайта ұйымдастырылған тұлғаның қызмет кезеңі үшін салық есептілігін сақтау жөніндегі міндеттемелер оның құқық мирасқорына жүктеледі.

## **13-тарау. Операциялардың жекелеген түрлерінің салық есебінің ерекшеліктері**

## Параграф 1. Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі салық салу ерекшеліктері

### 73-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылау

Салық қызметі органдары мәмілелер бойынша бағалардың дұрыс қолданылуына Қазақстан Республикасының трансферттік бағалардың қолданылуын мемлекеттік бақылау мәселелерін реттейтін заң актісінде көзделген тәртіппен және жағдайларда бақылау жасайды.

Мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісі анықталған жағдайда, салық органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық салу объектілері мен салық міндеттемесіне түзету енгізеді.

### 73-1-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде салық салу объектілерін түзету

Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу мәселелерін реттейтін заңнамасына сәйкес салық төлеуші мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісін дербес анықтаған кезде салық төлеуші салық салу объектілерін және салық міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түзетуге құқылы.

*Ескерту. 73-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## Параграф 2. Басқа жағдайларда салық салу ерекшеліктері

### 74-бап. Қаржы лизингі

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үш жылдан астам мерзімге жасалған лизинг шарты бойынша мүлікті беру, егер ол мына талаптардың біріне сай келсе:

- 1) мүлікті лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға мүлікті тіркелген бағамен алу жөнінде құқық берілуі лизинг шартында айқындалса;
- 2) қаржы лизингінің мерзімі қаржы лизингі бойынша берілетін мүліктің пайдалы қызметі мерзімінің жетпіс бес процентінен асса;
- 3) қаржы лизингінің барлық мерзімі үшін лизинг төлемдерінің ағымдағы (дисконтталған) құны қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік құнының тоқсан процентінен асса, ол қаржы лизингі болып табылады.

Қаржы лизингіне (лизинг бойынша) берілген (алынған) негізгі құралдардың құны лизинг шартын жасасу кезінде айқындалады.

Лизинг алушының негізгі құрал ретінде алуына жататын лизинг заттары қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік болып табылады.

Салық салу мақсатында мұндай мәміле лизинг алушының негізгі құралдарды сатып алуы ретінде қаралады. Бұл ретте лизинг алушы - негізгі құралдардың иесі ретінде, ал лизингтік төлемдер лизинг алушыға берілген кредит бойынша төлем ретінде қаралады.

2. Осы баптың мақсаты үшін қаржы лизингінің мерзімі лизинг алушының шартқа сәйкес қаржы лизингін ұзартуға құқығы бар қосымша мерзімді қамтиды.

*Ескерту. 74-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 75-бап. Ортақ үлестік меншік

Ортақ үлестік меншік немесе кәсіпкерлік қызметті бірлесіп жүргізу туралы уағдаластық не заңды тұлға құрмай, екі және одан да көп иеленуші болуын көздейтін өзге де уағдаластық болған жағдайда, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер, пайлық инвестициялық қор пайларының иелерін қоспағанда, осы Кодексте белгіленген тәртіппен тиісінше әрбір иеленушіде есепке алынып, салық салынады.

*Ескерту. 75-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### 76-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу объектілерін анықтау тәртібі

1. Есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда, есеп құжаттамалары жоғалған немесе жойылған кезде салық қызметі органдары мемлекеттік салық-бюджет саясатын қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді жанама әдістер (активтер, міндеттемелер, айналымдар, шығындар, шығыстар) негізінде айқындайды.

1-1. Салық агенті қызметкердің толық жұмыс күні үшін табысын Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен мөлшерде есептеген жағдайда, салық органдары әлеуметтік салық салу объектісін ең төменгі жалақының аталған мөлшеріне қарай белгілейді.

2. Егер жеке тұлға өзінің тұтынуына, соның ішінде мүлік сатып алуына жұмсаған шығыстарына сәйкес келмейтін табысты көрсетсе, салық органдары өткен кезеңдердің табыстарын есептей отырып, олардың жасаған шығыстары негізінде табысы мен салығын айқындайды.

3. Басқа да тұлғалар мен органдар аталған табысты алудың заңдылығына талас тудырған жағдайларда да, табысқа салық салынуға тиіс.

4. Егер сот шешімі бойынша табыс Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бюджетке алып қоюға жатса, аталған табыс оған төленген салық сомасы шегерілмей алынады.

*Ескерту. 76-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## **4-бөлім. Корпорациялық табыс салығы**

### **14-тарау. Жалпы ережелер**

#### **77-бап. Төлеушілер**

1. Корпорациялық табыс салығын төлеушілерге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар (бұдан әрі бөлім бойынша - салық төлеушілер) жатады.

2. Арнайы салық режимін қолданушы заңды тұлғалар корпорациялық табыс салығын осы Кодекстің 368-377, 385-397-баптарына сәйкес төлейді.

3. Ойын бизнесі салығын төлеушілер ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асырудан түскен кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылмайды.

*Ескерту. 77-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

#### **78-бап. Салық салу объектілері**

Мыналар:

- 1) салық салынатын табыс;
- 2) төлем көзінен салық салынатын табыс;
- 3) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы корпорациялық табыс салығы салынатын объектілер болып табылады.

### **15-тарау. Салық салынатын табыс**

#### **79-бап. Салық салынатын табыс**

Салық салынатын табыс жылдық жиынтық табыс пен осы Кодекстің 122-бабына сәйкес жасалған түзетулерді ескере отырып осы Кодекстің 80-103, 105-114-баптарында көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады. Жылдық жиынтық табыс осы Кодекстің 91-бабына сәйкес түзетілуге тиіс.

## **Параграф 1. Жылдық жиынтық табыс**

#### **80-бап. Жылдық жиынтық табыс**

1. Резидент заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысы салық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерден алынуға тиіс (алынған) табыстардан тұрады.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысы осы Кодекстің 184-бабына сәйкес анықталады.

2. Жылдық жиынтық табыста салық төлеуші табыстарының барлық түрлері, соның ішінде:

- 1) тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуден түсетін табыс;
- 2) үйлерді, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс;
- 3) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;
- 4) күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;
- 5) мүлікті жалға беруден түсетін табыстар;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;
- 7) борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;
- 8) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;
- 9) шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың (топтың) құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар;
- 9-1) жер қойнауын пайдаланушылардың табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарын, сондай-ақ басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыстар;
- 10) кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыстар;
- 11) ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;
- 12) бұрын негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, борышкерге салынған немесе ол мойындаған айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялардың басқа да түрлері, егер осы сомалар бұрын шегеріп тасталмаған болса;
- 13) бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;
- 14) өтеусіз алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер;
- 15) дивидендтер;
- 15-1) алып тасталды
- 16) сыйақылар;
- 17) оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;
- 18) ұтыстар;
- 19) роялти;
- 20) әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан артығы қамтылады.

*Ескерту. 80-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **81-бап. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түсетін табыс**

1. Егер Қазақстан Республикасының трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау жасау мәселелері жөніндегі заңдарында өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығы мен акцизді қоспағанда, өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен табыс болып табылады.
2. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен табыс:
  - 1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;
  - 2) мәміле шарттары өзгерген;
  - 3) өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін бағалар, өтемдер өзгерген;
  - 4) теңгемен төлеген кезде өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құнындағы айырма алынған жағдайларда түзетілуге тиіс.

Табысты түзету аталған өзгерістер болған салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

*Ескерту. 81-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 Заңымен.*

#### **82-бап. Үйлерді, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс**

1. Құн өсімінен түсетін табыс үйлерді, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, амортизациялауға жатпайтын басқа да активтерді өткізу кезінде құралады.

Амортизациялауға жатпайтын активтерге:

- 1) жер учаскелері;
  - 2) құрылысы аяқталмаған объектілер;
  - 3) орнатылмаған жабдық;
  - 4) салық төлеуші тауарларды өндіруде, жұмыстарды орындауда, қызметтер көрсетуде пайдаланбайтын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер;
  - 5) бағалы қағаздар;
  - 6) кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғаға, консорциумдарға қатысу үлесі;
  - 7) Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған салық заңдарына сәйкес бұрын құны толық шегерімге жатқызылған негізгі құралдар;
  - 8) осы Кодекстің 138-140-баптарына сәйкес құны шегерімге жатқызылған, инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген тіркелген активтер жатады.
2. Осы баптың 3 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өсім аталған активтерді сату құны мен олардың бастапқы құнының арасындағы айырма ретінде айқындалады.
3. Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын үйлерді, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) өткізу кезінде құн өсімі (залал) өткізу құны мен салық есебінде айқындалатын қалдық құнның арасындағы айырма ретінде айқындалады.
4. Бағалы қағаздарды және қатысу үлесін өткізу кезіндегі құн өсімі мыналар:

борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар және қатысу үлесін бойынша - өткізу құны мен иемденіп алу (үлес) құны арасындағы оң айырма;

борыштық бағалы қағаздар бойынша - өткізу күніндегі дисконт амортизациясы және (немесе) сыйлықақы ескерілген, өткізу құны мен иемденіп алу құны арасындағы купон есепке алынбаған оң айырма.

5. Осы баптың 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезінде құн өсімі өткізу құны мөлшерінде айқындалады.

*Ескерту. 82-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (қушіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **83-бап. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар**

1. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстарға:

- 1) салық төлеуші таратылған жағдайда тарату балансы бекітілген сәтте кредитор талап етпеген міндеттемелерді қоса алғанда, салық төлеушінің міндеттемелерін оның кредиторының есептен шығаруы;
- 2) осы Кодекске сәйкес күмәнді деп танылған міндеттемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талап қою мерзімінің өтуіне байланысты міндеттемелерді есептен шығару;
- 3) сот шешімі бойынша міндеттемелерді есептен шығару жатады.

2. Міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған табыс сомасы есептен шығарылған кредиторлық берешек сомасына тең болады.

*Ескерту. 83-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (қушіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **84-бап. Күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар**

Иемденіп алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша, сондай-ақ қызметкерлерге есептелген табыстар мен осы Кодекстің 149-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын басқа да төлемдер бойынша туындаған және туындаған кезінен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған міндеттемелер күмәнді деп танылады және кредиторлық берешек туындаған кезде қабылданған ставка бойынша бюджетпен өзара есеп айырысуда қалпына келтірілуге тиіс қосылған құн салығын қоспағанда, салық төлеушінің жылдық жиынтық табысына қосылуға тиіс.

### **85-бап. Банктер құраған провизиялар (резервтер) көлемінің төмендеуінен түскен кірістер**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның құраған провизиялар (резервтер) көлемінің төмендеуінен түскен кірістер деп мыналар танылады:

1) борышкер атқару сомасына барабар мөлшерде талапты орындаған кезде бұрын шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомалары;

2) басқаға қайта табыстау туралы шарттың, новация шартының негізінде цессия шартын жасау және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздерде борышкерге қойылған талаптар көлемін азайту кезінде бұрын шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомалары;

3) талаптарды қайта сыныптау кезінде бұрын шегерімге жатқызылған провизиялардың (резервтердің) азайтылған сомалары.

2. Есептен шығарылған сенімсіз актив бойынша борышкердің шартты міндеттемесіне қойылатын талаптың азайтылған көлемінде банктің немесе лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның бұрын шегерімге жатқызылған құраған провизияларының (резервтерінің) сомалары кіріс болып танылмайды. Борышкер банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның талабын орындаған кезде бұрын шегерімдерге жатқызылған провизиялар сомалары жасалған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар деп танылады. Бұл ретте, борышкер орындаған талап сомасына барабар мөлшердегі провизиялар сомасы табысқа енгізіледі. Сондай-ақ цессия шартын жасау жолымен жол беру туралы шарт, новация шарты, талап құқығын басқаға қайта беру негізінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде борышкерге талаптар мөлшерін азайту кезінде бұрын шегерімдерге жатқызылған провизиялар сомасы да табыстар деп танылады. Сонымен қатар талаптарды қайта сыныптау кезінде бұрын шегерімдерге жатқызылған провизиялардың азайтылған сомасы табыстар деп танылады.

#### **86-бап. Борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар**

Салық төлеушінің негізгі борышты талап етуі бойынша борышкер төлейтін сома, ол негізгі борыштан тыс төлейтін соманы қоса және салық төлеушінің борышты иемденіп алу құны арасындағы оң айырма түрінде айқындалатын табыстары, сондай-ақ борышты талап ету құқығын беретін салық төлеушінің борышты талап ету құқығын өткізу құны мен талап ету құқығын беретін тұлғаның бухгалтерлік есебінде көрсетілген талап ету сомасының арасындағы оң айырма түрінде айқындалатын, талап ету құқығын өткізу күніндегі табыстары борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар болып табылады.

*Ескерту. 86-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **87-бап. Шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың (топтың) құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар**

Егер ішкі топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) шығып қалған тіркелген активтерінің құны салық кезеңінде келіп түскен тіркелген активтер құны есепке алынған ішкі топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) салық кезеңінің басындағы құн балансынан асып түссе, асып түскен шама жылдық жиынтық табысқа енгізілуге тиіс. Осы ішкі топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) құн балансы салық кезеңінің аяғына қарай нөлге тең болады.

*Ескерту. 87-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **87-1-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар**

Егер осы Кодекстің 101-бабына сәйкес жеке топты құрайтын шығыстарды түзетін табыстардың мөлшері салық кезеңінде жұмсалған шығыстар ескеріле отырып, салық кезеңінің басында соңғысының мөлшерінен асып түссе, артық мөлшері жылдық жиынтық табысқа жатқызылуға тиіс. Бұл топтың мөлшері салық кезеңінің соңында нөлге тең болады.

*Ескерту. 87-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **88-бап. Кен орындарын игеру салдарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру салдарын жою қорына аударымдар сомасының асып түсуінен алынатын табыстар**

1. Егер кен орындарын игеру салдарын жою жөніндегі нақты шығыстар аталған қорға жасалған аударымдардан төмен болса, айырма жер қойнауын пайдаланушының жылдық жиынтық табысына енгізілуге тиіс.

2. Егер жер қойнауын пайдаланушы тиісті мемлекеттік уәкілетті орган бекіткен кен орындарын игеру салдарын жою бағдарламасында көзделген кезеңде кен орындарын игеру салдарын жою жөніндегі жұмысты жүргізбеген жағдайда, шегерімдерге жатқызылған, кен орындарын игеру салдарын жою қорына (резервтік қор) аударымдар сомалары олар жүргізілуге тиіс салық кезеңінің жылдық жиынтық табысына енгізілуге тиіс.

#### **89-бап. Бұрын жасалған шегерімдер бойынша алынған өтемдер**

1. Бұрын жасалған шегерімдер бойынша өтем түрінде алынған кірістерге:

- 1) бұрын шегерімдерге жатқызылған және кейінгі салық кезеңдерінде өтелген күмәнді деп танылған талаптардың сомалары;
- 2) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен алынған субсидияларды қоспағанда, мемлекеттік бюджет қаражатынан шығындарды (шығыстарды) жабуға арнап алынған сомалар;
- 3) бұрын шегерімдерге жатқызылған шығыстарды (залалдарды) өтеу бойынша алынған басқа да өтемдер жатады.

Алынған өтем ол өтелген салық кезеңінің табысы болып табылады.

2. Сактандыру ұйымының сақтанушыға жинақтаушы емес сактандыру шартының әрекеті аяқталғаннан кейін немесе оны мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда қайтаруға тиіс (қайтарылатын) және сактанушы бұрын шегерімге жатқызған сактандыру сыйақыларының сомасы олар сактанушыға қайтарылған (қайтарылуға тиіс) есепті салық кезеңінің жылдық жиынтық табысына жатқызылады.

*Ескерту. 89-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **90-бап. Өтеусіз алынған мүлік**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салық төлеуші өтеусіз алған кез келген мүлік, сондай-ақ жұмыстар мен қызмет көрсетулер оның табысы болып табылады.

2. Мыналар:

- 1) жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлік;
- 2) мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған субсидиялар;
- 3) жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдендіруді (сактандыруды) жүзеге асыратын ұйымның банктерден алған міндетті, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;
- 4) Сактандыру төлемдерін кепілдендіру қоры алған сактандыру ұйымдарының міндетті және төтенше жарналарының сомасы;
- 5) жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдендіруді (сактандыруды) жүзеге асыратын ұйым және Сактандыру төлемдерін кепілдендіру қоры өтелген салымдар (депозиттер) және төленген кепілдік әрі өтемдік төлемдер бойынша олардың талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алған ақшаларының сомалары табыс ретінде қаралмайды.

*Ескерту. 90-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **90-1-бап. Табыстардың әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған шығыстардан асып түсуі**

1. Табыстардың әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуға тиіс (алынған) шығыстардан асып түсуі салық төлеушінің жиынтық жылдық табысына қосылады.
2. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, сондай-ақ бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескерілетін, салық төлеуші мынадай қызмет түрлерін:
  - 1) медициналық қызметті;
  - 2) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру; қосымша білім беру; қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласындағы қызметті;
  - 3) ғылым, дене тәрбиесі және спорт, мәдениет, тарихи-мәдени мұраны, мұрағат құндылықтарын сақтау жөнінде қызмет көрсету саласындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметті;
  - 4) қызметкерлерді қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметті;
  - 5) қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің демалысын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер, сондай-ақ тұрғын үй қорының пайдалану объектілері әлеуметтік сала объектілеріне жатады.

Осы баптың мақсаттары үшін табыстар мен шығыстар Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, сондай-ақ бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде айқындалады.

*Ескерту. 90-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **91-бап. Жылдық жиынтық табысты түзету**

1. Салық төлеушілердің жылдық жиынтық табысынан:

- 1) дивидендтер;

- 1-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;
- 2) эмитент өз акцияларын орналастыру кезінде алған олардың құнының номиналдық құнынан асып кетуі және эмитенттің өз акцияларын өткізуі кезіндегі құн өсімі;
- 3) өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған акциялар мен облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыс;
- 3-1) борыштық бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген борыштық бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс;
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигацияларымен жасалған операциялардан түскен табыстар;
- 5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған ретте ізгілік көмек түрінде алынған және максатты түрде пайдаланылған мүліктің құны;
- 6) мемлекеттік кәсіпорынның Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік органнан немесе республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан өтеусіз негізде алған негізгі құрал-жабдықтарының құны;
- 7) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына жіберілген инвестициялық табыстар;
- 7-1) Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес секьюритилендіру мәмілесі бойынша арнайы қаржы компаниясының борыш талаптарын басқаға беруден алған табыстары;
- 8) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға жіберілген инвестициялық табыстар;
- 9) Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңдарына сәйкес пайлық және акционерлік инвестициялық қорлар кастодиандағы шоттарға алған және соларда болатын инвестициялық табыстар;
- 10) алып тасталды
- 11) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушы заңды тұлғасының қаржылық қызметтер көрсетуден алған табысы алып тасталуға тиіс. Осы тармақшада көрсетілген қаржылық қызметтердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды;
- 12) Қазақстан Республикасының мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісіне сәйкес жария етілген мүліктің құны алып тасталуға тиіс.
2. Тауар-материалдық қорларды бағалаудың салық төлеуші осының алдындағы салық кезеңінде қолданған әдісінен өзге әдіске ауысқан кезде салық төлеушінің жылдық жиынтық табысы бағалаудың жаңа әдісін қолдану нәтижесінде алынған оң айырма сомасына ұлғайтылуға және теріс айырма сомасына азайтылуға тиіс.
- Тауар-материалдық қорларды бағалаудың өзге әдісіне ауысуды салық төлеуші салық кезеңінің басынан бастап жүргізеді.

*Ескерту. 91-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.02.20. N 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.05. N 158 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 1 сәуірде өзінің қолданылуын тоқтатады), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## Параграф 2. Шегерімдер

### 92-бап. Шегерімдер

1. Осы Кодекске сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, салық төлеушінің жылдық жиынтық табыс алуымен байланысты шығыстары салық салынатын табысты анықтау кезінде шегерілуге тиіс.
2. Осы Кодексте шығыстарды нормалар шегінде шегерімдерге жатқызу жағдайлары айқындалған.
- Шегерімдерді жылдық жиынтық табысты алуға байланысты шығыстарды растайтын құжаттары болған кезде салық төлеуші жүргізеді. Бұл шығыстар болашақтағы кезеңдердің шығыстарын қоспағанда, олар нақты жүргізілген салық кезеңінде шегерілуге жатады. Болашақтағы кезеңдердің шығыстары қай салық кезеңіне қатысты болса, сол кезеңде шегерілуге тиіс.
3. Табиғи монополистер шеккен залалдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген нормалар шегінде шегерілуге жатады.

4. Егер шығыстардың бірнеше баптарында белгілі бір шығындар көзделсе, салық салынатын кірісті есептеу кезінде көрсетілген шығындар тек бір рет шегеріледі.

5. Мемлекеттік бюджетке енгізілуге тиістілерін қоспағанда, жылдық жиынтық табыс табуға байланысты салынған немесе танылған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы шегеріп тасталуға тиіс.

6. Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңына сәйкес салық төлеушінің жеке кәсіпкерлер субъектілері бірлестігіне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда қызметкерлердің орташа есеппен бір жылдағы тізімдік саны негізінде бір қызметкерге белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш шегінде төлеген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүшелік жарналары шегерімге жатады.

*Ескерту. 92-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **93-бап. Қызмет бабындағы іссапарлар кезіндегі және өкілдік шығыстар бойынша өтемдер сомаларын шегеру**

1. Қызметтік іссапарлар кезіндегі шегерімге жататын өтемдерге:

- 1) бронь үшін шығыстар ақысын қоса алғанда, іссапарға баратын жерге жетуге және қайтуға нақты шыққан шығыстар;
- 2) бронь үшін шығыстар ақысын қоса алғанда, тұрғын үй-жайды жалдауға нақты шыққан шығыстар;
- 3) Қазақстан Республикасының шегінде іссапарда болған уақытында тәулігіне алты айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде төленетін тәуліктік ақы;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде іссапарда болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде төленетін тәуліктік ақы;
- 5) салық төлеуші кіру визасын ресімдеген кезде жұмсаған шығыстар (визаның, консулдық қызметтердің құны, міндетті медициналық сақтандыру) жатады.

2. Салық төлеушінің өзара ынтымақтастық орнату немесе оны қолдау мақсатында адамдарды, акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге, сондай-ақ директорлар кеңесінің отырысына келген қатысушыларды қабылдауға және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығыстары өкілдік шығыстарға жатады. Аталған адамдарды ресми қабылдауды өткізу, оларды көлікпен қамтамасыз ету, келіссөз кезінде тамақтануға арналған шығыстар, сондай-ақ ұйым штатында тұрмайтын аудармашылардың қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар өкілдік шығыстарға жатады.

Банкеттер, бос уақытта ойын-сауық немесе демалыстар ұйымдастыруға жұмсалған шығыстар өкілдік шығыстарға жатпайды және шегерілмейді.

Өкілдік шығыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде шегерімге жатқызылады.

*Ескерту. 93-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416, 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **94-бап. Сыйақы бойынша шегерімдер**

1. Мыналар сыйақылар бойынша шегерімдер болып табылады:

- 1) құрылысқа алынған және құрылыс кезеңінде төленетін кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақыны қоспағанда, алынған кредиттер (қарыздар) бойынша, оның ішінде қаржы лизингі түріндегі сыйақы;
- 2)
- 3) борыштық бағалы қағаздар иесіне оларды шығару және орналастыру шарттарына сәйкес эмитент төлейтін дисконт не купон (дисконтты не сыйлықақыларды есепке ала отырып);
- 3-1) вексель бойынша төлемдер;
- 4) салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы.

Сыйақы бойынша шегерім осы бапта белгіленген шекте жүргізіледі.

2. Сыйақы бойынша шегерім:

салық кезеңі үшін салық төлеушінің резидентке төлейтін сыйақы сомасы  
қосу

меншікті капиталдың орташа жылдық сомасының міндеттемелердің орташа жылдық сомасына қатынасының, шекті коэффициент және салық кезеңі үшін салық төлеушінің резидент емеске төлейтін сыйақы сомасының көбейтіндісі ретінде есептелетін сома түрінде есептелетін сома шегінде жүргізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағының мақсаттары үшін:

- 1) меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әрбір айының соңындағы меншікті капитал сомаларының орташа арифметикалық шамасына тең;

2) міндеттемелердің орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әрбір айының ішінде олар бойынша сыйақы төленетін міндеттемелердің ең жоғары сомасының орташа арифметикалық шамасына тең;

3) қаржы ұйымдары үшін шекті коэффициент - 7-ге, өзге заңды тұлғалар үшін 4-ке тең.

4. (алып тасталды)

*Ескерту. 94-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **95-бап. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдер**

Егер салық төлеуші бұрын табыс деп танылған күмәнді міндеттемелерді кредит берушіге төлеген жағдайда, жүргізілген төлемнің шамасында шегерім жасауға жол беріледі. Мұндай шегерім төлем жасалған салық кезеңінде табыстарға жатқызылған шама шегінде жүргізіледі.

Осы бапта көзделген шегерімге жатқызу тәртібі осы Кодекстің 83-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған міндеттемелерді төлеу жағдайында да қолданылады.

*Ескерту. 95-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **96-бап. Күмәнді талаптар бойынша шегерімдер**

1. Күмәнді талаптар - Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары мен жеке кәсіпкерлеріне, сондай-ақ тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаларға тауарлар өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету нәтижесінде туындаған және туындаған кезден бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған талаптар; өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша туындаған және салық төлеуші-дебиторды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банкрот деп тануға байланысты қанағаттандырылмаған талаптар да күмәнді талаптар болып танылады.

2. Осы Кодекске сәйкес күмәнді деп танылған талаптар шегерімге жатады.

Салық төлеушінің күмәнді талаптарды шегерімге жатқызуы талаптың пайда болуын растайтын құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ шегерімге жатқызылған кезде олар бухгалтерлік есепте көрсетілген не алдыңғы кезеңдерде бухгалтерлік есептерде шығыстарға жатқызылған жағдайда жүргізіледі.

3. Дебитор банкрот деп танылған жағдайда, осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімі мен оны Мемлекеттік тіркелімнен шығару туралы әділет органдарының шешімін қосымша тапсыру қажет. Салық төлеуші жоғарыда аталған жағдайлар сақталған кезде, салық төлеуші-дебитор банкрот деп танылған салық кезеңінің қорытындылары бойынша күмәнді талаптың сомасын шегерімге жатқызуға құқылы.

4. (алып тасталды)

*Ескерту. 96-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **97-бап. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер**

1. Өзінің қызметін заңдарға сәйкес жасалған келісім-шарт негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына байланысты сол кен орнын игеру салдарын жою қорына (резервтік қорға) аударымдар сомаларын шегерімге жатқызады.

Кен орындарын игеру салдарын жою қорына аударымдардың мөлшері мен тәртібі жер қойнауын пайдалану келісім-шартымен белгіленеді.

2. Аффилиирленген тұлғалардың пайдасына не аффилиирленген тұлғалардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шарттық міндеттемелерінен басқа) активтер мен шарттық міндеттемелерді қоспағанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар төмендегі күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге: басқа банктерде орналастырылған корреспонденттік шоттардағы қалдықтарды қоса депозиттерге; басқа банктер мен клиенттерге берген кредиттерге (қаржы лизингін қоспағанда); құжаттамалық есептер мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешекке; шығарылған немесе кепілдіктермен расталған өтелмеген аккредитивтер бойынша шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) жасау жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар. Активтер мен шартты міндеттемелерді күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу тәртібін уәкілетті органмен келісе отырып қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган анықтайды.

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

1) банктің және (немесе) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның аффилиирленген тұлғасы;

- 2) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға;
  - 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында аталған адамдардың жұбайы (зайыбы);
  - 4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында аталған адамдар ірі қатысушы және (немесе) бірінші басшы болып табылатын заңды тұлға;
  - 5) ірі қатысушы және (немесе) бірінші басшы, осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында аталған адамдардың жақын туысы, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адам аффилиирленген тұлға болып танылады.
3. Осы бапта көзделген шегерімдерді қоспағанда, резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер жасалмайды.

*Ескерту. 97-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.10. N 483 Заңдарымен.*

#### **98-бап. Ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдер**

Негізгі құралдар сатып алуға, оларды орнатуға жұмсалатын шығыстардан және күрделі сипаттағы өзге де шығындардан басқа, ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға жұмсалатын шығыстар шегерімге жатады. Тиісті ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар жүргізілгенін растайтын жобалық-сметалық құжаттама, орындалған жұмыстардың актісі және басқа да құжаттар мұндай шығыстарды шегерімге жатқызу үшін негіз болып табылады.

*Ескерту. 98-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **99-бап. Сақтандыру сыйлықақылары бойынша шығыстарды шегеру**

1. Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықтарын қоспағанда, сақтанушының сақтандыру шарттары бойынша төленуге тиісті (төленген) сақтандыру сыйлықтары шегерілуге тиіс.
2. Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы банктер жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіруге (сақтандыруға) байланысты аударылған міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының сомаларын шегерімге жатқызуға құқылы.

*Ескерту. 99-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **100-бап. Әлеуметтік төлемдерге және оқытуға жұмсалған шығыстарды шегеру**

1. Шегерімге салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын мөлшерде:
  - 1) қызметкерлердің уақытша еңбекке жарамсыздығына ақы төлеуге есептелген;
  - 2) алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 9 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
  - 3) өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауына байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкерге) келтірілген зиянды өтеуге бағытталған;
  - 4) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша есептелген шығыстары жатады.
2. Салық төлеушінің зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлеген ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында белгіленген шекте шегерімге жатады.
3. Жұмыс берушінің қызметкерді оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға арналған шығыстары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шегерілуге жатады.
4. Салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмаған жеке тұлғаны салық төлеушінің өндірістік қызметіне байланысты мамандық бойынша оқытуға жұмсаған шығыстары мынадай талаптар сақталған:
  - 1) салық төлеушіде кемінде 3 жыл жұмыспен өтеу міндеттемесі туралы жеке тұлғамен шарт жасалған;
  - 2) білімнің тиісті деңгейін жеке тұлға тұңғыш рет алатын;
  - 3) жеке тұлғаның оқуы Қазақстан Республикасында не мамандар даярлау Қазақстан Республикасында жүзеге асырылмайтын мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде жүзеге асырылатын жағдайларда шегерілуге жатады.
5. Осы баптың мақсаттарында оқытуға арналған шығыстар:
  - 1) оқытуға ақы төлеуге нақты жұмсалған шығыстарды;
  - 2) оқитын адамның тұруына және тамақтануына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген норма шегіндегі шығыстарды;
  - 3) оқуға түскен кезде оқитын жерге және оқыту аяқталғаннан кейін кері қарай жол жүруге нақты жұмсалған шығыстарды қамтиды.

*Ескерту. 100-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.03.13. N 394 , өзгерту енгізілді - 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19. N 9 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **101-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шегерімдері**

1. Коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін бағалау, абаттандыру жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуге, барлауға және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарын жүргізуге жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығыстар, жалпы әкімшілік шығыстар, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, төленген қол қойылатын бонус пен коммерциялық табу бонусының сомалары және өндірілген пайдалы қазбаларды өткізу жөніндегі шығыстардан басқа, осы Кодекске сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар жеке топты құрайды және жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша айқындалатын, бірақ 25 процент мөлшеріндегі амортизацияның шекті нормасынан аспайтын нормалар бойынша пайдалы қазбаларды коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезден бастап амортизациялық аударымдар түрінде жылдық жиынтық табыстан шегеріледі.

Осы баптың мақсаттары үшін коммерциялық табудан кейінгі өндіру жер қойнауын геологиялық зерттеу, қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган қорларды бекіткеннен кейін пайдалы қазбаларды өнеркәсіптік өндірудің басталуын білдіреді.

Жеке топ құрылғаннан кейін және коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін жұмсалған мұндай шығыстар оның ұлғаюына жатқызылады.

Осы шығыстар жер қойнауын пайдалану құқығының бір бөлігін беруден түскен табыстарды қоса алғанда, табиғи ресурстарға геологиялық зерттеу және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарын жүргізу кезеңінде жасалған келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдаланушының қызметі бойынша алған табыстар сомасына оларды азайту жолымен түзетуге жатады, оған:

- 1) пайдалы қазбаларды өткізу кезінде алынған табыстар;
- 2) осы Кодекстің 91-бабына сәйкес жылдық жиынтық табыстан алып тасталуға тиіс табыстар қосылмайды.
2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуге байланысты салық төлеушінің материалдық емес активтерді сатып алуға жұмсаған шығыстарына да қолданылады.
3. Жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға нақты жұмсаған шығыстары жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарында белгіленген сомалар шегінде шегерімге жатады.

*Ескерту. 101-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **102-бап. Теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуінен шегерім**

Теріс бағамдық айырманың сомасы оң бағамдық айырманың сомасынан асып кеткен жағдайда асып кету шамасы шегерімге жатады.

*Ескерту. 102-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **103-бап. Салықтар шегерімі**

1. Есептелген шектерде мемлекеттік бюджетке төленген салықтар шегерімге жатады, оларға:

- 1) жылдық жиынтық табыс анықталғанға дейін есептен шығарылатын салықтар;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағы мен басқа мемлекеттерде төленген корпорациялық табыс салығы мен табыс салығы;
- 3) үстеме пайдаға салынатын салық қосылмайды.

2. Өткен салық кезеңі үшін ағымдағы салық кезеңінде төленген салықтар төлем жүргізілген салық кезеңінде шегерімге жатады.

### **104-бап. Шегерімге жатпайтын шығыстар**

Мыналар:

- 1) жылдық жиынтық табыс алуға байланысты емес шығыстар;
- 1-1) сот жалған кәсіпорын деп таныған салық төлеушімен қылмыстық қызметтің сот белгілеген басталу кезінен бастап жасалған операциялар бойынша шығыстар;
- 1-2) Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығарылған әрекетсіз заңды тұлғамен осындай шығарылған кезден бастап жасалған операциялар бойынша шығыстар;
- 2) құрылысқа және негізгі қаражаттарды, материалдық емес активтерді сатып алуға арналған шығыстар мен салық төлеушінің жылдық жиынтық табыс алуына қатысты емес күрделі сипаттағы басқа да шығыстары;

- 3) мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша мемлекеттік бюджетке енгізуге жататын (енгізілген) айыппұлдар мен өсімпұлдарды қоспағанда, мемлекеттік бюджетке енгізуге жататын (енгізілген) айыппұлдар мен өсімпұлдар;
- 4) шегерімдерге жатқызудың осы Кодекспен белгіленген нормасынан асып түсетін жылдық жиынтық табыс алуға байланысты шығыстар;
- 5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нормадан артық төленуге тиіс (төленген) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы;
- 6) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын объектілерді салу, пайдалану мен күтіп-ұстау жөніндегі шығыстар;
- 7) салық төлеушінің өтеусіз негізде берген мүлкінің, орындаған жұмыстарының, көрсеткен қызметтерінің құны;
- 8) қызметін өнімді бөлу жөніндегі келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы қосымша төлеген төлем сомасы шегерімге жатпайды.

*Ескерту. 104-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### Параграф 3. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер

#### 105-бап. Тіркелген активтер

Тіркелген активтер - жер қойнауын пайдаланушы коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезде дейін пайдалануға енгізетін және осы Кодекстің 101-бабына сәйкес салық салу мақсатында ескерілетін негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескерілетін және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер.

Салық салу мақсатында концессия шарты шеңберінде концессионер (құқық мирасқоры) өндірген және (немесе) алған активтер концессионердің негізгі құралдары болып табылады және концеденттің негізгі құралдары болып табылмайды.

*Ескерту. 105-бапқа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29 N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), жаңа редакцияда - 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### 106-бап. Тіркелген активтердің құны

1. Осы Кодекстің 92-103-баптарына сәйкес негізгі құралдардың бастапқы құнына оларды сатып алу, өндіру, салу, монтаждау және орнату жөніндегі шығындар, сондай-ақ салық төлеушінің шегерімге құқығы бар шығындардан басқа, олардың құнын арттыратын басқа да шығындар енгізіледі.
2. Қатысушылар, құрылтайшылар негізгі құралдарды жарғылық капиталға өздерінің салымы ретінде енгізген кезде Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес айқындалатын құн осы құралдардың бастапқы құны болып табылады.  
Негізгі құралдарды өтеусіз алған кезде бастапқы құн аталған құралдарды қабылдау-беру актісінің деректері бойынша, бірақ олардың нарықтық құнынан асырмай белгіленеді.
3. Құрылысқа алынған және құрылыс жүргізу кезеңінде төленетін (төленуге тиіс) кредиттер (қарыздар) үшін сыйақы құрылыс объектісінің құнына енгізіледі.
4. Қатысушылардың, құрылтайшылардың шығындарын қоса алғанда, материалдық емес активтерді сатып алу және (немесе) жасау жөніндегі шығындар олардың бастапқы құны болып табылады.
5. Тіркелген активтердің құны осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттармен амортизациялық аударымдарды есептеп шығару арқылы шегерімге жатқызылады.

*Ескерту. 106-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### 107-бап. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу

1. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу амортизациялық ішкі топтар, топтар бойынша жүргізіледі. Амортизациялауға жатпайтын тіркелген активтерге:
  - 1) жер;
  - 2) (алып тасталды)
  - 3) мұражай құндылықтары;
  - 4) сәулет және өнер ескерткіштері;
  - 5) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, жағажолдар, бульварлар, скверлер;

- 6) аяқталмаған күрделі құрылыс;
- 7) фильм қорына жататын объектілер;
- 7-1) Қазақстан Республикасының шама бірлігінің мемлекеттік эталондары;
- 8) Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған салық заңдарына сәйкес бұрын құны толығымен шегеруге жатқызылған негізгі құралдар;
- 9) инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген, осы Кодекстің 138-140-баптарына сәйкес құны шегерімге жатқызылатын (жатқызылған) тіркелген активтер жатады.
2. Әрбір ішкі топ, топ бойынша амортизациялық аударымдар амортизация нормасын қолдану арқылы, бірақ ішкі топтың, топтың салық кезеңінің соңындағы құн балансына осы Кодекстің 110-бабында белгіленген шекті нормадан асырмай есептеледі.
- Салық төлеуші таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда амортизациялық аударымдар салық кезеңіндегі қызмет кезеңіне сәйкес түзетіледі.
3. Үйлер мен ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріс құрылғыларын қоспағанда) бойынша амортизациялық аударымдар әрбір объект бойынша жеке айқындалады және I топтың негізгі құралының құны ішкі топтың құн балансына теңестіріледі.

*Ескерту. 107-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **108-бап. Амортизациялық ішкі топтардың, топтардың құн балансын айқындау**

1. Әрбір амортизациялық ішкі топ (I топтың), топ бойынша салық кезеңінің басында ішкі топтың (I топтың), топтың құн балансы деп аталатын қорытынды сомалар айқындалады.
- I топтың құн балансы негізгі құралдардың әрбір объектісі бойынша ішкі топтардың құн баланстарынан және осы Кодекстің 113-бабының 2-1-тармағына сәйкес құралған ішкі топтың құн балансынан тұрады.
2. Ішкі топтың (I топтың), топтың салық кезеңінің соңындағы құн балансы:
- ішкі топтың (I топтың), топтың өткен салық кезеңінің соңындағы құн балансы ретінде айқындалған, өткен салық кезеңінде есептелген амортизациялық аударымдар сомасына азайтылған, сондай-ақ осы Кодекстің 111 және 113-баптарына сәйкес жүргізілетін түзетулер ескерілген ішкі топтың (I топтың), топтың салық кезеңінің басындағы құн балансы,
- косу
- осы Кодекстің 109-бабына сәйкес айқындалған құн бойынша салық кезеңінде келіп түскен тіркелген активтер,
- алу
- осы Кодекстің 109-бабына сәйкес айқындалған тәртіппен салық кезеңінде шығып қалған тіркелген активтер ретінде айқындалады.
3. 2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған, ішкі топтардың 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құн балансы 2005 жылы амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған тіркелген активтер ескеріле отырып, осы Кодекстің 110-бабының 1-тармағында айқындалған топтар бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бөлінеді.

*Ескерту. 108-бап жаңа редакцияда - 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **109-бап. Тіркелген активтердің келіп түсуі және шығып қалуы**

1. Сатып алу, оның ішінде қаржы лизингі шарты бойынша лизинг алушының сатып алуы, құрылыс салуы, жарғылық капиталға салым ретінде өтеусіз алуы кезінде келіп түскен тіркелген активтер осы Кодекстің 106-бабына сәйкес айқындалатын құн бойынша мынадай тәртіппен есепке алынады:
- I топ бойынша - тиісті ішкі топтың құн балансын құрайды;
- II, III және IV топтар бойынша - топтың құн балансына енгізіледі.
2. Шығып қалатын тіркелген активтер тиісті ішкі топтардың құн балансын (I топ бойынша) немесе II, III және IV топтардың құн балансын:
- өткізу, қаржы лизингіне беру кезінде - өткізу құнына;
- жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде - осы Кодекстің 106-бабына сәйкес айқындалатын құн бойынша;
- құрылтайшы, қатысушы мүлікті алып қойған кезде - мәмілеге қатысушылар айқындаған құн бойынша;
- тіркелген активтер сақтандырылған жағдайда, олар есептен шығарылған, жоғалған, жойылған, бүлінген, ысырап болған кезде - сақтандыру ұйымы сақтанушыға сақтандыру шартына сәйкес төлейтін сақтандыру төлемінің сомасын негізге ала отырып айқындалатын құн бойынша, өзге де жағдайларда - салық максаттарында айқындалған (I топ бойынша) қалдық құны бойынша;
- өтеусіз беру кезінде - баланстық құны бойынша;

концедент концессионерге берген кезде - уәкілетті орган айқындаған құн бойынша;

концессия шарты тоқтатылғанда концессионер концедентке берген кезде - уәкілетті орган айқындаған құн бойынша кемітеді.

3. Егер тіркелген активтің бір бөлігі ғана өткізілсе, сату кезеңінде тіркелген активтің құны қалған және өткізілген бөліктің арасында бөлінеді.

*Ескерту. 109-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22 N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **110-бап. Тіркелген активтер амортизациясының шекті нормалары**

1. Амортизацияға жататын тіркелген активтер амортизацияның мынадай шекті нормаларымен топтарға бөлінеді:

Топ N	Тіркелген активтердің атауы	Амортизацияның шекті нормасы (%)
I	Үйлер, құрылыстар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда)	10
II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын қоспағанда, машиналар және жабдық	25
III	Кеңсе машиналары мен компьютерлер	40
IV	Басқа топтарға қосылмаған тіркелген активтер	15

2. Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша салық төлеуші кемінде үш жылдың жылдық жиынтық табысын алу мақсатында осы тіркелген активтерді пайдаланған жағдайда, пайдаланудың бірінші салық кезеңінде амортизациялық аударымдарды амортизацияның қосарлы нормалары бойынша есептеуге құқылы. Осы тіркелген активтер пайдаланудың бірінші салық кезеңінде топтың құн балансынан бөлек есепке алынады. Келесі салық кезеңінде осы тіркелген активтер тиісті топтың құн балансына енгізілуге жатады.

*Ескерту. 110-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **111-бап. Тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер**

1. Ішкі топтың (I топ бойынша) барлық тіркелген активтері немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) барлық тіркелген активтері шығып қалғаннан кейін ішкі топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) салық кезеңінің соңындағы құн балансы шегерімге жатқызылады.

2. Егер ішкі топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) салық кезеңінің соңындағы құн балансы 300 айлк есептік көрсеткіштен кем соманы құраған жағдайда, салық төлеуші ішкі топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) құн балансының шамасын шегерімге жатқызуға құқылы.

3. Салық төлеуші тіркелген активтер бойынша осы Кодекстің 138-140-баптарына сәйкес қосымша шегерімдер жасауға құқылы.

*Ескерту. 111-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)(3-бапты қараңыз), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **111-1-бап.**

*Ескерту. 111-1-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **112-бап. Қаржы лизингі шарттарымен берілген (алынған) тіркелген активтер**

1. Қаржы лизингіне (қаржы лизингі бойынша) берілген (алынған) тіркелген активтердің құны лизинг алушының ішкі тобының, тобының құн балансында ескеріледі.

2. Егер активтер оларды қаржы лизингіне бергенге дейін ішкі топтың құн балансына енгізілген болса, лизинг берушідегі тиісті ішкі топтың, топтың құн балансы қаржы лизингіне берілген тіркелген активтердің құнына азайтылуға тиіс.

*Ескерту. 112-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **113-бап. Жөндеуге жұмсалған шығыстар бойынша шегерімдер**

## 1. Мына негізгі құралдарды:

1) осы топқа енетін;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескерілетін негізгі құралдарды жөндеуге салық төлеуші жұмсаған іс жүзіндегі шығыстар бойынша әрбір топқа қатысты шегерім жасауға оларды жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланған жағдайда рұқсат етіледі.

2. Қызмет етудің нормативтік мерзімін ұлғайтпайтын және негізгі құралдардың өндірістік қуатын арттырмайтын, техникалық құжаттамаға сәйкес негізгі құралды сақтау және оларды техникалық бабында ұстау мақсатында жүргізілетін, негізгі құралдардың детальдарын (бөлшектерін) және құрамдас бөліктерін ауыстыруға байланысты осы Кодекстің 92-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстарды қоспағанда, негізгі құралдарды жөндеуге арналған іс жүзіндегі шығыстар сомасы топтың салық кезеңінің соңындағы құн балансынан белгіленген мынадай шекте әрбір топ бойынша шегеріледі:

Топ N	Топтың атауы	Шекті норма (%)
I	Үйлер, құрылыстар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда)	15
II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын қоспағанда, машиналар және жабдық	25
III	Кеңсе машиналары мен компьютерлер	15
IV	Басқа топтарға қосылмаған тіркелген активтер	15

2-1. Осы баптың 2-тармағында аталған шектен асатын сома мынадай тәртіппен ескеріледі:

1) I топ бойынша:

егер ішкі топтың құн балансының құрамына кіретін негізгі құрал салық кезеңінің соңында іс жүзінде шығып қалса - құн өсімінен түсетін табыстың немесе ішкі топтың құн балансынан шығып қалған тіркелген актив құнының асып кетуінен түскен табыстың тиісті мөлшерін іс жүзіндегі шығыстарға барабар азайтады және (немесе) ішкі топтың тиісті құн балансын ұлғайтпайды;

өзге де жағдайларда - ішкі топтың тиісті құн балансын іс жүзіндегі шығыстарға барабар ұлғайтады;

топтың құн балансына енгізілмейтін негізгі құралдар бойынша - жеке ішкі топтың құн балансын құрайды және келесі салық кезеңдерінде осындай шығыстар ішкі топтың осы балансын ұлғайтуға жатқызылады;

2) II, III және IV топтар бойынша: топтың құн балансы болған кезде - оның ұлғайтылуына жатқызылады;

топтың құн балансы болмаған кезде - топтың келесі салық кезеңінің басталғандағы құн балансын құрайды.

3. Бюджет қаражатынан алынған субсидиялар есебінен жүргізілген жөндеуге жұмсалған шығыстар шегерімге жатпайды және топтардың құн балансын ұлғайтпайды.

4. Негізгі құралдардың нормативтік қызмет ету мерзімін ұлғайтпайтын және олардың өндірістік қуатын арттырмайтын, техникалық құжаттарға сәйкес негізгі құралды сақтау әрі оларды техникалық бабында ұстау мақсатында жүргізілетін, негізгі құралдардың детальдарын (бөлшектерін) ауыстыруға байланысты жалгер жалға алынған негізгі құралдарға қатысты жүргізген және жалға берушінің жалға беруші шартына сәйкес өтемейтін шығыстары осы Кодекстің 92-бабына сәйкес шегерімге жатқызылады.

5. Осы Кодекстің 138-140-баптарына сәйкес құны шегерімге жатқызылатын (жатқызылған) инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген негізгі құралдарды жөндеуге жұмсалған іс жүзіндегі сома осы баптың 2 және 2-1-тармақтарында айқындалған тәртіппен шегерімге жатқызылады.

*Ескерту. 113-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді- 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## Параграф 4. Ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша табыстар мен шегерімдер

### 114-бап. Ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша табыстар мен шегерімдер

1. Ұзақ мерзімді келісім-шарттарға қатысты табыстар мен шегерімдер олардың нақты орындалу бөлігінде салық кезеңі ішінде ескеріледі.

Тауарларды тиіп жіберуге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге жасалған, қолданылу мерзімі бір жылдан артық келісім-шарт (шарт) ұзақ мерзімді келісім-шарт болып табылады.

2. Келісім-шарттың орындалу үлесі салық кезеңінің соңына дейін жұмсалған шығыстар сомасын осы келісім-шарт бойынша жалпы шығыстар сомасымен салыстыру арқылы анықталады.

## 16-тарау. Салық төлеушілердің кейбір санаттарына салық салу жөніндегі жекелеген ережелер

### Параграф 1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу

#### 115-бап. Салық салу объектісі

1. Сақтанушылар мен қайта сақтанушылардан салық кезеңі ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алуға жатқызылған (алынған), сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзған кезде қайтарылған, сақтандыру сыйлықақыларының сомасына, сондай-ақ қайта сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасына азайтылған сақтандыру сыйлықақылары және Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына міндетті жарналар түріндегі табысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына олардың сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыратын бөлігінде корпорациялық табыс салығын салу объектісі болып табылады.

Сақтандыру қызметінің мынадай кіріс түрлері:

- 1) қайта сақтандыру шарттары бойынша алуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақылар;
- 2) инвестициялық кірістер, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін депозиттерге, бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарына орналастырудан алуға жататын (алынған) бағам айырмасы жөніндегі кірістер;
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына байланысты дебиторлық және кредиторлық берешектерді қайта бағалау жөніндегі бағам айырмасы;
- 4) қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру жағдайын реттеу жөніндегі сақтандыру төлемдері мен шығыстарындағы қайта сақтандырушының үлесі;
- 5) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша үшінші тұлғалардан суброгация (регресс) тәртібімен қойылатын талаптар бойынша кірістер;
- 6) 2002 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес шегерімдерге жатқызылған сақтандыру резервтеріне аударымдар сомаларын қоспағанда, салық кезеңі ішіндегі сақтандыру резервтерінің мөлшерін азайту;
- 7) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға берілген заемдар бойынша кірістер;
- 8) шығыстары 2002 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес шегерімге жатқызылған күмәнді міндеттемелерді қоспағанда, сақтандыру қызметінен күмәнді міндеттемелер бойынша алынатын кірістер;
- 9) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушысымен жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеу үшін сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын сақтандыру ұйымдарына беретін өтемақы төлемдері;
- 10) эмитент меншікті акцияларын орналастырған кезде алған олардың құнының номиналдық құнынан асып түсуі және эмитент меншікті акцияларын өткізген кездегі құн өсімі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының салық салу объектісі болып табылмайды.

2. Өзге қызметтен алуға жататын (алынған) жиынтық жылдық кіріс пен осы тармақта белгіленген тәртіппен анықталатын шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептеліп, салық салынатын кіріс осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген өзге қызметтен алуға жататын (алынатын) кірістер бойынша корпорациялық табыс салығын салу объектісі болып табылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге қызмет бойынша шегерімге жатқызуға жататын шығыстар сомасы, шығыстардың жалпы сомасында қайта сақтандыру шарттары бойынша төленген сақтандыру сыйлықақыларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзған кезде қайтарылған, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жалпы кірістер сомасындағы өзге қызметтен алуға жататын (алынған) кірістерінің үлес салмағы негізге алына отырып, барабар әдіспен белгіленеді.

*Ескерту. 115-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**116-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының табыстары мен шығыстарының есебі**

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары салық салу мақсатында сақтандыру сыйлықақыларын орналастыру қызметін қоса алғанда, сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асырудан алынатын табыстары бойынша және осы Кодекстің 115-бабының 1-тармағында аталмаған өзге де қызметтің табыстары, шығыстары бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

#### **117-бап. Корпорациялық табыс салығының ставкалары**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша тіркелген аударымдар түрінде корпорациялық табыс салығын:

- 1) жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша - алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақылары сомасының 4 проценті;
- 2) аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша - алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақылары сомасының 2 проценті;
- 3) аннуитеттік сақтандыру бойынша - алынуға тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары сомасының 1 проценті;
- 4) өзара сақтандыру бойынша - алынуға тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары сомасының 1 проценті мөлшерінде төлейді.

2. Осы Кодекстің 115-бабының 2-тармағында аталған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары салық кезеңі ішінде алуға жататын (алған) табыстарға осы Кодекстің 135-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша корпорациялық табыс салығы салынуға тиіс.

*Ескерту. 117-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.05. N 164 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **118-бап. Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация және есеп айырысу**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар бойынша салық органдарына есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей бір ай ішінде есептелген корпорациялық табыс салығы бойынша ай сайынғы есеп-қисапты табыс етеді.

Осы Кодекстің 115-бабының 2-тармағында көрсетілген кірістер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары аванстық төлем сомаларының есеп-қисабын осы Кодекстің 126-бабында белгіленген тәртіппен ұсынады.

2. Салық кезеңінің қорытындысы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары осы Кодекстің 137-бабында белгіленген мерзімде барлық табыстар жөнінде декларация табыс етуге міндетті.

3. Түпкілікті есеп айырысу мен корпорациялық табыс салығын төлеу осы Кодекстің 127-бабында белгіленген мерзімде жүргізіледі.

*Ескерту. 118-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.*

#### **119-бап. Корпорациялық табыс салығын төлеу мерзімдері**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары негізінде сақтанушылар мен қайта сақтанушылардан алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар бойынша корпорациялық табыс салығын есепті айдан кейінгі айдың 15-іне дейін төлейді.

2. Осы Кодекстің 115-бабының 1-тармағында аталғандарды қоспағанда, салық кезеңі ішінде алынуға жататын (алынған) табыстар бойынша осы Кодекстің 126-бабында белгіленген тәртіппен аванстық төлемдер төленеді.

## **Параграф 2. Басқа санаттардағы салық төлеушілерге салық салу**

#### **119-1-бап. Мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын жекелеген ұйымдарға салық салу**

1. Осы баптың күші қолданылатын, мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

- 1) 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап 2007 жылғы 31 желтоқсанды қамтитын аралықтағы кезеңде мемлекеттік тіркеуден өткен;
- 2) өндірістік мақсаттағы (толық технологиялық циклді бар) объектілерін мемлекеттік қабылдау комиссиялары осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген кезеңде пайдалануға қабылдаған;
- 3) жылдық жиынтық табысының кемінде 90 процентін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қызмет түрлері бойынша мұнай және (немесе) газ өнімдерін өндеуге негізделген жеке өндірісінің тауарларын өткізуден алынуға тиіс (алынған) табыстар құрайтын;
- 4) өндірістік мақсаттағы объектілеріне (осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген) инвестициялардың ең төменгі көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген кемінде бес миллион айлық есептік көрсеткішті құрайтын ұйымдар жатады.

2. Осы баптың күші қолданылмайтын ұйымдарға:

жер қойнауын пайдаланушылар;

акцизделетін тауарлар өндіретін ұйымдар;

арнаулы салық режимдерін қолданатын ұйымдар жатады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұйымдардың салықтарды есептер осы Кодексте белгіленген тәртіппен, осы баптың 4-тармағында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

4. Бюджетке төленуге тиісті корпорациялық табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы жүз процентке азайтылады.

Осы тармақта көзделген салық сомасының азайтылуы осы Кодекстің 126-бабына сәйкес айқындалатын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеу кезінде де қолданылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда, мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың табыстарына жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс.

6. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы баптың 4-тармағының ережелері өндірістік мақсаттағы объектілерді мемлекеттік қабылдау комиссиялары пайдалануға қабылдаған күннен бастап бес жыл ішінде қолданылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қызмет түрлеріне және тіркелген активтерге инвестициялар көлеміне байланысты осы баптың 4-тармағының ережелерін қолданудың өндірістік мақсаттағы толық технологиялық циклі бар объектілерді мемлекеттік қабылдау комиссиялары пайдалануға қабылдаған күннен бастап он жылдан аспайтын өзге мерзімдерін белгілей алады.

Осы баптың 4-тармағының ережелерін бес жылдан артық мерзімге қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Салық кезеңі, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық есептілігін табыс етудің тәртібі мен мерзімдері осы Кодекске сәйкес айқындалады.

*Ескерту. 119-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **120-бап. Коммерциялық емес ұйымдарға салық салу**

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және пәтер (үй-жайлар) иелері кооперативтерінен басқа тұтыну кооперативтерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес коммерциялық емес ұйым мәртебесі бар, өз қызметін қоғамдық мүддені көздеп жүзеге асыратын және мынадай шарттарға сай келетін:

1) осындай қызметіне орай табыс алу мақсаты жоқ;

2) алынған таза табысты немесе мүлікті қатысушылар арасында бөлмейтін ұйым коммерциялық емес ұйым деп танылады.

2. Коммерциялық емес ұйымның мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша, депозиттер бойынша сыйақы, грант, кіру және мүшелік жарналар, кондоминиумға қатысушылардың жарналары, қайырымдылық және демеушілік көмек, өтеусіз берілген мүлік, өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдық түрінде алған табысы, осы баптың 1-тармағында аталған шарттар сақталған жағдайда, салық салуға жатпайды.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған шарттар сақталмаған жағдайда, коммерциялық емес ұйымның табыстарына жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген табыстарға жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс.

Бұл ретте коммерциялық емес ұйым осы бапқа сәйкес салық салудан босатылған табыстар бойынша және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстар бойынша бөлек-бөлек есеп жүргізуге міндетті.

5. Жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарды алған кезде коммерциялық емес ұйым шығыстарының шегерімдерге жатқызылуға тиіс сомасы салық төлеушінің қалауы бойынша барабарлық немесе бөлек есептеу әдісі бойынша айқындалады.

6. Барабарлық әдісі бойынша шығыстардың жалпы сомасындағы шегерімге жатқызылуға тиісті шығыстар сомасы коммерциялық емес ұйым табыстарының жалпы сомасындағы осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген табыстардың үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады.

7. Бөлек есептеу әдісі бойынша салық төлеуші осы баптың 2-тармағында көрсетілген табыстарға жататын шығыстар және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарға қатысты шығыстар бойынша бөлек-бөлек есеп жүргізеді.

*Ескерту. 120-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **121-бап. Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу**

1. Қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға жылдық жиынтық табысының кем дегенде тоқсан процентін грант, қайырымдылық көмек, өтеусіз берілген мүлік, өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырымалдықтар түрінде алынған табыстар, сондай-ақ қызметтің мынадай түрлерінен:

- 1) косметологиялық қызметтерді қоспағанда, медициналық қызметтер көрсетуден;
- 2) қызметтің осы түрлерін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және қосымша білім беру жөніндегі қызмет көрсетуден;
- 3) ғылым, спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық шараларынан басқа), мәдениет (шоу-бизнесі қоспағанда) саласында қызмет, тарихи-мәдени мұраны, мұрағаттық құндылықтарды сақтау бойынша, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді қорғау және оларды әлеуметтік қамсыздандыру саласында қызмет көрсетуден;
- 4) кітапхана қызметін көрсетуден алынуда тиіс (алынған) кіріс құрайтын ұйымдар жатады.

2. Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға, мынадай шарттарға сай келетін:

салық кезеңінде мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 проценті болатын;

салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 процентін (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда - кемінде 35 процент) құрайтын ұйымдар да жатады.

Осы баптың ережелері акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізу жөніндегі қызметтен және акцизделетін қызмет түрлерінен табыстар алатын ұйымдарға қатысты қолданылмайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған ұйымдардың табыстары, сондай-ақ грант, қайырымдылық көмек, өтеусіз берілген мүлік, өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырымалдықтар түрінде алынған қаражат аталған қызмет түрлерін жүзеге асыруға жұмсалған кезде салық салуға жатпайды.

4. Осы бапта көзделген шарттар бұзылған жағдайда, алынған табыстарға осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс.

*Ескерту. 121-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 17-тарау. Салық салынатын табысты түзету

### 122-бап. Салық салынатын табысты түзету

1. Салық төлеушінің салық салынатын табысынан салық салынатын табыстың үш проценті шегінде мынадай шығыстар алып тасталуға тиіс:

1) шығыстардың әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардан асып түскен сомалары шегінде әлеуметтік сала объектілерін ұстауға салық төлеушінің нақты жұмсаған шығыстары;

2) коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік;

2-1) көмек алатын тұлға тарапынан арыз негізінде салық төлеушінің шешімі болған жағдайда демеушілік көмек;

3) жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген атаулы әлеуметтік көмек.

2. Мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер салық салынатын табысты мүгедектердің еңбегіне ақы төлеуге шығарылған шығыстар сомаларынан 2 еселенген және мүгедектерге төленетін жалақы мен басқа да төлемдердің есептелген әлеуметтік салық сомасынан 50 процент мөлшеріндегі соманы азайтуға құқығы бар.

3. Салық төлеушілер салық салынатын табысты үш жылдан артық мерзімге берілген негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасына, кейіннен оларды лизинг алушыға бере отырып, азайтады.

4. Жиынтық жылдық кірісінің кемінде 90 процентін ауыл шаруашылығына кредит беруден алынуға тиісті (алынған) кірістер құрайтын, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, кредиттік серіктестіктер, микрокредиттік ұйымдар салық салынатын табысты қызметтің осындай түрінен алынған табыс сомасына, сондай-ақ олардың активтерін орналастырудан алынған инвестициялық кіріс сомасына азайтады.

4-1. алып тасталды - 2005.12.23. N 107 Заңымен.

5. Салық төлеушінің амортизациялық аударымдарды есептеп шығаруы осы Кодекстің 110-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген, пайдалануға алғаш енгізілген тіркелген активтерді үш жылдық кезең аяқталғанға дейін өткізген жағдайда жасалған қосымша шегерім сомасы салық төлеушінің тіркелген активтерді өткізген салық кезеңіндегі салық салынатын табысын арттыруға қатысты болады.

*Ескерту. 122-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 18-тарау. Залалдар

### 123-бап. Залал ұғымы

1. Түзетілген жиынтық жылдық табыстан шегерімдердің асып түсуі кәсіпкерлік қызметтен шегетін залал деп танылады.

2. Бағалы қағаздарды өткізуден шегетін залал мыналар:

борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар бойынша - өткізу құны мен иемденіп алу құны арасындағы теріс айырма; борыштық бағалы қағаздар бойынша - өткізген күнгі дисконт амортизациясы мен (немесе) сыйлықақы есептегендегі өткізу құны мен иемденіп алу құны арасындағы теріс айырма.

### 124-бап. Залалдарды ауыстыру

1. Кәсіпкерлік қызметтен шегетін залалдар, сондай-ақ салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үйлерді (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) өткізуден шеккен залалдар кейінгі салық кезеңдерінің салық салынатын табысы есебінен өтеу үшін үш жылға дейінгі мерзімге, үшінші жылы қоса есептеліп, ауыстырылады.

Жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша жүзеге асырылатын қызметке байланысты туындайтын залалдар жеті жылға дейінгі мерзімге, жетінші жылы қоса есептеліп, ауыстырылады.

2. Өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды, агенттік облигацияларды және олармен азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден шегетін залалдарды қоспағанда, бағалы қағаздарды өткізу кезінде туындайтын залалдар өткізілетін күні қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде тұрған акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түскен табыстарды қоспағанда, басқа бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған құн өсімінен түскен табыс есебінен өтеледі.

Егер осы залалдар орын алған кезеңінде өтеле алмайтын болса, олар алдағы уақытқа үш жылға дейінгі мерзімге ауыстырылып, өткізу күніне қор биржасының "А" және "В" ресми тізіміндегі акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды, агенттік облигацияларды және олармен азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табысты қоспағанда, басқа бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған құн өсімінен түскен табыс есебінен өтелуге тиіс.

3. Арнайы қаржы компаниясының Қазақстан Республикасының секьюритизлендіру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын қызметінен шеккен залалы бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигациялардың айналым мерзімі ішінде ауыстырылады.

*Ескерту. 124-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.02.20. N 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 19-тарау. Корпорациялық табыс салығын есептеп шығару тәртібі мен оны төлеу мерзімдері

### 125-бап. Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеп шығару

Корпорациялық табыс салығы салық кезеңі үшін осы Кодекстің 135-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы осы Кодекстің 124-бабына сәйкес ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын табысқа осы Кодекстің 122-бабына сәйкес жүргізілген түзетулерді ескере отырып қолдану жолымен есептеп шығарылады.

### 126-бап. Аванстық төлемдер сомасын есептеп шығару

1. Салық төлеушілер осы Кодексте белгіленген тәртіппен аванстық төлемдерді енгізу жолымен салық кезеңі ішінде корпорациялық табыс салығын төлейді.

2. Салық кезеңі ішінде төленетін корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын салық төлеуші ағымдағы салық кезеңі үшін корпорациялық табыс салығының болжамды сомасын негізге ала отырып, бірақ егер осы бапта өзгеше көзделмесе, өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебіндегі аванстық төлемдердің орташа айлық есептелген сомаларынан кем емес етіп есептеп шығарады.

3. алып тасталды

4. Салық төлеуші төлеуге тиіс аванстық төлемдер сомалары салық кезеңі ішінде тең үлестермен төленеді.

5. Салық төлеуші корпорациялық табыс салығы бойынша декларация тапсырғанға дейінгі кезең ішінде төленуге тиіс аванстық төлемдер сомаларының есебін жасап, есепті салық кезеңінің 20 қаңтарына дейін салық төлеушінің тіркелген орны бойынша салық органына табыс етеді.

6. Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация тапсырылғаннан кейін төленуге тиіс аванстық төлемдер сомаларының есебін салық төлеуші декларацияны тапсырған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде, бірақ есептік салық кезеңінің 20 сәуірінен кешіктірмей табыс етеді.

7. Салық кезеңінің қорытындысы бойынша залал шеккен немесе салық салынатын табысы жоқ салық төлеушілер корпорациялық табыс салығы бойынша декларация тапсырған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде, сондай-ақ жаңадан құрылған салық төлеушілер мемлекеттік тіркелген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде салық кезеңі ішінде төленуге тиіс аванстық төлемдердің болжамды сомасының есебін салық органына табыс етуге міндетті.

8. Салық төлеуші салық кезеңі ішінде, өткен салық кезеңі үшін декларация тапсырғанға дейін төленуге тиіс аванстық төлемдердің сомаларын қоспағанда, салық кезеңінің алдағы айлары үшін аванстық төлемдер сомаларының қосымша есебін беруге құқылы.

9. Осы баптың ережелері осы Кодекстің 120-бабы 1-тармағының шарттарына сәйкес келетін және жалпы белгіленген тәртіппен салық салынуға жататын табысы жоқ заңды тұлғаларға, сондай-ақ осы Кодекстің 121-бабының 1 және 2-тармақтарында белгіленген шарттарға сәйкес келетін заңды тұлғаларға қолданылмайды.

*Ескерту. 126-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **127-бап. Корпорациялық табыс салығын төлеу мерзімдері мен тәртібі**

1. Салық төлеушілер корпорациялық табыс салығын төлеуді өзінің тұрып жатқан жері бойынша жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар корпорациялық табыс салығын төлеуді тұрақты мекеме орналасқан жер бойынша жүзеге асырады.

2. Салық төлеушілер корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді бюджетке осы Кодекстің 136-бабында белгіленген салық кезеңі ішінде, осы Кодекстің 126-бабына сәйкес анықталған мөлшерде ағымдағы айдың 20-сынан кешіктірмей ай сайын төлеп тұруға міндетті.

3. Салық кезеңі ішінде енгізілген аванстық төлемдер сомалары салық кезеңі үшін корпорациялық табыс салығы жөніндегі декларация бойынша есептеп шығарылған корпорациялық табыс салығын төлеу есебіне жатқызылады.

4. Салық төлеуші салық кезеңінің қорытындысы бойынша корпорациялық табыс салығы бойынша түпкілікті есеп айырысуды (төлемді) декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

*Ескерту. 127-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **128-бап.**

*Ескерту. 128-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

129-бап. Шетелдік салықты есепке жатқызу

1. Осы Кодекстің 91-бабына сәйкес түзетуге жататын кірістерді қоспағанда, салық төлеушінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде төлеген табыс салығының және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде алған кірістері бойынша табысқа салынатын салық сомасы Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген есепке жатқызылатын сомалардың мөлшері салық төлеушінің әр мемлекетте алған табыстары бойынша нақты төлеген салық сомасы негізге алына отырып, әр мемлекет бойынша жеке-жеке анықталады. Есепке жатқызылатын салық сомасының мөлшері осы табыс бойынша Қазақстан Республикасында осы Кодекстің 135-бабында белгіленген ставкамен есептелетіндей сомадан аспауға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағы қосарланған салық салуды болғызбау және табыстар мен мүліктерге салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы халықаралық шарт жасасқан мемлекетте Қазақстан Республикасының резидент болып табылатын жеке және заңды тұлғала-

рының табыстарынан немесе мүліктерінен ұсталған және (немесе) төленген салыққа қолданылмайды, оған осындай халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға тиіс.

*Ескерту. 129-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **130-бап. Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттерде алынған табыс**

1. Егер резидентке резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталының 10 және одан астам проценті тікелей немесе жанама тиесілі болса немесе ол салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте табыс алатын осы резидент емес заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының 10 және одан астам процентіне ие болса, онда резидент емес заңды тұлға пайдасының резиденттің мұндай резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесіне негізделе отырып айқындалатын резидент емес тұлғаның резидентке қатысты бөлігі оның салық салынатын табысына енгізіледі. Бұл ереже резиденттің заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызмет ұйымдастырудың басқа нысандарына қатысуына да қолданылады.

1-1. Жеңілдетілген салық салынатын елде орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес заңды тұлға пайдасының бір бөлігі Қазақстан Республикасы Президентінің салық салынатын табысына қосылатын осы пайданың жалпы сомасы резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталуға тиіс.

2. Егер шет мемлекетте салық ставкасы осы Кодекске сәйкес айқындалатын салық ставкасының 1/3-інен аспайтын болса немесе мүліктің нақты иесі немесе табыстың нақты иесі туралы құпияны сақтауға мүмкіндік беретін қаржы ақпаратының немесе компаниялар туралы ақпараттың құпиялығы туралы заңдар болса, ол салық салуда жеңілдігі бар мемлекет ретінде қаралады.

Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттерге салық ставкасы резидент емес заңды тұлғаға қатысты мемлекет нақты қолданатын салық ставкасы осы Кодекске сәйкес айқындалатын ставканың 1/3-інен аспайтын мөлшерді құрайтын немесе мүліктің нақты иесі немесе табыстың нақты иесі туралы құпияны сақтауға мүмкіндік беретін қаржы ақпаратының немесе компаниялар туралы ақпараттың құпиялығы туралы заңдары бар мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлігі жатады.

Мұндай мемлекеттердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

*Ескерту. 130-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **130-1-бап. Резиденттердің халықаралық шарттарды шет мемлекеттерде қолдану тәртібі**

1. Резидент Қазақстан Республикасы табысқа немесе мүлікке (капиталға) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы халықаралық шарт (осы бапты қолдану мақсатында бұдан әрі - халықаралық шарт) жасасқан шет мемлекеттегі көзден табыс алған жағдайда, тиісті халықаралық шарт талаптарын орындаған кезде резидент шет мемлекетте мұндай табыстарға салық салудан босатуға немесе ішінара салық салуға мүмкіндік алу мақсатында көрсетілген мемлекетте халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқылы.

2. Халықаралық шарт ережелері резиденттерге осы Кодекстің 193-бабында белгіленген шарттар орындалған кезде қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының резиденттігін растау қажет болған жағдайда, резидент уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, тәртіпшен және мерзімде салық органына салық резиденттігін растау құжатын алуға өтініш береді.

*Ескерту. 130-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **20-тарау. Төлем көзінен ұсталатын салық**

### **131-бап. Төлем көзінен салық салынатын табыстар**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, төлем көзінен салық салынатын табыстарға:

1) алып тасталды

2) қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары бар банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы жеке тұлғалардың салымдары бойынша оларға төленетін сыйақыларды қоспағанда, депозиттер бойынша сыйақы;

3) ұтыстар;

4) резидент емес тұлғалардың осы Кодекстің 178-бабына сәйкес айқындалатын, Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, осындай резидент еместердің тұрақты мекемесімен байланысы жоқ табыстары;

5) қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде банктік заем операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарға, кредиттік серіктестіктерге, Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компанияларына төленетін кредиттер (заемдар) бойынша сыйақыны және резидент банк-

тер мен лизинг берушілерге төленетін сыйақыны қоспағанда, заңды тұлғаларға борыштық бағалы қағаздар бойынша төленетін сыйақыдан басқа сыйақы;

6) резидент-банктерге және жеке тұлғаларға төленетін сыйақыны қоспағанда, эмитент борыштық бағалы қағаздар бойынша шығару шарттарына сәйкес төлейтін купон түріндегі сыйақы жатады.

1-1. Мыналар:

- 1) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар және агенттік облигациялар ;
  - 2) орналастырылған зейнетақы активтері бойынша - жинақтаушы зейнетақы қорларына, орналастырылған активтер бойынша өмірді сақтандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына, пайлық және акционерлік инвестициялық қорларға және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін инвестициялық табыстар;
  - 3) алып тасталды
  - 4) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар төлем көзінен салық салуға жатпайды.
2. Ұтысты, сыйақыны төлеу кезінде ұсталған салық сомасы осы салықтың төлем көзінен ұсталғанын растайтын құжаттар болған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарды және салымдар (депозиттер) жөніндегі сыйақылар бойынша коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда, салық төлеушінің салық кезені ішінде ішінде есептелген корпорациялық табыс салығының есебіне жатқызылады.

*Ескерту. 131-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.10. N 483, 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.02.20. N 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **132-бап. Төлем көзінен ұсталатын салықты есептеп шығару тәртібі**

1. Салық сомасын салық агенті төлем көзінен салық салынатын, төленіп отырған табыс сомасына осы Кодекстің 135-бабының 2 немесе 3-тармақтарында белгіленген ставканы қолдану жолымен айқындайды.
2. Салық агенті осы Кодекстің 131-бабында көзделген табыстарды төлеу кезінде төлем көзінен ұсталатын салықты табыс төлеу нысаны мен орнына қарамастан ұстап қалуға міндетті.
3. Депозитарлық қолхат бойынша кірістерді төлеу көзі осындай депозитарлық қолхаттың базалық активінің эмитенті болып табылады.

*Ескерту. 132-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.*

#### **133-бап. Төлем көзінен салықты аудару тәртібі**

1. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық агенттері төлем жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, төлем көзінен ұсталған салық сомаларын аударуға міндетті.
2. Төлем көзінен ұсталған салықтардың сомаларын аудару салық агенті орналасқан жер бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға төлем көзінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке аударуды тұрақты мекеме, филиал, өкілдік орналасқан жер бойынша жүргізеді.

*Ескерту. 133-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **134-бап. Төлем көзінен ұсталған салық жөніндегі есеп-қисап**

Салық агенттері төлем көзінен ұсталған салық сомалары бойынша есеп-қисапты тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етуге міндетті.

*Ескерту. 134-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **21-тарау. Салық ставкалары**

#### **135-бап. Салық ставкалары**

1. Салық төлеушінің осы Кодекстің 122-бабына сәйкес жүргізілген түзетулер ескерілген, осы Кодекстің 124-бабында белгіленген тәртіппен шеккен залалдары сомасына азайтылған салық салынатын табысы 30 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады.

Негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын салық төлеушінің осы Кодекстің 122-бабына сәйкес жүргізілген түзетулер ескерілген, осы Кодекстің 124-бабында белгіленген тәртіппен шектен залалдары сомасына азайтылған салық салынатын табысы 10 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады.

2. Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табыстарын қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын табыстар төлем көзінен 15 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады.

3. Резидент еместердің осы Кодекстің 178-бабына сәйкес айқындалатын Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын, осындай резидент еместердің тұрақты мекемесімен байланысы жоқ табыстарына осы Кодекстің 180-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салынады.

4. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы корпорациялық табыс салығының үстіне осы Кодекстің 185-бабында белгіленген тәртіппен 15 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады.

*Ескерту. 135-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 22-тарау. Салық кезеңі және салық декларациясы

### 136-бап. Салық кезеңі

1. Күнтізбелік жыл корпорациялық табыс салығы үшін салық кезеңі болып табылады.

2. Егер ұйым күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылса, оның құрылу күнінен бастап күнтізбелік жылдың аяғына дейінгі уақыт кезеңі ол үшін бірінші салық кезеңі болып табылады.

Бұл ретте ұйымның оның уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге алынған күні оның құрылған күні болып саналады.

3. Егер ұйым күнтізбелік жылдың аяғына дейін таратылса, қайта ұйымдастырылса, жыл басталғаннан бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін соңғы салық кезеңі болып табылады.

4. Егер күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылған ұйым осы жылдың аяғына дейін таратылса, қайта ұйымдастырылса, өзінің құрылған күнінен бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін салық кезеңі болып табылады.

### 137-бап. Салық декларациясы

1. Осы Кодекстің 368-377, 385-397-баптарына сәйкес арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлғаларды және Қазақстан Республикасындағы төлем көздерінен тек қана төлем көздерінде салық салынуға тиіс табыс алатын және қызметін Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместерді қоспағанда, корпорациялық табыс салығын төлеушілер корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияны салық органдарына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

2. Корпорациялық табыс салығы жөніндегі декларация декларациядан және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер туралы ақпараттарды ашу жөніндегі қосымшалардан тұрады.

*Ескерту. 137-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 5-бөлім. Инвестициялық салық преференциялары

### 138-бап. Инвестициялық салық преференциялары

Инвестициялық салық преференциялары корпорациялық табыс салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша беріледі.

Инвестициялық салық преференциялары дегеніміз корпорациялық табыс салығын төлеуден босату не жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңарту мақсатында инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын салық төлеуші заңды тұлғалардың жылдық жиынтық табысынан қосымша шегерімдер жасауға құқық беру, мұндай салық төлеушілерді жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңарту мақсатында инвестициялық жоба шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша мүлік салығын төлеуден босату, сондай-ақ инвестициялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын төлеуден босату.

Инвестициялық салық преференцияларын қолдану үшін қайта құруға арналып іс жүзінде жұмсалған шығыстар бөлігінде қайта құрылған объектілерді қоса алғанда, инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға алғаш енгізілгендер жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтер деп танылады.

*Ескерту. 138-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 375, өзгерту енгізілді - 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

**139-бап. Инвестициялық салық преференцияларын қолдану тәртібі**

1. Инвестициялық салық преференциялары (бұдан әрі - преференциялар) инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын салық төлеуші заңды тұлғаларға беріледі.
  2. Преференциялар салық төлеушілерге преференцияларды қолданудың басталу күнін белгілейтін келісім-шартқа (оның нотариалды куәландырылған көшірмесі салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органына беріледі) сәйкес мынадай мерзімдерде: келісім-шартты жасасу кезінде шаруашылық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер - тіркелген активтер, оның ішінде концессия шарты шеңберінде құрылғандары бойынша, пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап; жаңадан құрылған салық төлеушілер тіркелген активтерді, оның ішінде концессия шарты шеңберінде құрылғандары бойынша, пайдалануға берген кезден бастап беріледі.
  3. Қызметін жаңа өндірістерді құру жөніндегі инвестициялық жоба (жобалар) шеңберінде ғана жүзеге асыратын жаңадан құрылған салық төлеушілер үшін корпорациялық табыс салығы бойынша преференциялар осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығын жүз процентке азайтуға құқық береді.
  4. Қолданыстағы өндірістерді кеңейту және жаңарту жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын және осы баптың 3-тармағындағы талаптарға сай келмейтін салық төлеушілер үшін корпорациялық табыс салығы бойынша преференциялар амортизацияға жатпайтын, осы Кодекстің 107-бабының 1-тармағының 1) - 8) тармақшаларында көрсетілген тіркелген активтерді қоспағанда, жылдық жиынтық табыстан инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға қосылатын тіркелген активтердің құнын преференцияларды қолдану мерзіміне байланысты тең үлестермен шегерімге жатқызуға құқық береді.
  5. Преференциялар беру тәртібі мен шарты Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында айқындалады.
  6. Осы баптың мақсаттары үшін инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген кезге дейін күнтізбелік он екі ай ішінде мемлекеттік тіркеуден өткен салық төлеушілер жаңадан құрылған салық төлеушілер деп танылады.
  7. Осы баптың 4-тармағында көзделген корпорациялық табыс салығы бойынша преференцияларды қолдану үшін салық төлеуші жаңадан іске қосылатын тіркелген активтер бойынша олардың құнын ішкі топтың, топтың құн балансына енгізбейді және олар бойынша бөлек есеп жүргізеді.
  8. Мүлік салығы мен жер салығы бойынша преференцияларды қолдану мерзімі біткеннен кейін салық төлеуші осы Кодекстің 351-360-баптарында белгіленген тәртіппен мүлік салығын және 323-344-баптарында белгіленген тәртіппен жер салығын төлей бастайды.
  9. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, корпорациялық табыс салығы бойынша преференцияларды қолдану мерзімі осы баптың 2-тармағында аталған күннен бастап күнтізбелік бес жылдан аспауға тиіс және ол әрбір жекелеген жағдайда қызмет түрлеріне және тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне қарай айқындалады.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі қызмет түрлеріне және тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне қарай корпорациялық табыс салығы бойынша преференцияларды қолданудың осы баптың 2-тармағында аталған күннен бастап күнтізбелік он жылдан аспайтын өзге мерзімін белгілей алады.
- Мүлік салығы мен жер салығы бойынша преференцияларды қолдану мерзімі әрбір жекелеген жағдайда тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне қарай айқындалады, бірақ ол осы баптың 2-тармағында аталған күннен бастап бес жылдан аспауға тиіс.

*Ескерту. 139-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.01.08 N 375 , өзгерту енгізілді - 2003.07.04 N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29 N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), бап жаңа редакцияда - 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22 N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

**140-бап. Преференциялардың қолданылуын тоқтату**

1. Преференциялардың қолданылуы осы Кодекстің 139-бабының 9-тармағын ескере отырып, келісім-шартқа көрсетілген мерзімде тоқтатылады не мұндай мерзім біткенге дейін тоқтатылуы мүмкін.
- Преференциялардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында белгіленген жағдайларда оны тараптардың әрқайсысы біржақты тәртіппен жүзеге асыруы мүмкін.
2. Преференциялардың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде салық төлеуші салықтарды төлейді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

*Ескерту. 140-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.01.08. N 375 , 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **5-1-бөлім. Салық төлеушілердің жекелеген санаттарына салық салу ерекшеліктері**

*Ескерту. 5-1-бөліммен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **22-1-тарау. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу**

### **140-1-бап. Жалпы ережелер**

1. Бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

- 1) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы салық органдарында тіркеу есебінде тұратын;
- 2) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарынан тыс жерлерде құрылымдық бөлімшелері жоқ;
- 3) арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сәйкес келетін қызметтің мынадай түрлері:

бағдарламалық камтамасыз етуді, деректер базасын және аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, енгізу және олардың тәжірибелік өндірісі мен өндірісі;

жасанды иммундық және нейрондық жүйелер негізінде жаңа ақпараттық технологияларды жасау;

ақпараттық технологиялар саласында жобаларды жасау және енгізу бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;

мәтіндерді өңдеуге арналған машиналар, көшіру-көбейту жабдықтарын, жөнелту машиналарын, калькуляторлар, кассалық аппараттар, таңбалау машиналарын, билет-кассалық машиналар өндіру, басқа да кеңсе машиналары мен жабдықтарын, электронды есептеу машиналарын және ақпаратты өңдеуге арналған өзге де жабдықтар өндіру;

электр- және радиоэлементтер, таратушы аппаратура, дыбыс пен бейнені қабылдауға, жазуға және шығаруға арналған аппаратура өндіру;

тұрмыстық электр аспаптарын өндіру;

киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын өндіру;

трикотаж бұйымдарын өндіру;

тоқыма материалдарынан киім өндіру бойынша өз өндірісі тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) өткізуден алуға жататын (алынған) табыстары жылдық жиынтық табысының кемінде 90 процентін құрайтын заңды тұлғалар, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар деп танылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында аталған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

1-1. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға:

жер қойнауын пайдаланушылар;

акцизделетін тауарлар өндіретін ұйымдар;

арнаулы салық режимдерін қолданатын ұйымдар;

инвестициялық салық преференциялары берілген ұйымдар жатпайды.

2. Алынған (алынуға жататын) табыстарды осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу арнаулы экономикалық аймақтардың аумақтарында құрылған атқарушы органның немесе арнаулы экономикалық аймақтар әкімшілігінің тиісті өнеркәсіп саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысанда уәкілетті органмен келісе отырып берген растауы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 140-1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.06. N 275 Заңдарымен.*

### **140-2 бап. Салықтарды есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімдері**

1. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды есептеуі осы баптың 2 және 4-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Бюджетке төленуге тиісті корпорациялық табыс салығының сомасын айқындау кезінде корпорациялық табыс салығының осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген сомасы 100 процентке азайтылады.

Осы тармақта көзделген салық сомасын кеміту осы Кодекстің 126-бабына сәйкес айқындалатын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеу кезінде де қолданылады.

3. алып тасталды - 2005.11.22. N N 89 Заңымен.

4. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында орналасқан және осы Кодекстің 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша:

1) жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициенті;

2) мүлік салығын есептеу кезінде салық салу объектілерінің жылдық орташа құнына 0 проценттік ставка қолданылады.

5. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында осы Кодекстің 140-1-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде аталған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында осы Кодекстің 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілерді, осындай объектілер бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын өткізу жөніндегі айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тараудың мақсаттары үшін әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілерге кеңсе, өнеркәсіп ғимараттары мен қоймалар жатады.

Осы тармақта көзделген жеңілдіктер арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы салық органында қосылған құн салығын дербес төлеуші ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелеріне, дара кәсіпкерлерге, сондай-ақ қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент еместерге қолданылады.

Егер салық төлеуші осы тармақта көрсетілген айналымдармен қатар өткізу жөніндегі басқа да айналымдарды жүзеге асырса, онда ол осы тармақта көрсетілген айналымдар бойынша және басқа айналымдар бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

*Ескерту. 140-2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **140-3-бап. Салық кезеңі және салық есептілігі**

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық кезеңі, салық есептілігін беру тәртібі мен мерзімдері осы Кодекске сәйкес айқындалады.

## **22-2-тарау. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу**

*Ескерту. 22-2-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **140-4-бап. Жалпы ережелер**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға мынадай шарттарға бір мезгілде сәйкес келетін:

1) жиынтық жылдық табысының кемінде тоқсан процентін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қызметтің басым түрлерінің тізбесіне енгізілген қызметтің мынадай түрлері:

химия өнеркәсібі;

резина және пластмасса бұйымдары өндірісі;

өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісі;

металлургия өнеркәсібі;

дайын металл бұйымдары өндірісі;

машиналар мен жабдықтар өндірісі бойынша құрылыс объектілерін сатуды қоса алғанда, өзі өндіретін тауарларды сатудан алынуға тиіс (алынған) табыстар құрайтын;

2) "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органында тіркеу есебінде тұратын;

3) "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағынан тыс жерлерде орналасқан жері бойынша заңды тұлға функцияларының бір бөлігін орындайтын тұрақты жұмыс орындары жабдықталған құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық оқшауланған бөлімшелері жоқ ұйымдар жатады. Егер жұмыс орны бір айдан артық мерзімге құрылса, ол тұрақты болып табылады.

2. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға:

жер қойнауын пайдаланушылар;

акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар;

арнайы салық режимдерін қолданатын ұйымдар жатпайды.

3. Алынған (алынуға тиіс) табыстарды осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінен алынатын табыстарға жатқызу өнеркәсіптің тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі және сәулет, қала құрылысы мен құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органдар уәкілетті органмен келісім бойынша белгілеген тәртіппен және нысанда берілген, "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан атқарушы органның растамасы негізінде жүзеге асырылады.

#### **140-5-бап. Салықты есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімдері**

1. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды есептеуі осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Бюджетке төленуге тиісті корпорациялық табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы жүз процентке азайтылады.

Осы тармақта көзделген салық сомасын азайту осы Кодекстің 126-бабына сәйкес айқындалатын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеу кезінде де қолданылады.

3. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан және осы Кодекстің 140-4-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша:

1) жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициенті;

2) мүлік салығын есептеу кезінде салық салу объектілерінің жылдық орташа құнына 0 процент ставка қолданылады.

#### **140-6-бап. Салық кезеңі және салық есептілігі**

Салық кезеңі, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық есептілігін беру тәртібі мен мерзімдері осы Кодекске сәйкес айқындалады.

## **22-3-тарау. Өз өндірісінің, соның ішінде сертификатталған, қосылған құны жоғары тауарларын өткізетін ұйымдарға салық салу**

*Ескерту. 22-3-тараумен толықтырылды - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **140-7-бап. Жалпы ережелер**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, өз өндірісінің қосылған құны жоғары тауарларын өткізетін ұйымдарға бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін:

1) өз өндірісінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларын өткізуден түскен табысы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс сомасының кемінде 90 процентін құрайтын,

Өз өндірісінің тауарларын өткізуге құрылыс объектілерін сату жатпайды;

2) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс сомасындағы қосылған құн үлесі кемінде 40 процентті құрайтын, Қосылған құн мөлшері:

материалдық, әлеуметтік игіліктер мен материалдық пайданы қоспағанда, салық кезеңінің ішінде жұмыскерлерге есептелген табыстар,

қосу

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес салық кезеңінде есептелген амортизациялық аударымдар сомасы,

қосу

жанама және төлем көзінен ұсталатындардан басқа, салық кезеңі үшін декларациялар бойынша салық төлеуші есептеген салықтар сомасы,

қосу (алу)

төтенше жағдайлардан түскен пайда (тиген залал) ескерілмеген, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын пайда (залал) ретінде белгіленеді;

3) жарнама және төлем көзінен ұсталатындардан басқа, салық кезеңі үшін декларациялар бойынша салық төлеуші есептеген салықтар сомасының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс сомасына қатынасы ретінде айқындалатын салық жүктемесінің коэффициенті кемінде 12 процентті құрайтын ұйымдар жатады.

2. Өз өндірісінің қосылған құны жоғары тауарларын өткізетін ұйымдарға:

жер қойнауын пайдаланушылар;

акцизделетін тауарлар шығаратын ұйымдар;

арнайы салық режимін қолданатын ұйымдар;

қызметін мұнай-химия өнеркәсібінде жүзеге асыратын және корпорациялық табыс салығын осы Кодекстің 119-1-бабында көзделген ережелерді ескере отырып есептейтін ұйымдар;

технологияларды дамыту мақсатында құрылған, қызметін арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асыратын және корпорациялық табыс салығын осы Кодекстің 140-2-бабында көзделген ережелерді ескере отырып есептейтін ұйымдар;

қызметін "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын және корпорациялық табыс салығын, жер салығы мен мүлік салығын осы Кодекстің 140-5-бабында көзделген ережелерді ескере отырып есептейтін ұйымдар жатпайды.

*Ескерту. 140-7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **140-8-бап. Салықтарды есептеу**

Осы Кодекстің 140-7-бабында көрсетілген ұйымдардың салықтарды есептеуі осы Кодекстің 140-9-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

#### **140-9-бап. Корпорациялық табыс салығын есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімдері**

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы осы Кодекстің 140-7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған өз өндірісінің тауарларына қатысты корпорациялық табыс салығы сомасының 30 процентіне азайтылады.

Өз өндірісінің тауарларына қатысты корпорациялық табыс салығының сомасы осы Кодекстің 140-7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған өз өндірісінің тауарларын өткізуден алынуға жататын (алынған) табыстардың жылдық жиынтық табыстағы үлес салмағына негізделі отырып айқындалады.

2. Өз өндірісінің сертификатталған тауарларын өткізуден түскен табыстар болған жағдайда осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы менеджмент жүйелерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен енгізілген жылдан кейінгі бір салық кезеңі ішінде өз өндірісінің сертификатталған тауарларына қатысты корпорациялық табыс салығы сомасының 50 процентіне азайтылады.

Өз өндірісінің сертификатталған тауарларына қатысты корпорациялық табыс салығының сомасы осы Кодекстің 140-7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған өз өндірісінің тауарларын өткізуден алынуға жататын (алынған) табыстардың жылдық жиынтық табыстағы үлес салмағына негізделі отырып айқындалады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығы лауреаттарының осы Кодекстің 140-7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған, өндіру процесі сапа менеджменті және қоршаған ортаны басқару жүйесінің 9000 және 14000 сериялы халықаралық ИСО стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен сертификатталған өз тауарлары өз өндірісінің сертификатталған тауарлары деп танылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген салық сомасын азайту корпорациялық табыс салығы бойынша осы Кодекстің 126-бабына сәйкес айқындалатын аванстық төлемдердің сомаларын есептеу кезінде де қолданылады.

## **6-бөлім. Жеке табыс салығы**

### **23-тарау. Жалпы ережелер**

#### **141-бап. Төлеушілер**

Осы Кодекстің 143-бабына сәйкес айқындалатын салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын төлеушілер (бөлім бойынша бұдан әрі - салық төлеушілер) болып табылады.

#### **142-бап. Резидент емес жеке тұлғаларға салық салу ерекшеліктері**

Резидент емес жеке тұлғалар осы Кодекстің 187-192-баптарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, 141-174-баптарына сәйкес жеке табыс салығы бойынша салықты есептеп, төлейді және жеке табыс салығы бойынша салық декларациясын табыс етеді.

#### **143-бап. Салық салу объектілері**

Осы Кодекстің 144-бабында көрсетілген табыстарды қоспағанда, жеке табыс салығы салынатын объектілер мыналар:

- 1) төлем көзінен салық салынатын табыстар;
- 2) төлем көзінен салық салынбайтын табыстар.

#### **144-бап. Салық салынуға жатпайтын табыстар**

Жеке тұлғалар табыстарының мынадай түрлеріне салық салынуға тиіс емес:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемдер;
- 2) балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;
- 3) жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеу;
- 4) жеке тұлғалардың қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары бар банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар және борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;
- 4-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтер, сыйақылар;
- 5) мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигациялармен жасалған операциялардан түскен табыстар;
- 5-1) пайлық инвестициялық қорлардың пайлары және акционерлік инвестициялық қорлардың акциялары бойынша дивидендтер, сондай-ақ пайлық инвестициялық қорды басқарушы компания оларды сатып алған кездегі осы қордың пайлары бойынша табыстар;
- 5-2) алып тасталды
- 6) әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге, белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген, оны қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған ішкі істер органдарының, қаржы полициясының қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне берілетін төлемдердің барлық түрі;
- 7) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 50 проценті шегіндегі лотерея бойынша ұтыстар;
- 8) тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде мемлекеттік бюджет және гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіби оқуларға байланысты төлемдер;
- 9) гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);
- 10) тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұру сипатында болатын не қызмет көрсететін учаскелер шегінде қызмет бабындағы сапарлармен байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде төленетін төлемдер;
- 11) экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленетін төлемдер;
- 12) Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілетін адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің, сондай-ақ бала кезінен мүгедек адамның ата-аналарының біреуінің табыстары; III топтағы мүгедектердің бір жыл ішіндегі - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 27 еселенген шегіндегі табысы;
- 13) өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған акциялар мен облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен алынатын табысы;
- 13-1) олармен азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс;
- 14) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);
- 15) салық жылы ішінде медициналық қызмет көрсетулердің (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақысын төлеу үшін, бала туған кезде, жерлеу үшін берілетін, құжатпен расталған, төлемдердің әрбір түрі бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 8 еселенген шегіндегі төлемдер;
- 16) қызметтік іссапарлар кезінде осы Кодекстің 93-бабында белгіленген мөлшерде төленетін өтемдер;
- 17) қызметкер ұйымымен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқан не көшкен кездегі жол жүруі, мүлкін көшіруі, үй-жай жалдауы бойынша құжатпен расталған шығындардың өтемдері;
- 18) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;
- 19) шет мемлекеттің мемлекеттік қызметінде жүрген шетелдік жеке тұлғалардың сол елде салық салынуға тиіс ресми табыстары;
- 20) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінде қызметте жүрген жеке тұлғалардың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;
- 21) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан берілетін зейнетақы төлемдері;
- 22) (алып тасталды)

- 22-1) жұмыс берушінің жиынтық жылдық табысты алуға байланысты емес және шегерімдерге жатқызылмайтын, нақты жеке тұлғалардың табысы болып табылмайтын шығыстары;
- 23) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде дала жағдайында геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлердің далалық жабдықталым ақшасы;
- 24) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар (мемлекеттің сыйлықақылары);
- 25) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерлерді өздерінің өндірістік қызметіне байланысты мандық бойынша оқытуға және біліктілігін арттыруға бағытталған шығыстары;
- 25-1) осы Кодекстің 100-бабының 4-тармағына сәйкес жүргізілген, оқытуға арналған шығыстар;
- 26) жұмыс берушінің вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдарға өндіріс объектісінде болу кезеңінде жұмыстарды орындауы мен ауысымаралық демалысы үшін жағдай жасай отырып, олардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін тұрғын үй жалдауына және осы Кодекстің 93-бабына сәйкес белгіленген тәулікақы шегінде тамақтануға арналған шығыстары; қызметкерлерді Қазақстан Республикасында тұратын (келген) жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуге байланысты шығыстар;
- 26-1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;
- 27) алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 9 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 28) білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік стипендияларға арналған мөлшерде төленетін стипендиялар;
- 29) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар бойынша берілген арнаулы киімнің, арнаулы аяккіімнің, басқа да жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдарының, сабынның, зарарсыздандыру құралдарының, сүт немесе құндылығы соған тең басқа да емдеу-профилактикаға арналған азық-түлік өнімдерінің құны;
- 30) өздерінің қызметін жүзеге асыру мақсатында жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат алған мүлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылған, жинақтаушы зейнетақы қорлары төлейтін зейнетақы жинақтары қоспағанда, жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны;
- 31) ізгілік, қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны;
- 31-1) он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагеріне жолдамалардың құны;
- 32) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдері;
- 33) осы Кодекстің 161-бабында көзделген табыстарды қоспағанда, сақтандырудың кез келген түрі кезінде төленетін, шарттың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру оқиғасына байланысты сақтандыру төлемдерінің сомалары;
- 34) өз қызметкерлерін міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жұмыс беруші төлейтін сақтандыру сыйлықақыларының сомалары;
- 35) төлем көзінен салық ұсталғандығын растайтын құжаттар болған жағдайда, бұрын төлем көзінен салық салынған дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар сомалары;
- 36) материалдық нұқсанның орнын толтырудың сот шешімі бойынша тағайындалған сомалары;
- 37) жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жасасқан сақтандыру сыйлықақыларын (аннуитет) төлеу үшін өмірді сақтандыру жөнінде сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетақы жинағының сомалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымдарына бағытталған, зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша сатып алу сомалары;
- 38) сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;
- 39) жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшердегі ерікті кәсіби зейнетақы жарналары;
- 40) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісіне сәйкес жария етілген кірістері;
- 41) міндетті зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде уақтылы ұстамағаны (есептемегені) және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларына аудармағаны үшін есептелген өсімпұл сомалары.

## 2. (алып тасталды)

*Ескерту. 144-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.10. N 483, 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.12.23. N 107 (қолданы-*

сқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.05. N 158 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 1 сәуірде өзінің қолданылуын тоқтатады), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.19. N 9 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### 145-бап. Салық ставкалары

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген табыстарды қоспағанда, салық төлеушінің табыстарына 10 проценттік ставка бойынша салық салынуға тиіс.
2. Сыйақылар (жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сыйақыларды қоспағанда), ұтыстар түріндегі табыстарға 10 проценттік ставка бойынша салық салынады.
3. Дивидендтер түріндегі табыстарға 5 проценттік ставка бойынша салық салынады.

*Ескерту. 145-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 24-тарау. Төлем көзінен салық салынатын табыстар

#### 146-бап. Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстары

Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстарына:

- 1) қызметкердің табысы;
- 2) біржолғы төлемдерден алынған табыс;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақы төлемдері;
- 4) дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс;
- 5) стипендиялар;
- 6) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табысы жатады.

#### 147-бап. Салықты есептеу және төлеу

1. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық агенттері жеке табыс салығын есептеу мен ұстап қалуды төлем көзінен салық салынатын табыс төленетін күннен кешіктірмей жүргізеді.
2. Салық агенттері, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, төленген кірістер бойынша салықты аударуды төлем төленетін айдан кейінгі айдың 20-ына дейін өзінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.
  - 2-1. Салық агенттері тиісті бюджеттерге құрылымдық бөлімшелер бойынша салық төлеуді олардың орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.
3. Осы Кодекстің 378-бабының 1-тармағында және 385-бабының 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша арнаулы салық режимдерін қолданатын салық агенттерінің жеке табыс салығын төлеу тәртібі мен мерзімдері осы Кодекстің 383 және 390-баптарында белгіленген.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық агенттерінің жеке табыс салығын төлеу тәртібі мен мерзімдері осы Кодекстің 377-1-бабында белгіленген.
4. Депозитарлық қолхат бойынша кірістер төлеу көзі осындай депозитарлық қолхаттың базалық активінің эмитенті болып табылады.

*Ескерту. 147-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### 148-бап. Жеке табыс салығы бойынша есеп-қисап

1. Салық агенттері жеке табыс салығы бойынша есеп-қисапты салық органына салық төленетін жер бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

Жеке табыс салығы бойынша есеп-қисапқа қосымшада, осы Кодекстің 144-бабы 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген кірістерді, сондай-ақ құмар ойында және (немесе) бәс тігуде алынған мүлктік пайда түріндегі кірістерді қоспағанда, жеке тұлғаның төленген кірістері туралы мәліметтер көрсетіледі.
2. Осы Кодекстің 378-бабының 1-тармағында және 385-бабының 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша арнаулы салық режимдерін қолданатын салық агенттері жеке табыс салығы бойынша есеп-қисапты осы Кодекстің 384 және 390-баптарына сәйкес табыс етеді.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық агенттерінің жеке табыс салығы бойынша есепті табыс етуі осы Кодекстің 377-1-бабына сәйкес жүргізіледі.

*Ескерту. 148-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

## Параграф 1. Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысы

### 149-бап. Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысы

1. Қызметкердің жұмыс беруші есептеген, осы Кодекстің 152-бабында көзделген салық шегерімдері сомасына азайтылған табыстары төлем көзінен салық салынатын табысы болып табылады.
2. Жұмыс беруші материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде берген табыстарды қоса алғанда, жұмыс беруші төлейтін ақшалай немесе заттай нысандағы кез келген табыстар қызметкердің табыстарына жатады.

### 150-бап. Қызметкердің заттай нысандағы табысы

1. Қызметкердің заттай нысанда алған табысына:

- 1) заттай нысандағы еңбекақы;
  - 2) қызметкер алған тауарлар, қызметкердің мүддесін көздеп орындалған жұмыстар, қызметкерге өтеусіз негізде көрсетілген қызметтер;
  - 3) қызметкердің үшінші тұлғалардан алған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құнын жұмыс берушінің төлеуі кіреді.
2. Қосылған құн салығы мен акциздердің тиісті сомасын қоса алғанда, заттай нысандағы тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны қызметкердің осындай нысандағы табысы болып табылады.

### 151-бап. Қызметкердің материалдық пайда түріндегі табысы

Қызметкердің материалдық пайда түрінде алған табысы мыналарды да қамтиды:

- 1) қызметкерге сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны мен осы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу бағасы немесе олардың өзіндік құны арасындағы теріс айырма;
- 2) жұмыс берушінің шешімі бойынша қызметкердің оның алдындағы қарызының немесе міндеттемесінің сомасын есептен шығару;
- 3) жұмыс берушінің өз қызметкерлерінің сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге жұмсаған шығыстары;
- 4) жұмыс берушінің қызметкердің өз қызметіне байланысты емес шығындарының орнын толтыруға жұмсаған шығыстары.

*Ескерту. 151-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.*

### 152-бап. Салық шегерімдері

1. Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысын анықтау кезінде салық жылы ішіндегі әрбір ай үшін шегерімге мыналар жатқызылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актісінде табысты есептеудің тиісті айға белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріндегі сома;
- 2) алып тасталды

Бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін ерлі-зайыптылар, балалары мен ата-анасы (оның ішінде уақытша болмағандар) отбасы деп танылады.

Асырауындағы адам, салық төлеушінің табысы есебінен өмір сүретін және айына бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын жеке табыс көзі жоқ, салық төлеушінің отбасы мүшесі;

- 3) жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде төленетін міндетті зейнетақы жарналары.
- 4) өз пайдасына енгізген ерікті зейнетақы жарналары;
- 5) алынып тасталды
- 6) жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақылары;

- 7) жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен алған заемдары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалған сомалар.

1-1. Жарты айдан аз жұмыс істеген қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысын айқындау кезінде, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шегерім жүргізілмейді.

2. Салық төлеушіге осы баптың 1-тармағының 1), 4), 6), 7) тармақшаларына сәйкес шегерім жасау құқығы өзі берген өтініштің және салық төлеуші табыс еткен растаушы құжаттардың негізінде жұмыс берушілердің бірінен алатын табыстары бойынша беріледі.

*Ескерту. 152-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.02. N 272 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **153-бап. Салықты есептеу және ұстап қалу**

1. Қызметкердің табысы бойынша жеке табыс салығының сомасы қызметкердің салық жылы ішінде төлем көзінен салық салынатын табысына осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы қолдану жолымен есептеледі.

2. Жеке табыс салығын есептеу және ұстап қалу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ай сайын жүргізіледі.

3. алып тасталды

*Ескерту. 153-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **153-1-бап. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар табыстарының жекелеген түрлерінен жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі**

1. Осы Кодекстің 178-бабының 14), 16) және 17) тармақшаларында көрсетілген Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеуді, төлеуді, сондай-ақ салық есептілігін беруді салық агенті осы Кодекстің 187-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар орындалған жағдайда, осы Кодекстің 152-бабында белгіленген салық шегерімдерін ескере отырып, осы Кодекстің 187-1, 188-баптарына сәйкес жүргізеді.

2. Осы Кодекстің 187-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар орындалмаған кезде осы баптың 1-тармағында көрсетілген резидент жеке тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеуді, ұстауды және төлеуді салық агенті осы Кодекстің 147 және 153-баптарына сәйкес жүргізеді.

3. Салық агенті күнтізбелік жыл ішінде осы бапта және осы Кодекстің 153-бабында белгіленген жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртіптерінің біреуін ғана қолдануға құқылы.

Жеке табыс салығын есептеудің және төлеудің таңдап алынған тәртібі күнтізбелік жыл ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

4. алып тасталды

*Ескерту. 153-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **Параграф 2. Төлем көзінен салық салынатын біржолғы төлемдерден түскен табыс**

#### **154-бап. Біржолғы төлемдерден түскен табыс Біржолғы төлемдерден түскен табысқа, мыналарды:**

1) дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустар мен адвокаттарға өздерінің қызметіне байланысты табыстар бойынша төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғаларға біржолғы талон негізінде арнайы салық режимін пайдалана отырып, қызметін жүзеге асыруға байланысты табыстар бойынша төлемдерді;

2) жеке тұлғалардан мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік, механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді сатып алғаны үшін оларға төленетін төлемдерді қоспағанда, салық төлеушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық агенттерімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табысы, сондай-ақ жеке тұлғаларға төленетін басқа да біржолғы төлемдер жатады.

*Ескерту. 154-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен. 155-бап. Салық сомасын есептеу*

Жеке табыс салығының сомасы төлем көзінен салық салынатын біржолғы төлемдерден түскен табысқа 145-баптың 1-тармағында белгіленген ставканы қолдану жолымен есептеледі.

*Ескерту. 155-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **Параграф 3. Төлем көзінен салық салынатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері**

#### **156-бап. Төлем көзінен салық салынатын зейнетақы төлемдері**

Төлем көзінен салық салынатын зейнетақы төлемдеріне салық төлеушілердің зейнетақы жинақтамаларынан жинақтаушы зейнетақы қорлары табыс есептеудің әрбір айы үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріндегі сомаға азайтылған төлемдер жатады.

*Ескерту. 156-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **157-бап. Салық сомасын есептеу**

Жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 153-бабына сәйкес белгіленген тәртіппен есептеледі.

### **Параграф 4. Төлем көзінен салық салынатын дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс**

#### **158-бап. Салық сомасын есептеу**

1. Жеке табыс салығының сомасы жеке тұлғаларға төленетін дивидендтер, сыйақылар мен ұтыстар түріндегі табыстарға 145-баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген ставкаларды қолдану жолымен есептеледі және осы Кодекстің 146-148-баптарына сәйкес ұсталады.

2. Ұтысты, сыйақыны төлеу кезінде ұсталған салық сомасы төлем көзінен осы салықты ұстап қалуын растайтын құжаттар болғанда салықтарды есептеу шығару мен төлеуді жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын дара кәсіпкер салық кезеңі үшін есептеген жеке табыс салығының есебіне жатқызылады.

*Ескерту. 158-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **Параграф 5. Стипендиялар**

#### **159-бап. Стипендиялар**

Осы Кодекстің 144-бабының 28) тармақшасында көзделген сомаларды қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқып жүргендерге төлеуге арналған ақша сомасы, сондай-ақ мәдениет, ғылым қайраткерлеріне, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және басқа жеке тұлғаларға төлеуге арналған ақша сомасы табыс көзінен салық салынатын стипендия болып табылады.

#### **160-бап. Салық сомасын есептеу**

Жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы төленетін стипендия сомасына қолдану жолымен есептеледі.

*Ескерту. 160-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **Параграф 6. Төлем көзінен салық салынатын, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс**

#### **161-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс**

1. Сақтандыру сыйлықақылары:

жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтары есебінен;

жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақылары жұмыс берушінің жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жұмыскердің пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықтары есебінен;

жұмыс берушінің жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жұмыскердің пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықтары есебінен төленген, сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табысы болып табылады.

1-1. Жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстарына осындай шарттар мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда төленетін сатып алу сомасы жатады.

2. Жеке тұлғалардың жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табысына сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері сомасының сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан асып кеткен сомасы да жатады.

*Ескерту. 161-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **162-бап. Салық сомасын есептеу**

Жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төленетін табыс сомасына қолдану жолымен есептеледі.

*Ескерту. 162-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## **25-тарау. Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар**

#### **163-бап. Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар**

Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынбайтын табыстарына, табыстардың мынадай түрлері:

- 1) мүлдіктік табыс;
- 2) жеке кәсіпкердің осы Кодекстің 169-бабына сәйкес айқындалатын табысы;
- 3) адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы;
- 4) осы Кодекстің 170-бабына сәйкес белгіленетін өзге де табыстар жатады.

*Ескерту. 163-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **164-бап. Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар бойынша жеке табыс салығын есептеу**

1. Осы Кодекстің 168-бабына сәйкес есептелетін адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстарын қоспағанда, төлем көзінен салық салынбайтын табыстар бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық төлеуші 152-бапқа сәйкес белгіленген салықтық шегерімдер сомасына азайтылған, төлем көзінен салық салынбайтын табыс сомасына 145-баптың 1-тармағында белгіленген ставканы қолдану жолымен дербес жүргізеді.

2. Салық төлеушіде төлем көзінен салық салынбайтын табыстардың бірнеше түрі болған кезде, адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстарын қоспағанда, салық төлеуші жеке табыс салығын есептеуді осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы төлем көзінен салық салынбайтын барлық табыс түрлерінің сомасына қолдану жолымен дербес жүргізеді.

3. Мынадай резидент жеке тұлғалар:

- 1) арнайы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлер;
- 2) резидент болып табылатын және табысты Қазақстан Республикасындағы төлем көзінен жеке табыс салығы салынбайтын қызметті жүзеге асырудан алатын шет мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар;
- 3) салық агенттері болып табылмайтын тұлғаларға Қазақстан Республикасында қызметтер көрсетуден, жұмыстар орындаудан табыс алатын Қазақстан Республикасының азаматтары жеке табыс салығын аванстық төлемдерді енгізу арқылы төлейді.

Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеу мен төлеуді, сондай-ақ салық есептілігін беруді осы тармақтың 1) және 3) тармақшаларында айқындалған тұлғалар салық кезеңі ішінде осы Кодекстің 126 және 127-баптарына сәйкес жүргізеді.

Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеу мен төлеуді, сондай-ақ салық есептілігін беруді осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған тұлға салық кезеңі ішінде осы Кодекстің 191 және 192-баптарында белгіленген тәртіппен мерзімдерде жүргізеді.

*Ескерту. 164-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **165-бап. Салық төлеу мерзімдері**

1. Салық төлеуші осы Кодексте белгіленген жағдайларда енгізілген аванстық төлемдерді есептей отырып, салық жылының қорытындысы бойынша жеке табыс салығын төлеуді жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей дербес жүзеге асырады.

2. Арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлер осы Кодекстің 163-бабының 2) тармақшасында көрсетілген табыс бойынша жеке табыс салығын 368-384, 391-397-баптарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлейді.

## Параграф 1. Мүліктік табыс

### 166-бап. Мүліктік табыс

1. Салық төлеушілердің мүліктік табысына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынған мүлікті қоспағанда, кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын:

а) бір жылдан аз уақыт меншік құқығында болған жылжымайтын мүлікті;

б) бағалы қағаздарды, сондай-ақ заңды тұлғадағы қатысу үлесін;

в) қымбат бағалы тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында қымбат бағалы тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындылары мен антиквариаттарды;

г) мемлекеттік тіркеуге жататын және бір жылдан кем емес уақыт меншік құқығындағы немесе механикалық көлік құралын және (немесе) тіркемелерді иеліктен айыру құқығымен басқаруға сенімхат негізінде алынған механикалық көлік құралдарын және тіркемелерді сату кезіндегі олардың құнының өсімі;

2) осы Кодекстің 154, 155-баптарына сәйкес төлем көзінен салық салынатын табысты қоспағанда, мүлікті жалға беруден алынған табыс жатады.

2. Мүлікті сату құны мен оны сатып алу құны арасындағы оң айырма, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен алынған, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген табыс болып табылады.

Сатып алу құны болмаған жағдайда мүлікті сату құны мен бағалау құны арасындағы оң айырма құн өсімі болып табылады.

3. Бағалы қағаздарды сату кезіндегі құнның өсімі осы Кодекстің 82-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленеді.

*Ескерту. 166-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (құшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## Параграф 2. Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы

### 167-бап. Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы

Заң көмегін, нотариаттық іс-әрекеттер ақысын қоса алғанда, адвокаттық және нотариаттық қызметті жүзеге асырудан түскен табыстардың барлық түрлері, сондай-ақ қорғау мен өкілдікке байланысты шығыстардың орнын толтырудан алынған сомалар адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы болып табылады.

### 168-бап. Салықты есептеу және төлеу

1. Адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы алынған табыс сомасына қолдану жолымен ай сайын есептеледі.

2. Есепті ай үшін жеке табыс салығының сомасы есепті айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірілмей төленуге тиіс.

*Ескерту. 168-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## Параграф 3. Жеке кәсіпкердің табысы

*Ескерту. 3-параграфқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 169-бап. Дара кәсіпкердің табысы

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, дара кәсіпкердің табысы осы Кодекстің 79-124, 130-баптарына сәйкес есептеледі.

2. Арнайы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлердің табысы осы Кодекстің 15-тарауына сәйкес айқындалады.

*Ескерту. 169-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## Параграф 4. Басқа табыстар

**170-бап. Төлем көзінен салық салынбайтын басқа табыстар**

Төлем көзінен салық салынбайтын басқа табыстарға, осы Кодекстің 149-162-баптарында көрсетілмеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған табыстар жатады.

*Ескерту. 170-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**26-тарау. Жеке табыс салығы бойынша декларация****171-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларация**

1. Жеке табыс салығы бойынша декларацияны мына резидент салық төлеушілер:

- 1) төлем көзінен салық салынбайтын табыстары барлар;
  - 2)
  - 3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден табыстар алатын жеке тұлғалар;
  - 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетел банктеріндегі шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар;
  - 5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң актілеріне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес декларация беру жөнінде міндеттеме жүктелген адамдар;
  - 6) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, судьялар;
  - 7) осы Кодекстің 144-бабының 12) тармақшасында көрсетілген, табыстары олар үшін белгіленген салық салынбайтын шектен асып кеткен жеке тұлғалар табыс етеді.
2. Осы Кодекстің 144-бабының 6) тармақшасында көрсетілген жеке тұлғалар жеке табыс салығы бойынша декларацияны уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұсынады.

*Ескерту. 171-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.03.26. N 240 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**172-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларация табыс ету мерзімдері**

1. Қазақстан Республикасының сайлау туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке табыс салығы бойынша декларация есепке тіркелген орны бойынша салық органына салық жылынан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.
2. Арнаулы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер арнаулы салық режимі қолданылатын қызметінен түскен табыстарынан жеке табыс салығы бойынша декларация табыс етпейді.

*Ескерту. 172-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**173-бап. Шетел салығын есепке алу**

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерле төленген жеке табыс салығының сомалары осы Кодекстің 129-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке алынады.

Салықтан есепке алынатын сомасының мөлшері осы Кодексте белгіленген жеке табыс салығының ставкасын қолдана отырып, осы табыстан Қазақстан Республикасында есептелуі мүмкін салық сомасынан аспауға тиіс.

*Ескерту. 173-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**174-бап. Салық төлемінің расталмауы**

171-баптың 2), 3), 5) және 6) тармақшаларына сәйкес жеке табыс салығы бойынша декларация тапсырушы салық төлеушілер жеке табыс салығын төлегенін растамаған жағдайларда, жеке табыс салығын есептеу жеке табыс салығы төленгені расталмаған табыс сомасына осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы қолдану жолымен жүргізіледі.

*Ескерту. 162-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 7-бөлім. Резидент еместердің табысына салық салу ерекшеліктері

### 27-тарау. Жалпы ережелер

#### 175-бап. Жалпы ереже

Осы бөлім резидент емес жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын табыстарына корпорациялық және жеке табыс салығын салу ерекшеліктерін ашады.

#### 176-бап. Резиденттер мен резидент еместер

1. Қазақстан Республикасында тұрақты болатын немесе өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында орныққан немесе осы баптың 4-тармағында аталған жеке тұлғалар осы Кодекстің мақсатында Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылады.

2. Жеке тұлға ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген үздіксіз он екі айлық кезеңде кемінде бір жүз сексен үш күнтізбелік күн Қазақстан Республикасында болса, ол ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында тұрақты болатын жеке тұлға деп танылады.

Егер ағымдағы салық кезеңінде және өткен екі салық кезеңінде Қазақстан Республикасында болған күндердің санына мынадай: ағымдағы салық кезеңінде болған күндердің санына - 1;

өткен бірінші салық кезеңінде болған күндердің санына - 1/3;

өткен екінші салық кезеңінде болған күндердің санына - 1/6 коэффициенттерін әрбір салық кезеңіне қолдана отырып анықталған күндердің саны кемінде бір жүз сексен үш күнтізбелік күн болған жеке тұлға да ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында тұрақты болатын жеке тұлға деп танылады.

Егер жеке тұлға ағымдағы салық кезеңінде Қазақстан Республикасында отыз күнтізбелік күннен аз тұрған болса, онда мұндай жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрақты болатын адам деп танылмайды.

Егер жеке тұлға Қазақстан Республикасында болуы аяқталатын жылдан кейінгі жылда резидент болмаса, ол тұлға Қазақстан Республикасында болатын соңғы күнінен кейінгі кезең үшін осы тармақтың мақсатында резидент емес ретінде қаралады.

3. Мынадай шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда:

1) жеке тұлға Қазақстан Республикасының азаматы болса немесе оның Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (ықтиярхаты) болса;

2) жеке тұлғаның отбасы және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Республикасында тұрса;

3) кез келген уақытта жеке тұлғаның тұруы және (немесе) оның отбасы мүшелерінің тұруы үшін оған және (немесе) оның отбасы мүшелеріне жеке меншік құқығындағы немесе өзге де негіздерде тиесілі жылжымайтын мүлкі Қазақстан Республикасында бар болса, жеке тұлғаның өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында орныққан деп қарастырылады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдамай, Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат ету туралы өтініш берген мынадай жеке тұлғалар:

мемлекеттік билік органдары шет елге іссапарға жібергендер, оның ішінде дипломатиялық, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ аталған жеке тұлғалардың отбасы мүшелері;

тұрақты халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына немесе азаматтарына тиесілі көлік құралдарының экипаж мүшелері;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан әскери базалардың, әскери бөлімдердің, топтардың, контингенттердің немесе құрамалардың әскери қызметшілері мен азаматтық қызметкерлері;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан және Қазақстан Республикасының меншігі немесе Қазақстан Республикасының субъектілері болып табылатын объектілерде (оның ішінде концессиялық шарттар негізінде) жұмыс істейтіндер;

оқу немесе практикадан өту мақсатымен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде жүрген студенттер, стажерлар мен практиканттар оқу немесе практикадан өтудің бүкіл кезеңінде;

сабақ беру, консультациялар беру немесе ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру мақсатымен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде жүрген оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер сабақ берудің немесе аталған жұмыстарды орындаудың бүкіл кезеңінде Қазақстан Республикасында тұрған уақытына және осы бапта көзделген басқа да өлшемдерге қарамастан резидент жеке тұлғалар деп танылады.

5. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және (немесе) өздерінің тиімді басқару орны (нақты басқару органдары) Қазақстан Республикасында орналасқан өзге заңды тұлғалар да осы Кодекстің мақсатында резиденттер деп танылады.

Негізгі басқаруды жүзеге асыратын және заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажет стратегиялық коммерциялық шешімдерді қабылдайтын орын тиімді басқару орны (нақты басқару органы) деп танылады.

6. Осы баптың ережелеріне сәйкес резидент болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалар осы Кодекстің мақсатында резидент емес деп танылады.

#### **177-бап. Резидент еместің тұрақты мекемесі**

1. Кәсіпкерлік қызметті, оның ішінде уәкілетті тұлға арқылы жүзеге асырылатын қызметті толық немесе ішінара жүзеге асыратын тұрақты қызмет орны, атап айтқанда:

1) қызметті жүзеге асыру мерзімдеріне қарамастан, тауарларды өндірумен, ұқсатумен, жинақтаумен, орап-буумен, берумен, өткізумен байланысты қызмет жүзеге асырылатын кез келген орын;

2) қызметті жүзеге асыру мерзімдеріне қарамастан, резидент еместің кез келген басқару орны, филиалы, бөлімшесі, өкілдігі, бюросы, кеңсесі, офісі, кабинеті, агенттігі, фабрикасы, шеберханасы, цехы, зертханасы, дүкені, қоймасы;

3) қызметті жүзеге асыру мерзімдеріне қарамастан, көмірсутектерін өндіру орындарын қоса алғанда, табиғи ресурстарды өндірумен байланысты қызметті жүзеге асыратын кез келген орын: шахта, кеніш, мұнай және (немесе) газ скважинасы, карьер, жер үсті немесе теңіз мұнаралары және (немесе) скважиналары;

4) қызметті жүзеге асыру мерзімдеріне қарамастан, құбырмен, газ құбырымен, табиғи ресурстарды барлаумен және (немесе) игерумен, құрал-жабдықтарды орнатумен, монтаждаумен, құрастырумен, жөнге келтірумен, іске қосумен және (немесе) қызмет көрсетумен байланысты қызметті жүзеге асыратын (оның ішінде бақылау және байқау қызметін жүзеге асыратын) кез келген орын;

5) қызмет көрсету мерзімдеріне қарамастан, ойын автоматтарын (жалғамаларын қоса), компьютерлік желілер мен байланыс арналарын, аттракциондарды, көлік немесе өзге де инфрақұрылымды пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыратын кез келген тұрақты орын резидент еместің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі деп танылады.

1-1. Қазақстан Республикасында қызмет көрсету кезінде резидент емес осындай мақсат үшін жалдаған қызметшілер немесе басқа персонал арқылы қызмет көрсететін орын, егер осындай сипаттағы қызмет Қазақстан Республикасында күнтізбелік алпыс күннен астам кезең бойы жалғасатын болса, тұрақты қызмет орны болып танылады.

2. Құрылыс алаңы, монтаждау немесе құрастыру объектісі, жобалау жұмыстарын жүргізу, жұмысты жүзеге асыру мерзімдеріне қарамастан, тұрақты мекеме құрады.

Бұл ретте, атап айтқанда, жылжымайтын мүлік объектілерін тұрғызу және (немесе) қайта жаңарту жөніндегі қызметті жүзеге асыру, оның ішінде үйлер, ғимараттар салу және (немесе) монтаждау жұмыстарын жүргізу, көпірлер, жолдар, каналдар салу және (немесе) қайта жаңарту, құбырлар тарту, энергетикалық, технологиялық немесе өзге де жабдықтарды және (немесе) басқа да осыған ұқсас жұмыстарды жүзеге асыру орны құрылыс алаңы (объектісі) деп түсініледі.

Құрылыс алаңы (объект) пайдалануға берілген объектіні (орындалған жұмыстың көлемін) қабылдау туралы актіге қол қойылған және құрылысқа толық ақы төленген күннен кейінгі күннен бастап өзінің іс-әрекетін тоқтатады.

3. Резидент емес, сондай-ақ, егер:

1) уәкілетті тұлға арқылы Қазақстан Республикасында тәуекелді сақтандырушы немесе қайта сақтандыруды жүзеге асырса;

2) алып тасталды

3) алып тасталды

4) Қазақстан Республикасында ақылы негізде және (немесе) тауарлар сатуды іске асыратын көрме өткізсе;

5) резидентке немесе резидент емеске шарт қатынастары негізінде Қазақстан Республикасында оның мүддесін білдіруге, іс-әрекет жүргізуге немесе оның атынан келісім-шарт (шарт, келісім) жасасуға құқық берсе, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрады.

4. Осы бапта көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезіндегі он екі ай кезең шегіндегі уақытша үзілістер және маусымдық үзілістер тұрақты мекемені таратуға әкеп соқпайды.

5. Осы резидент еместің атынан келісім-шартқа қол қоюға уәкілеттік берілмеген тәуелсіз делдал (тапсырма, комиссия, консигнация шарты немесе басқа да осыған ұқсас шарт негізінде жұмыс істейтін брокер және (немесе) өзге де тәуелсіз агент) арқылы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес тұрақты мекеме құрушы ретінде қарастырылмайды.

Өзінің әдеттегі (негізгі) қызметі аясында әрекет ететін және резидент еместен заң жағынан да, экономикалық жағынан да тәуелсіз болып табылатын тұлға тәуелсіз делдал деп түсініледі.

6. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған резидент емес заңды тұлғаның еншілес ұйымы, егер еншілес және негізгі ұйымдардың арасында осы баптың 3-тармағы 5) тармақшасының ережелеріне сай келетін қатынастар туындамаса, өзінің негізгі ұйымының тұрақты мекемесі ретінде қарастырылмайды.

6-1. Өзге де заңды тұлғаға, оның ішінде тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емеске Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеу үшін шетелдік персоналды ұсыну жөнінде қызметтер көрсететін резидент емес мынадай шарттарды бір мезгілде орындаған кезде:

егер мұндай персонал тек өзін ұсынған заңды тұлғаның атынан және оның мүдделерін көздеп әрекет етсе;

шетелдік персоналды ұсыну жөнінде қызмет көрсететін резидент емес осындай персоналдың Қазақстан Республикасында орындайтын жұмыс нәтижелеріне жауапты болмаса;

шетелдік персоналды ұсыну жөнінде қызмет көрсетуден алынатын резидент еместің табысы осындай персоналдың өзін ұсынған заңды тұлғаның атынан және оның мүдделерін көздеп өз міндеттерін орындаған уақытын ескере отырып анықталса және резидент емес тұлғаның осындай персоналды ұсыну шығындары жалпы сомасының он процентінен аспауға тиіс болса, Қазақстан Республикасындағы осындай қызметтер бойынша тұрақты мекеме құрмайды.

Шетелдік персоналды ұсыну жөнінде қызмет көрсетуге арналған шығындардың жалпы сомасын растау үшін резидент емес қызмет көрсетуді алушыға есеп құжаттамасының көшірмелерін табыс етуі міндетті.

Осы тармақта белгіленген шарттар орындалған кезде және резидент емес шетелдік қызметкерді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ұсыну жөніндегі қызметтер көрсеткен жағдайда резидент еместің мұндай қызметтері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде көрсетілген қызметтер болып табылады.

7. Резидент еместің қызметі оның салық органында тіркеу есебіне тұруына немесе тұрмауына қарамастан, осы баптың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құрады.

*Ескерту. 177-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **178-бап. Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табыстары**

Табыстардың мынадай түрлері:

1) Қазақстан Республикасында тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыстар;

2) нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге немесе резидент еместерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызметтерден, бағдарламалық өнімдерді демеу және қолдау бойынша қызмет көрсетуден алынатын табыстар;

2-1) осы Кодекстің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалар алған, қызметтердің нақты көрсетілген жеріне қарамастан (Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы осындай тұрақты мекемелермен байланысты қызмет көрсету бойынша қызметін жүзеге асыратын резиденттерге немесе резидент еместерге) қызметтер көрсетуден түсетін табыстар;

3) Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікті өткізу;

резиденттер шығарған бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан резидент-заңды тұлғаға, консорциумға немесе мүлікке қатысу үлесін өткізу;

егер резидент емес заңды тұлғаның акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 процентінен астамын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент еместер шығарған осындай акцияларды, сондай-ақ, резидент емес заңды тұлғаға қатысу үлестерін өткізу;

резидент еместер шығарған және Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберілген борыштық бағалы қағаздарды өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен түскен табыстар;

4) Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне байланысты резиденттің немесе резидент еместің борышты қайтаруды талап ету құқығын басқаға беруден түскен табыстар;

4-1) борышты талап етуді алу орнына қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резиденттен немесе резидент еместен борышты талап ету құқығын алу кезінде борышты талап ету құқықтарын басқаға беруден түсетін табыстар;

- 5) резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша міндеттемелерін резиденттер мен резидент еместердің орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар);
- 6) резидент заңды тұлғадан дивидендтер түрінде түсетін табыстар;
- 7) мыналардан:  
резиденттерден;  
егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;
- 8) мыналардан:  
резидент - эмитенттерден;  
егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;
- 9) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резиденттерден немесе резидент еместерден алынатын роялти түріндегі табыстар;
- 10) Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;
- 11) Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;
- 12) Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;
- 13) тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;
- 14) Қазақстан Республикасында еңбек шарты бойынша қызметтен түскен табыстар;
- 15) осындай тұлғаларға резидент заңды тұлғаға қатысты жүктелген басқару міндеттерін орындауға байланысты басшылардың қаламақылары және (немесе) басқару органының директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органының мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте осындай тұлғалардың басқару міндеттемелерін іс жүзінде орындаған жер маңызды емес;
- 16) Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;
- 17) материалдық, әлеуметтік игіліктер үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстардың өтем нысанындағы табыстары немесе Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың өзге де материалдық пайдалары, оның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға жұмсалған шығыстар, отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;
- 18) резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;
- 19) кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне:  
театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;
- 20) резиденттер төлейтін ұтыстар;
- 21) Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;
- 22) Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін табыстар;
- 23) Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған табыстар;
- 24) Қазақстан Республикасы жасасқан және ратификациялаған халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасында салық салу құқығы көзделген, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстары деп танылады.

*Ескерту. 178-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.*

28-тарау. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың табыстарына салық салу тәртібі

### 179-бап. Төлем көзінен табыс салығын есептеу мен ұстаудың тәртібі

1. Резидент емес заңды тұлғаның осы Кодекстің 178-бабында белгіленген, Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемемен байланысты емес табыстарына осы Кодекстің 180-бабында белгіленген ставкалар бойынша шегерімді жүргізбестен төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс.

2. Қолма-қол және (немесе) қолма-қол емес нысандарда ақша, бағалы қағаздар, қатысу үлесін, тауарлар, мүлік беру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету, табыс алушы резидент еместің борышты талап етуін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент еместің алдындағы табыстарды төлеу жөніндегі берешекті өтеу есебіне жүргізілетін есептен шығару немесе есепке алу табысты төлеу деп түсініледі.

3. Төлем көзінен салық салуға мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағына сыртқы сауда операциялары бойынша тауарларды жеткізумен байланысты төлемдер;
- 2) резидент банктердің корреспонденттік шоттарын ашуға және жүргізуге, олар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға, сондай-ақ халықаралық төлем карточкалары арқылы есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты қызмет көрсетуден түскен табыстар;
- 3) бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түскен табыстар;
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигацияларымен жүргізілген операциялардан түскен табыстар;
- 4-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтер, сыйақылар;
- 5) біртұтас құбыр жүйесі бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тасымалданатын шикі мұнай сату құнының сапасы бойынша түзетуге байланысты төлемдер;
- 6) сатып алушы-резиденттер борыштық бағалы қағаздар бойынша оларды сатып алу кезінде резидент еместерге төлеген жинақталған (есептелген) сыйақылар сомасы;
- 7) Осы Кодекстің 198-бабына сәйкес резидент еместің шартты банк салымдары бойынша сыйақылары;
- 8) халықаралық қаржы лизинг шарттары бойынша қаржы лизингіне негізгі қаражатты беруден түскен табыстар;
- 9) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, осы Кодекстің 178-бабының 2) және 2-1) тармақшаларында көрсетілмеген жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар жатпайды.

4. Резидент еместің өз табыстарын үшінші тұлғалардың және (немесе) басқа мемлекеттердегі өз бөлімшелерінің пайдасына жұмсауына қарамастан, резидент еместің табыстарына төлем көзінен салық салынады.

4-1. алып тасталды - 2005.12.23. N 107 Заңымен.

5. алып тасталды

6. Мемлекеттік бюджетке төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу бойынша міндет пен жауапкершілік табыстарды төлеуші тұлғаға (соның ішінде Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес) жүктеледі. Осындай тұлға осы Кодекстің 10-бабы 1-тармағына сәйкес салық агенті болып танылады.

Егер резидент еместің қызмет кезеңі тұрақты мекеме құру үшін белгіленген мерзімнен асып кетсе, ол Қазақстан Республикасында қызмет атқара бастаған кезден бастап салық агенті болып танылады.

6-1. Депозитарлық қолхаттар бойынша табыстар төлеудің көзі осындай депозитарлық қолхаттардың базалық активінің эмитенті болып табылады.

7. Төлем көзінен табыс салығы табыс төлеуді жүзеге асырудың нысаны мен орнына қарамастан ұсталады.

*Ескерту. 179-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358, 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 180-бап. Төлем көзінен ұсталатын табыс салығының

ставкалары Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеге байланысты емес көздерден алатын табыстарының төлем көзіне мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

1) дивидендтер, сыйақылар 15 процент

2) тәуекелдерді сақтандыру шарттары

бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары 10 процент

3) тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары 5 процент

4) халықаралық тасымалдарда көлік қызметтерін көрсетуден түскен табыстар 5 процент

5) осы баптың 1)-4) тармақшаларында аталған табыстарды қоспағанда, осы Кодекстің 178-бабында белгіленген табыстар 20 процент

*Ескерту. 180-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **181-бап. Төлем көзінен табыс салығын аудару тәртібі мен мерзімдері**

1. Резидент емес заңды тұлғаның табыстарынан ұсталатын, төлем көзінен табыс салығын салық агенті мемлекеттік бюджетке:

- 1) табыстың есептелген және төленген сомасы бойынша - төлем төленген ай аяқталғаннан кейінгі жиырма жұмыс күні ішінде;
- 2) есептелген, бірақ шегерімге жатқызылған кезде төленбеген табыс сомасы бойынша - корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі он жұмыс күні ішінде аударуға тиіс.

Өтеу мерзімдері осы тармақшада белгіленген мерзім аяқталған соң басталатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларға осы тармақшаның ережелері қолданылмайды.

2. Резидент еместің табыстарынан ұсталатын төлем көзінен табыс салығының сомасын мемлекеттік бюджетке аударуды салық агенті орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға өзінің табыстарынан ұсталатын, төлем көзінен табыс салығының сомасын мемлекеттік бюджетке аударуды тұрақты мекеменің, филиалдың, өкілдіктің орналасқан жері бойынша жүргізеді.

*Ескерту. 181-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **182-бап. Салық есептілігін табыс ету**

Салық агенттері төлем көзінен табыс салығын ұстап қалу жөнінде міндеттеме туындаған есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей, тіркелген жері бойынша салық органдарына төлем көзінен алынған табыс салығы жөнінде тоқсан сайын есеп-қисапты табыс етуге міндетті.

Салық агенттері резидент еместің табыстары шегерімге жатқызылған есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей, тіркелген жері бойынша салық органдарына төлем көзінен ұсталған табыс салығы жөніндегі есеп-қисапты табыс етуге міндетті.

*Ескерту. 182-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **183-бап. Бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түскен табыстарға салынатын салықты есептеу мен төлеу ерекшеліктері**

1. Осы баптың 1-1-тармағында көрсетілген табыстарды қоспағанда, резидент еместің осы Кодекстің 178-бабының 3) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түскен табыстарына, осы Кодекстің 180-бабында белгіленген ставка бойынша салық салынуға тиіс.

1-1. Мыналар:

- 1) өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған акциялар мен облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түскен табыстар;
- 2) мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түскен табыстар салық салуға жатпайды.

2. Корпорациялық табыс салығын резидент емес заңды тұлға өз бетімен есептеп шығарады және салық осы Кодекстің 127-бабының 4-тармағымен белгіленген мерзімде, резидент-эмитент немесе мүлкі резидент емес заңды тұлғаның сатылған акциялары, қатысу үле-

стері немесе активтері құнының 50 процентінен астамын құрайтын резидент заңды тұлға тіркелген жері бойынша салық органына корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияны міндетті түрде табыс ете отырып, төленуге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес салық салуға жатпайтын кірістерді қоспағанда, резидент емес заңды тұлғаға бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістер төлейтін тұлға осы баптың 2-тармағында көрсетілген салық органын төлем сомасы туралы кіріс төленген кезден бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

*Ескерту. 183-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358, 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **29-тарау. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың табыстарына салық салу тәртібі**

### **184-бап. Қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның салық салынатын табысын анықтау ерекшеліктері**

1. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның салық салынатын табысын анықтау, корпорациялық табыс салығын есептеу мен төлеу тәртібі осы баптың және осы Кодекстің 79-135-баптарының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырудан алынатын табыстарына мыналарды:

1) осы Кодекстің 178-бабының 1)-22), 24) тармақшаларында көзделген, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын табыстарды;

2) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында көзделген, осы тармақтың 1) тармақшасына енгізілмеген, Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырудан туындайтын табыстарды;

3) Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметке баламалы немесе соған ұқсас қызметті жүзеге асырудан туындайтын табыстарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыруды бастаған кезден бастап тұрақты мекеменің қызметіне байланысты табыстардың барлық түрлері жатады.

3. алынып тасталды

4. Осы Кодекске сәйкес шегерімге жатқызылмайтын шығыстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен табыстар алуға тікелей байланысты шығыстар Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде жасалғанына қарамастан шегерімге жатады.

5. Резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемеге:

1) осы резидент емес заңды тұлғаның меншігін немесе санаткерлік меншігін пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін роялти, қаламақылар, алымдар және басқа да төлемдер;

2) қызмет көрсеткені үшін алынатын комиссиялық табыстар;

3) осы резидент емес заңды тұлға берген заемдар бойынша сыйақылар;

4) резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметінен табыстар алуымен байланысты емес шығыстар;

5) құжатпен расталмаған шығыстар;

6) резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде шеккен басқару және жалпыәкімшілік шығыстары ретінде ұсынылған соманы тұрақты мекемеден шегерімге жатқызуға құқығы жоқ.

*Ескерту. 184-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **185-бап. Резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырған қызметінен түскен таза табысына салық салу тәртібі**

1. Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырған қызметінен алынған таза табысына 15 проценттік ставка бойынша салық салынады.

Есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы алып тасталған салық салынатын табыс таза табыс деп танылады.

2. Таза табысқа есептелген салық сомасы корпорациялық табыс салығы жөніндегі декларацияда көрсетіледі.

3. Резидент емес заңды тұлға тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырған қызметінен түскен таза табысына корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі он жұмыс күні ішінде салық төлеуге міндетті.

#### **186-бап. Резидент емес заңды тұлғаның табыстарына жекелеген жағдайларда салық салу тәртібі**

1. Салық органында тіркемеген резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырған қызметінен алатын табыстарына төлем көзінен жиырма проценттік ставка бойынша шегерім жасалмай табыс салығы салынуға тиіс.

Бұл ретте салық агентінің төлем көзінен ұстаған табыс салығы тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместің салық міндеттемелерін өтеу шотының есебіне жатқызылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші куәлігінің нотариат куәландырған көшірмесі резидент емес заңды тұлғаның салық органында тіркелуін растау болып табылады.

*Ескерту. 186-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **30-тарау. Резидент емес жеке тұлғалардың табыстарына салық салу тәртібі**

#### **187-бап. Төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстау және төлеу тәртібі**

1. Резидент емес заңды тұлғаның осы Кодекстің 178-бабында белгіленген, осы тұлғаның тұрақты мекемесіне байланысты емес табыстарына, мыналарды:

- 1) осы баптың 2-тармағында көзделген табыстарды;
- 2) Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметтен түскен, салық салу тәртібі осы Кодекстің 189-бабында айқындалған табыстарды;
- 3) банк депозиттері бойынша сыйақыларды;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағына сыртқы сауда операциялары бойынша тауарларды беруге байланысты төлемдерді;
- 5) бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен түскен табыстарды;
- 5-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтерді, сыйақыларды;
- 6) мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигацияларымен жүргізілген операциялардан түскен табыстарды;
- 7) сатып алушы-резиденттер борыштық бағалы қағаздарды сатып алу кезінде резидент еместерге төлеген, олар бойынша жинақталған (есептелген) сыйақылар сомасын қоспағанда, осы Кодекстің 179-181-баптарында белгіленген тәртіпте және мерзімде төлем көзінен салық салынуға тиіс.

2. Резидент емес жеке тұлғаның осы Кодекстің 149-151-баптарында белгіленген өзге де табыстарын қоса отырып, осы Кодекстің 178-бабы 14)-18) тармақшаларында белгіленген табыстарына осы Кодекстің 147, 153-баптарының ережелерімен белгіленген тәртіпте және мерзімде, бірақ осындай табыстарға қатысты шегерімдерді жүзеге асырмай, төлем көзінен салық салынуға тиіс.

3. алынып тасталды

4. Мемлекеттік бюджетке төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу жөніндегі міндеттеме мен жауапкершілік табыстарды төлеуші тұлғаға (соның ішінде Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асырушы резидент емеске) жүктеледі. Мұндай тұлға осы Кодекстің 10-бабының 1-тармағына сәйкес салық агенті болып танылады.

Егер резидент еместің қызмет кезеңі тұрақты мекеме құру үшін белгіленген мерзімнен асып кетсе, ол Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырған кезден бастап салық агенті болып танылады.

4-1. Депозитарлық қолхаттар бойынша табыстар төлеудің көзі осындай депозитарлық қолхаттардың базалық активінің эмитенті болып табылады.

5. Табысты төлеуді жүзеге асыру нысаны мен орнына қарамастан, төлем көзінен табыс салығын салық агенті ұстайды.

Резидент еместің табыстарынан ұсталатын төлем көзінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке аударуды салық агенті тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға өзінің табыстарынан ұсталатын төлем көзінен табыс салығының сомасын мемлекеттік бюджетке аударуды тұрақты мекеменің, филиалдың, өкілдіктің орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

*Ескерту. 187-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358, 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**187-1-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде Қазақстан Республикасындағы көздерден төленетін резидент емес жеке тұлғалар табыстарының жекелеген түрлерінен жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі**

1. Осы Кодекстің 178-бабының 14), 16) және 17) тармақшаларында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар табыстарынан жеке табыс салығын есептеу және төлеу мынадай шарттар бір мезгілде орындалған:

- 1) осы Кодекстің 10-бабына сәйкес салық агенті болып табылатын, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға жұмыс беруші болып табылған;
- 2) еңбек шарты резидент емес тұлға мен осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген салық агенті арасында жасалған;
- 3) резидент емес жеке тұлғаға табыстарын төлеу Қазақстан Республикасынан тыс жерде жүргізілген кезде осы баптың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Резидент емес тұлғаның табыстарынан бірінші салық кезеңі үшін табыс салығын есептеуді салық агенті осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы қолдана отырып, салық шегерімдерін есепке алмай, еңбек шартында көрсетілген резидент емес тұлғаның табыс сомасынан жүргізеді.

Бұдан кейінгі салық кезеңдерінде жеке табыс салығын салық агенті өткен салық кезеңінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынған жеке табыс салығының есебінде көрсетілген резидент емес жеке тұлғаның іс жүзіндегі салық міндеттемесінің сомасын негізге ала отырып есептейді. Бұл ретте алдыңғы салық кезеңі ішіндегі жеке табыс салығының есебі тапсырылғанға дейінгі кезең үшін жеке табыс салығы бойынша аванс төлемдерін есептеу есеп беріліп отырған салық кезеңі ішіндегі жеке табыс салығының болжамды сомасы негізге алына отырып, бірақ өткен табыс кезеңі ішіндегі жеке табыс салығы бойынша орташа айлық аванс төлемдерінің есептемеген сомасынан кем емес мөлшерде жүргізіледі.

3. Жеке табыс салығын төлеуді салық кезеңінің ішінде ай сайын ағымдағы айдың 20-сынан кешіктірмей аванстық төлемдерді тең үлестермен енгізу арқылы салық агенті жүргізеді.

Салық агенті салық кезеңінің ішінде төлеуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомалары шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есебінде көрсетіледі.

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есебін салық агенті осы Кодекстің 188-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей, өзінің тіркелген жері бойынша салық органына береді.

4. Резидент емес жеке тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығы бойынша салық кезеңінің ішінде енгізілген аванстық төлемдердің сомалары резидент емес жеке тұлғаның салық кезеңі үшін есептелген табысынан алынатын жеке табыс салығын төлеу есебіне есептеледі.

5. Салық агенті салық кезеңінің қорытындылары бойынша шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығының есебін тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей салық кезеңінің қорытындылары бойынша резидент емес жеке тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығының түпкілікті есебін (төлеуді) жүзеге асырады.

Салық кезеңінің қорытындылары бойынша шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығының есебін салық агенті осы Кодекстің 188-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей, өзінің тіркелген жері бойынша салық органына табыс етеді.

6. Салық агенті салық кезеңінің алдағы айларына шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының түзетілген есебін салық органына салық кезеңінің ішінде беруге құқылы. Резидент емес жеке тұлғаның табыстарынан алынатын жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомаларын азайту жағына қарай түзету кезінде салық агенті салық органына түзету себептерінің жазбаша негіздемесін беруі қажет.

7. Осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар орындалмаған кезде резидент емес жеке тұлғаның табыстарынан алынатын жеке табыс салығын есептеуді, ұстауды және төлеуді осы Кодекстің 187-бабына сәйкес салық агенті жүргізеді.

8. Салық агенті күнтізбелік жыл ішінде осы бапта және осы Кодекстің 187-бабында белгіленген жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртіптерінің біреуін ғана қолдануға құқылы.

Жеке табыс салығын есептеудің және төлеудің таңдап алынған тәртібі күнтізбелік жыл ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

9. алып тасталды

*Ескерту. 187-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 , өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.*

**188-бап. Салық есептілігін табыс ету 1. Салық агенттері төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша есепті тіркелген жері бойынша салық органдарына осы Кодекстің 182-бабында белгіленген мерзімдерде табыс етуге міндетті.**

2. Осы Кодекстің 187-1-бабына сәйкес жеке табыс салығын есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері тіркелген жері бойынша салық органдарында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есебін олар Қазақстан Республикасына келген күннен бастап жиырма бес жұмыс күнінен кешіктірмей және келесі салық кезеңдерінде есептік салық кезеңінің 20 қаңтарынан кешіктірмей табыс етуге міндетті.

Бұл ретте келесі салық кезеңдерінде салық агенті жеке табыс салығының есебін тапсырғаннан кейін есептік салық кезеңі ішіндегі жеке табыс салығы бойынша аванс төлемдері сомасының түзетілген есебін ол тапсырылған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде, бірақ есептік салық кезеңінің 20 сәуірінен кешіктірмей қосымша табыс етуге міндетті.

Осы Кодекстің 187-1-бабына сәйкес салық кезеңінің қорытындылары бойынша шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығының есебін салық агенті тіркелген жері бойынша салық органына есепті салық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

*Ескерту. 188-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **189-бап. Қызметі тұрақты мекеме құруға алып келетін резидент емес жеке тұлғадан табыс салығын алуды есептеу және төлеу тәртібі**

1. Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлға, осы Кодекстің ережелеріне және 184-бабының 5-тармағына сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, тікелей осындай табыстарға қатысты жасалған шегерімдер сомасына азайтылған нақ сондай қызметпен байланысты табыс бойынша жеке табыс салығын төлеуші болып табылады.

Резидент емес жеке тұлға көрсететін тәуелді жеке қызметтер (жалданатын жұмыс) осы жеке тұлғаның тұрақты мекемесін құруға алып келмейді.

2. Салық салынатын табысты анықтау, жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі осы баптың және осы Кодекстің 163-170-баптарының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

3. Резидент емес жеке тұлға жеке табыс салығын осы Кодекстің 191-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде дербес төлейді.

*Ескерту. 189-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.*

### **190-бап. Резидент емес жеке тұлғаның табысына жекелеген жағдайларда салық салу тәртібі**

1. Осы бапқа сәйкес резидент емес жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстарының мынадай түрлеріне:

осы Кодекстің 191-бабына сәйкес салық салынуға жататын табыстарды қоспағанда, осы Кодекстің 10-бабына сәйкес салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан алынған табыстарға;

өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған, қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізілген акцияларды және облигацияларды, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды, агенттік облигацияларды және олармен азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды қоспағанда, осы Кодекстің 178-бабы 3) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздарды сату кезіндегі құн өсімінен түскен табыстарға салық салынуға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалардың табыстарына осы Кодекстің 180-бабында белгіленген ставкалар бойынша шегерімдерді жүзеге асырмай салық салынуға тиіс.

3. Резидент емес жеке тұлға жеке табыс салығын есептеу мен төлеуді осы Кодекстің 191-бабының 7-тармағында белгіленген мерзімде дербес жүргізеді.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес салық салуға жатпайтын кірістерді қоспағанда, резидент емес жеке тұлғаға бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістер төлейтін тұлға резидент-эмитент немесе мүлкі резидент емес заңды тұлғаның сатылған акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының елу процентінен астамын құрайтын резидент заңды тұлға тіркелген жер бойынша салық органын төлем сомасы туралы кіріс төленген кезден бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

*Ескерту. 190-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **191-бап. Аванстық төлемдерді және жеке табыс салығын төлеу тәртібі мен мерзімдері**

1. Мынадай резидент емес жеке тұлғалар:

1) осы Кодекске сәйкес арнайы салық режимдерін қолданатын тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметтен табыс түсіретін резидент емес жеке тұлғалар;

2) төлем көзіне табыс салығы салынатын табыстарды қоспағанда, осы Кодекстің 149-151-баптарында көзделген өзге де табыстарды қоса отырып, осы Кодекстің 178-бабының 14), 16) және 17) тармақшаларында айқындалған табыстарды алатын резидент емес жеке тұлғалар жеке табыс салығын аванстық төлемдерді енгізу жолымен төлейді.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген резидент емес жеке тұлғаларға жеке табыс салығын есептеу шегерімді жүзеге асырмастан есептелген табыс сомасына осы Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставкаларды қолдану арқылы жүргізіледі.

3. Бірінші салық кезеңінде жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеуді резидент емес жеке тұлға мынадай тәртіппен:

1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған резидент емес жеке тұлға салық кезеңінің ішінде алуға болжанатын табыс сомасын негізге алып, осы Кодекстің 189-бабының ережелерін ескере отырып;

2) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында аталған резидент емес тұлға жеке еңбек шартында көрсетілген табыс сомасын негізге алып, осы баптың 2-тармағының ережелерін ескере отырып жүргізеді.

Резидент емес жеке тұлға кейінгі салық кезеңдерінде жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер есептеуді резидент емес жеке тұлғаның нақты салық міндеттемесінің өткен салық кезеңіндегі жеке табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген сомасын негізге ала отырып жүргізеді. Бұл ретте өткен салық кезеңіндегі жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсырғанға дейінгі кезеңдегі жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер есептеуді резидент емес жеке тұлға есептік салық кезеңі үшін жеке табыс салығының болжамды сомасын негізге ала отырып жүргізеді, бірақ ол өткен салық кезеңіндегі орташа айлық аванстық төлемдердің қосылған сомасынан кем болмауға тиіс.

4. Резидент емес жеке тұлға салық кезеңінің ішінде жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді төлеуді ағымдағы айдың 20-сынан кешіктірмей ай сайын жүргізеді.

5. Резидент емес жеке тұлға салық кезеңі ішінде төлеуі тиіс жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомалары жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебінде көрсетіледі.

Резидент емес жеке тұлға жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін осы Кодекстің 192-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей өзі тіркелген жер бойынша салық органына ұсынады.

Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында аталған резидент емес тұлғалар жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебіне салық салынатын табыстың мәлімделген сомасын растайтын еңбек шартының көшірмесін қоса беруге міндетті.

6. Аванстық төлемдердің енгізілген сомалары ағымдағы салық кезеңінде резидент емес жеке тұлғаға есептелген жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке алынады.

7. Түпкілікті есеп айырысу және жеке табыс салығын төлеу салық кезеңі үшін жеке табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

Салық кезеңінің қорытындылары бойынша жеке табыс салығы бойынша декларацияны резидент емес жеке тұлға осы Кодекстің 192-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей өзі тіркелген жер бойынша салық органына ұсынады.

8. Резидент емес жеке тұлға салық кезеңінің ішінде салық органына салық кезеңінің алдағы айлары үшін жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының түзетілген есебін табыс етуге құқылы. Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомаларын азайту жағына қарай түзеткен жағдайда резидент емес жеке тұлға салық органына көрсетілген есеппен бірге түзетулер себептерінің жазбаша негіздемесін ұсынуға тиіс.

*Ескерту. 191-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), жаңа редакцияда - 2004.12.13. N 11 (құшине ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.*

#### **192-бап. Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебі және жеке табыс салығы жөніндегі декларация**

1. Осы Кодекстің 191-бабында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар осы Кодекстің 527-бабында белгіленген тіркелу күнінен бастап жиырма бес жұмыс күнінен кешіктірмей және келесі салық кезеңдерінде - есептік салық кезеңінің 20 қаңтарынан кешіктірмей қызметті жүзеге асыру кезеңінде жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін тіркелген жері бойынша салық органына табыс етуге міндетті. Бұл ретте салық төлеуші декларация тапсырғаннан кейін оны тапсырған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде, бірақ есептік салық кезеңінің 20 сәуірінен кешіктірмей есептік салық кезеңі үшін жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының түзетілген есебін тіркелген жері бойынша салық органдарына қосымша табыс етуге міндетті.

2. Мыналар:

1) осы Кодекстің 191-бабының 1-тармағында көрсетілген;

2) осы Кодекстің 190-бабының 1-тармағында белгіленген табыстарды алатын;

3) Қазақстан Республикасында отыз күнтізбелік күннен астам уақыт кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын және салық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасындағы көздерден тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 60 еселенген ең төменгі жалақының мөлшерінен астам табыс алатын резидент емес жеке тұлғалар осы Кодекстің 172-бабында белгіленген мерзімнен кешіктірмей тіркелген жері бойынша салық органдарына жеке табыс салығы жөніндегі декларацияны табыс етеді.

*Ескерту. 192-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500, өзгеріс енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 31-тарау. Халықаралық шарттар бойынша арнаулы ережелер

### 193-бап. Халықаралық шартты қолдану жағдайы

1. Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын, қосарланған салық салуды болдырмау және табысқа немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың жолын кесу туралы халықаралық шарттың (бұдан әрі осы Кодекстің 193-204-баптарының мақсатында - халықаралық шарт) ережелері осындай шарт жасасқан мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2. Егер халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті халықаралық шарттың ережелерін халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылмайтын басқа тұлғаның мүддесінде пайдаланса, ондай резидентке осы баптың 1-тармағының ережесі қолданылмайды.

### 194-бап. Халықаралық шарттар әкімшілігін жүргізу және оларды қолдану тәртібі

Осы Кодекстің 193-204-баптарының ережелеріне сәйкес халықаралық шарттар әкімшілігін жүргізу және олардың ережелерін қолдану уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

*Ескерту. 194-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 195-бап. Қазақстан Республикасындағы көздерден табысқа салық салу мақсатында резидент емес заңды тұлғаның басқару және жалпыәкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызу әдістері

1. Егер Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның салық салынатын табысын анықтау кезінде оның Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ одан тыс жерлердегі осындай салық салынатын табысты алу мақсатында шеккен басқару және жалпыәкімшілік шығыстарын шегеріп тастауға халықаралық шарттың ережелерімен жол берілсе, онда мұндай шығыстардың сомасы, резиденттің осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес резиденттің растайтын құжаты болған кезде, мынадай әдістердің бірі бойынша:

1) шығыстарды барабар бөлу әдісі;

2) шығыстарды шегерімге тура (тікелей) жатқызу әдісі бойынша анықталады.

2. Резидент емес заңды тұлға басқару және жалпыәкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызудың аталған әдістерінің бірін дербес таңдайды.

3. Басқару және жалпыәкімшілік шығыстар шегерімін тұрақты мекемеге жатқызу әдісі (шығыстарды барабар бөлудің әдісі кезінде пайдаланылатын есептік көрсеткішті есептеп шығару тәртібін қоса) жыл сайын қолданылады және салық органымен келісе отырып қана өзгертілуі мүмкін.

*Ескерту. 195-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 196-бап. Шығыстарды барабар бөлу әдісі

1. Барабар бөлу әдісін пайдалану кезінде осы Кодекстің 195-бабында аталған, тұрақты мекеменің шегеріміне жатқызылған басқару және жалпыәкімшілік шығыстар сомасы осындай шығыстар мен есептік көрсеткіш сомаларының туындысы ретінде анықталады.

2. Есептік көрсеткіш мына тәсілдердің бірі:

1) резидент емес заңды тұлғаның салық кезеңінде Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырудан түсірген жылдық жиынтық табысы сомасының, резидент емес заңды тұлғаның тұтас алғанда аталған салық кезеңіндегі жылдық жиынтық табысының жалпы сомасына қатынасы;

2) орташа мөлшерін үш көрсеткіш бойынша анықтау:

резидент емес заңды тұлғаның салық кезеңінде Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асырудан түсірген жылдық жиынтық табысы сомасының резидент емес заңды тұлғаның тұтас алғанда аталған салық кезеңіндегі жылдық жиынтық табысының жалпы сомасына қатынасы;

Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің салық кезеңінің соңындағы жай-күйі бойынша қаржылық есебінде ескерілген негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнының резидент емес заңды тұлғаның тұтас алғанда нақ сол салық кезеңіндегі негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнына қатынасы;

Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі салық кезеңінің соңындағы жай-күйі бойынша шығыстар сомасының резидент емес заңды тұлға қызметкерлердің тұтас алғанда осындай салық кезеңінде еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстардың жалпы сомасына қатынасы бойынша есептеп шығарылады.

Есептік көрсеткішті есептеп шығарудың жоғарыда аталған тәсілдерінің бірін резидент емес заңды тұлға дербес анықтайды.

3. Есептесу жолымен анықталған басқару және жалпыәкімшілік шығыстарының сомасы растайтын құжаттар болған кезде ғана тұрақты мекеменің шегеріміне жатқызылады.

4. Растайтын құжаттар мыналар:

1) резидент емес заңды тұлғаның қаржы есептілігінің көшірмесі, онда резидент емес заңды тұлға анықтаған есептік көрсеткішке байланысты;

тұтас алғанда жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы;

тұтас алғанда қызметкерлердің еңбекақы бойынша шығыстарының жалпы сомасы;

тұтас алғанда негізгі қаражаттың бастапқы (ағымдағы) және баланстық құны;

әрбір бап бойынша шығыстардың ажыратылған жазбасы, оның ішінде басқару және жалпыәкімшілік шығыстарының жалпы сомасының ажыратылған жазбасы көрсетіледі;

2) резидент емес заңды тұлғаның (мұндай тұлғаның қаржылық есептілігінің аудиті жүзеге асырылған кезде) қаржылық есептілігінің аудиті бойынша аудиторлық есептің көшірмесі болып табылады.

5. Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің шегеріміне жататын аталған шығыстар сомасының есебі Қазақстан Республикасының тиісті салық органына тапсырылатын корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияға қоса тіркеледі.

6. Барабар бөлуге жататын басқару және жалпыәкімшілік шығыстар сомасы салық есептілігінде көрініс таппаса, мұндай шығыстар тұрақты мекеменің шегеріміне қабылданбайды.

*Ескерту. 196-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.05.05. N 139, 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **197-бап. Шығыстарды шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісі**

1. Резидент еместің басқару немесе жалпыәкімшілік шығыстарын шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісін пайдалану кезінде, егер мұндай шығыстар тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен табыс алу мақсаты үшін тура анықталса және тікелей келтірілген болса, онда Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің шегеріміне жатқызылады.

Аталған шығыстар растайтын құжаттар болған кезде ғана тұрақты мекеменің шегеріміне жатады.

2. Растайтын құжаттар мыналар:

1) тұрақты мекеме арқылы қызметтен табыс алу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағындағы резидент емес заңды тұлға шеккен шығыстарды растайтын бастапқы есепке алу құжаттары;

2) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен табыс алу мақсатында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде резидент емес заңды тұлға шеккен шығыстарды растайтын бастапқы есепке алу құжаттарының көшірмелері.

*Ескерту. 197-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **198-бап. Резидент еместердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмейтін қызметінен түскен табыстарынан табыс салығын шартты банк салымдары арқылы төлеу тәртібі**

1. Осы бапта көзделген табыс салығын төлеу тәртібі, егер осы Кодекстің 199-201-2-баптарында өзгеше көзделмесе, осы баптарда аталған табыстарды қоспағанда, резидент еместің халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметінен түскен табысына қолданылады.

2. Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын осы баптың 1-тармағында аталған резидент еместің осы бапта көзделген табыс салығын төлеу тәртібін қолдануға құқығы бар. Осы баптың ережелерін қолданбаған жағдайда, салық агенті төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалып, мемлекеттік бюджетке жалпы белгіленген тәртіппен аударуға міндетті.

3. Табыс табатын резидент емес, салық агенті және салық агенті белгілеген резидент-банк (бұдан әрі - банк) осы баптың ережелерін ескере отырып, шартқа қатысушылармен келіскен нысан бойынша шартты банк салымы туралы шарт жасасады.

Осы Кодекстің 181-бабына сәйкес айқындалатын төлем көзінен табыс салығын төлеу күніне шартты банк салымы туралы шарты болмаған жағдайда, салық агенті төлем көзінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке аударуға міндетті.

#### 4. Салық агенті:

- 1) шартты банк салымы туралы шартқа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде көшірмесі аталған салық органына берілетін мұндай шартты өзінің тіркелген жері бойынша салық органында тіркеуге;
- 2) шартты банк салымына табыс салығы аударылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде өзінің тіркелген жері бойынша салық органына төлем құжатының көшірмесін беруге міндетті.
5. Осы баптың ережелері салық органында тіркелген шартты банк салымы туралы шарттарға ғана қолданылады. Бұл ретте талаптары осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін шартты банк салымы туралы шарттар тіркелуге тиіс.
6. Резидент емеске табыс төлеу кезінде салық агенті осы Кодекстің 180-бабында белгіленген ставка бойынша төлем көзінен табыс салығын ұстап қалуды жүргізуге және ұстап қалған салық сомасын резидент еместің пайдасына банкке шартты банк салымына аударуға міндетті.
7. Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) аяқталуына қарай және халықаралық шарт талаптарын орындау кезінде резидент емес табыс салығының бұрын ұсталған сомасын қайтару мақсатымен салық органына уәкілетті орган белгілеген тәртіп пен нысан бойынша өтініш табыс етеді.
8. Салық органы резидент еместің аталған өтінішін резидент емес осы Кодекстің 203-бабында белгіленген құжаттарды қоса тіркей отырып, өтінішті салық органына берген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарайды, өтініш бойынша шешім қабылдап, оны резидент емеске және банкке хабарлайды.  
Резидент емес талап етілетін құжаттарды тапсырмаған, шет мемлекеттің құзыретті органына немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына қажетті ақпаратты беру туралы сұрау жіберілген жағдайда резидент еместің өтінішін қарау мерзімі көрсетілген құжаттарды, сұратылған ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.
9. Ұсталған табыс салығын қайтаруға салық органы куәландырған өтінішті алған кезде, банк осындай өтінішті берген резидент емеске есептелген банк сыйақыларымен бірге өтініште көрсетілген шекте шартты банк салымындағы сомаға иелік етуге құқық береді.
10. Салық органының теріс шешімімен келіспеген жағдайда резидент еместің осындай шешімді алған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде не осы баптың 8-тармағында көрсетілген мерзім өткен соң салық органының шешімі болмаған жағдайда оның шешіміне шағымдану туралы бір мезгілде салық органына хабарлай отырып, халықаралық шарттың ережелерін қолданудың дұрыстығына қағысты мәселені қайта қарау туралы уәкілетті органға (қажет жағдайда, резиденттік елдің құзыретті органын тарта отырып) өтініш жасауға құқығы бар.
11. Өтініш бойынша теріс шешім қабылданған кезде және резидент еместен салық органының шешіміне шағымдану туралы хабарламаны салық органы алмаған жағдайда салық органы халықаралық шарттың ережелерін қолданудан бас тарту туралы хабарламаны резидент емес алған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткен соң, резидент еместің табыстарын салық салудан босатудан бас тартуды куәландыратын құжатты қоса тіркеп, өтініште көрсетілген және шартты банк салымына орналастырылған салық сомасын есептелген банк сыйақыларымен бірге мемлекеттік бюджетке аудару туралы инкассолық өкімді банкке жібереді.
12. Банк инкассалық өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей шартты банк салымына орналастырылған табыс салығы сомаларын және есептелген банк сыйақыларын мемлекеттік бюджетке аударуға міндетті.  
Өндіріп алынған салықтың осындай сомасы резидент еместің мемлекеттік бюджет алдындағы міндеттемесін өтеу есебіне есепке жатқызылады.
13. Шартты банк салымдары ұлттық немесе шетелдік валютада ашылады. Шартты банк салымдары шетелдік валютада ашылған жағдайда, табыс салығының және банк сыйақыларының сомасы бюджетке салық төлеген кездегі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша есептелген ұлттық валютамен аударылады.
14. Резидент еместің және салық агентінің салық органы қандай да бір шешім қабылдағанға дейін шартты банк салымында орналасқан табыс салығы сомасына иелік етуге құқығы жоқ.
15. Шартты банк салымы туралы шарттың ережелері бұзылған және табыс салығының ұстап қалған сомасы мемлекеттік бюджетке банктің кінәсінен уақытылы аударылмаған жағдайда, банк Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.
16. Шартты банк салымында орналастырылған табыс салығын мемлекеттік бюджетке аудару жөніндегі міндеттемелерді банктің орындауы мүмкін болмаған жағдайда, төлем көзінен табыс салығын, банк сыйақыларын және мемлекеттік бюджетке салықты дер кезінде аудармағаны үшін айыппұл санкцияларын аудару жөніндегі міндеттемелер салық агентіне жүктеледі.
- 16-1. Шоттарында шартты банк салымдары орналасқан банктер, есепті тоқсан ішінде ақша қозғалысы болған кезде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей салық агенттерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша есеп беруге міндетті.
17. Салық органдары:
  - 1) шартты банк салымдарында орналастырылған;
  - 2) халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместерге төленген;

3) мемлекеттік бюджетке аударылған табыс салығының сомасына есеп жүргізіп отыруға міндетті.

*Ескерту. 198-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **198-1-бап. Резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарынан төленген табыс салығын мемлекеттік бюджеттен қайтару тәртібі**

1. Тиісті халықаралық шартты қолдануға құқығы бар резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарынан мемлекеттік бюджетке табыс салығы төленген жағдайда мұндай резидент еместің төленген табыс салығын осы Кодекстің 38-бабында белгіленген талап қою мерзімінің ішінде мемлекеттік бюджетін қайтарып алуға құқығы бар.

Бұл ретте Резидент емес салық органына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысанда халықаралық шартты қолдануға өтініш береді.

Резидент еместің Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан (қызметтер көрсетуден) алынған табысынан мемлекеттік бюджетке салық төлеген жағдайда халықаралық шартты қолдануға арналған өтінішті резидент емес Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындауды (қызметтер көрсетуді) аяқтағаннан кейін салық органына табыс етеді.

2. Резидент емес осы Кодекстің 203-бабында белгіленген құжаттарды қоса тіркей отырып, салық органына өтініш берген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде салық органы өтінішті қарайды және онда көрсетілген ақпарат дұрыс болған жағдайда резидент емеске осы Кодекстің 40-бабында көзделген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен табыс салығы сомасын қайтаруды жүргізеді.

Резидент емес талап етілетін құжаттарды табыс етпеген, шет мемлекеттің құзыретті органына немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына қажетті ақпаратты беру туралы сұрау жіберілген жағдайда резидент еместің өтінішін қарау мерзімі көрсетілген құжаттарды, сұратылған ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

3. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану заңсыз болған жағдайда салық органы одан бас тартуын негіздеп, резидент емеске жауап жібереді.

4. Салық органының бұл шешімімен келіспеген жағдайда резидент еместің мұндай шешім алынған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде не осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзім өткен соң салық органының шешімі болмаған жағдайда уәкілетті органға (қажет болған жағдайда резиденттік елдің құзыретті органын тарта отырып) халықаралық шарттардың ережелерін қолданудың заңдылығына қатысты мәселені қайта қарау туралы өтініш жасауға құқығы бар.

*Ескерту. 198-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **199-бап. Халықаралық шартты халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстарға салық салуға қатысты қолдану тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын халықаралық тасымалдардағы көлік қызметін көрсетуден түскен, халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес заңды тұлға алатын табыстар, егер оның Қазақстан Республикасында осындай қызметпен байланысты тұрақты мекемесі болса, осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін, резиденттігін растайтын құжат негізінде халықаралық шарттың ережелерін қолдануға өтініш бермей салық салудан босатылуға тиіс.

Бұл ретте, резидент емес заңды тұлға халықаралық тасымалдардағы көлік қызметін көрсетуден түскен (халықаралық шартқа сәйкес салық салуға жатпайтын) және Қазақстан Республикасының аумағында көлік қызметін көрсетуден түскен (салық салуға жататын) табыстар сомасына бөлек есеп жүргізуге, сондай-ақ аталған табыстарды корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетуге міндетті.

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларациядағы салық салынатын табыстың жалпы сомасы бөлек есеп жүргізу негізінде есептелген, халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға тиіс салық салынатын табыстың сомасына азайтылады.

Халықаралық шарттың ережелерін дұрыс қолданбау салықты мемлекеттік бюджетке төлемеуге немесе толық төлемеуге әкеп соққан жағдайда, салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын, резидент еместің тұрақты мекемесімен байланысы жоқ халықаралық тасымалдарда көлік құралдарын пайдаланудан түскен кірісті резидент емеске төлеу кезінде салық агенті, егер мұндай резидент емес табысты түпкілікті алушы болса және халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы болса, осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін, резиденттігін растайтын құжат болған жағдайда халықаралық шарттың ережелерін қолдануға өтініш бермей-ақ тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы.

Салық агенті салық органына берілетін төлем көзінен салынатын табыс салығы бойынша есепте халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төленген (есептелген) кірісті және ұсталған (ұстаудан босатылған) салық сомасын, табыс салығының ставкасын және халықаралық шарттардың атауын көрсетуге міндетті.

Мемлекеттік бюджетке салықты төлемеуге немесе толық төлемеуге әкеп соққан халықаралық шарт ережелерін заңсыз қолданған жағдайда салық агенті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

*Ескерту. 199-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **200-бап. Халықаралық шартты резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарының жекелеген түрлеріне салық салуға қатысты қолдану тәртібі**

1. Егер резидент емес табыстарды түпкілікті алушы болып табылса және тиісті халықаралық шартты қолдануға құқылы болса, осындай табыстарды резидент емеске төлеу кезінде салық агентінің резидент емес ұсынған, осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес, резиденттікті растайтын құжат негізінде осындай халықаралық шартты өздігінен қолдануға құқығы бар.

Резидент емес осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес, резидент еместігін растайтын құжатты табыс төленетін күннен кешіктірмей табыс еткен жағдайда, резидент еместің табыстарын шегерімге жатқызған кезде салық агентінің халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген (нөлдік) ставкасын қолдануға да құқығы бар.

Осы бапта белгіленген халықаралық шарттардың ережелерін қолдану тәртібі резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарының мынадай түрлеріне:

- 1) дивидендтерге;
- 2) сыйақыларға (проценттерге);
- 3) роялтиге;
- 4) сенімгерлік басқару мен кастодиандық қызмет көрсету үшін комиссияларға;
- 5) осы Кодекстің 178-бабының 2) тармақшасында көрсетілген, тек қана Қазақстан Республикасынан тыс жерде қызмет көрсетуден алынатын табыстарға;
- 6) жөндеу жұмыстарын қоспағанда, егер негізгі құралдарды мақсаты бойынша пайдалану үшін оларды жұмыс істеу күйіне келтірумен (іске қосу-жөндеу, монтаждау жұмыстарын қоса алғанда) тікелей байланысты қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) негізгі құралдарды жеткізіп беруге арналған сыртқы сауда келісім-шартының шеңберінде және тиісті халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құруға әкеп соқпайтын мерзім шегінде орындалса, осындай көрсетілетін қызметтерден (жұмыстардан) түсетін табыстарға;
- 7) күнгізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзімге жасалған және осы резидент емес Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындауға жасасқан өзге де келісім-шарттармен (жобалармен) байланысты емес қысқа мерзімді келісім-шарттар шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсетуден (жұмыстарды орындаудан) түсетін табыстарға;
- 8) осы Кодекстің 178-бабында көзделген, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға жататын, осы Кодекстің 198-201-1-баптарында, сондай-ақ осы тармақтың 1)-7) тармақшаларында көзделмеген өзге де табыстарға салық салуға қатысты қолданылады.

2. Салық агенті салық органына ұсынатын төлем көзінен алынатын табыс салығы бойынша есеп-қисапта халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төленген (есептелген) табыстар мен ұсталған салықтардың сомасын, табыс салығының ставкасын және халықаралық шарттардың атауын көрсетуге міндетті.

3. Салық агентінің халықаралық шарт ережелерін дұрыс қолданбауы мемлекеттік бюджетке салықты төлемеуге немесе толық төлемеуге әкеп соққан жағдайда ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

*Ескерту. 200-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **201-бап. Халықаралық шартты тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен таза табысқа салық салуға қатысты қолдану тәртібі**

1. Егер резидент емес халықаралық шарт жасасқан елдің резиденті болса және тиісті халықаралық шартта резидент еместің Қазақстан Республикасындағы қызметтен түскен таза табысына тұрақты мекеме арқылы салық салудың осы Кодекстің 185-бабында белгіленген тәртіптен өзгеше тәртібі көзделген болса, мұндай резидент еместің осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін, резиденттікті растайтын құжат негізінде халықаралық шарттың ережелерін қолдануға өтініш бермей-ақ таза табысқа салық салуға қатысты халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар.

2. Резидент емес заңды тұлға корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда ставканы, таза табысқа салынатын салық сомасын және оның негізінде тиісті салық ставкасы қолданылған халықаралық шарттың атауын көрсетуге міндетті.

3. Халықаралық шарттың ережелерін дұрыс қолданбауы мемлекеттік бюджетке салықты төлемеуге немесе толық төлемеуге әкеп соққан жағдайда салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

*Ескерту. 201-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **201-1-бап. Халықаралық шартты резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарына салық салуға қатысты қолдану тәртібі**

1. Салық агентінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарды резидент емес жеке тұлғаға төлеу кезінде, егер осындай резидент емес жеке тұлға табыстардың түпкілікті алушысы болып табылса және халықаралық шартты қолдануға құқығы болса, резидент емес жеке тұлға оны қолдануға өтініш бермесе де, резиденттікті растайтын құжаттың негізінде тиісті халықаралық шартты қолдануға құқығы бар.

Салық агенті салық органына берілетін төлем көзінен табыс салығы жөніндегі есепте халықаралық шарттарға сәйкес төленген (есептелген) және салық төлеуден босатылған табыстардың сомаларын, табыс салығының ставкаларын және осындай халықаралық шарттардың атауларын көрсетуге міндетті.

Халықаралық шартты мемлекеттік бюджетке салықты төлемеуге немесе толық төлемеуге әкеп соқтырған заңсыз қолдану кезінде салық агенті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

2. Төлем көзінен салық салынбайтын, Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес жеке тұлға, егер мұндай резидент емес тұлға табысты түпкілікті алушы болса және халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар болса, осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін, резиденттігін растайтын құжат негізінде осындай халықаралық шарттың ережелерін қолдануға өтініш бермей-ақ, халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы.

Алынған (есептелген) табыстардың сомасы мен халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес төленген (төлеуден босатылған) салықтарды және халықаралық шарттың атауын резидент емес жеке тұлға:

осы Кодекстің 190-бабында көзделген табыстарды алған жағдайда жеке табыс салығы бойынша декларацияда ;

осы Кодекстің 191-бабында көзделген табыстарды алған жағдайда жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есеп-қисабында көрсетеді.

Резидент емес жеке тұлғада осы тармақта көзделген салық есептілігінің тиісті нысанын табыс ету кезінде резиденттігін растайтын құжат болмаған жағдайда, резидент емес жеке тұлғаның осындай табыстары осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салынуға жатады.

Бұл ретте тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес жеке тұлға Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстардан мемлекеттік бюджетке табыс салығын төлеген жағдайда, мұндай резидент еместің төленген табыс салығын осы Кодекстің 198-1-бабында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен қайтарып алуға құқығы бар.

*Ескерту. 201-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **202-бап.**

*Ескерту. 202-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **203-бап. Халықаралық шарттың ережелерін және резиденттікті растайтын құжатты қолдануға өтініш беру кезінде қойылатын жалпы талаптар**

1. Осы Кодекстің 198 және 198-1-баптарын қолданған жағдайда, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша халықаралық шарттың ережелерін қолдануға өтінішті салық органы мынадай талаптар орындалған кезде:

1) салық төлеуші өтінішпен бірге:

жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) немесе өзге де мақсаттарға жасалған келісім-шарттардың (шарттардың, келісімдердің) көшірмелерін;

резидент емес заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) көрсетіле отырып, құжаттардың (құрылтай құжаттардың не сауда-саттық тізілімінен үзінді жазбаның) көшірмелерін;

орындалған жұмыстар актісін және (немесе) резидент еместің әртүрлі жұмыстарды орындау фактісі мен мерзімін растайтын өзге құжатты; объектіні пайдалануға қабылдау актісін және (немесе) құрылыс жұмыстарын орындау фактісі мен мерзімін растайтын өзге құжатты; қызметтер көрсету фактісі мен мерзімін растайтын шотты, төлем құжатын; мүлікті (жабдықты) жалға беру фактісі мен мерзімін растайтын Қазақстан Республикасында мүлікті (жабдықты) қабылдап алу және жалға беру актісін;

жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) жасалған келісім-шарт (шарт, келісім) бойынша резидент емес өтініш берушінің міндеттемелерін орындау мақсатында жеке тұлғалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасында резидент емес өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның) атынан жұмыстарды орындайтын резидент еместердің тізімін осындай жеке тұлғалардың паспорттық деректерін, олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін көрсете отырып табыс еткен;

2) салық агенті:

есептелген және төленген табыстар және ұстап қалған салықтар сомасын растайтын бухгалтерлік құжаттарды:

резидент еместің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды бастауы туралы және резидент еместің уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды аяқтауы туралы өтініштерінің көшірмелерін салық органының оларды қабылдағаны туралы белгілерімен қоса табыс еткен;

3) Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан резидент емес салық төлеушінің резиденттігі мемлекетінің құзыретті немесе уәкілетті органы резидент емес салық төлеушінің резиденттігін (аталған өтініш бланкісінде немесе резиденттікті растайтын құжатты немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесін қоса тіркей отырып) растаған кезде қабылдайды. Бұл ретте осы баптың және осы Кодекстің 195, 198-201-1-баптарының мақсаттары үшін тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес резиденттік еліндегі өзінің тіркелу деректері өзгерген жағдайда, көрсетілген баптарда белгіленген тәртіппен өзгерген деректерді ескере отырып, резиденттігін растайтын құжатты немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесін табыс етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тараптарының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартта белгіленген тәртіппен қойылған қол мен резидент еместің резиденттігін (резиденттігін растайтын құжатты) растаған органының және резиденттігін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынған жағдайда шетелдік нотариустың мөрін дипломатиялық немесе консулдық заңдастыруды жүзеге асырған кезде қабылдайды.

2. Осы Кодекстің 195, 199-201-1-баптарын қолдану мақсатында шетелдік тұлғаның резиденттігін растайтын құжатты салық агенті (салық органы) осы баптың 1-тармағының 3)-4) тармақшаларында белгіленген талаптар орындалған кезде қабылдайды.

Салық төлеушінің резиденттігін растайтын осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін резидент емес салық төлеуші (салық агенті) осы Кодекстің 196, 199-201-1-баптарында көзделген салық есептілігінің тиісті нысанымен бір мезгілде салық есептілігінің тиісті нысаны ұсынылатын жердегі салық органына табыс етеді.

*Ескерту. 203-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **204-бап. Қазақстан Республикасында салықтың ұсталған және төленген сомалары туралы анықтама**

Резидент еместің талап етуі бойынша салық органы Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұстап қалған салықтардың сомалары туралы анықтама береді.

## **8-бөлім. Қосылған құн салығы**

### **32-тарау. Жалпы ережелер**

#### **205-бап. Қосылған құн салығы ұғымы**

Қосылған құн салығы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аударуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударымды білдіреді. Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы мен алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

#### **206-бап. Салық салу объектілері**

Мыналар:

- 1) салық салынатын айналым;
- 2) салық салынатын импорт қосылған құн салығын салу объектілері болып табылады.

#### **207-бап. Төлеушілер**

1. Мыналар:

- 1) осы Кодекстің 208-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша есепке тұрған мынадай тұлғалар: жеке кәсіпкерлер;

мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, заңды тұлғалар;

қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер;

2) заңды тұлғаның осы Кодекстің 208-бабының 6-тармағына сәйкес қосылған құн салығын дербес төлеушілер ретінде танылған құрылымдық бөлімшелері қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады.

2. Тауарлар импорты кезінде қосылған құн салығын төлеушілер Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес осы тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар болып табылады.

*Ескерту. 207-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 33-тарау. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою

### 208-бап. Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға қойылатын талаптар

1. Қорытындысы бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша айналымның мөлшері осы баптың 3-тармағында белгіленген өткізу бойынша ең төменгі айналымнан асатын болса, осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар кез келген кезең (он екі айлық кезеңнен аспайтын) аяқталған күннен бастап күнгізбелік он бес күннен кешіктірмей қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы салық органына өтініш беруге міндетті.

2. Өткізу бойынша айналымды анықтау кезінде осы Кодекстің 225-бабына сәйкес салықтан босатылатын және (немесе) Қазақстан Республикасы өткізу орны болып табылмайтын өткізу бойынша айналым, сондай-ақ жеке тұлғаның жеке мүлкін өткізу бойынша айналым, егер ондай мүлік кәсіпкерлік қызмет мақсатында пайдаланылмаса, есепке алынбайды.

Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін шаруа (фермер) қожалығы үшін арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын салық төлеуші, өткізу бойынша айналым мөлшерін анықтау кезінде осы арнаулы салық режиміне кіретін қызметті жүзеге асырудан түскен өткізу бойынша айналымды есепке алмауына болады.

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда өткізу бойынша айналым көлемі осы тұлғаның барлық құрылымдық бөлімшелерінің өткізу бойынша айналымдары ескеріле отырып айқындалады.

3. Өткізу бойынша айналымның ең төмен деңгейі осы баптың 1-тармағында көрсетілген кезеңнің соңғы айына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15000 еселенген шамасын құрайды.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығы бойынша есепке қойылуға жатпайтын, бірақ қосылған құн салығын салуға жататын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуді жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлаған тұлға қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтінішті салық органына ерікті түрде бере алады.

5. Осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар қосылған құн салығы бойынша ол есепке қою туралы өтініш берген айдан кейінгі айдың алғашқы күнінен бастап қосылған құн салығын төлеушіге айналады.

Жеке кәсіпкер он жұмыс күнінен кешіктірмей қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы салық органына өтініш берген жағдайда, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы тұлға жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қосылған құн салығын төлеушіге айналады.

Мемлекеттік мекемелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместі қоспағанда, заңды тұлға ол мемлекеттік тіркелгеннен (есепке алынғаннан) кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей салық органына қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтініш берген жағдайда осы тұлғалар өздері салық төлеушілер ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қосылған құн салығын төлеушілерге айналады.

6. Егер осы Кодекстің 208-1-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, уәкілетті орган қосылған құн салығын төлеуші заңды тұлғаның өтініші бойынша оның құрылымдық бөлімшелерін қосылған құн салығын дербес төлеушілер ретінде қарастыра алады.

7. Осы баптың 6-тармағына сәйкес құрылымдық бөлімшелері қосылған құн салығын дербес төлеушілер деп танылған қосылған құн салығын төлеуші заңды тұлға құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша салық органдарына қосылған құн салығы бойынша оларды есепке қою туралы өтініш беруге (немесе өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тапсырма беруге) міндетті.

8. Қосылған құн салығын төлеуші заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтініші берілген айдан кейінгі айдың бірінші күні қосылған құн салығын төлеушілерге айналады.

9. Осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар қосылған құн салығы бойынша есепке қойылған кезде, осы тұлғалардың осы Кодекстің 235-бабына сәйкес қосылған құн салығы бойынша есепке қойылған күніндегі тауарлар (негізгі құралдарды қоса алғанда) қалдығы бойынша қосылған құн салығы сомасын есепке жатқызуға құқығы бар.

10. Салық органы осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар анықталған кезде осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды өтінішсіз, қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға құқылы.

*Ескерту. 208-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 312, 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), жаңа редакцияда - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **208-1-бап. Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылатын орын**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығы бойынша есепке қою салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеу орны бойынша жүзеге асырылады.
2. Заңды тұлға арнайы экономикалық аймақтың аумағында объектілер салу жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, ондай заңды тұлғаны не оның құрылымдық бөлімшесін қосылған құн салығы бойынша есепке қоюды арнайы экономикалық аймақ аумағындағы салық органы жүзеге асырады.
3. Егер осы баптың 2-тармағында аталған заңды тұлға өзін қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтініш бермесе, оның арнайы экономикалық аймақтың аумағында объектілер салу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі аталған заңды тұлғаның өтінішінсіз қосылған құн салығын дербес төлеуші деп қарастырылады.

*Ескерту. 208-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 312 Заңымен.*

#### **209-бап. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік**

1. Қосылған құн салығы бойынша есепке қойған кезде салық органы тұлғаға оның қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қойылғаны туралы куәлік беруге міндетті, онда:

- 1) тұлғаның атауы және оның деректемелері;
- 2) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 3) тұлға осы Кодекстің 208-бабының 5-тармағына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші болған күн көрсетіледі.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің бланкісі қатаң есеп беру бланкісі болып табылады және салық төлеушіге ақша төлетпей беріледі.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің нысаны мен оны беру тәртібін осы Кодекске сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

2. Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны жөніндегі куәлік қосылған құн салығын төлеушіде сақталады.

Қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылған жағдайда куәлік салық органына қайтарылуға тиіс.

Қосылған құн салығын төлеушінің атауы өзгерген жағдайда оның қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлігі атауы өзгерген соң 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ауыстырылуға тиіс.

3. Сот қосылған құн салығын төлеушіні жалған кәсіпорын деп таныған жағдайда, салық органының шешімімен қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік сот анықтаған қылмыстық әрекет басталған кезден бастап күшін жоюға тиіс.

*Ескерту. 209-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **210-бап. Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару**

1. Егер қосылған құн салығын төлеушінің соңғы он екі айлық кезеңдегі салық салынатын айналым мөлшері салық салынатын ең төмен айналым мөлшерінен аспаса, ол тіркелген жеріндегі салық органына өзін қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы өтініш беруге құқылы.

Қосылған құн салығын төлеуші мұндай құқықты өзін қосылған құн салығы бойынша есепке қойған кезден бастап, кем дегенде екі жыл өткеннен кейін пайдалана алады.

2. Егер қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тұлға салық салынатын айналымдарға байланысты қызметін тоқтатқан жағдайда, мұндай тұлға қызметі тоқтатылған салық кезеңінен кейінгі алты айдың аяқталуынан кешіктірмей, өзін қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы өтініш беруге міндетті.

2.1. Салық органы қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын және осы Кодексте белгіленген салық есептілігін беру мерзімінен кейін алты ай кезең ішінде оны бермеген тұлғаны тапқан жағдайда, салық органы қосылған құн салығы бойынша есептен шығаруды қосылған құн салығын төлеушіні хабардар етпестен, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізеді.

2-2. Салық органы қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын және осындай өзгерістер туындаған күннен бастап тұрған (тұрғылықты) жерін өзгерткені туралы жиырма жұмыс күні ішінде салық органын хабардар етпеген тұлғаны анықтаған жағдайда, қосылған құн салығы бойынша есептен шығаруды салық органы қосылған құн салығын төлеушіге осы Кодекстің 31-бабына сәйкес

хабарлама жібере отырып, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізеді. Осындай қосылған құн салығын төлеушілер туралы ақпарат уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қосылған құн салығы бойынша есептен шығару күні уәкілетті органның WEB-сайтында орналастырылады.

2-3. Осы баптың 2-1 және 2-2-тармақтарында көрсетілген жағдайларда, қосылған құн салығын төлеушілер салық органы қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы шешім шығарған күннен кейінгі күннен бастап қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылады.

2-4. Осы Кодекстің 68-бабының 5-тармағына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тұлғаның қызметін уақытша тоқтата тұрған жағдайда, қосылған құн салығын төлеуші куәлігінің қолданысын тоқтатуды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салық органы жүргізеді.

3. Қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын заңды тұлға таратылған жағдайда, мұндай тұлға Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен алып тасталған күннен бастап қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылуға тиіс.

4. Осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілер осы баптың ережелеріне сәйкес келетін, қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы өтініш берілген кезеңнен кейінгі салық кезеңінің алғашқы күнінен бастап қосылған құн салығын төлеуші болуын тоқтатады.

5. Тұлғаны қосылған құн салығы бойынша есептен шығару кезінде осы Кодекстің 235-бабына сәйкес олар бойынша қосылған құн салығы есепке алуға жатқызылған оның тауарларының (соның ішінде негізгі құралдардың) қалдығы салық салынатын айналым ретінде қарастырылады.

Қосылған құн салығын төлеуші - заңды тұлға, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар қосылған құн салығын төлеушілер болып табылса, оның қайта ұйымдастырылуына байланысты қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылған жағдайда осы тармақтың ережесі қолданылмайды.

*Ескерту. 210-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 34-тарау. Салық салынатын айналым және салық салынатын импорт

### 211-бап. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша айналым

1. Тауарға қатысты өткізу бойынша айналым:

1) тауарға меншік құқығын беруді, оның ішінде:

тауарды сатуды;

тауарды тиеп жөнелтуді, оның ішінде басқа тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) алмастыруды;

тауар экспортын;

тауарды тегін беруді;

жарғылық капиталға жарна төлеуді;

жұмыс берушінің жалдамалы қызметкерге жалақы есебінен тауар беруін;

2) тауарды төлем мерзімін ұзарту шартымен тиеп жөнелтуді;

2-1) мүлікті қаржы лизингіне беруді;

3) комиссия шарттары бойынша тауарды тиеп жөнелтуді;

4) қарызды төлемеген жағдайда кепіл берушінің кепілге қойылған мүлкін (тауарын) беруін;

5) кәсіпкерлік қызмет үшін сатып алынған тауарды қосылған құн салығын төлеушінің не оның жалдамалы жұмыскерлерінің, қатысушылардың және (немесе) басқа тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке жатпайтын мақсатта пайдалануын;

6) осы Кодекстің 208-бабының 6-тармағына сәйкес бір заңды тұлғаның қосылған құн салығын дербес төлеушілері болып табылатын бір құрылымдық бөлімшесінің екінші құрылымдық бөлімшесіне тауар жөнелтуін;

7) бұрын экспорт режимінде шығарылған тауарды кері импорт режимінде қайтаруды білдіреді.

2. Жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналым кез келген жұмыстар орындауды немесе қызмет көрсетудің, соның ішінде олардың тегін орындалуын, сондай-ақ тауарды өткізуден өзге сыйақы үшін кез келген қызметті, оның ішінде:

1) мүлікті уақытша иелікке беруді және мүлікті жалдау (жалгерлік) шартымен пайдалануды;

2) санаткерлік меншік объектілеріне, соның ішінде жарғылық капиталға салым ретінде берілетін құқықтар беруді;

3) жұмыс берушінің жалдамалы қызметкерге жалақы есебінен жұмыстар орындауын, қызметтер көрсетуін;

4) осы Кодекстің 208-бабының 6-тармағына сәйкес қосылған құн салығын дербес төлеушілер болып табылатын бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасында жұмыстар орындауын, қызметтер көрсетуін білдіреді.

3. Мыналар:

- 1) бірлігінің құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, тауарды жарнамалық мақсатта беру не сыйлау;
- 2) тапсырысшының мердігерге дайын өнімді мердігердің дайындауы, ұқсатуы, құрастыруы (монтаждауы, орнатуы), жөндеуі және (немесе) объектілер салуы үшін алыс-беріс тауарларын тиіп жөнелтуі. Аталған тауарлар Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде дайындалған, ұқсатылған, құрастырылған, жөнделген жағдайда, егер оларды әкету Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес "Тауарларды кеден аумағынан тыс жерлерде ұқсату" режимімен жүзеге асырылса, аталған тауарлардың тиіп-жөнелтілуі өткізу бойынша айналым болып табылмайды;
- 3) қайтарылатын ыдысты тиіп жөнелту. Құны онымен жіберілетін өнімді өткізу құнына кірмейтін және осы өнімді беру жөніндегі шартта (келісім-шартта) белгіленген талаптармен және мерзімде, бірақ ұзақтығы алты айдан аспайтын мерзімде өнім берушіге қайтарылуда тиіс ыдыс қайтарылатын ыдыс болып табылады. Егер ыдыс белгіленген мерзімде қайтарылмаса, мұндай ыдыс өткізу бойынша айналымға енгізіледі;
- 4) бұрын экспорт режимінде шығарылған тауарды кері импорт режимінде қайтаруды қоспағанда, тауарды қайтару;
- 5) шартта белгіленген талаптар мен мерзімдерде қайта әкелуге жататын тауарларды көрмелер, басқа да мәдени және спорт шараларын өткізу үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкету, егер бұл Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес "Тауарларды уақытша әкету" кеден режимімен ресімделсе;
- 6) жер қойнауын пайдаланушы жаңадан құрған және (немесе) сатып алған, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды орындау үшін пайдаланылатын және Қазақстан Республикасына берілуі тиіс мүлікті жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының меншігіне беруі;
- 7) банк берген қарыздар және басқа да дебиторлық берешекті қоса алғанда, қарыздар бойынша талап ету құқығын басқаға беру;
- 8) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру бойынша айналым;
- 9) концессия объектісін концедентке беру, сондай-ақ концеденттің концессия объектісін пайдалану үшін концессионерге кейіннен беруі өткізу бойынша айналым болып табылмайды.

*Ескерту. 211-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23 N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04 N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12 N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **212-бап. Салық салынатын айналымды анықтау**

1. Қосылған құн салығын төлеушінің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша жасаған айналымы салық салынатын айналым болып табылады, оған:

- 1) осы Кодекске сәйкес қосылған құн салығынан босатылған;
- 2) өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын айналым қосылмайды.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу орны осы Кодекстің 215-бабына сәйкес белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызмет көрсетулер алынған жағдайда, аталған жұмыстар, қызмет көрсетулер осы Кодекстің 221-бабында белгіленген тәртіппен алушының салық салынатын айналымына енгізіледі.

### **213-бап. Салық салынатын импорт**

Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес декларациялануға тиісті, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар (осы Кодекстің 234-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылғандарын қоспағанда) салық салынатын импорт болып табылады.

### **214-бап. Тапсырма шарттары бойынша жүзеге асырылатын өткізу бойынша айналымдар**

1. Сенім білдірілген адамның сенім білдірушінің атынан және соның есебінен тауарды тиіп жөнелтуі, жұмыстарды орындауы немесе қызметтер көрсетуі сенім білдірілген адамның өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

- 1) сенім білдірілген адамның сенім білдірушіге орындаған (көрсеткен) жұмыстарына (қызметтеріне);
- 2) Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент емес сенім білдірушіден алынған тауарға қатысты қолданылмайды. Мұндай жағдайда тауарды тиіп жөнелту сенім білдірілген адамның өткізу бойынша айналымы болып табылады.

### **215-бап. Тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізу орны**

#### 1. Тауарды өткізу орны болып:

- 1) егер тауарды беруші, алушы немесе үшінші тұлға тасымалдайтын (жіберетін) болса, тауарды тасымалдау басталған орын;
- 2) басқа жағдайларда - тауарды алушыға беру орны танылады.

#### 2. Жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып:

- 1) егер жұмыстар, қызметтер жылжымайтын мүлікпен тікелей байланысты болса, осы мүліктің орналасқан жері;
- 2) егер олар жылжымалы мүлікпен байланысты болса, жұмыстарды, қызметтерді нақты жүзеге асыратын орны;

Мұндай жұмыстарға, қызмет көрсетулерге монтаждау, құрастыру, жөндеу жатады.

- 3) егер қызметтер мәдениет, өнер, білім, дене тәрбиесі немесе спорт саласындағы қызметтерге қатысты болса, қызметтердің нақты көрсетілетін орны;

- 4) жұмыстарды, қызметтерді сатып алушының кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызмет орны танылады. Осы тармақша мынадай жұмыстарға, қызметтерге:

санаткерлік меншік объектілерін пайдалануға құқық беру жөніндегі;

консультациялық, аудиторлық, инжинирингтік, заңдық, бухгалтерлік, адвокаттық, жарнамалық қызмет көрсетулерге, сондай-ақ ақпаратты өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулерге;

қызметкерлерді беру жөніндегі;

жылжымалы мүлікті (көлік құралдарынан басқа) жалға беру жөніндегі қызметке;

тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу жөніндегі, сондай-ақ осы тармақшада көзделген қызметтерді жүзеге асыру үшін шартқа (келісім-шартқа) негізгі қатысушының атынан тұлға тартатын агенттің қызметтеріне;

байланыс қызметіне;

туризмді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге қатысты қолданылады;

- 5) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көзделмеген жұмыстар, қызмет көрсетулер болған жағдайда жұмыстарды орындайтын (қызметтер көрсететін) тұлғаның кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызметті жүзеге асыратын орны танылады.

3. Егер тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу басқа негізгі тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуге қатысты көмекші сипатта болса, негізгі тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізілген жер осындай көмекші өткізу орны болып танылады.

4. Осы баптың 2-тармағы 4) тармақшасының мақсаты үшін, егер жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушының кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызмет орны біреуден артық болса, осындай жұмыстар, қызмет көрсетулер пайдаланылатын орын олар өткізілген орын болып есептеледі.

5. Осы баптың 2-тармағын қолдану кезінде бірнеше тармақшада аталған жұмыстарды орындайтын немесе қызметтер көрсететін жер осы тармақшалардың реті бойынша бірінші болып белгіленеді.

*Ескерту. 215-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **216-бап. Өткізу бойынша айналым жасау күні**

1. Егер осы баптың 2 және 2-1-тармақтарында өзгеше көзделмесе, тауарды тиіп жөнелту күні тауар өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.

Егер тауарды тиіп жөнелту жүзеге асырылмаған жағдайда, онда алушыға тауар меншігінің құқығы берілген күн өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.

2. Кепіл беруші кепілге салынған мүлікті (тауарды) берген кезде кепіл ұстаушы үшін мына күндердің бірі:

- 1) кепіл затына меншік құқығы кепіл берушіден кепілге салынған мүлікті өндіріп алу процесінде жүргізілген сауда-саттықтың жеңімпазына ауысқан күн;

- 2) егер сауда-саттық өтпеді деп жарияланса, кепіл затына меншік құқығы кепіл игерушіден кепіл ұстаушыға ауысқан күн сату бойынша айналым жасау күні болып табылады.

осы Кодекстің 211-бабының 1-тармағының 5) тармақшасында аталған жағдайларда тауар пайдалану кезінде тауарды осындай пайдалануға берген күн өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.

осы Кодекстің 210-бабының 5-тармағында аталған жағдайларда, қосылған күн салығын төлеуші есептен шығару туралы өтініш берген салық кезеңінің соңғы күні өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.

- 2-1. Лизинг алушының негізгі қаражат ретінде алуына жататын мүлікті қайтарымды лизинг шарты бойынша беруді қоспағанда, қаржы лизингіне беру кезінде мыналар өткізу бойынша айналым жасалған күн болып табылады:

- 1) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында аталған жағдайларды қоспағанда, қаржы лизингінің шартында белгіленген мерзімдік лизингтік төлемді алу мерзімінің басталу күні;
  - 2) егер қаржы лизингінің шарты бойынша лизингтік төлемді алу мерзімінің басталу күні мүлікті лизинг алушыға беру күніне дейін белгіленсе, онда мүлікті қаржы лизингіне берген күн айналымды жасау күні болып табылады;
  - 3) қаржы лизингінің шартында көзделген лизинг төлемдерін лизинг алушы мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, түбегейлі есеп айырысқан күн қаржы лизингінің осы шарты бойынша айналымды жасаған соңғы күн болып табылады.
- 2-2. Лизинг алушы (сатушы) негізгі құрал ретінде алуға тиісті мүлікті қайтарымды лизинг шарты бойынша беру кезінде мүлікті қаржы лизингіне берген күн өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.
- 2-2. Құрылыс, құрылыс-монтаж, жөндеу жұмыстарын орындау кезінде:
- 1) тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды ақысын төлеуге қабылдаған күннің;
  - 2) мемлекеттік қабылдау комиссиясы салынып біткен объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге (ал мемлекеттік нормативтерде белгіленген жағдайларда қабылдау комиссиясының актісі) қол қойған күннің қайсысы алғаш орын алатын болса, сол күн өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.
3. Жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша салық салынатын айналым жасау күні төменде аталған шарттардың бірі бірінші болып орындалған:
- 1) жұмыстарға, қызмет көрсетулерге қосылған құн салығымен бірге шот-фактура жазылған;
  - 2) жұмыстар орындалған, қызмет көрсетулер көрсетілген жағдайда басталады.
4. Егер жұмыстар, қызметтер тұрақты (үзіліссіз) негізде өткізілетін болса, онда:
- 1) қосылған құн салығы көрсетіліп, шот-фактура жазылған күннің;
  - 2) әрбір төлемді (есеп айырысу нысанына қарамастан) алу күнінің қайсысы бірінші болса, сол күн өткізу бойынша салық салынатын айналым жасау күні болып табылады.
- Жұмысты (көрсетілетін қызметті) алушы олардың нәтижелерін өзінің өндірістік қызметіне жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген күні пайдалана алатын жағдайда ұзақ мерзімді шарт негізінде жұмыстар орындау, қызметтер көрсету оларды тұрақты (үздіксіз) негізде іске асыруды білдіретін болады.
5. Қызметкерлерге жалақы есебінен тауар берген, жұмыстар орындаған, қызметтер көрсеткен жағдайда қызметкерлерге тауарлар берілген, жұмыстарды орындаған немесе қызметтер көрсетілген күн өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.
6. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызмет көрсетулер алған жағдайда аталған жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алған күн айналым жасау күні болып табылады.

*Ескерту. 216-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **35-тарау. Салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт мөлшерін анықтау**

### **217-бап. Салық салынатын айналым мөлшері**

1. Егер осы бапта және трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, салық салынатын айналым мөлшері, оған қосылған құн салығын енгізбей, мәміле жасаған тараптар қолданатын бағалар мен тарифтерді негізге ала отырып, өткізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны негізінде анықталады.
2. Тауарларды тегін берілген кезде, сондай-ақ осы Кодекстің 210-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда, салық салынатын айналым мөлшері, қосылған құн салығын енгізбей, өткізу бойынша айналым жасау күні қалыптасқан бағалар деңгейі негізге алына отырып анықталады, бірақ бұл олардың баланстық құнынан кем болмауы керек.  
Аталған тауарларды өткізу күніне бухгалтерлік есепте көрсетілген тауарлардың құны осы тармақтың мақсаттары үшін баланстық құн болып табылады.
3. Кепіл беруші кепілдік мүлікті (тауарды) берген кезде кепіл берушідегі салық салынатын айналым мөлшері, сатылатын кепілдіктігі мүлік (тауар) құны негізге алынып, бірақ қосылған құн салығы енгізілмей, осы мүлікті (тауарды) кепілге салудан алынған заем қаражаты сомасынан төмен емес мөлшерде айқындалады.
4. Тауарды бөліп-бөліп төлеу шарттарымен өткізу кезінде салық салынатын айналым мөлшері шарт талаптарымен көзделген барлық тиесілі төлемдер ескеріле отырып, осы баптың 1-тармағына сәйкес анықталады.

5. Үшінші тұлға үшін төлеуге байланысты қызметтер көрсетілген кезде салық салынатын айналымның мөлшеріне комиссиялық сыйақы қосылады.
6. Салық салынатын айналым мөлшеріне акцизделетін тауарлар мен қызмет түрлері бойынша акциз сомалары енгізіледі.
7. Қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу көзделмеген тауарлар сатып алынған күні қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес оларды қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу көзделмеген тауарларды өткізу кезінде салық салынатын айналым мөлшері тауардың өткізілу құны мен осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленетін баланстық құны арасындағы оң айырма ретінде анықталады.
8. Лизинг алушының негізгі қаражат ретінде алуына жататын мүлікті қайтарымды лизинг шарты бойынша беруді қоспағанда, қаржы лизингіне беру кезінде салық салынатын айналым мөлшері:
- 1) қаржы лизингінің шартына сәйкес белгіленген лизингтік төлем мөлшері негізінде, оған сыйақы мен қосылған құн салығы сомасы енгізілместен, осы Кодекстің 216-бабы 2-1-тармағының 1) тармақшасында аталған айналым жасау күніне;
  - 2) барлық мерзімдік лизингтік төлемдер сомасының негізінде, оларға алу мерзімі басталатын күн қаржы лизингінің шартына сәйкес мүлікті лизинг алушыға берген күнге дейін белгіленген сыйақы мен қосылған құн салығы сомасы енгізілместен, осы Кодекстің 216-бабы 2-1-тармағының 2) тармақшасында аталған айналым жасау күніне;
  - 3) қаржы лизингі шарты бойынша алынуға жататын барлық лизингтік төлемдердің жалпы сомасы және оларға сыйақы мен қосылған құн салығы сомасы енгізілместен, осы шарт бойынша өткізу жөніндегі айналым жасаудың алдындағы күніне келетін салық салынатын айналымдар мөлшерінің сомасы ретінде белгіленетін салық салынатын айналым мөлшері арасындағы айырма ретінде, осы Кодекстің 216-бабы 2-1-тармағының 3) тармақшасында аталған айналым жасау күніне белгіленеді.
- 8-1. Лизинг алушы (сатушы) негізгі құрал ретінде алуға тиісті мүлікті қайтарымды лизинг шарты бойынша беру кезінде өткізу бойынша айналым мөлшері осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалады.
9. Көлік экспедициясының шарты бойынша қызмет көрсету кезінде экспедитордағы салық салынатын айналым мөлшері оның сыйақысы негізінде айқындалады.

*Ескерту. 217-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **218-бап. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету**

1. Өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны қандай да бір өзгеріске түскен жағдайда, салық салынатын айналым мөлшері тиісті түрде түзетіледі.
2. Салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшерін түзету:
  - 1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;
  - 2) мәміленің шарттары өзгерген;
  - 3) өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін баға, өтем өзгерген;
  - 4) өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін теңгемен төлеу кезінде құнының айырмасын алған;
  - 5) осы Кодекстің 211-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өткізу жөніндегі айналымға енгізілген ыдыстарды қайтарған жағдайларда жүргізіледі.
3. Осы бапқа сәйкес салық салу айналымының мөлшерін түзету қосымша шот-фактураның немесе осы баптың 2-тармағында аталған жағдайлардың болуын растайтын басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі.

*Ескерту. 218-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **219-бап. Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету**

1. Егер өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төленетін ақының бір бөлігі немесе бүкіл мөлшері күмәнді талап болып табылса, қосылған құн салығын төлеушінің мынадай жағдайларда:
  - 1) күмәнді талаптың туындауына байланысты қосылған құн салығы ескерілген салық кезеңі аяқталғаннан кейін үш жыл өткен соң;
  - 2) банкрот деп танылған дебиторды заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен шығару туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салық кезеңінде бюджетке жарна ретінде енгізілуге тиіс қосылған құн салығының сомасын азайтуға құқығы бар.
2. Өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін ақыны қосылған құн салығын төлеуші осы баптың 1-тармағында өзіне берілген құқығын пайдаланғаннан кейін алған жағдайда салық салынатын айналым мөлшері ақы алынған сол салық кезеңінде аталған ақының құнына арттырылуға тиіс.
3. Осы бапқа сәйкес салық салынатын айналым мөлшерін түзету осы Кодекстің 96-бабында аталған жағдайлар сақталған кезде жүргізіледі.

**220-бап. Салық салынатын импорт мөлшері**

Салық салынатын импорт мөлшеріне Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес белгіленетін импортталатын тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ импортқа қосылған құн салығын қоспағанда, Қазақстан Республикасына тауарлар импорты кезіндегі салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары енгізіледі.

*Ескерту. 220-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**221-бап. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызмет көрсетулер алу кезінде салық салынатын айналым**

1. Егер Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент емес ұсынған жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу орны Қазақстан Республикасы болса, олар жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алатын Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің айналымы болып табылады және оларға осы Кодекске сәйкес қосылған құн салығы салынуға тиіс.

2. Осы баптың мақсаттары үшін жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушының салық салынатын айналымының мөлшері, осы баптың 1-тармағында аталған резидент емеске есептелген табыс сомасы негізге алына отырып айқындалады.

3. Осы бапқа сәйкес төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 245-бабының 1-тармағында көзделген ставканы салық салынатын айналым мөлшеріне қолдану арқылы анықталады.

Алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін төленетін төлем шетел валютасымен жүргізілген жағдайда салық салынатын айналым айналым жасау күні валюта алмастырудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен есептеледі.

4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес есептелген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 247-бабында белгіленген қосылған құн салығы бойынша декларация табыс етілетін мерзімнен кешіктірілмей төленеді.

5. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығының төленгенін растайтын төлем құжаты немесе уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық органы берген құжат осы Кодекстің 235-бабына сәйкес салық сомасын есепке жатқызуға құқық береді.

6. Егер берілген жұмыстар, көрсетілген қызметтер осы Кодекстің 225-бабында аталған жұмыстар, көрсетілген қызметтер болып табылса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

*Ескерту. 221-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **36-тарау. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар**

**222-бап. Тауарлар экспорты**

1. Экспортқа тауарлар өткізу жөніндегі айналымға нөлдік ставка бойынша салық салынады.

Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар әкету тауарлар экспорты болып табылады.

2. Осы Кодекстің 223-бабына сәйкес тауарлар экспорты расталмаған жағдайда аталған тауарларды өткізу бойынша айналымға осы Кодекстің 245-бабының 1-тармағында көрсетілген ставка бойынша қосылған құн салығы салынуға тиіс.

*Ескерту. 222-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

**223-бап. Тауарлар экспортын растау**

1. Мыналар:

1) экспортталатын тауарларды беруге жасалған шарт (келісім-шарт);

2) тауарлар шығаруды экспорт режимінде жүзеге асыратын кеден органының белгісі соғылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы бекетте орналасқан кеден органының белгісі соғылған кедендік жүк декларациясы тауарлар экспортын растайтын құжат болып табылады.

Тауарларды магистральдық құбырлар жүйесі бойынша немесе электр тарату желілері бойынша экспорт режимінде шығарған жағдайда кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының белгісі бар толық кедендік жүк декларациясы экспортты растаушы болып қызмет етеді;

Тауарларды мерзімдік декларациялау рәсімін қолдана отырып экспорт режимінде шығарған жағдайда, кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының белгісі бар толық кедендік жүк декларациясы да экспортты растаушы болып табылады;

Уақытша декларация беру рәсімін қолдана отырып, экспорт режимінде тауарларды әкеткен жағдайда, кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының белгілері бар толық жүк кеден декларациясы да экспортты растаушы болып табылады.

3) тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

Тауарларды магистральдық құбырлар жүйесі бойынша немесе электр тарату желілері бойынша экспорт режимінде шығарған жағдайда тауардың ілеспе құжаттары көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдау-өткізу актісі табыс етіледі;

4) зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның магнит жеткізгіште тауардың және оған авторлық құқықтардың болуы туралы, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда оның құны туралы растамасы тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

2. (алып тасталды)

3. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге бұдан бұрын кеден аумағынан тыс жерлерде ұқсату режимінде әкетілген тауарларды немесе оларды ұқсату өнімдерін одан әрі экспорттау жүзеге асырылған жағдайда экспортты растау осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес, сондай-ақ мынадай құжаттардың негізінде жүргізіледі:

1) ұқсату режимі экспорт режиміне өзгертілетін кедендік жүк декларациясы;

2) тауарларды кеден аумағынан тыс ұқсату режиммен ресімделген кедендік жүк декларациясы;

3) тауарларды шет мемлекет аумағына әкелу кезінде оларды кеден аумағында ұқсату (тауарларды кеден бақылауымен ұқсату) режимінен ресімделген, осындай ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы куәландырған кедендік жүк декларациясының көшірмесі;

4) тауарларды немесе олардың ұқсатылған өнімдерін өңдеген мемлекеттің аумағынан әкету кезінде экспорт режимінде ресімделген және осындай ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы куәландырған кедендік жүк декларациясының көшірмесі.

*Ескерту. 223-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **223-1-бап. Тазартылған қымбат бағалы металдарға салық салу**

Қазақстан Республикасы резиденттерінің өз өндірісінің шикізатынан дайындалған, тазартылған қымбат бағалы металдарды - алтынды, платинаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және қаржы ұйымдарына сатуы жөніндегі айналымға нөлдік ставка бойынша салық салынады.

*Ескерту. 223-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **224-бап. Халықаралық тасымалдарға салық салу**

1. Халықаралық тасымалдар бойынша мынадай қызмет көрсетуді іске асыру жөніндегі айналымға:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларды, соның ішінде поштаны тасымалдауға;

2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзит жүктерін тасымалдауға;

3) халықаралық қатынаста жолаушылармен жолжүктерін тасымалдауға нөлдік ставкамен салық салынады.

2. Егер тасымалдауды ресімдеу бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттарымен, ал экспортталатын тауарларды магистральдық құбыр желісінің жүйесі бойынша тасымалдау - экспортталатын тауарларды сатып алушыға не аталған тауарларды экспорттың кедендік режимінде ресімделген кедендік жүк декларациясын табыс ете отырып, одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға беруді растайтын құжаттармен жүзеге асырылған жағдайда, осы баптың 1-тармағының мақсаты үшін тасымалдау халықаралық тасымалдау деп есептеледі.

Жолаушыларды, экспортталатын тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауды бірнеше көлік ұйымдары жүзеге асыратын жағдайда, халықаралық тасымалдың басталуы деп тасымалдауды Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жүзеге асыратын көлік ұйымының жолаушыларды, тауарларды (поштаны, жолжүкті) тасымалдауды басталатын жер танылады.

Импортиралатын тауарларды (поштаны, жолжүкті) тасымалдауды бірнеше көлік ұйымдары жүзеге асыратын жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген жолаушыларды, тауарларды (поштаны, жолжүкті) көлік ұйымының көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымал халықаралық тасымалға жатады.

*Ескерту. 224-бабының күші 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын - Қазақстан Республикасының 2001.06.12. N 210, өзгерту енгізілді - 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **224-1-бап. Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында өткізілетін тауарларға салық салу**

1. Осы Кодекстің 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында аталған қызмет түрлерін арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асыруға арналған жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілерді салу және пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды арнайы экономикалық аймақтардың аумағында өткізуге қосылған құн салығы нөлдік ставка бойынша салынады.

Электр энергиясын, бензинді, дизель отыны мен суды қоспағанда, осы тармақтың мақсаттары үшін әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілерді тұрғызу процесіне тікелей тартылған тауарлар құрылыс процесінде толық тұтынылатын тауарлар деп түсініледі.

2. Есепке алуға жатқызылатын салық сомасының осы баптың 1-тармағында аталған айналымдар бойынша есеп беру кезеңі ішінде есептелген салық сомасынан асып түскен сомалар арнайы экономикалық аймақ аумағындағы салық органынан растау алғаннан кейін әкелінген тауарлардың әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілерді салу процесінде нақты тұтынылу бөлігінде белгіленген мерзімдерде салық төлеушінің өтініші бойынша оған қайтарылады. Арнайы экономикалық аймақ аумағында құрылған атқарушы орган арнайы экономикалық аймақ аумағындағы салық органының сұрау салуы бойынша беретін, әкелінген тауарлардың әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілерді салу процесінде пайдаланылғаны туралы құжат растау үшін негіздеме болып табылады.

3. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығы бойынша нөлдік ставканы қолдану үшін:

- 1) арнайы экономикалық аймақтың аумағында осы баптың 1-тармағында аталған объектілерді салуды жүзеге асыратын ұйымдармен тауарлар беруге жасалған шарт (келісім-шарт);
- 2) тауарлар шығаруды еркін кеден аймағының кеден режимінде жүзеге асыратын кеден органы белгі қойған кедендік жүк декларациясының көшірмелері;
- 3) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған ұйымдарға тауарлардың тиіп жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;
- 4) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған ұйымдардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері негіз болып табылады.

*Ескерту. 224-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **224-2-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу**

1. Нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өткізілетін, өзі өндірген тауарларды сату жөніндегі айналымға салынады. Осы тармақша жаңа объектілерді салу кезеңінде қолданылады;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалану келісім-шарты шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге өткізілетін, өзі өндірген тауарларды сату жөніндегі айналымдарға салынады.

Егер, жер қойнауын пайдалану келісім-шартында қосылған құн салығынан босатылатын импортталатын тауарлар тізбесі айқындалған болса, онда осы тізбеде көрсетілген тауарларды сату жөніндегі айналымдарға нөлдік ставка бойынша салық салынады.

Осы баптың мақсатына орай, қосылған құн салығын төлеушінің өзі өндірген, өндіріс процесінде пайдаланылған және өндірілген өнімнің (тауардың) құрамына кірген шикізаттар мен материалдар қодының алғашқы төрт таңбасының кез келгенінің деңгейінен ерекшеленетін сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды бар өнім (тауар) өзі өндірген тауар болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында аталған салық төлеушілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Тауарлардың осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған салық төлеушіге өткізілгенін растайтын құжаттар:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан заңды тұлғаға тауарлар беру шарты;
- 2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған салық төлеушіге тауарлардың тиеліп жіберілгенін растайтын, тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;
- 3) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған салық төлеушінің тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері болып табылады.

4. Тауарлардың осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында аталған салық төлеушілерге өткізілгенін растайтын құжаттар:

- 1) берілетін тауарлардың жер қойнауын пайдалану келісім-шартының жұмыс бағдарламасын орындауға арналғанын шартта көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалану келісім-шарты шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарт талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар қосылған құн салығынан босатылатын, салық төлеушілерге тауарлар беру шарты;
- 2) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында аталған салық төлеушілерге тауарлардың тиіп жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;
- 3) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында аталған салық төлеушілердің тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері болып табылады.

Ескерту. 224-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 37-тарау. Қосылған құн салығынан босатылған айналымдар және импорт

### 225-бап. Қосылған құн салығынан босатылған айналымдар

Мынадай тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді):

- 1) пошталық ақы төлеудің мемлекеттік белгілері;
- 2) акциздік маркаларын (осы Кодекстің 549-бабына сәйкес акцизделетін тауарларды таңбалауға арналған есеп-бақылау маркалары);
- 3) уәкілетті органдар жүзеге асыратын, соларға байланысты мемлекеттік баж алынатын қызметтерді;
- 4) адвокаттық қызметті, нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтерді;
- 5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өткізетін тауарлар (жұмыстар, қызметтерді);
- 6) мемлекеттік меншікті жекешелендіру тәртібімен өткізілетін мүлікті;
- 6-1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынған мүлік;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мекемелердің немесе мемлекеттік кәсіпорындардың пайдасына өтеусіз негізде негізгі құралдарды беруді;
- 8) жарғылық капиталға жарналарды;
- 9) жарғылық капиталға жарна ретінде алынған мүлікті қайтарып алуды;
- 10) жерлеу бюроларының әдет-ғұрыптық қызмет көрсетулерін, зираттар мен крематорийлердің қызмет көрсетулерін;
- 11) оларды өткізу жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда, лотереялық билеттерді өткізу бойынша айналымды;
- 12) банк карталарымен операциялар бойынша есеп-қисаптарға қатысушыларға жинау, өңдеу және таратып беру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоса алғанда, есеп-қисаптарға қатысушылар арасында ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар;
- 12-1) Қазақстан Республикасының кеден аумағына "Қазақстан Республикасының кеден аумағында тауарларды ұқсату" кеден режимінде әкелінген тауарларды ұқсату және (немесе) жөндеу бойынша қызмет көрсетулер;
- 12-2) осы Кодекстің 224-бабына сәйкес халықаралық тасымалдар болып табылатын тасымалдарға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулер, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларды, оның ішінде почтаны, тиеу, түсіру, қайта тиеу (ағызу-қю), жөнелту бойынша жұмыстар, қызмет көрсетулер, сондай-ақ транзит жүктер; техникалық, аэронавигациялық, әуежай қызметін көрсету; халықаралық рейстерге көрсетілетін қызметтер бойынша теңіз айлақтарында қызмет көрсету;
- 12-3) тұрғын үй қорын басқару, ұстау мен пайдалану жөнінде қызмет көрсету;
- 13) осы Кодекстің 226-233-баптарында көрсетілген өткізу;
- 14) ұлттық валюта банкноттары мен монеталары;
- 15) егер мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ өндірістік ұйымдары мына шарттарға сәйкес келсе:  
осындай өндірістік ұйымдар қызметкерлері жалпы санының кемінде 51 проценті мүгедектер болса;  
мүгедектерге еңбекақы төлеу бойынша шығыстар еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 проценті (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда - кемінде 35 проценті) болса, осындай бірлестіктер мен ұйымдардың тауарлары (жұмыстары, қызмет көрсетулері) бойынша айналымдар (сауда-делдалдық қызметтен түскен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу жөніндегі айналымдардан және акцизделетін тауарлар мен қызмет түрлерін өндіру мен өткізу бойынша айналымдардан басқа);
- 16) (алып тасталды)
- 17) бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келген:  
тауарды өңдеу инвестиция және даму саласындағы уәкілетті орган белгілеген жеткілікті өңдеу критерийлеріне сәйкес келген;  
тауар мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тізбеге енгізілген;  
еркін қойманың кедендік рәсмінде орналастырылған тауар еркін қойма аумағынан әкетілген, көрсетілген рәсім аяқталғаннан кейін Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттармен ресімделген кезде, еркін қойма аумағында өндірілген және осы аумақтан Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне өткізілетін тауарлар;

18) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында өткізілетін, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында осы Кодекстің 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру процесінде тұтынылатын тауарларды ;

19) алып тасталды - 2006.05.06. N 140 Заңымен.

20) тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға сәйкес жалға берілетін үйдің үй-жайларын жалға беру жөнінде көрсетілетін қызметтер өткізу бойынша айналымдар қосылған күн салығынан босатылады.

Осы баптың 17) және 18) тармақшаларында аталған тауарлардың тізбелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

*Ескерту. 225-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 182 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **226-бап. Жерге және тұрғын үй ғимараттарына байланысты айналымдар**

1. Тұрғын үй ғимаратын (ғимараттың бір бөлігін) өткізу және (немесе) осындай ғимаратты (ғимараттың бір бөлігін) жалға беру, оның ішінде қосалқы жалға беру мыналарды:

1) (алып тасталды)

2) қонақүй қызметін көрсету мақсатында пайдаланылатын тұрғын үй ғимаратын (ғимараттың бір бөлігін) өткізуді немесе жалға беруді;

3) қонақүйде тұру бойынша қызмет көрсетуді қоспағанда, қосылған күн салығынан босатылады.

Ғимаратқа құны бастапқы құнының кемінде 50 проценті болатын қайта жаңғырту (жөндеу) жасалып, егер осы ғимарат қайта жаңғыртудан кейін тұрғын үй мақсатында пайдаланылатын болса, бұл ғимаратта тұрғын үй қорының салынған ғимаратына жатады.

2. 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 100-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен күшін жойды.

*Ескерту. 226-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.05.06 N 32-IV (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **227-бап. Қаржылық қызмет көрсетулер**

1. Егер қаржылық қызмет көрсетулер бойынша айналымдар осы баптың 2-тармағында көзделсе, ол қызмет көрсетулер қосылған күн салығынан босатылады.

2. Қосылған күн салығынан босатылатын қаржылық қызмет көрсетулерге мыналар жатады:

1) қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын мынадай банк операциялары және өзге де операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өкілеттіктер шегінде лицензиясыз өзге заңды тұлғалар жүргізетін операциялар:

депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған қымбат бағалы металдардың және қымбат бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты мөлшері көрсетіледі;

аударым операциялары;

банктік заем операциялары;

кассалық операциялар;

шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;

төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;

аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

сенімгерлік операциялары: сенімгердің мүддесі үшін және тапсырмасы бойынша банктер жүзеге асыратын ақшаны, тазартылған бағалы металдарды басқару;

банктердің ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беруі;

банктердің үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беруі;

банктер жүзеге асыратын факторингтік және форфейтингтік операциялар;

2) бағалы қағаздармен жасалатын операциялар, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызмет көрсетуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензиялар негізінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі ұйымдардың қызмет көрсетуі және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті банктің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын бағалы қағаздармен жасалатын операциялары;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) жөніндегі операциялар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасу және орындау бойынша сақтандыру брокерлерінің (сақтандыру агенттерінің) қызмет көрсетуі;

3-1) банкаралық клиринг бойынша қызмет көрсету;

4) төлем карточкаларымен, чектермен, вексельдермен, депозиттік сертификаттармен жасалатын операциялар;

5) зейнетақы активтерін, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін инвестициялық басқару бойынша қызмет көрсету;

6) ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша талап ету құқықтарын басқару жөнінде қызмет көрсету;

7) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту бойынша зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық табысты бөлу мен есептеу жөнінде көрсететін қызметтері;

8) кәсіпорынның жарғылық капиталына қатысу үлесін өткізу;

9) микрокредиттер беру жөніндегі операциялар;

10) ломбардтардың жылжымалы мүлікті кепілге алу арқылы қысқа мерзімді қарыздар беруі;

11) кредиттік серіктестіктер өз қатысушылары үшін жүзеге асыратын мынадай операциялар:

аударым операциялары: төлемдер және ақша аударымы бойынша тапсырмаларды орындау;

қарыз беру операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беру;

кассалық операциялар;

кредиттік серіктестікке қатысушылардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

кредиттік серіктестікке қатысушылар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін кепілдіктер, кепілдемелер және өзге міндеттемелер беру;

12) тазартылған қымбат бағалы металдардың орнын ауыстырмай, солармен жасалатын операциялар;

*Ескерту. 227-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.10. N 483, 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **228-бап. Қаржы лизингіне берілген мүлік**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, мынадай талаптар сақталған жағдайда:

1) мұндай беру осы Кодекстің 74-бабында белгіленген талаптарға сай келсе;

2) лизинг алушы мүлікті негізгі құрал ретінде алса, мүлікті қаржы лизингіне беру лизинг беруші алуға тиіс сыйақы сомасы бөлігінде қосылған құн салығынан босатылады.

2. Мынадай шарттар сақталған жағдайда:

1) осындай беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келсе;

2) лизинг алушы мүлікті негізгі құрал, жылжымайтын мүлікке инвестиция биологиялық актив ретінде сатып алса;

3) берілетін мүлік Осы Кодекстің 225-бабының 17) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынсыз сатып алынса не осы Кодекстің 234-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынсыз 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін импортталған берілетін мүлік осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағында көрсетілген тауарлар тізбесіне кірсе, мүлікті қаржы лизингіне беру қосылған құн салығынан босатылады.

#### **229-бап. Коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер**

Осы Кодекстің 120-бабының 1-тармағында аталған коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын қызметтерді көрсету бойынша айналымдар, егер олар:

1) балаларды, қарттарды, соғыс және еңбек ардагерлері мен мүгедектерді қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру жөнінде қызмет көрсетумен;

- 2) діни ұйымдардың әдет-ғұрыптар мен рәсімдерді жүзеге асыруына және діни қажеттілік заттарын өткізуіне;
- 3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша қызмет көрсетуге байланысты болса, қосылған құн салығынан босатылады.

*Ескерту. 229-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **230-бап. Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстары**

Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстарын іске асыру бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстары деп көмірсутекті және минералдық шикізат кен орындарын (кендерін) іздігіруді, барлауды, бағалау мен игеруге дайындауды қамтамасыз ететін, өзара байланысты, белгілі бір кезекпен қолданылатын жұмыстардың жиынтығы ұғынылады.

Мыналарға:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер қойнауын пайдалануға жасалған:

жер қойнауы учаскелерінде (геологиялық бөліп берілген жерде) барлау жөнінде жұмыстарды жүргізуге;

барлау жүргізу кезеңінде жер қойнауы учаскелерінде (геологиялық бөліп берілген жерде) бірлескен барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған келісім-шарттың;

- 2) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуді жүзеге асыру жөнінде жұмыстарға мемлекеттік сатып алу туралы шарттың аясында салық төлеуші (мердігер, қосалқы мердігер) жүзеге асыратын геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстарына қатысты босату қолданылады.

Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстары нақты түрлерінің, сондай-ақ геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстарының құрамдас бөлігі болып табылатын арнайы жұмыстардың жекелеген түрлерінің тізбесі, олардың көлемі және құны геологиялық объектіні зерттеу мақсаты мен оның ерекшеліктерін, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерді, геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстарын жүргізуге қойылатын геологиялық-әдістемелік талаптарды, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды ескере отырып, әрбір геологиялық (ғылыми-геологиялық) объектіге арналған жобалау-сметалық құжаттамада айқындалуға тиіс.

*Ескерту. 230-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **230-1-бап. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер**

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жаңа объектілерді салу кезіндегі жобалау, жобалау-құрылыс, құрылыс-монтаждау жұмыстары жатады.

Салықтан босату салық төлеуші (мердігер, қосалқы мердігер) Қазақстан Республикасы Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға жасасқан концессиялық шарт шеңберінде жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсететін қызметтерге қатысты қолданылады.

Инфрақұрылымдық жобалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің нақты түрлерінің тізбесі, олардың көлемі мен құны әрбір жоба бойынша жаңа объектіні зерттеу, жобалау, салу мақсатын негізге ала отырып және осы инфрақұрылымдық жобаны іске асыру үшін қойылатын ғылыми-техникалық, экономикалық және экологиялық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып, жобалау-сметалық құжаттамада айқындалуға тиіс.

*Ескерту. 230-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **231-бап. Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, жұмыстар**

Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, жұмыстар, егер олар мынадай:

- 1) шоу-бизнес саласындағы қызметтерді қоспағанда, театр-концерт қызметін жүзеге асыру жөніндегі;
- 2) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіптік білім беру; қайта даярлау және біліктілігін арттыру салаларында қызметтің осы түрлерін жүргізуге құқық беретін тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын білім беру;
- 3) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына;
- 4) кітапхана қызметін көрсету жөніндегі;

5) тарихи және мәдени мұраны, мұрағаттық құндылықтарды сақтау жөніндегі қызмет көрсетулерге, жұмыстарға жататын болса, қосылған құн салығынан босатылады.

*Ескерту. 231-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **232-бап. Медициналық және мал дәрігерлік қызмет саласындағы тауарлар мен қызмет көрсетулер**

1. Медициналық және мал дәрігерлік қызмет көрсетумен байланысты тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша айналымдар:

- 1) кез келген нысандағы дәрі-дәрмектік заттарды, сондай-ақ оларды өндіру үшін қажет материалдар мен жинақтаушы заттарды өткізген;
- 2) медициналық (мал дәрігерлік) мақсаттағы бұйымдарды, оның ішінде протездік-ортопедиялық бұйымдар мен медициналық (мал дәрігерлік) техниканы қоса алғанда, сондай-ақ оларды өндіру үшін қажет материалдар мен жинақтаушы заттарды өткізген;
- 3) косметологиялық қызметті қоспағанда, медициналық (мал дәрігерлік) қызмет көрсетілген жағдайларда қосылған құн салығынан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

### **233-бап. Кәсіпорынды сату**

1. Қосылған құн салығын төлеушінің біреуі екінші бір қосылған құн салығын төлеушіге кәсіпорынды немесе кәсіпорынның дербес жұмыс істеп тұрған бөлігін өткізуі:

- 1) берілетін активтерін, оларды қалыптастыру көздерін және (немесе) олар бойынша міндеттемелерді көрсете отырып, кәсіпорынның тарату балансы және (немесе) бөлу балансы мен беру актісі негізінде;
- 2) осы тармақта көзделген, айналым жасалғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті салық органдарына ұсынылған қосылған құн салығынан босатуды қолдану жөніндегі операцияға қатысушылардың екеуі де қол қойған өтініш негізінде қосылған құн салығынан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт беретін құқықтарды қайтадан басқа біреуге берген жағдайда да қолданылады.

*Ескерту. 233-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **234-бап. Қосылған құн салығынан босатылатын импорт**

1. Қосылған құн салығынан мынадай тауарлардың импорты босатылады:

- 1) ұлттық және шетелдік валюта банкноттары мен монеталарының (мәдени-тарихи құндылығы бар банкноттар мен монеталардан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздардың импорты;
- 2) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды бажсыз әкелу нормалары бойынша тауарлар импорты;
- 3) акцизделетін тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ізгілік көмек ретінде әкелінген тауарлар импорты;
- 4) акцизделетін тауарларды қоспағанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық көмек мақсатында әкелінген тауарлар импорты, оның ішінде техникалық жәрдем көрсету;
- 5) шет елдің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ солармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін әкелінген және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес салықтан босатылған тауарлар импорты;
- 6) салық төлеуден босатуды белгілейтін кеден режимдерінде Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес декларациялануға тиісті тауарлар импорты;
- 7) дәрі-дәрмектік заттардың, оның ішінде субстанция-дәрілер; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (мал дәрігерлік) техниканы қоса алғанда медициналық (мал дәрігерлік) мақсаттағы бұйымдар; протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (мал дәрігерлік) техниканы қоса алғанда, дәрі-дәрмек және диабет заттарын өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушы заттар, медициналық (мал дәрігерлік) мақсаттағы бұйымдар импорты.

Осы тармақшада аталған тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді ;

- 8) пошта маркаларының (коллекциялық маркалардан басқа) импорты;
- 9) ақша белгілері өндірісі үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын шикізат импорты;

9-1) төлем карточкаларымен қызметтер көрсету үшін жабдықтар импорты, меншікті өндірістік мұқтаждар үшін әкелінетін бағдарламалық қамтамасыз ету және оның қосалқы бөлшектері;

10) (алып тасталды)

11) мемлекеттердің, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импорты;

12) қаржы лизингі шарты бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген мүлік импорты.

Осы тармақта көрсетілген мүлік тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Бұл ретте осы тізбеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірісі жоқ немесе Қазақстан Республикасының қажеттерін жаппайтын тауарлар енгізіледі;

13) Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға жасалған концессиялық шарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға, олардың мердігерлері немесе қосалқы мердігерлері әкелген тауарлар импорты.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға жасалған концессиялық шарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, олардың мердігерлері мен қосалқы мердігерлерінің тізбесін, сондай-ақ аталған тізбеге өзгерісті концессионер уәкілетті органмен келіседі және кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға табыс етеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі әрбір инфрақұрылымдық жобаға осы тармақта аталған тауарлардың жеке тізбесін бекітеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

*Ескерту. 234-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **38-тарау. Қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу**

### **235-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы**

1. Егер осы тарауда өзгеше көзделмесе, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушының бюджет жарнасына жатқызуға тиіс салық сомасын анықтау кезінде, негізгі құралдарды қоса алғанда, алынған тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылса немесе пайдаланылатын болса, сондай-ақ, егер мынадай шарттар орындалса:

1) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші болып табылса;

2) шот-фактура жазылған күнге қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тауар беруші Қазақстан Республикасының аумағында өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) шот-фактурасын немесе осы баптың 2-тармағына сәйкес берілетін басқа да құжат табыс еткен болса. Егер тауар беруші осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығының төлеушісі болып табылмаса, осы баптың 2-тармағына сәйкес берілетін шот-фактура немесе басқа құжат "ҚҚС жоқ" белгісімен жазылады;

3) тауарлар импорты жағдайында - қосылған құн салығы бюджетке төленген болса;

4) осы Кодекстің 221-бабында көзделген жағдайларда - қосылған құн салығын төлеу жөніндегі салық міндеттемесі орындалса, олар үшін төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызуға құқығы бар.

1-1. Лизинг берушінің қаржы лизингіне беруге жататын мүлікті сатып алуымен байланысты шығыстары салық салынатын айналымның мақсаты үшін шеккен шығыстар ретінде қарастырылады.

2. Мыналар:

1) осы тармақтың 1-2) және 1-3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, қосылған құн салығы бөліп көрсетілген шот-фактуралар бойынша өнім беруші төлеуге тиіс салық сомасы;

1-1) алып тасталды

1-2) осы Кодекстің 242-бабының 5-1-тармағына сәйкес қаржы лизингі шарты бойынша (қайтарымды лизинг шартын қоспағанда) жазылған шот-фактуралар бойынша төлеуге жататын, бірақ осы Кодекстің 217-бабының 8-тармағына сәйкес лизинг берушінің айналым жасау күніне айқындалатын салық салынатын айналым мөлшеріне келетін салық сомасынан аспауға тиіс салық сомасы;

1-3) қайтарымды лизинг шарттары бойынша осы Кодекстің 242-бабының 5-1-тармағына сәйкес жазылған шот-фактуралар бойынша төленуге тиіс салық сомасы;

2) Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес ресімделіп, кедендік жүк декларациясында көрсетілген және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген және кеден режимінің шарттарына сәйкес қайтарылуға жатпайтын салық сомасы;

3) осы Кодекстің 221-бабына сәйкес қосылған құн салығының төленгенін растайтын төлем құжатында немесе салық органы берген құжатта көрсетілген салық сомасы;

4) темір жол немесе әуе көлігінде тасымалдаушының салық төлеушінің тіркелу нөмірін көрсете отырып берілетін жол жүру билетінде жеке жолмен бөлінген салық сомасы;

5) есеп айырысулары банктер арқылы жүргізілетін, коммуналдық қызметтер көрсетуші қолданатын құжаттарда көрсетілген салық сомасы;

6) осы Кодекстің 208-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларда, - осы баптың тиісті тармақшаларына сәйкес расталған жағдайда, қосылған құн салығы бойынша есепке қойылған күнге жасалған тауарлардың қалдықтарын түгендеу тізімдемеде көрсетілген салық сомасы;

7) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) фискальды жады бар бақылау-касса машиналарын қолданып және бақылау чегін бере отырып сатып алғанда бақылау-касса машинасының чегінде көрсетілген салық сомасы осы баптың 1-тармағына сәйкес есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы болып табылады.

3. алып тасталды

4. Егер осы баптың 4-1-тармағында өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығы осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіппен тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) алынған салық кезеңінде есепке жатқызылады.

Қосылған құн салығы осы Кодекстің 221-бабына сәйкес төленген жағдайда, төленген салық қосылған құн салығын төлеу жөніндегі салық міндеттемесі орындалған салық кезеңінде есепке жатқызылады.

4-1. Егер шот-фактураның жазбасы осы Кодекстің 242-бабының 4-тармағында көрсетілген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша айналым жасау күнінен кейін жүзеге асырылса, қосылған құн салығы шот-фактура жазу күнінің сол салық кезеңінде есепке жатқызылады.

5. Қосылған құн салығын төлеушіде салық салынатын және салық салынбайтын, оның ішінде қосылған құн салығынан босатылған айналымдар болған кезде, қосылған құн салығы осы Кодекстің 239-бабында көзделген тәртіппен есепке жатқызылады.

*Ескерту. 235-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500, 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **236-бап. Есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы**

Қосылған құн салығы, егер:

- 1) қосылған құн салығын төлеушінің кәсіпкерлік қызметіне жатпайтын шаралар өткізумен байланысты тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді);
- 2) қонақүй ретінде пайдаланылатын ғимараттарды қоспағанда, тұрғын үй қорындағы ғимараттарды (ғимараттың бір бөлігін);
- 3) негізгі құралдар ретінде сатып алынған жеңіл автомобильдерді;
- 4) жалдау шартына сәйкес жөндеу шығыстарын жалға беруші өтеген және жөндеуді жүзеге асырған жалға алушының салық салынатын айналымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй қорындағы жалға алынған ғимараттарды жөндеуге пайдаланылған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді);
- 5) өтеусіз алынған мүлікті (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді), осындай мүлік Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден әкелінген және осы мүлікті алушы импорт кезінде қосылған құн салығын төлеген жағдайларды қоспағанда, алумен байланысты төленуге тиіс болса, есепке жатқызылмайды.

*Ескерту. 236-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **237-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету**

1. Бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығы мынадай жағдайларда:

- 1) салық салынатын айналым мақсаттарында пайдаланылмаған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша;
- 2) негізгі құралдарды қоса алғанда, тауарлар бүлінген, жоғалған жағдайда (төтенше жағдайлар салдарынан туындаған реттерді қоспағанда), олар бойынша;

Негізгі құралдар бүлінген, жоғалған жағдайда, қосылған құн салығы негізгі құралдардың теңгерім құнына жататын құн бөлігінің есебінен алып тасталады;

- 3) табиғи монополиялар субъектісі нормативтен тыс шеккен шығыстар бойынша;
- 4) осы Кодекстің 242-бабында белгіленген ережелер сақталмаған жағдайда;
- 5) осы Кодекстің 209-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларда, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік жүзін жойған кезде есептен шығарылып тасталуға тиіс.

2. Осы баптың мақсаттары үшін тауардың (мүліктің) барлық немесе жекелеген сапасының (өзіндік қасиеттерінің) нашарлауы, соның салдарынан осы тауардың (мүліктің) салық салынатын айналым мақсатында пайдалануға келмей қалуы тауардың (мүліктің) бүлінуін білдіреді.

Салдары тауардың (мүліктің) жойылуына және (немесе) ысырап болуына әкеп соққан оқиға тауардың (мүліктің) жоғалуы деп ұғынылады. Салық төлеуші табиғи залалдың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар шегінде шеккен тауар (мүлік) ысырабы жоғалту болып табылмайды.

3. Осы Кодекстің 218-бабының 2-тармағында аталған жағдайларда алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) құны өзгерген кезде, бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы тиісінше түзетіледі.

4. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету осы баптың 1 және 3-тармақтарында аталған жағдайлар туындаған нақ сол салық кезеңінде жүргізіледі.

*Ескерту. 237-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **238-бап. Күмәнді міндеттемелер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету**

1. 235-баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларының негізінде есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасынан басқа, туындаған кезінен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған, сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша міндеттемелер күмәнді болып танылады және осындай тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы ол есепке жатқызылған кезден бастап үш жыл өткен соң есептен шығарып тасталуға тиіс.

Егер қосылған құн салығы шығарып тасталғаннан кейін қосылған құн салығын төлеуші тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін ақы төлеген жағдайда, осы аталған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша салық сомасы сол ақы төленген салық кезеңіндегі есепте қалпына келтірілуге тиіс.

2. Қосылған құн салығын өнім беруші-төлеуші банкрот деп танылған жағдайда, бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомаларын есептен шығарып тастау банкрот деп танылған қосылған құн салығын өнім беруші-төлеушінің заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен алып тастау туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салық кезеңінде жүргізіледі.

3. алып тасталды

*Ескерту. 238-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **239-бап. Қосылған құн салығы салынбайтын өткізу бойынша айналымдар болған кезде қосылған құн салығын есепке жатқызу тәртібі**

1. Салық салынбайтын айналымдар мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша өнім берушіге төленуге тиіс және импорт бойынша қосылған құн салығы есепке жатқызылмайды.

2. Салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар болған кезде қосылған құн салығын төлеушінің таңдауы бойынша барабарлық немесе бөлек есептеу әдісімен анықталған қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызылады.

Есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасын анықтаудың таңдап алынған әдісі күнтізбелік жыл ішінде өзгертілмеуге тиіс.

3. Осы бапқа сәйкес есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы салық салынатын табысты анықтау кезінде осы Кодексте белгіленген тәртіппен шегерімге жатқызылады.

*Ескерту. 239-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **240-бап. Барабарлық әдісі**

1. Есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы барабарлық әдіс бойынша салық салынатын айналымның жалпы айналым сомасындағы үлес салмағына қарай анықталады.

2. Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру кезінде бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған өсім өткізу бойынша айналымға қосылады.

3. Тауарлар сатып алынатын күні қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес олар жөнінде қосылған құн салығы бойынша есепке алу көзделмеген қосылған құн салығынан босатылған тауарларды өткізу кезінде осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін сату жөніндегі айналымға тауарды өткізу құны мен баланстық құны арасындағы оң айырма қосылады.

*Ескерту. 240-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен. 241-бап. Бөлек есептеу әдісі*

1. Бөлек есептеу әдісі бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасын анықтау кезінде, қосылған құн салығын төлеуші алған, салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шығыстар мен қосылған құн салығының сомалары бойынша бөлек есеп жүргізеді.

2. Есепке жатқызудың барабарлық әдісін пайдаланатын банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және микрокредиттік ұйымдардың кепілдегі мүлікті (тауарларды) алуға және өткізуге байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомаларын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдануға құқығы бар.

3. Қаржы лизингіне мүлікті берген кезде есепке жатқызудың барабарлық әдісін пайдаланатын лизинг берушінің қаржы лизингіне мүлікті беруге байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомасын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдануға құқығы бар.

*Ескерту. 241-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 39-тарау. Шот-фактура

### 242-бап. Шот-фактура

1. Шот-фактура осы баптың 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, барлық қосылған құн салығын төлеушілер үшін міндетті құжат болып табылады.

2. Қосылған құн салығы салынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізуді жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеуші аталған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы тұлғаға, осы баптың 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қосылған құн салығы көрсетілген шот-фактураны беруге міндетті.

3. Осы Кодекстің 235-бабына сәйкес қосылған құн салығын есепке жатқызу үшін негіздеме болып табылатын шот-фактурада:

- 1) шот-фактураның реттік нөмірі мен толтырылған күні;
- 2) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші мен алушының тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы, мекен-жайы және тіркеу нөмірі, сондай-ақ өнім берушінің қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны туралы куәліктің нөмірі;
- 3) өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы;
- 4) салық салынатын айналымның мөлшері;
- 5) қосылған құн салығының ставкасы;
- 6) қосылған құн салығының сомасы;
- 7) қосылған құн салығы ескерілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны көрсетілуге тиіс.

4. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күннен кешіктірілмей жазылады және берушінің басшысы мен бас бухгалтерінің, не осыған уәкілетті өзге де лауазымды адамдардың қолымен куәландырылады.

Қосылған құн салығы салынатын электр энергиясын, су, газ сатуды, байланыс қызметтерін, коммуналдық қызмет көрсетулерді, темір жол тасымалдарын, көлік-экспедиторлық қызмет көрсетуді, банк операцияларын жүзеге асыратын салық төлеушілер салық кезеңінің қорытындысы бойынша шот-фактуралар жазып беруге құқылы.

5. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салық салынатын айналымның мөлшері шот-фактурада тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) әрбір атауы бойынша бөлек көрсетіледі.

Егер мұндай шот-фактураға өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тізбесі көрсетілген құжат қоса тіркелген болса, айналымның жалпы мөлшерін көрсетуге жол беріледі.

Бұл ретте шот-фактурада құжаттың нөмірі мен күніне, сондай-ақ оның атауына сілтеме болуға тиіс.

5-1. Лизинг беруші өзі беретін лизинг нысанасына жазатын шот-фактурада салық салынатын айналым мөлшері оған сыйақы және қосылған құн салығы сомалары енгізілместен қаржы лизингінің шартына сәйкес барлық лизинг төлемдерінің жалпы сомасы ескеріле отырып көрсетіледі.

5-2. Жүкті жөнелтушілер немесе алушылар үшін жүктерді тасымалдауға шот-фактураның жазбасын, егер аталған тасымалдау көлік экспедициясы шартына сәйкес жүргізілсе, экспедитор жүзеге асырады. Мұндай шот-фактураларда салық салынатын айналымның мөлшері тасымалдаушылар және басқа да жеткізушілер көлік экспедициясы шартының шеңберінде орындаған және көрсеткен жұмыстар мен қызметтер құны ескеріле отырып көрсетіледі.

Осы тармаққа сәйкес шот-фактуралардың жазбасы уәкілетті орган белгілеген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша шот-фактуралар жазады.

Осы тармақта көрсетілген қосылған құн салығын төлеушілер осы Кодекстің 388-бабының 2-тармағына сәйкес табыс бойынша есептелген салық сомасынан аспайтын жалпы сомаға қосылған құн салығын қоса отырып шот-фактуралар жазады.

7. Сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізу жағдайларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны және қосылған құн салығының сомасы шот-фактурада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

8. Шот-фактураны ресімдеу мынадай жағдайларда:

- 1) бухгалтерлік есеп жүргізуде негіздеме болатын бастапқы есепке алу құжаттарын қолдана отырып, банктер арқылы халыққа көрсетілген коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері үшін есеп айырысуды жүзеге асырғанда;
- 2) жолаушыларды тасымалдау жол билеттерімен ресімдегенде;
- 3) фискальды жады бар бақылау-касса машиналарын қолданып және бақылау чегін бере отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізген жағдайда;
- 4) қосылған құн салығынан босатылатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) табыс еткен кезде талап етілмейді.

*Ескерту. 242-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **243-бап. Салық салынатын айналым түзетілген кезде шот-фактуралар жасау**

1. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету кезінде қосымша шот-фактура жасалады, онда:

- 1) қосымша шот-фактураның рет нөмірі мен жасалған күні;
- 2) қосымша шот-фактурасы жасалатын шот-фактураның рет нөмірі мен жасалған күні;
- 3) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші мен алушының атауы, мекен-жайы және тіркеу нөмірі;
- 4) қосылған құн салығын есепке алмай, салық салынатын айналымды түзету мөлшері;
- 5) қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

2. Қосымша шот-фактураны тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші жасайды және аталған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы растайды.

## **40-тарау. Салықты есептеу және төлеу тәртібі**

#### **244-бап. Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығы**

Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 245-бабына сәйкес салық салынатын айналым бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы мен осы Кодекстің 235-бабына сәйкес есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

#### **244-1-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеудің тәртібі**

1. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдар қосылған құн салығын төлеуді осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

2. Осы баптың мақсатында ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдарға бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) қоғамдық тамақтану саласындағы қызметті қоспағанда, жылдық жиынтық табысының кемінде 90 процентін мына қызмет түрлерін:

ет және ет өнімдерін өндіруді;

жемістер мен көкөністерді қайта өңдеуді және консервілеуді;

өсімдіктер мен жануарлар майын өндіруді;

сүтті қайта өңдеу мен ірімшік өндіруді;

үн-жарма өнеркәсібі өнімдерін өндіруді;  
жануарлар үшін дайын жемшөп өндіруді;  
нан өндіруді;

балалар тағамын және диеталық тағам өнімдерін өндіруді жүзеге асыру нәтижесінде алынға тиіс (алынған) табыстар құрайтын;  
2) шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қоспағанда, арнаулы салық режимдерін қолданбайтын;  
3) акцизделетін өнімді өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын ұйымдар жатады.  
3. Осы Кодекстің 244-бабына сәйкес есептелген қосылған құн салығына салық сомасы 70 процентке азайтылады.

*Ескерту. 244-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **245-бап. Қосылған құн салығының ставкалары**

1. Қосылған құн салығының ставкасы 12 процентке тең болады және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық салынатын айналым мөлшеріне қолданылады.  
2. Осы Кодекстің 222-224-1, 224-2-баптарында аталған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша айналымдарға қосылған құн салығы нөлдік ставка бойынша салынады.  
3. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық салынатын импорт бойынша қосылған құн салығының ставкасы осы Кодекстің 220-бабында белгіленген салық салынатын импорт мөлшерінің 12 процентіне тең болады.  
Жеке тұлғалар оңайлатылған тәртіппен өткізетін тауарлар импорты кезінде қосылған құн салығын осы Кодекстің 516-бабының 2-тармағына сәйкес жиынтық кедендік төлем құрамында төлей алады, оның мөлшері Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес айқындалады.

*Ескерту. 245-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475, (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **246-бап. Салық кезеңі**

1. Осы баптың 2-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, қосылған құн салығын төлеушінің қалауы бойынша күнтізбелік ай не тоқсан қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.  
2. Егер алдыңғы тоқсан үшін бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының орташа айлық сомасы 1000 айлық есептік көрсеткіштен астам болса, онда салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.  
3. алып тасталды  
4. Ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер үшін аталған арнаулы салық режимінің күші қолданылатын қызметті жүзеге асырудан бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі салық жылы болып табылады.  
Басқа да қызмет түрлерін жүзеге асырудан бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі осы баптың 1-3-тармақтарына сәйкес айқындалады.

*Ескерту. 246-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **247-бап. Салық декларациясы**

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығын төлеуші әрбір салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша декларацияны салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етуге міндетті.  
2. Ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер әр тоқсан үшін қосылған құн салығы бойынша декларацияны есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етуге міндетті.  
3. Декларациямен бірге салық кезеңі ішінде (осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайда - есепті тоқсан ішінде) сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралардың тізілімі табыс етіледі. Шот-фактуралар тізілімінің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

*Ескерту. 247-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **248-бап. Қосылған құн салығын төлеу мерзімдері**

1. Егер осы Кодекстің 389-бабында өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін мерзімі белгіленген күнге дейін немесе сол күні бюджетке әрбір салық кезеңі үшін салық төлеуге міндетті.

2. Осы Кодекстің 250-бабында аталған жағдайларда салық төлеуші төлеуге тиіс қосылған құн салығын қоспағанда, импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, кеден төлемдерін төлеу үшін Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген күні төленеді.

3. Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімі осы Кодекстің 249-бабында белгіленген тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

*Ескерту. 248-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **249-бап. Импортталатын тауарларға қосылған құн/ салығын төлеу мерзімін өзгерту**

1. Салық органдары, егер:

1) импортталатын тауарлар өнеркәсіптік өңдеуге арналған;

2) су, газ, электр энергиясы импортталатын тауарлар болып табылатын жағдайда, импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгертуді жүргізеді.

2. Импортталатын тауарларды өндірістік өңдеу мақсатындағы тауарларға жатқызу тәртібі Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын, өнеркәсіптік өңдеуге арналған тауарлардың тізбесі мен аталған өнеркәсіптік өңдеуде алынған дайын өнім тізбесін, сондай-ақ осындай тауарларды импорттайтын Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын өнеркәсіптік өңдеуге арналған тауарлардың тізбесі мен аталған өнеркәсіптік өңдеуде алынған дайын өнім тізбесін, сондай-ақ осындай тауарларды импорттайтын Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің тізбесін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту кеден органының кедендік жүк декларациясын қабылдаған күнінен бастап үш айдан аспайтын мерзімге өсімпұл есептелмей жүргізіледі.

3-1. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту салық заңнамасына сәйкес айқындалатын осындай тауарларды есепке алуға қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге өсімпұл есептелмей жүргізіледі.

4. Қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту мына құжаттар:

1) уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) тауарлар жеткізіліміне арналған шарттың (келісімшарттың) көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импортталатын тауарларды өндірістік өңдеуге арналған тауарларды импортталатын тауарларға жатқызуды растау туралы кеден органының қорытындысы негізінде жасалады.

Осы тармақшаның ережелері Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қолданылмайды.

Төлеу мерзімін өзгертуге құқығын растау үшін салық органдары қосылған құн салығын төлеушінің өндірістік қуаттарын және үй-жайларын тексеріп қарауға құқылы.

5. Уәкілетті орган өнеркәсіптік өңдеу үшін импорттық тауарларды ұдайы алып тұратын қосылған құн салығын төлеушілерге қосылған құн салығын өзгертілген мерзімдер бойынша төлете отырып, тауарларды кедендік декларациялауды жүзеге асыруға күнтізбелік жыл ішінде қолданылатын рұқсат береді.

Осы тармақта көзделген рұқсат, қосылған құн салығын төлеу мерзімін кеден органының кедендік жүк декларациясын қабылдаған күнінен бастап үш айдан аспайтын мерзімге өзгерте отырып, тауарларды кедендік декларациялау үшін негіздеме болып табылады.

Рұқсат алу үшін уәкілетті органға осы баптың 4-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ оның өндірістік қуаттары мен үй-жайларының бар-жоғы туралы қосылған құн салығын төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органының қорытындысы табыс етіледі.

6. Салық органдары осы баптың 1-тармағында көрсетілген импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы шешімді қосылған құн салығын төлеушіден салықтық өтініші мен осы бапта белгіленген растау құжаттарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

7. Төлеу мерзімдері осы бапқа сәйкес өзгертілген салық сомаларын өтеуді салық органдары өткізілген тауарларға, орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге қатысты қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара есепке жатқызу әдісімен үш айлық кезең ішінде жүргізеді.

Көрсетілген үш айлық кезең аяқталғаннан кейінгі бірінші күннен бастап өтелмеген берешектің сомасына өсімпұл есептеледі.

8. Тауарларды өнеркәсіптік өңдеусіз өткізген жағдайда, салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы белгіленген тәртіппен өсімпұл есепке жазыла отырып, салық салынатын айналым бойынша есептен шығарылған, қосылған құн салығының сомасы мен есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

Осы баптың ережелері жеңіл автомобильдерден басқа, акцизделетін тауарларды өндіру үшін импортталатын тауарларға қолданылмайды.

*Ескерту. 249-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.11.23 N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04 N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29 N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **250-бап. Есепке жатқызу әдісімен импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу**

1. Тауарларды еркін айналыс үшін шығарудың кедендік режимімен не ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын мынадай тауарлар:

- 1) жабдықтар;
- 2) ауыл шаруашылығы техникасы;
- 3) автомобиль көлігінің жылжымалы жүк құрамы;
- 4) тікұшақтар мен ұшақтар;
- 5) теміржол локомотивтері мен вагондар;
- 6) теңіз кемелері;
- 7) қосалқы бөлшектер;
- 8) пестицидтер (улы химикаттар);
- 9) асыл тұқымды малдың барлық түрлері мен қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтар;
- 10) тірі ірі қара мал бойынша қосылған құн салығын төлеушілер қосылған құн салығын осы бапта белгіленген тәртіппен есепке жатқызу әдісімен төлейді.

Аталған тауарлар тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін салық саясаты саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Бұл ретте осы тізбеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін немесе өндірісі Қазақстан Республикасының қажеттілігін жаппайтын тауарлар енгізіледі.

2. Осы баптың ережелері қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу бөлігінде мынадай:

- 1) одан әрі өткізуге арналмаған;
- 2) халықаралық қаржы лизингіне беруді қоспағанда, қаржы лизингіне беру мақсатында қосылған құн салығын төлеуші әкелетін тауарларға;
- 3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген тізбеге енгізілген ауыл шаруашылығы техникасының өндірісінде пайдаланылатын, осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген қосалқы бөлшектерге қатысты қолданылады.

3. Қосылған құн салығын төлеуші кеден органына қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесін, сондай-ақ қосылған құн салығы бойынша декларацияда осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлар бойынша төленуге жататын қосылған құн салығы сомасының құнын көрсету және көрсетілген тауарлардың нысаналы пайдаланылуы жөніндегі міндеттемені ұсынады.

Міндеттеме уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша үш данада толтырылады.

Міндеттеме негізінде тауарларды еркін айналыс үшін не ішкі тұтыну үшін шығару кедендік төлемдер және акцизделетін тауарлар бойынша акциздер белгіленген тәртіппен төленген жағдайда, қосылған құн салығы іс жүзінде төленбей жүргізіледі.

4. Міндеттемеде көрсетілген қосылған құн салығының сомасы сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен есептелген және есептемеге жатқызылған қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар еркін айналыс үшін не ішкі тұтыну үшін шығарылған күннен бастап бес жыл ішінде осы бапта белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, импортталатын тауарларға қосылған құн салығы Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден

заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есептеле отырып, төленуге жатады.

Бұл ретте:

1) осы баптың 1-тармағының 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген малды мәжбүрлі жағдайда сою нәтижесінде алынған ет және ет өнімдерін өткізу, немесе агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекіткен табиғи кему нормаларының шегінде осындай малдардың кемуі (өлуі);

2) бұрын импортталған тауарларды кері экспорт режимінде әкету осы бапта белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылмайды.

5-1. Импортталатын тауарларға қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген тауарларды өткізуге олар Қазақстан Республикасының аумағына еркін айналыс үшін не ішкі тұтыну үшін шығарылған күннен бастап бес жыл өткен соң импортталатын тауарларға арналған қосылған құн салығы салынбайды.

Осы тармақтың ережесі өзінің өндірістік мұқтаждары үшін 2008 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы мерзімде әкелінген, импорттау кезінде қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген тауарларды 2008 жылғы 31 желтоқсаннан кейін өткізген кезде де қолданылады.

6. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген тауарларды өткізу бойынша айналымдар қаржы лизингіне берілген кезде қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақтың ережесі 2008 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы мерзімде өзінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген, қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген тауарлар қаржы лизингіне 2008 жылғы 31 желтоқсаннан кейін берілген кезде де қолданылады.";

---

*Ескерту. 250-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 177*

*(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 33-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **41-тарау. Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас**

### **251-бап. Есепке жатқызылған салық сомасы салық кезеңі ішінде есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайларда бюджетпен өзара қатынас**

- Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, есепке жатқызылған салық сомасының салық кезеңі ішінде есептелген салық сомасынан асып кетуі қосылған құн салығы бойынша алдағы төлемдердің есебіне жатқызылады.
- Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша осы баптың 1-тармағында аталған асып кету сомасы, егер де мына шарттар орындалатын болса:
  - қосылған құн салығын төлеуші нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) тұрақты өткізуді жүзеге асырып отырса;
  - қайтарып алуға өтініш берген айдың алдындағы үш айдың әрқайсысы үшін нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу жөніндегі айналым өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымның кемінде 70 проценті болса, қосылған құн салығын төлеушіге осы Кодекстің 252-бабында белгіленген тәртіппен қайтарылады.
- Осы баптың 2-тармағында белгіленген шарттар орындалмаған жағдайда, асып кеткен сома қосылған құн салығын төлеушіге оның өткен салық кезеңдері үшін қосылған құн салығы бойынша міндеттемелерін есепке ала отырып, нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымының максаттары үшін пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылған салық сомасы бөлігінде қайтарылады.
- Осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын анықтау кезінде қосылған құн салығын төлеушінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ашылған банк шоттарына валюталық түсім түсірген не Қазақстан Республикасының аумағына сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) операциялар бойынша экспортталған тауарларды сатып алушы қосылған құн салығын төлеушіге берілген тауарларды нақты әкелу жүзеге асырылған тауарлардың экспорты есепке алынады.

Қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) операциялар бойынша тауарлар экспорты болған жағдайда, сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) шарттың (келісім-шарттың), сондай-ақ сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) операция бойынша экспортталған тауарлардың қосылған құн салығын төлеушіге сатып алушы берген тауарлар бойынша импорттық жүк кеден декларациясының болуы есепке алынады.
- Осы бапқа сәйкес қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын анықтау кезінде кеден органының кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен нысанда және тәртіппен ұсынылған Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды экспорт режимінде әкету фактісін растайтын мәліметтері есепке алынады.

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды экспорт режимінде әкету фактісін растайтын мәліметтер үшін кеден органы жауапты болады.
- Егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдары бар қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығының сомасын қайтару туралы салық органына өтініш жасамаса, онда осы баптың 2-тармағында аталған асып кету сомасы есепті салық кезеңнен кейінгі салық кезеңінде қосылған құн салығы бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызылады.
- Осы баптың 2 және 3-тармақтарында аталған жағдайлардан басқа мынадай жағдайларда:
  - грант қаражаттары есебінен алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) берушілерге осы Кодекстің 253-бабында көзделген тәртіппен төленген;
  - дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге ресми пайдалануға, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне, олармен бірге тұратын отбасыларының мүшелерін қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) берушілерге осы Кодекстің 254-бабында көзделген жағдайларда төлеген қосылған құн салығы;
  - бюджетке артық төленген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 39 және 40-баптарында белгіленген тәртіппен қайтарылуға тиіс.

*Ескерту. 251-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **252-бап. Нөлдiк ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын қайтару**

1. Нөлдiк ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын қайтару салық органы қосылған құн салығын төлеушінің уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықты қайтару туралы өтінішін алған кезден бастап алпыс жұмыс күні ішінде және:

- 1) салық кезеңі ішіндегі қосылған құн салығы жөніндегі декларация;
- 2) осы Кодекстің 223-бабына сәйкес тауарларды экспорттық растау үшін қажетті құжаттар;
- 3) осы Кодекстің 224-1-бабына сәйкес тауарлардың арнайы экономикалық аймақтардың аумағында өткізілгенін растау үшін қажетті құжаттар;
- 4) өзі өндірген тауарларды осы Кодекстің 224-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған салық төлеушіге өткізгенін растау үшін осы Кодекстің 224-2-бабының 3-тармағына сәйкес қажетті құжаттар;
- 5) өзі өндірген тауарларды осы Кодекстің 224-2-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында аталған салық төлеушілерге өткізгенін растау үшін осы Кодекстің 224-2-бабының 4-тармағына сәйкес қажетті құжаттар;
- 6) салық органы жүргізген салықтық тексеру актісіне сәйкес қайтаруға ұсынылған салық сомасының дұрыстығын растау не осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайда, салықтық тексеру актісіне салық органының қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Осы тармаққа сәйкес қосылған құн салығын қайтару тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

### **2. Қосылған құн салығын қайтару:**

- 1) қосылған құн салығын осы салықты төлеушінің аталған салық пен салықтың басқа да түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жолымен жүргізіледі.

Егер заңды тұлға қосылған құн салығын төлеуші болып табылса, онда қосылған құн салығын қайтару қосылған құн салығын оның құрылымдық бөлімшесінің осы және басқа да салық түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жолымен де жүргізіледі.

Егер заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қосылған құн салығын төлеуші болып табылса, қосылған құн салығын қайтару қосылған құн салығын заңды тұлғаның осы және басқа да салық түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жолымен де жүргізіледі;

- 2) тауарлардың импорты кезінде төленуге тиіс қосылған құн салығының есебіне есепке жатқызу;
- 3) осы Кодекстің 221-бабына сәйкес төленуге тиіс қосылған құн салығының есебіне есепке жатқызу;
- 4) қосылған құн салығын төлеушінің осы және басқа да салық түрлері бойынша салық берешегі болмаған жағдайда қосылған құн салығын қайтару оның дербес салық төлеушілер болып табылатын құрылымдық бөлімшелерінің осы және басқа да салық түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу;
- 5) қосылған құн салығын төлеушінің банк шотына ақша аудару жолымен жүргізіледі;
- 6) қосылған құн салығын төлеушінің салық берешегі болмаған жағдайда, салық төлеуші қосылған құн салығын салықтың басқа да түрлері бойынша алдағы уақыттағы төлемдер есебіне есепке жатқызу жолымен қайтаруды талап етуге құқылы.

### **3. Қосылған құн салығын қосылған құн салығын төлеушінің банк шотына қайтару оның салық берешегі болмаған кезде жүргізіледі.**

Егер заңды тұлға қосылған құн салығын төлеуші болып табылса, қосылған құн салығын банк шотына қайтару оның құрылымдық бөлімшелерінің осы және басқа да салық түрлері бойынша салық берешегі болмаған кезде де жүргізіледі.

4. Егер салықтық тексеру жүргізілген мерзім ішінде қарсы салықтық тексеру жүргізілген кезде анықталған бұзушылықтар жойылмаса, қосылған құн салығын төлеушіге салықты қайтару солар бойынша бұзушылықтар анықталмаған не жойылған сомалар шегінде жүргізіледі.

Егер бұзушылықтар салықтық тексеру аяқталғаннан кейін жойылса, салықты қайтару уәкілетті орган белгілеген нысанда және тәртіппен салықтық тексеруді жүргізген салық органының қорытындысы негізінде салықтық тексеру өткізусіз жүргізіледі.

Осы бапқа сәйкес расталған, бірақ белгіленген мерзімдерде қайтарылмаған қосылған құн салығының сомасына қайтару мерзімі бұзылған әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставканың 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растау үшін қарсы тексеру тағайындау туралы шешім уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мынадай жағдайлар:

- 1) қарсы тексерулер:

бұл салық төлеушінің қосылған құн салығын қайтаруға өтініш берген кезінің алдындағы он екі ай кезең ішінде аталған салық төлеушіге айына кемінде бір рет тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуді жүзеге асырған берушілерге;

электр және жылу энергиясын, суды, газды, байланыс қызметін берушілерге;

осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығы расталған кезде жүргізілмейтіні;

2) камералық бақылау жүргізу кезінде бұзушылықтары анықталған берушілер (Қазақстан Республикасының аумағында экспортталған тауарлар өндірісі мен айналымы процесіне қатысқан тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші салық төлеушілерді қоса алғанда) міндетті қарсы тексеруге жататыны;

3) егер қосылған құн салығын төлеушінің берушісі салық төлеушілердің мониторинг жүргізуіне тиіс болса, салық қызметі органдары осы Кодекске сәйкес осы берушілер ұсынатын салық есептілігінің негізінде қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растауы мүмкін екендігі ескеріле отырып қабылданады.

5. Осы бапта көзделген қосылған құн салығы:

1) шағын бизнес субъектілері;

2) шаруа (фермер) қожалықтары;

3) ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін белгіленген арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеушілерге қайтарылмайды.

6. Нөлдiк ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын және олар бойынша өтiнiш берiлген айналымдар жасалған салық кезеңiнен кейiн он екi ай өткен соң салықты қайтару туралы өтiнiш берген қосылған құн салығын төлеушілерге осы бапта көзделген қосылған құн салығын қайтару жүргізілмейдi.

*Ескерту. 252-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **253-бап. Грант қаражаттары есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару**

1. Грант қаражаттары есебінен алынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) берушілерге төленген қосылған құн салығын, егер бір мезгілде мынадай шарттар сақталса:

1) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) алынатын грант қаражаттары мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері, халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілсе;

2) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тек грант мақсаттарын іске асыру үшін ғана алынса;

3) тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету грант алушымен не грант мақсаттарын жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес жүзеге асырылса, салық органдары отыз жұмыс күні ішінде қайтарады.

2. Осы бапқа сәйкес грант алушыларға қосылған құн салығын қайтару осы Кодекстің 252-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген тәртіппен, қосылған құн салығы грант қаражаттары есебінен төленгенін растайтын құжаттар негізінде жүргізіледі.

Қосылған құн салығының грант қаражаттары есебінен төленгенін растайтын құжаттардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

### **254-бап. Қосылған құн салығын Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге қайтару**

1. Осы Кодекстің 251-бабы 6-тармағының 2) тармақшасында көзделген қосылған құн салығын қайтару Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда мұндай қайтару көзделген жағдайда жүргізіледі.

2. Қосылған құн салығы сомаларын Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге қайтару осы дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер жасаған жиынтық ведомостардың (тізілімдердің) және қосылған құн салығының төленген фактісін растайтын құжаттардың (шот-фактуралардың, чектердің және т.б.) көшірмелері негізінде жүзеге асырылады.

Жиынтық ведомостар (тізілімдер) уәкілетті орган белгілеген нысанда орындалып, дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер жанама салықтар (қосылған құн салығы және акциз) бойынша жеңілдіктер беру кезінде өзара түсіністік принципіне сақтау жөніндегі Ноталармен алмасуды растау үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне табыс етеді. Расталғаннан кейін жиынтық ведомостар (тізілімдер) уәкілетті орган қайтару жүргізуді белгілейтін салық органына тапсырылуға тиіс.

Егер жиынтық ведомостарға (тізілімдерге) қоса тіркелетін құжаттарда қосылған құн салығының сомалары жеке жолмен бөлініп көрсетілмесе, салық бойынша қайтарымды алу құқығы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) берушілерден олардың қосылған құн салығын шот-фактураға енгізуі туралы растауы алынған кезде ғана мүмкін болады.

3. Салық органдары дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге салықты қайтаруды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен жиынтық ведомостар (тізілімдер) алғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Бюджеттен қайтарылуға тиіс салық сомалары дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің және (немесе) осы өкілдіктердің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық қызметшілерінің тиісті шотына аударылады.

*Ескерту. 254-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 9-бөлім. Акциздер

### 42-тарау. Жалпы ережелер

#### 255-бап. Акциздерді қолдану

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға, сондай-ақ осы Кодекстің 257-бабында көрсетілген қызмет түріне акциз салынады.

*Ескерту. 255-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

#### 256-бап. Төлеушілер

1. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын;
- 2) акцизделген тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импорттайтын;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын;
- 4) егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұрын Қазақстан Республикасының аумағында аталған тауарлар бойынша акциз төленбесе, конкурстық массаны, тәркіленген, иесі жоқ акцизделетін тауарларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің акцизделетін түрін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері ескеріле отырып, резидент емес заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері де акциз төлеушілер болып табылады.

*Ескерту. 256-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

#### 257-бап. Акцизделетін тауарлар тізбесі және акцизделетін қызмет түрі

1. Мыналар:

- 1) спирттің барлық түрлері;
- 2) алкоголь өнімі;
- 3) темекі бұйымдары;
- 4) алып тасталды
- 5) (алып тасталды)
- 6) (алып тасталды)
- 7) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;
- 8) жеңіл автомобильдер (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа);
- 9) (алып тасталды)

10) шикі мұнай, газ конденсаты акцизделетін тауарлар болып табылады.

2. Лотереяны ұйымдастыру мен өткізу акцизделетін қызмет түрі болып табылады.

*Ескерту. 257-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

**258-бап. Акциз ставкалары 1. Акциз ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және тауар құнына процентпен (адвалорлық) және (немесе) заттай нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада (тұрлаулы) белгіленеді.**

2. Алкоголь өніміне акциздер ставкасы осы баптың 1-тармағына сәйкес не онда су араластырылмаған (жүз проценттік) спирттің болу көлеміне байланысты бекітіледі.

3. Спирттің барлық түрлеріне акциз ставкалары спирттің бұдан әрі пайдаланылу мақсаттарына қарай сараланады.

Алкоголь өнімдерін өндіру үшін өткізілетін спиртке акциз ставкасы алкоголь өнімдерін өндіру үшін пайдаланбайтын адамдарға өткізілетін спиртке белгіленетін базалық ставкадан төмен белгіленуі мүмкін.

4. алып тасталды

5. Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жеке тұлғалар оңайлатылған тәртіппен өткізетін акцизделетін тауарларға акциз ставкалары осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленеді және осы Кодекстің 516-бабының 2-тармағына сәйкес жиынтық кедендік төлем құрамына қосылуы мүмкін, оның мөлшері Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес айқындалады.

6. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағында еркін айналым үшін шығарылатын акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне акциз ставкалары осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленеді және осы Кодекстің 516-бабының 3-тармағына сәйкес жиынтық төлемнің құрамына енгізілуі мүмкін. Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін және жиынтық төлемнің ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жиынтық төлем осы Кодекстің 276-278-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төленеді.

*Ескерту. 258-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

## **43-тарау. Қазақстан Республикасында өндірілетін, өткізілетін акцизделетін тауарларға және акцизделетін қызмет түрлеріне салық салу**

**259-бап. Салық салу объектісі**

1. Мыналар:

1) акциз төлеушінің өзі жасап шығарған және (немесе) өндірген және (немесе) ыдысқа құйылған акцизделетін тауарлармен жүзеге асыратын мынадай операциялары:

акцизделетін тауарларды өткізуі;

акцизделетін тауарларды алыс-беріс негізінде ұқсатуға беруі;

алыс-беріс, оның ішінде акцизделетін шикізат пен материалдарды ұқсату өнімдері болып табылатын акцизделетін тауарларды беруі;

жарғылық капиталға жарнасы;

заттай ақы төлеген кезде акцизделетін тауарларды пайдалануы;

тауар өндірушінің акцизделетін тауарларды өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиіп жөнелтуі;

тауар өндірушілердің жасап шығарған және (немесе) өндірген және (немесе) ыдысқа құйылған тауарларды өздерінің өндірістік мұқтаждарына және акцизделетін тауарларды өзі өндіруі үшін пайдалануы;

2) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі;

3) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі;

4) тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделген тауарларды өткізуі;

5) алып тасталды

6) лотереяларды ұйымдастыруы және өткізуі;

7) акцизделетін тауарлардың, акциз маркаларының, есепке алу-бақылау маркаларының бүлінуі, жоғалуы акциз алынатын объект болып табылады.

## 2. Мыналарға:

- егер осы Кодекстің 268-бабында белгіленген талаптарға сай келсе, акцизделетін тауарлардың экспортына;
- этил спиртін өндіруді және оның айналымын бақылау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін квоталар шегіндегі этил спирті: тауар өндірушіде аталған өнімді өндіру құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы бар болған жағдайда емдік және фармацевтік дәрі-дәрмек әзірлеу үшін; мемлекеттік медицина мекемелеріне босатылса;
- (алып тасталды)

*Ескерту. 259-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

### **260-бап. Операция жасалған күн 1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, барлық жағдайларда акцизделетін тауарларды алушыға тиен жөнелту (беру) күні операция жасалған күн болып табылады.**

- Тауар өндіруші өзі өндірген акцизделетін тауарларды өзінің құрылымдық бөлімшелер желісі арқылы өткізген жағдайда тауарларды құрылымдық бөлімшелерге тиен жөнелткен күн операция жасалған күн болып табылады.
  - Акцизделетін алыс-беріс тауарларын беру кезінде аталған тауарларды мердігерге (ұқсатушыға) берген күн операция жасалған күн болып табылады.
- Алыс-беріс тауарларынан акцизделетін тауарлар әзірленген кезде әзірленген акцизделетін тауарларды тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға берген күн операция жасалған күн болып табылады.
- Акцизделетін тауарларды өздерінің өндірістік мұқтаждарына және акцизделетін тауарларды өзі өндіруі үшін пайдаланған кезде аталған тауарларды осындай пайдалануға берген күн операция жасалған күн болып табылады.
  - Лотерея ұйымдастырған және өткізген жағдайда салық органында лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеген күн операция жасалған күн болып табылады.
  - Акцизделетін өнім, акциз маркалары, есепке алу-бақылау маркалары бүлінген жағдайда бүлінген акцизделетін өнімді (акциз маркаларын) есептен шығару туралы акт жасалған күн немесе оны өндірістік процесте одан әрі пайдалану туралы шешім қабылданған күн операция жасалған күн болып табылады.

Акцизделетін тауарлар, акциз маркалары, есепке алу-бақылау маркалары жоғалған жағдайда акцизделетін тауарлар, акциз маркалары, есепке алу-бақылау маркалары жоғалған күн операция жасалған күн болып табылады.

*Ескерту. 260-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **261-бап. Салық базасы**

- Тұрлаулы акциз ставкасы белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндірілген, өткізілген заттай нысандағы акцизделетін тауарлар көлемі ретінде белгіленеді.
- Адвалорлық акциз ставкалары белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндіруші осы тауарды акциздер мен қосылған құн салығын енгізбей беретін бағалар бойынша анықталатын өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлар құны ретінде белгіленеді.
- Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі салық базасы лотереяны ұйымдастырушы салық органында лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеген кезде жүлде қорына жатқызылатын сома алып тасталған, оған акциз сомасы қосылмай мәлімделген түсім сомасы ретінде анықталады және шығарылым тіркелгеннен кейін ол өзгертілмеуге тиіс.

### **262-бап. Түрлі ставкалар белгіленген жағдайда спирттің барлық түріне салық салу ерекшеліктері**

- Осы Кодекстің 258-бабының 3-тармағына сәйкес спирттің барлық түріне әртүрлі акциз ставкалары белгіленген жағдайда, салық базасы сол бір ставкамен салық салынатын операциялар бойынша жеке-жеке анықталады.
- Алкоголь өнімін өндірушілер базалық ставкадан төмен акцизбен сатып алған спиртті алкоголь өнімін өндіруден басқа мақсатқа пайдаланған кезде осы спирт бойынша акциз сомасы алкоголь өнімін өндірушісі болып табылмайтын тұлғаларға сатылатын спирттің барлық түрлері үшін белгіленген акциздің базалық ставкасы бойынша қайта есептеліп, бюджетке төленуге тиіс. Қайта есептеу мен салық төлеуді спиртті алушы жүргізеді.
- Осы баптың 2-тармағының ережелері емдік және фармацевтік дәрі-дәрмек өндіру және медициналық қызмет көрсету үшін алынған спирт мақсатқа сай пайдаланылмаған жағдайда да қолданылады. Осы спирт бойынша емдік және фармацевтік дәрі-дәрмек өндірушілер мен спиртті акцизсіз алған мемлекеттік медициналық мекемелер акциз төлеушілер болып табылады.

### **263-бап. Акцизделетін тауарлардың бүлінуі, жоғалуы**

1. Төтенше оқиғалар салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, өндірілген акцизделетін тауарлар бүлінген, жоғалған кезде акциз толық мөлшерде төленеді.

Осы ереже одан әрі өткізу үшін сатып алынған бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны бүлінген, жоғалған жағдайда да қолданылады.

2. Осы баптың мақсаты үшін акцизделетін өнімнің бүлінуі, жоғалуы болып осы Кодекстің 237-бабының 2-тармағында сипатталған оқиғалар ұғылады.

#### **264-бап. Акциз маркаларының, есепке алу-бақылау маркаларының бүлінуі, жоғалуы**

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, акциз маркалары, есепке алу-бақылау маркалары бүлінген, жоғалған кезде акциз мәлімделген ассортимент мөлшерінде төленеді.

Осы Кодекстің 549-бабына сәйкес алкоголь өнімін таңбалауға арналған бүлінген немесе жоғалған (оның ішінде ұрланған) есепке алу-бақылау маркалары бойынша акцизді есептеу маркада көрсетілген сауыттың (ыдыстың) көлеміне қолданылатын белгіленген ставкалар негізге алынып жүргізіледі.

2. Акциз маркалары, есепке алу-бақылау маркалары бүлінген, жоғалған кезде мынадай жағдайларда:

- 1) акциз маркалары, есепке алу-бақылау маркалары төтенше жағдайлар салдарынан бүлінсе, жоғалса;
- 2) бүлінген акциздік маркаларын, есепке алу-бақылау маркаларын салық органдары жоюға жасалған есептен шығару актісі негізінде қабылдаса, акциз төленбейді.

*Ескерту. 264-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **265-бап. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын көтерме және бөлшек саудада өткізуге жатқызу өлшемдері**

1. Егер сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушы аталған акцизделетін тауарларды қабылдауға және оларды одан әрі өткізу үшін пайдалануға міндеттенсе, осы сатып алу-сату (айырбастау) шарты бойынша:

- 1) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын өндіруші;
- 2) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын одан әрі өткізу мақсатында сатып алуды не олардың импортын жүзеге асырған салық төлеуші өнім берушілер болып табылған жағдайда, бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын өткізу көтерме саудада өткізу саласына жатқызылады.

Көтере өткізу саласына одан әрі өткізу үшін құрылымдық бөлімшелерге бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын тиіп жөнелту де жатқызылады.

2. Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын бөлшек саудада өткізу саласына осы баптың 1-тармағында аталған берушілер жүзеге асыратын мынадай:

- 1) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын заңды тұлғаларға (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаларға) және жеке кәсіпкерлерге олардың өндірістік қажеттері үшін өткізу;
- 2) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын жеке тұлғаларға өткізу;
- 3) өндірілген немесе одан әрі өткізу үшін сатып алынған бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын өзінің өндірістік қажеттеріне пайдалану операциялары жатады.

*Ескерту. 265-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **266-бап.**

*Ескерту. 266-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

#### **267-бап. Лотереяларды ұйымдастыруға және өткізуге салық салу**

1. Лотерея ұйымдастырушысының лотерея билеттерін сатуға шығаруы лотерея бойынша салық салу объектісі болып табылады.

Осы баптың мақсаттары үшін лотерея ұйымдастырушысы өткізуге әзірлеген лотерея билеттерінің саны сатуға шығару деп ұғылады.

2. Лотерея билеттерін сатуға шығарудың әрбір шығарылымы және оның ақша түріндегі көлемі лотерея билеттерін өткізу басталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірілмей салық органдарында міндетті түрде тіркелуге тиіс.

Лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

#### **268-бап. Акцизделетін тауарлар экспорттың растау**

1. Акцизделетін тауарларды экспортқа өткізу кезінде осы Кодекстің 259-бабының 2-тармағына сәйкес салық салудан босатудың негізділігін растау үшін салық төлеуші тіркелген орны бойынша салық органына алпыс жұмыс күнінің ішінде міндетті түрде мына құжаттарды:

- 1) экспортталатын акцизделетін тауарларды беруге шартты (келісім-шартты);
- 2) акцизделетін тауарларды экспорт режимінде шығаруды жүзеге асырған кеден органының белгілері бар кедендік жүк декларациясын немесе оның кеден органы куәландырған көшірмесін табыс етеді.

Акцизделетін тауарларды экспорт режимінде магистральдық құбыр жүйесімен не толық емес мерзімдік декларациялау рәсімін қолдана отырып әкеткен жағдайда кеден ресімдеуін жүргізген кеден органының белгілері соғылған толық кедендік жүк декларациясы экспортты куәландыру болып табылады;

- 3) Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгісі соғылған тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерін табыс етеді.

Акцизделетін тауарларды экспорт режимінде магистральдық құбыр жүйесімен әкеткен жағдайда тауарға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдау-тапсыру актісі табыс етіледі;

- 4) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасында ашылған шоттарына акцизделетін тауарлар өткізуден түскен нақты түсімді растайтын төлем құжаттары мен банк көшірмесін табыс етеді.

2. Қазақстан Республикасы акцизделетін тауарлар экспортын акцизден босатуды көздейтін халықаралық шарттар жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге акцизделетін тауарлар экспортталған кезде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан экспорт режимінде әкетілген акцизделетін тауарларды импорттаған елде ресімделген кедендік жүк декларациясының көшірмесі қосымша табыс етіледі.

3. Акцизделетін тауарларды экспортқа өткізу осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес расталмаған жағдайда, мұндай өткізуге Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарларды өткізу үшін осы тарауда белгіленген тәртіппен акциз салынуға тиіс.

*Ескерту. 268-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **269-бап. Акциз сомасын есептеу**

1. Акциз сомасын есептеу белгіленген акциз ставкасын салық базасына қолдану арқылы жүргізіледі.

2. алып тасталды

*Ескерту. 269-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

#### **270-бап. Салықтан шегеру**

1. Салық төлеушінің осы Кодекстің 269-бабына сәйкес белгіленген салық сомасын осы бапта белгіленген шегерімдерге кемітуге құқығы бар.

2. Акцизделетін тауарларды (спирттің барлық түрін, шикі мұнайды, газ конденсатын қоспағанда) сатып алған немесе оны Қазақстан Республикасының кеден аумағына импорттаған кезде, егер аталған тауарлар бұдан әрі акцизделетін тауарлар өндіру үшін негізгі шикізат ретінде пайдаланылған болса, Қазақстан Республикасының аумағында төленген акциз сомалары шегерілуге тиіс.

Осы тармаққа сәйкес салық кезеңінде акцизделетін тауарлар дайындауға нақты пайдаланылған акцизделетін шикізат көлемі негізге алынып анықталған акциз сомасына шегерім жасалады.

Осы баптың ережелері акцизделетін алыс-беріс шикізаты мен материалдарынан дайындалған акцизделетін тауарларды беру кезінде де, акцизделетін алыс-беріс шикізаты мен материалдарының меншік иесі акциздің төленгенін растаған жағдайда қолданылады.

*Ескерту. 270-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **271-бап. Акциз төлеу мерзімдері**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, акцизделетін тауарларға акциз:

- 1) салық кезеңінің алғашқы он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың он үшінші күнінен;
- 2) салық кезеңінің екінші он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың жиырма үшінші күнінен;
- 3) салық кезеңінің қалған күндерінде жасалған операциялар бойынша есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиіс.

2. Алыс-беріс шикізаты мен материалдарынан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша акциз тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға өнім берілген күні төленеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шикі мұнайды, газ конденсатын, өнеркәсіптік ұқсатуға берген кезде акциз ол берілген күні төленеді.

4. алып

5. Өз өндірісінің акциз салынуға тиісті шикізатынан акцизделетін тауарлар өндірген кезде осы шикізатқа акцизделетін дайын тауарлар бойынша акциз төлеуге белгіленген мерзімде акциз төленеді.

6. алып тасталды

7. Лотерея ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан түскен акциз осы Кодекстің 267-бабына сәйкес жүзеге асырылатын лотерея билеттерін сатуға шығару тіркелген күнге дейін немесе тіркелген күні төленеді.

8. Шарап материалын және сыраны қоспағанда, осы Кодекстің 257-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген акцизделетін тауарларға акциз есепке алу-бақылау маркаларын алғанға дейін немесе сол күні төленеді.

*Ескерту. 271-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

#### **272-бап. Акциз төленетін жер**

1. Акциз төлеу осы баптың 2-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, акциз төлеушінің тіркелген жері бойынша жүргізіледі.

2. Құрылымдық бөлімшелері бар акциз төлеушілер, егер олар:

1) осы Кодекстің 257-бабы 1-тармағының 1)-2) тармақшаларында көрсетілген акцизделетін тауарларды өндіруді және (немесе) оларды құюды;

2) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын болса, осы Кодекстің 273-бабында көзделген тәртіппен құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша акциз төлейді.

#### **273-бап. Салық төлеушілердің құрылымдық бөлімшелері үшін акциз есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Осы Кодекстің 272-бабының 2-тармағында көрсетілген және құрылымдық бөлімшелері бар акциз төлеушілер құрылымдық бөлімшелерді олардың орналасқан жері бойынша салық органдарында тіркеу есебіне қоюға және өзінің құрылымдық бөлімшелерін тіркеу есебіне қойғаны туралы өзі тіркелген жері бойынша салық органына хабарлауға міндетті.

2. Құрылымдық бөлімше үшін төленуге тиіс акциз сомасы әр құрылымдық бөлімше бойынша жасалған құрылымдық бөлімше жөніндегі акциз есебі негізінде анықталады.

3. Акциз есебін құрылымдық бөлімшелер бойынша жасаған кезде акциз салынған және салық кезеңі ішінде құрылымдық бөлімшелер жүргізген операциялар ескеріледі.

4. Акциз төлеушілер құрылымдық бөлімшелері үшін төлеуге тиіс акциз сомалары бойынша есепті құрылымдық бөлімшенің тіркелген жері бойынша салық органына осы Кодекстің 275-бабында белгіленген мерзімдерде табыс етуге міндетті.

5. Ағымдағы төлемдерді қоса алғанда, құрылымдық бөлімшелер үшін акциз төлеуді акциз төлеуші заңды тұлға тікелей өзінің есеп шотынан төлейді немесе ол құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.

6. Осы бапта белгіленген тәртіп осы Кодекстің 272-бабының 2-тармағында аталған қызметті өзі тіркелген орнынан тыс жерде жүзеге асыратын жеке кәсіпкер акциз төлеген жағдайда да қолданылады. Жеке кәсіпкер, ағымдағы төлемдерді қоса алғанда, акциз төлеуді өзі қызметін жүзеге асыратын жері бойынша жүргізеді.

*Ескерту. 273-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **274-бап. Салық кезеңі**

Акцизге қатысты күнтізбелік ай салық кезеңі болып табылады.

#### **275-бап. Салық декларациясы**

1. Әрбір салық кезеңі аяқталған соң, салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей, салық төлеуші өзі тіркелген жері бойынша салық органдарына акциз жөніндегі декларация табыс етуге міндетті.

2. Осы Кодекстің 272-бабының 2-тармағында аталған акциз төлеушілер декларациямен бір мезгілде құрылымдық бөлімшелер үшін акциз бойынша есепті табыс етеді.

3. Декларация мен құрылымдық бөлімшелер үшін акциз бойынша есеп-қисаптар салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей табыс етіледі.

*Ескерту. 275-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 44-тарау. Акцизделетін тауарлардың импортына салық салу

### 276-бап. Импорттталатын акцизделетін тауарлардың салық базасы

1. Тұрлаулы акциз ставкалары белгіленген акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына импорттау кезінде салық базасы импорттталатын акцизделетін тауарлардың заттай түрдегі көлемі ретінде белгіленеді.
2. Адвалорлық акциз ставкалары белгіленген акцизделетін тауарларды импорттау кезінде салық салынатын база импорттталатын акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес айқындалатын кедендік құны ретінде анықталады.

### 277-бап. Импорттталатын акцизделетін тауарларға акциз төлеу мерзімдері

1. Импорттталатын тауарларға акциздер уәкілетті органмен келісім бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден заңдарында кеден төлемдерін төлеу үшін белгіленген күні төленеді.
2. Осы Кодекстің 549-бабына сәйкес таңбалануға тиісті импорттталатын акцизделетін тауарларға акциздік маркаларын, есепке алу-бақылау маркаларын алған күнге дейін немесе алған күні акциз төленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған акцизделетін тауарларды іс жүзінде импорттауды жүзеге асыру кезінде акциз сомасы нақтылануға тиіс.

*Ескерту. 277-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### 278-бап. Акцизден босатылған акцизделетін тауарлардың импорты

1. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормалар бойынша импорттайтын акцизделетін тауарларына акциз төленбейді.
2. Төмендегі тізіп көрсетілген импорттталатын тауарлар:
  - 1) жол бойы бағытында және аралық аялдама пункттерінде халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын көлік құралдарын пайдалану үшін қажетті, сондай-ақ аварияны (сынып қалуды) жою үшін шет елден сатып алынған акцизделетін тауарлар;
  - 2) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізгенге дейін бүлінуі салдарынан бұйым және материал ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған тауарлар;
  - 3) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, жеке пайдалануы үшін әкелінген және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес акцизден босатылатын тауарлар;
  - 4) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін, "Еркін айналыс үшін тауарлар шығару" режимін қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кеден режимі шеңберінде акцизден босатылатын тауарлар;
  - 5) сыйымдылығы 0,1 литрден аспайтын тұтынушы ыдысына құйылған және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелген, құрамында спиртті бар медициналық мақсаттағы өнім (балзамдардан басқа) акциз төлеуден босатылады.

*Ескерту. 278-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 9-1-бөлім. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығы

*Ескерту. 9-1-бөліммен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 44-1-тарау. Жалпы ережелер

### 278-1-бап. Төлеушілер

Өнімді бөлу туралы келісім-шарттар жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, шикі мұнайды, газ конденсатын экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығын төлеушілер болып табылады.

#### 278-2-бап. Салық салу объектісі

Экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын салу объектісі болып табылады.

## 44-2-тарау. Есептеу тәртібі және салық ставкалары

#### 278-3-бап. Есептеу тәртібі

1. Экспортқа нақты өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі салық төлеушінің оларды тасымалдауға жұмсаған шығыстарын шегере отырып, осы баптың 3-тармағына сәйкес шикі мұнайдың, газ конденсатының сапасына төмендетілген баға (үстеме баға) ескерілген нарықтық бағасын негізге алып есептелген экспортталатын шикі мұнайдың, газ конденсатының құны экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын есептеу базасы болып табылады.

Шикі мұнайды, газ конденсатын тасымалдауға арналған шығыстар деп осы баптың мақсаттары үшін мыналар түсініледі:

- шикі мұнайды, газ конденсатын темір жол, магистральдық құбыр жолы және (немесе) теңіз жолдары арқылы тасымалдау кезінде көлік тарифіне ақы төлеу;
- шикі мұнайды, газ конденсатын ағызу және құю жөніндегі шығыстар;
- шикі мұнайды, газ конденсатын жолда сақтандыру жөніндегі шығыстар.

2. Өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының нарықтық бағасын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Егер салық төлеушінің шикі мұнайының, газ конденсатының сапа көрсеткіштері магистральдық құбыр жолы арқылы тасымалданатын шикі мұнай, газ конденсаты қоспалары көрсеткіштерінен төмен болса, шикі мұнай, газ конденсаты сапасына төмендетілген баға ұсынылады. Егер салық төлеушінің шикі мұнайының, газ конденсатының сапа көрсеткіштері магистральдық құбыр жолы арқылы тасымалданатын шикі мұнай, газ конденсаты қоспалары көрсеткіштерінен жоғары болса, шикі мұнай сапасына үстеме баға ұсынылады.

*Ескерту. 278-3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### 278-4-бап. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығының ставкалары

Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығының ставкалары мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

Нарықтық бағасы	Ставкасы
бір баррель үшін 19 АҚШ долларынан кем	0 процент
бір баррель үшін 19-дан 20 АҚШ долларына дейін	1 процент
бір баррель үшін 20-дан 21 АҚШ долларына дейін	4 процент
бір баррель үшін 21-ден 22 АҚШ долларына дейін	7 процент
бір баррель үшін 22-ден 23 АҚШ долларына дейін	10 процент
бір баррель үшін 23-тен 24 АҚШ долларына дейін	12 процент
бір баррель үшін 24-тен 25 АҚШ долларына дейін	14 процент
бір баррель үшін 25-тен 26 АҚШ долларына дейін	16 процент
бір баррель үшін 26-дан 27 АҚШ долларына дейін	17 процент
бір баррель үшін 27-ден 28 АҚШ долларына дейін	19 процент
бір баррель үшін 28-ден 29 АҚШ долларына дейін	21 процент
бір баррель үшін 29-дан 30 АҚШ долларына дейін	22 процент
бір баррель үшін 30-дан 31 АҚШ долларына дейін	23 процент
бір баррель үшін 31-ден 32 АҚШ долларына дейін	25 процент

бір баррель үшін 32-ден 34 АҚШ долларына дейін	26 процент
бір баррель үшін 34-тен 36 АҚШ долларына дейін	28 процент
бір баррель үшін 36-дан 37 АҚШ долларына дейін	29 процент
бір баррель үшін 37-ден 38 АҚШ долларына дейін	30 процент
бір баррель үшін 38-ден 40 АҚШ долларына дейін	31 процент
бір баррель үшін 40 АҚШ долларынан астам	33 процент

## 44-3-тарау. Салық кезеңі, төлеу мерзімдері және салық декларациясы

### 278-5-бап. Салық кезеңі

Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын төлеу бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

### 278-6-бап. Төлеу мерзімдері

Салық төлеуші бюджетке салықтың есептелген сомасын салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей төлеуге міндетті.

*Ескерту. 278-6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 278-7-бап. Салық декларациясы

Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы бойынша декларация тіркеу орны бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей беріледі.

*Ескерту. 278-7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 10-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

### 45-тарау. Жалпы ережелер

#### 279-бап. Осы бөлімде реттелетін қатынастар

1. Осы бөлімде мұнай операцияларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салудың ерекшеліктері реттеледі және жер қойнауын пайдаланушылардың мынадай салықтары мен арнайы төлемдерін:

- 1) үстеме пайда салығын;
- 2) (алып тасталды)
- 3) жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдерін:
  - а) бонустарды (қол қойылатын, коммерциялық табу);
  - б) роялтиді;
  - в) өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін;
  - г) қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеу мен төлеу тәртібі белгіленеді.

Осы Кодексте "жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар", "мұнай операциялары", "мұнай" және "келісім-шарттық аумақ" ұғымдарының Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы және мұнай туралы заңдарында айқындалған маңызы бар.

2. Мұнай операцияларын қоса алғанда жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу жөніндегі қызметке осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс.

*Ескерту. 279-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), бапқа өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**280-бап.**

*Ескерту. 280-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**281-бап. Жер қойнауын пайдаланушыларға жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жасалғанға дейін салық салу**

Пайдалы қазбалар өндіруді жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасалғанға дейін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдаланғаны үшін республикалық бюджеттің кірісіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде роялти түрінде аударымдар жасайды.

Бұл ретте салық салу объектілері мен осы аударымдарды төлеу мерзімдерін айқындау осы Кодексте роялти төлеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**282-бап. Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салу**

1. Салық режимінің бірінші үлгісі бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін есептеу оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер пайда болған кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Міндетті салық сараптамасынан өткен және 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда айқындалған салық режимі олардың қолданылуының белгіленген бүкіл мерзімі ішінде сақталады және қолданылады әрі Қазақстан Республикасы салық заңдарының өзгеруіне байланысты тараптардың келісімі бойынша түзетілуі мүмкін.

3. Осы Кодекстің 283-бабында көрсетілген екінші үлгі бойынша салық режимі өнімді бөлу туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жасалған келісім-шартта ғана айқындалады.

Өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленетін салық режимі келісім-шартқа қол қойылған (жасалған) күні қолданылатын жеке және заңды тұлғалардың салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңдарының ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

Салық сараптамасы жүргізілген күн мен өнімді бөлу туралы келісім-шартқа қол қойылған күн аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының салық заңдары өзгерген жағдайда қайтадан сараптама жүргізіле отырып, салық режимі осы өзгерістерге сәйкес келтірілуі тиіс.

4. Өнімді бөлу туралы бір келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдалануды бірнеше салық төлеуші жүзеге асыратын жағдайда келісім-шартта белгіленген салық режимі олардың барлығы үшін ортақ болып табылады. Бұл ретте:

1) осындай келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық төлеушілер салық салу мақсатында бірыңғай шоғырландырылған есеп жүргізуге және келісім-шартта белгіленген барлық салық пен төлемдерді төлеуге міндетті;

2) бір келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын резидент емес жер қойнауын пайдаланушыларға келісім-шартта белгіленген салықтар бойынша осы Кодекстің 184-186-баптарына сәйкес салық салынуға тиіс.

5. Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу және осы келісім-шарт аясынан тыс қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу үшін бөлек есеп жүргізуге міндетті.

Осы ереже кең таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жер асты суларын өндіру жөніндегі келісім-шарттарға және барлаумен және өндірумен байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға қолданылмайды.

6. Қорларын осы максаттар үшін уәкілетті орган бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта көзделмеген пайдалы қазбаларды өндірген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 281-бабында белгіленген тәртіппен солар бойынша төлемдер жүргізеді.

*Ескерту. 282-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**283-бап. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттардың салық режимінің үлгілері**

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу келісім-шарттардың негізгі түрлеріне қарай екі үлгіге бөлінеді:

1) бірінші үлгі, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының осы Кодексте көзделген салық пен басқа да міндетті төлемдерді төлеуін көздейді;

2) екінші үлгі жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ осы Кодексте көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерінің төленуін көздейді, оларға:

экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығы;

роялти;

шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын акциз;  
үстеме пайда салығы;  
жер салығы;  
мүлік салығы қосылмайды.

2. - 4. (алып тасталды)

*Ескерту. 283-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **284-бап. Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға қатысы жоқ операциялар бойынша салық режимі**

Келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін орындау жер қойнауын пайдаланушыны осындай міндеттемелердің пайда болған күні қолданылып жүрген салық заңдарына сәйкес, келісім-шарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асырғаны үшін осы Кодексте көзделген салық міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

#### **285-бап. Салық заңдары өзгерген кезде өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша салық салу шарттары**

1. Өнімді бөлу туралы келісім-шарттарда белгіленген салық салу шарттары тараптардың келісімі бойынша салық заңдарының өзгеруіне байланысты түзетілуі мүмкін.

Салық заңдарындағы өзгерістер нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушыға салық салу шарттары жақсарған жағдайда, өнімді бөлу туралы келісім-шарттарда Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру мақсатында салық салу шарттарына түзету жасалады.

2. Өнімді бөлу туралы келісім-шартта көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерінің күші жойылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы осы баптың 1-тармағында айқындалған тәртіппен келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін келісім-шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде оларды бюджетке төлеуді жалғастыра береді.

*Ескерту. 285-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **286-бап. Салық сараптамасы**

1. Салық сараптамасы - құзыретті орган жасайтын жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт жобасына, оған толықтырулар мен өзгерістерге талдау жасау мен баға беруді қамтитын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салығын белгілеуді қоса алғанда, салық режимін бекіту мақсатында жүргізілетін міндетті сараптама.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі барлық келісім-шарттарға қол қойылғанға дейін олар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде міндетті салық сараптамасынан өткізілуге тиіс. Осы ереже бұрын жасалған келісім-шарттарға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға да қолданылады.

3. Салық сараптамасының нәтижелері бойынша белгіленген салық салу шарттары өнімді бөлу туралы келісім-шарттың түпкілікті мәтініне ешбір өзгертулер мен түзетулерсіз міндетті түрде енгізілуге тиіс.

*Ескерту. 286-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **46-тарау. Бонустар**

#### **287-бап. Бонустар туралы жалпы ережелер**

1. Бонустар жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемдері болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануды жүргізудің жеке жағдайларын негізге ала отырып, бонустардың мынадай түрлерін:

1) қол қойылатын;

2) коммерциялық табу бонусын төлейді.

*Ескерту. 287-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## Параграф 1. Қол қойылатын бонус

### 288-бап. Қол қойылатын бонусты белгілеу тәртібі

1. Қол қойылатын бонус жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалатын аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығы үшін біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.
2. Қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерлерін пайдалы қазбалар көлемі мен кен орнының экономикалық құндылығы ескерілген есеп негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.
3. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшерін жер қойнауын пайдалануға құқық алуға өткізілген инвестициялық бағдарламалар конкурсының нәтижелері бойынша комиссия белгілейді және ол жер қойнауын пайдалану үшін берілетін кен орындарының (келісім-шарт аумақтарының) экономикалық құндылығы есепке алынып, келісім-шартта бекітіледі, бірақ бастапқы мөлшерлерден төмен болмауы керек.

*Ескерту. 288-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 289-бап. Қол қойылатын бонусты төлеу мерзімі

Қол қойылатын бонус келісім-шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей бюджетке төленеді.

*Ескерту. 289-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 290-бап. Салық декларациясы

Жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонус бойынша декларацияны тіркелген жері бойынша салық органына төлеу мерзімі басталған айдан кейінгі айдың 15-іне дейін табыс етеді. Параграф 2. Коммерциялық табу бонусы

### 291-бап. Коммерциялық табу бонусын төлеу тәртібі

1. Коммерциялық табу - келісім-шарт аумағы шегінде ашылған, өндіру үшін экономикалық жағынан тиімді пайдалы қазбалардың белгілі бір түрінің запастары.
2. Осы баптың 3-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, коммерциялық табу бонусы келісім-шарт аумағындағы әрбір коммерциялық табу үшін, оның ішінде кен орындарына қосымша барлау жүргізу барысында, бастапқы анықталған алынатын қорды арттыруға жеткізетін пайдалы қазбалардың табылғаны үшін төленеді.
3. Пайдалы қазбалардың кен орындарына оларды кейіннен өндіруді көздемейтін барлау жүргізуге жасалған келісім-шарттар бойынша коммерциялық табу бонусы төленбейді.

Қол қойылатын бонус келісім-шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей бюджетке төленеді.

*Ескерту. 291-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 292-бап. Коммерциялық табу бонусының мөлшері

Коммерциялық табу бонусының мөлшері салық салу объектісі, есептеу базасы мен ставка негізге алына отырып белгіленеді.

Коммерциялық табу бонусының мөлшерін есептеу үшін:

- 1) кен орнынан алынатын пайдалы қазбалар қорының уәкілетті орган бекіткен осы мақсаттағы көлемі салық салу объектісі болып табылады;
- 2) алынатын пайдалы қазбалар қорының бекітілген көлемінің құны төлемді есептеу базасы болып табылады. Алынатын қордың құны, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ақпарат көздерінің деректері бойынша осы пайдалы қазбаның төлем жүзеге асырылған күнгі Халықаралық (Лондон) биржада белгіленген биржалық баға бойынша есептеледі. Пайдалы қазбаларға биржалық баға белгіленбеген жағдайда шығарылатын қордың құны құзыретті орган бекіткен жұмыс бағдарламасында көрсетілген өндіруге жұмсалатын жоспарлы шығындардың жоспарлы рентабельділік мөлшеріне түзетілген сомасынан айқындалады;
- 3) коммерциялық табу бонусы есептеу базасының 0,1 проценті ставкасы бойынша бөлінеді.

*Ескерту. 292-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### 293-бап. Коммерциялық табу бонусын төлеу мерзімі

Коммерциялық табу бонусы осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік орган кен орнындағы пайдалы қазбалар қорының шығарылатын көлемін бекіткен күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей төленеді.

*Ескерту. 293-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **294-бап. Салық декларациясы**

Коммерциялық табу бонусы жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген жері бойынша салық органына төлеу мерзімі басталған айдан кейінгі айдың 15-іне дейін табыс етеді.

## **47-тарау. Роялти**

#### **295-бап. Роялти туралы жалпы ережелер**

1. Жер қойнауын пайдаланушы роялтіді Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін пайдалы қазбалардың әр түрі бойынша, оның сатып алушыларға өткізілгеніне (тиеп жөнелтілгеніне) немесе өз қажетіне пайдаланылғанына қарамастан, жеке төлейді.

1-1. алып тасталды

2. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленген роялти, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақшалай нысанда төленеді.

3. Келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыру барысында роялтіді ақшалай төлеу нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құзыретті органмен қосымша келісімде белгіленген тәртіппен заттай нысанмен ауыстырылуы мүмкін.

*Ескерту. 295-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **296-бап. Төлеушілер**

Техногендік минералды құралымдардан пайдалы қазбалар алууды қоса алғанда, пайдалы қазбалар өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар, есепті кезеңде олардың өткізілген-өткізілмегеніне қарамастан роялти төлеушілер болып табылады.

*Ескерту. 296-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **297-бап. Роялти төлеу тәртібі**

1. Роялти мөлшері салық салу объектісі, есептеу базасы мен ставка негізге алына отырып айқындалады.

2. Пайдалы қазбалардың өндіріліп алынған көлемі немесе нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің көлемі салық салу объектісі болып табылады.

Мыналар:

1) пайдалы қазбалардың өзі;

мұнай, табиғи газ және газ конденсаты;

көмір және жанғыш тактатастар;

тауарлы кендер;

жер асты сулары, оның ішінде бастапқы өңдеуден өткен сулар;

слюда, керіш, құрылыс материалдары өндірісіне арналған шикізат;

металлургияға арналған кен емес шикізат;

2) кымбат бағалы металдар, құмда, кенде, концентратта болатын металдар;

3) кара, түсті, сирек кездесетін және радиоактивті металдардың, кен-химия шикізатының концентраттары;

4) кымбат бағалы тастар, бастапқы өңдеуден өткен жарқырауық тас және пьезооптикалық шикізат;

5) басқа пайдалы қазбалар бойынша - бастапқы өңдеуден өткен минералдық шикізат алғашқы тауарлы өнім болуы мүмкін.

2-1. алып тасталды

3. Осы Кодекстің 299-бабына сәйкес айқындалатын пайдалы қазбалардың құны роялтіді есептеу үшін салық базасы болып табылады.

3-1. алып тасталды

4. Осы баптың 5-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти:

1) газ конденсатын қоса алғанда, мұнай бойынша - қызметтің күнтізбелік әрбір жылы үшін, газ конденсатын қоса алғанда, мұнайдың жинақталған өндірілімінің көлеміне байланысты айқындалған процент ретінде жылжымалы шкала бойынша және мынадай:

- 500 000 тоннаға дейін - 2 процент;
- 500 000-нан 1 000 000 тоннаға дейін - 2,5 процент;
- 1 000 000-нан 1 500 000 тоннаға дейін - 3 процент;
- 1 500 000-нан 2 000 000 тоннаға дейін - 3,5 процент;
- 2 000 000-нан 2 500 000 тоннаға дейін - 4 процент;
- 2 500 000-нан 3 500 000 тоннаға дейін - 4,5 процент;
- 3 500 000-нан 4 500 000 тоннаға дейін - 5 процент;
- 4 500 000-нан 5 000 000 тоннаға дейін - 5,5 процент;
- 5 000 000 тоннадан жоғары - 6 процент ставка бойынша төленеді.

Егер газ тәріздес көмірсутектерді сұйық көмірсутектермен бірге жер бетіне шығару көзделген жағдайда, роялтиді есептеу мақсатында осындай газ тәріздес көмірсутектер мынадай арақатынас арқылы мұнайға ауыстырылады: газ тәріздес көмірсутектердің 1 мың текше метрі мұнайдың 0,857 тоннасына сәйкес келеді;

2) алтынды, күмісті, платинаны, басқа да қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастарды қоса алғанда, қатты пайдалы қазбалар бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ставкалар бойынша төленеді.

Осы Кодексте белгіленген роялти ставкалары жүргізілетін өндіру түріне қарамастан, пайдалы қазбалардың барлық түріне қолданылады.

4-1. алып тасталды

5. Кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты сулары бойынша роялти осы Кодекстің 300-бабында белгіленген ставкалар бойынша төленеді.

6. Жер қойнауына кері айдалатын газ тәріздес көмірсутектер бойынша роялти төленбейді.

*Ескерту. 297-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **298-бап.**

*Ескерту. 298-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **299-бап. Пайдалы қазбалардың құнын айқындау тәртібі**

1. Роялтиді есептеу мақсатында алтынды, күмісті және платинаны қоспағанда, өндірілген мұнайдың, кең таралған пайдалы қазбалардың, жер асты сулары мен пайдалы қазбалардың құны өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің салық кезеңіндегі орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып, жанама салықтар мен оларды сату (тиеп жөнелту) пунктіне дейін тасымалдауға кеткен іс жүзіндегі шығыстар сомасы есепке алынбай айқындалады.

Осы баптың мақсаттары үшін тасымалдауға арналған шығыстар деп темір жол, магистральдық құбыр жолы және (немесе) теңіз жолдары арқылы тасымалдау кезінде көлік тарифін қамтитын іс жүзіндегі шығыстар, ағызу және құю (сұйық заттар үшін) жөніндегі шығыстар, тиеу және түсіру (қатты заттар үшін) жөніндегі шығыстар және, егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта өзгеше көзделмесе, жолда сақтандыру жөніндегі шығыстар түсініледі.

2. Жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген алтынның, күмістің және платинаның құны Халықаралық (Лондон) биржада салық кезеңі ішінде қалыптасқан осы металдардың орташа құны негізге алына отырып есептеледі.

3. Алғашқы тауарлы өнім сатылмаған жағдайда, алтынды, күмісті, платинаны және кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнайдың, жер асты сулары мен пайдалы қазбалардың құны осындай сату орын алған соңғы салық кезеңіндегі алғашқы тауарлы өнімінің орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып айқындалады.

4. Алғашқы тауарлы өнім мүлде сатылмаған кезде алтынды, күмісті, платинаны және кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнайдың, жер асты сулары мен пайдалы қазбалардың құны мұнайды, жер асты суларын өндіруге және көрсетілген пайдалы қазбаларды өндіруге салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып айқындалады.

Келесі сату жағдайында жер қойнауын пайдаланушы алғашқы тауарлар өнімнің іс жүзінде сатылған бағасын негізге ала отырып, алғашқы сату орын алған салық кезеңінде есептелген роялти сомаларына түзету жүргізуге міндетті.

5. Кең таралған пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнім сатылмаған не толық сатылмаған кезде немесе оларды толығымен өз қажеттері үшін пайдаланған жағдайда, кең таралған пайдалы қазбалардың құны жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, өндіру мен бастапқы өңдеуде іс жүзінде қалыптасқан шығындар сомасы негізге алына отырып айқындалады.

Газ тәріздес көмірсутектерін одан әрі өңдеу үшін өтеусіз берген жағдайда, осындай көмірсутектерінің құны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, оларды өндіру мен бастапқы өңдеуге іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып айқындалады. Бұл ретте, газ тәріздес көмірсутектері бойынша роялти ставкаларын айқындау үшін осы Кодекстің 297-бабында айқындалған ауыспалы коэффициент пайдаланылады.

Жер асты суларын шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі компоненті ретінде пайдаланған жағдайда, өндірілетін жер асты суларының құны салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, оларды өндіру мен бастапқы өңдеуге іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып айқындалады.

*Ескерту. 299-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 300-бап. Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтидің ставкалары

1. Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтиді жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруге жасалған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратындар мынадай тіркелген ставкалар бойынша төлейді:

Р/с	Роялти	
N	Пайдалы қазбаның атауы	ставкасы, %
1	Металлургияға арналған руда емес шикізат	1
2	Қалыпқа салынатын құм, глиноземді жыныс (далалық шпат, пегматит), әк, доломит, әк-доломит жыныстары	1
3	Тамақ өнеркәсібіне арналған әк	1
4	Басқа руда емес шикізат	3,5
5	Отқа берік саз балшықтар, каолин, вермикулит	3,5
6	Ас тұзы	3,5
7	Жергілікті құрылыс материалдары	4,5
8	Ауа кіретін кеуек жыныстар, құрамында суы бар ауа кіретін шынылар мен шыны тектес жыныстар (перлит, обсидиан), малта тас пен қиыршық тас, қиыршық тас-құм қоспасы, гипс, гипстік тас, ангидрит, гажа, саз балшық және саз балшықты жыныстар (баяу балқитын және тез балқитын саз балшық, құмды саз балшық, аргиллиттер, алевролиттер, сазбалшықты тақтатастар), бор, мергель мергельді-борлы жыныстар, кремнийлі жыныстар (трепел, опока, диатомит), кварцты-далалық шпаты жыныстар, шой тас, шөгінді, атқылаудан кейінгі және метаморфозалық жыныстар (гранит, базальт, диабаз, мәрмәр), қалыпқа салынатыннан басқа құм (құрылыстық, кварцты, кварцты-далалық шпатты), құм тас, табиғи пигменттер, ұлутас.	4,5
9	Жерасты сулары	10

2. Жер қойнауын пайдаланушы кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтиді, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың тұтынушыларға сатылғанына немесе өз қажеттеріне пайдаланылғанына қарамастан төлейді.

3. Роялтиді:

- 1) жеке тұлғалар өзінің жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінде өндіретін жерасты сулары бойынша, осы сулар сыртқа сатылмайтын және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде өндіріс пен технологиялық қажеттерге жұмсалмаған жағдайда;
- 2) жерасты суларын өзінің шаруашылық қажеттері үшін өндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер;
- 3) жер қойнауын пайдаланушылар ілеспе өндірілген жерасты суларын жер қабатының қысымын қалпында ұстау үшін кері айдағанда төлемейді.

*Ескерту. 300-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **301-бап. Төлеу мерзімдері**

Пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей төленеді.

*Ескерту. 301-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **302-бап. Салық кезеңі**

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, күнгізбелік ай роялти төлеу жөніндегі салық кезеңі болып табылады.
2. Егер алдыңғы тоқсандағы роялти бойынша орташа айлық төлемдер 1000 айлық есептік көрсеткіштен кем болса, онда салық кезеңі тоқсан болып табылады.

### **303-бап.**

*Ескерту. 303-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **304-бап. Салық декларациясы**

Жер қойнауын пайдаланушы роялти жөніндегі декларацияны тіркелген жеріндегі салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

*Ескерту. 304-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **47-1-тарау.**

*Ескерту. 47-1-тарау алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен. 48-тарау. Үстеме пайда салығы*

### **305-бап. Төлеушілер**

Өнімді бөлу туралы келісім-шарттар, кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге, сондай-ақ барлау мен өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға жасалған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратындарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар осы келісім-шарттар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруді көздемеген жағдайда, үстеме пайдаға салық төлеушілер болып табылады.

*Ескерту. 305-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **306-бап. Салық салу объектісі**

Жер қойнауын пайдаланушының жинақталған табыстардың жинақталған шығыстарға қатынасы 1,2-ден жоғары болған салық кезеңіндегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша таза табысының бір бөлігі үстеме табысқа салық салу объектісі болып табылады.

*Ескерту. 306-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **306-1-бап. Салық базасы**

Жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңіндегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша таза табысының салық кезеңінің аяғына осы Кодекстің 92-103, 105-114-баптарында көзделген шегерімдер сомасының 20 процентінен асатын бөлігі салық базасы болып табылады.

Осы бөлімнің мақсаттары үшін таза табыс салық салынатын табыс және корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ резидент еместің тұрақты мекемесінің таза табысына салынатын салық арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Салық базасы қазақстандық кадрларды оқытуға іс жүзінде жұмсалған шығындардың және (немесе) тіркелген активтер өсімінің сомасына түзетіледі, бірақ ол салық базасының он процентінен аспауға тиіс.

*Ескерту. 306-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### 307-бап. Есептеу тәртібі

1. Салық кезеңі ішінде үстеме пайда салығын есептеу осы Кодекстің 306-1-бабына сәйкес айқындалатын салық базасына осы Кодекстің 308-бабында белгіленген ставканы түзетулер ескеріле отырып қолдану арқылы жүргізіледі.
2. Жинақталған табыстар жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалған күннен бастап алған жиынтық жылдық табысының сомасы ретінде айқындалады.
3. Жинақталған шығыстар осы Кодекстің 306-1-бабына сәйкес салық базасын түзететін шығыстар сомасын қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалған күннен бастап шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы ретінде айқындалады.

*Ескерту. 307-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### 308-бап. Үстеме пайда салығы ставкалары

Үстеме пайда салығы мынадай мөлшерлерде белгіленеді: \_\_\_\_\_

Жинақталған табыстардың | Ставкасы

жинақталған шығыстарға |

қатынасының алынған мәні |

1,2-ден кем	0 процент
1,2-ден 1,3-ке дейін	10 процент
1,3-тен 1,4-ке дейін	20 процент
1,4-тен 1,5-ке дейін	30 процент
1,5-тен 1,6-ға дейін	40 процент
1,6-дан 1,7-ге дейін	50 процент
1,7-ден жоғары	60 процент

*Ескерту. 308-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### 309-бап. Салық кезеңі

Үстеме пайда салығы үшін осы Кодекстің 136-бабында белгіленген салық кезеңі қолданылады.

### 310-бап. Салық төлеу мерзімі

Үстеме пайда салығы салық кезеңінен кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірілмей төленеді.

### 311-бап. Салық декларациясы

Үстеме пайда салығы жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей табыс етеді.

### 311-1. Төлеушілер

Өнімді бөлу жөніндегі келісім-шартта өзгеше келісімесе, өнімді бөлу туралы келісім-шарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеушілер болып табылады.

*Ескерту. 311-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 49-тарау. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі

*Ескерту. 49-тараудың тақырыбы өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**312-бап. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызметке салық салу ерекшеліктері**

1. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт соған сәйкес Қазақстан Республикасы белгілі бір мерзімге жер қойнауын пайдаланушыға ақылы негізде, келісім-шарт аумағындағы мұнай операцияларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу және оның есебінен осыған байланысты жұмыстарды жүргізу құқығын беретін шарт болып табылады.

2. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт мынадай негізгі талаптарды:

- 1) өлшеу орнынан өткен өндірілген өнімнің жалпы көлемін және оның құнын айқындауды;
- 2) келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындауға арналған шығындарды өтеу үшін жер қойнауын пайдаланушының, меншігіне берілетін өндірілген өнім бөлігін (өтемдік өнім) айқындауды;
- 3) өтемдік өнім шегерілгеннен кейін бөлуге жататын өндірілген өнім бөлігін (пайда түсіретін өнім) айқындауды;
- 4) Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушының арасындағы бөліс үлесін (процент);
- 5) Осы Кодексте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының пайда түсіретін өнімдегі үлесін айқындау тәртібін қамтуға тиіс.

*Ескерту. 312-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

**312-1-бап. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін айқындау**

*Ескерту. 312-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

1. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі шегеріліп, Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасында бөліске түсетін пайда түсіретін өнімнің жиынтық құны ретінде айқындалады.

2. Өндірілген өнімнің құны осы Кодекстің 313-4-бабына сәйкес белгіленеді.

3. Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлес төмендегі үш триггерге:

- 1) R-фактор (табыс көрсеткіші) - жер қойнауын пайдаланушының жинақтаған табысының жоба бойынша жинақталған шығыстарға қатынасына;
- 2) мердігер рентабельдігінің ішкі нормасы (PIN) - нақты таза дисконтталған табыс өзінің нөлдік белгісіне жететін дисконтталған ставкасына;
- 3) P-фактор (баға коэффициенті) - жер қойнауын пайдаланушы табысының есепті кезеңдегі өндіру көлеміне қатынасына сәйкес келетін проценттік мәндерінің ең төменгісі ретінде айқындалады.

Жоғарыда тізіп көрсетілген триггерлер осы баптың 4-6-тармақтарында аталған әдістемеге сәйкес айқындалады. Жер қойнауын пайдаланушыға берілуге тиісті пайда түсіретін өнімдегі үлестің проценттік мәнін айқындау үшін әрбір триггерден алынған нәтиже өнімді бөлу туралы келісім-шартта айқындалған төменгі мәндермен салыстырылады.

Жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу туралы келісім-шартта айқындалған пайда түсіретін өнімдегі үлесінің нақты проценттік мәні жобаның экономикалық көрсеткіштеріне қарай осы бапта көзделген шектерде, осы Кодекстің 285-бабында көзделген тәртіппен келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін оның қолданылу мерзімі ішінде өзгеріссіз сақталады.

4. R-фактордың (табыс көрсеткішінің) есепті кезеңдегі мәні (Rn) жер қойнауын пайдаланушының жинақталған табысының жоба бойынша жинақталған шығыстарға қатынасы ретінде айқындалады.

Жоба бойынша жинақталған табыс өтемдік өнімнің нақты жиынтық құны мен жер қойнауын пайдаланушының бюджетке төленген нақты жиынтық табыс салығы шегерілген пайда түсіретін өнім үлесінің нақты жиынтық құнының сомасы ретінде есептеледі.

Жоба бойынша жинақталған шығыстар нақты жиынтық өтелетін пайдалану шығыстарының, барлауға және бағалауға жұмсалатын нақты жиынтық өтелетін шығыстардың және жер қойнауын пайдаланушының басқа да нақты жиынтық өтелетін шығыстарының сомасы ретінде есептеледі.

Осы баптың мақсаттары үшін өтелетін шығыстар осы Кодекстің 313-бабына сәйкес айқындалатын өтелетін шығындарды және өтелетін шығындардың құрамына қосылмайтын, жиынтық жылдық табыстан шегеруге рұқсат етілетін және осы Кодекстің 92-103, 105-114-баптарында көрсетілген өзге де шығыстарды білдіреді.

Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің көрсетілген төменгі мәндерге сәйкес келетін және жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесін айқындау үшін қажетті проценттік мәні өнімді бөлу туралы келісім-шартта мынадай шектерде белгіленеді:

R-фактордың (кірістілік	Жер қойнауын пайдаланушының пайда
-------------------------	-----------------------------------

көрсеткішінің) мәні	түсіретін өнімдегі үлесінің проценттік мәні
1,2-ден аз немесе соған тең	70 проценттен 90 процентке дейін
1,5-тен көп немесе соған тең	10 процент

Егер R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) алынған мәні 1,2-ден көп және 1,5-тен аз болған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі мына формула бойынша есептеледі:

жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі =  $(A\% - (A\% - 10\%)/0,3*(X - 1,2)* 100\%)$ , мұнда:

A - жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің өнімді бөлу туралы келісім-шартта көрсетілген R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) мәніне сәйкес келетін, 1,2-ден аз немесе соған тең проценттік мәні;

X - жобаның іске асырылуы кезеңіндегі R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) іс жүзінде алынған мәні.

R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) мәні үтірден кейінгі екінші белгіге дейін дәлдікпен айқындалады.

5. Рентабельділіктің ішкі нормасы (PIN) жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу туралы келісім-шарт күшіне енген кезден бастап әр есепті кезеңдегі және осындай есепті кезеңді қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының нақты қолма-қол таза ақша ағынының мәні бойынша есептелген таза ағымдағы құны нөлге тең болатын дисконттың жылдық ставкасы ретінде (процентпен) айқындалады.

Таза ағымдағы құнды есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Таза ағымдағы құн} = \text{ДЧДП}_0 + \text{ДЧДП}_1 / (1 + \text{СД}_1)^1 + \text{ДЧДП}_2 / (1 + \text{СД}_2)^2 + \dots + \text{ДЧП}_n / (1 + \text{СД}_n)^n;$$

ДЧДП<sub>n</sub> - есепті кезеңдегі қолма-қол ақшаның нақты таза ағыны;

СД<sub>n</sub> - есепті кезеңдегі дисконт ставкасы (процентпен көрсетілген);

n - есепті кезең.

Есепті кезеңдегі нақты таза қолма-қол ақша ағыны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ДЧДП}_n = (\text{ДСКП}_n + \text{ДСДПП}_n) - (\text{ДВЭР}_n + \text{ДВРРО}_n + \text{ДВРО}_n + \text{СДН}_n + \text{ДБКО}_n + \text{ДПБ}_n);$$

ДСКП<sub>n</sub> - жер қойнауын пайдаланушының есепті кезеңде алған өтемді өнімінің нақты құны;

ДСДПП<sub>n</sub> - жер қойнауын пайдаланушының есепті кезең ішінде алған пайда түсіретін өнім үлесінің нақты құны;

ДВЭР<sub>n</sub> - есепті кезең ішінде төленген өтелетін пайдалану шығыстарының нақты құны;

ДВРРО<sub>n</sub> - есепті кезең ішінде төленген, барлауға және бағалауға жұмсалатын өтелетін шығыстардың нақты құны;

ДВРО<sub>n</sub> - есепті кезең ішінде төленген, игеруге жұмсалатын өтелетін шығыстардың нақты құны;

СДН<sub>n</sub> - өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін қоспағанда есептік кезең ішінде төленген салықтардың және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің нақты құны;

ДБКО<sub>n</sub> - осындай есепті кезең ішінде әрбір жағдайда төленген коммерциялық табу бонусының нақты құны;

ДПБ<sub>n</sub> - осы игеру учаскесіне жатқызылған және есепті кезеңде төленген қол қойылатын бонус бөлігінің нақты құны.

Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің көрсетілген төменгі мәндерге сәйкес келетін және жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесін айқындау үшін қажетті проценттік мәні өнімді бөлу туралы келісім-шартта мынадай шектерде белгіленеді:

R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) мәні	Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің проценттік мәні
1,2-ден аз немесе соған тең	70 проценттен 90 процентке дейін
1,5-тен көп немесе соған тең	10 процент

Егер R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) алынған мәні 1,2-ден көп және 1,5-тен аз болған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі мына формула бойынша есептеледі:

жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі =  $(A\% - (A\% - 10\%)/0,3*(X - 1,2)* 100\%)$ , мұнда:

A - жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің өнімді бөлу туралы келісім-шартта көрсетілген R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) мәніне сәйкес келетін, 1,2-ден аз немесе соған тең проценттік мәні;

X - жобаның іске асырылуы кезеңіндегі R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) іс жүзінде алынған мәні.

R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) мәні үтірден кейінгі екінші белгіге дейін дәлдікпен айқындалады.

6. P-фактор (баға коэффициенті) есептілік кезеңіндегі өтемдік өнімнің нақты құны мен жер қойнауын пайдаланушының есептілік кезеңіндегі пайда түсіретін өнімдегі үлесінің нақты құны сомасының есептілік кезеңіндегі мұнай өндіру көлеміне қатынасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің көрсетілген төменгі мәндерге сәйкес келетін және жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесін айқындау үшін қажетті проценттік мәні өнімді бөлу туралы келісім-шартта мынадай шектерде белгіленеді:

P-фактордың (баға коэффициентінің) мәні	Жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің проценттік мәні
1 баррель үшін 12 АҚШ долларынан кем немесе соған тең	70 проценттен 90 процентке дейін
1 баррель үшін 27 АҚШ долларынан астам немесе соған тең	10 процент

Егер P-факторының (баға коэффициентінің) алынған мәні 1 баррель үшін 12 АҚШ долларынан астам және 27 АҚШ долларынан кем болған жағдайда, онда жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі мына формула бойынша есептеледі:

жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі =  $(A\% - (A\% - 10\%)/15 * (X - 12) * 100\%)$ , мұнда:

A - жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесінің өнімді бөлу туралы келісім-шартта көрсетілген P-фактордың (баға коэффициентінің) 1 баррель үшін 12 АҚШ долларынан кем немесе соған тең мәніне сәйкес келетін проценттік мәні;

X - жобаның іске асырылуы кезеңіндегі P-фактордың (баға коэффициентінің) іс жүзінде алынған мәні.

R-фактордың (кірістілік көрсеткішінің) мәні үтірден кейінгі екінші белгіге дейін дәлдікпен айқындалады.

7. Осы баптың мақсаттары үшін "нақты" термині жобаны іске асырудың есепті кезеңіндегі жағдай бойынша инфляцияның 1/12 орташа жылдық индексі ескеріле отырып есептелген соманы білдіреді.

8. Өнімді бөлу туралы келісім-шартты іске асыру жағдайлары нашарлаған кезде өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі, жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімді айқындаған кезде мұндай ең жоғары мәнге P-фактор (баға коэффициенті) триггері есебінен қол жеткізілген жағдайды қоспағанда, жағдай нашарлаған кезге дейін тіркелген өзінің ең жоғары мәнінен төмендемеуге тиіс.

9. (алып тасталды)

*Ескерту. 312-1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **313-бап. Өтелетін шығындар**

1. Өтелетін шығындар - осы Кодекстің 313-1-бабында көрсетілген шығындарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының жұмыстар бағдарламасына және бюджеттерге сәйкес өнімді бөлу туралы жасалған келісім-шарт шеңберінде жұмыстарды орындаған кезде іс жүзінде жұмсаған, негізделген және құжатпен расталған шығындары.

2. Өтелетін шығындардың құрамына мынадай шығындар:

1) жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт күшіне енгенге дейін жұмсаған, оның ішінде:

келісім-шарт жасасу алдындағы сатыда техникалық-экономикалық негіздемені дайындауға және әзірлеуге арналған;

келісім-шарт бойынша алғашқы жұмыс жылы жер қойнауын пайдаланушының шығындар сметасында көрсетілуге тиіс, келісім-шарт күшіне енгенге дейін және оның орындалуымен тікелей байланысты жүргізілген бағалауға және барлауға арналған;

2) 313-1-бапта көрсетілген шығындарды қоспағанда, келісім-шарт күшіне енген күннен бастап және ол қолданылатын барлық кезең ішінде іс жүзінде жұмсалған шығындар енеді.

Құрамына жер қойнауын пайдаланушы офистерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан офистерінің жалға алу ақысын төлеуге, оларды күтіп-ұстауға арналған, ақпараттық және консультациялық қызмет көрсетуге ар-

налған шығыстар, өкілдік шығыстар, жарнамаға арналған шығыстар кіретін, келісім-шартты орындауға байланысты әкімшілік шығыстар және келісім-шарт талаптары бойынша басқа да әкімшілік шығыстар келісім-шартта белгіленген, бірақ есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушыға өтелетін шығыстардың жалпы сомасының бір процентінен аспайтын норматив мөлшерінде өтеледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушы өтейтін шығындар:

келісім-шарт бойынша жасалған не сатып алынған мүлікті жалға бергені үшін жалдау ақысын алуға байланысты операциялық табыстар сомасына, оларды алуға байланысты шығындар шегеріле отырып;

келісім-шарт шеңберіндегі қызметтен алынған басқа да табыстар (тұрақсыздық төлемдері (айыппұлдар, өсімпұлдар) және басқалар) сомасына азайтылады.

4. Егер жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасы арасында жер қойнауын пайдаланушының өз өнімдерімен қоса өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша мемлекеттің үлесін өткізу мүмкіндігі көзделетін болса, онда осындай өткізуге байланысты шығындар және жер қойнауын пайдаланушы мен құзыретті орган арасындағы қосымша келісімге сәйкес, жер қойнауын пайдаланушының іс жүзіндегі шеккен шығындары өтелуге тиіс.

5. Үстемесіз (аплифтсіз) нақты жүргізілген шығындар өтелуге жатады.

*Ескерту. 313-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңмен.*

### **313-1. Өтелмейтін шығындардың құрамы**

Өтемдік өнім есебінен өтелмейтін шығындарға мынадай шығын түрлері:

1) өнімді бөлу шарттарына орай жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысуға жарна төлеу бойынша;

2) геологиялық ақпаратты сатып алу бойынша;

3) келісімде шектеулер, оның ішінде әкімшілік шығыстар белгіленген шығындарды арттыру бөлігіндегі баптар бойынша;

4) қоршаған ортаға белгіленген лимиттерден тыс эмиссия үшін ақы төлеу бойынша;

5) жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі өтемдік өнім мен пайда түсіретін өнімдер үлесін жеткізіп беру (бөлу) пунктінен өткізу пунктіне дейін жеткізуге арналған шығындарды, тасымалдау кезіндегі шығындарды, өнімді межелі жерге дейін тасымалдау кезінде сақтандыруға арналған шығындарды, комиссиялық және өзге де шығындарды қоса алғанда, осы өнімді өткізуге байланысты;

6) акционерлердің (құрылтайшылардың) талабы бойынша жүзеге асырылған қаржы-шаруашылық қызметті тексеруге (аудитке) байланысты;

7) жер қойнауын пайдаланушының келісім-шартта белгіленген өз міндеттемелерін, соның ішінде Қазақстаннан қамтылуға тиіс міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты туындаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғандықтан шеккен шығындары жатады. Қазақстаннан қамтылуға тиіс деп міндетті түрде келісім-шартқа енгізілуге тиісті және құзыретті органмен бірлесіп отырып тиісті мемлекеттік органдар растайтын әдістемелер бойынша есептелетін, жылдар бойынша көлемдері қайта бөлінуі мүмкін:

қазақстандық кадрлардың міндетті оқу бағдарламаларын іске асыру және біліктілігін арттыру жағдайына қарай жыл сайын саны азаюға тиіс, әр санат бойынша шетелдік персоналмен арақатысының жеке проценттік ұмтылу құрамы көрсетіле отырып, персонал сандары бойынша бөлінетін келісім-шартты орындау кезінде жұмыс істеген қазақстандық кадрлардың;

тікелей сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттар жасасу арқылы сатып алынатын, Қазақстаннан шыққан тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің проценттік қамтылуы түсініледі.

Бұл ретте Қазақстанда шығарылған деп тауарларды, жұмыстарды, қызметтер көрсетуді тікелей Қазақстан Республикасының аумағында өндіру (орындау) танылады;

8) экскурсиялар мен саяхаттарға арналған жолдамалардың құнына ақы төлеуге байланысты;

9) кредит (заем) және заем қаражаттарын пайдалану үшін сыйақыларды төлеу, сондай-ақ заем қаражатын тартуға және пайдалануға байланысты комиссиялық төлемдер және басқа да шығыстар;

10) технологиялар мен техника қауіпсіздігінің сақталмауы нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушының кінәсінен жол берілген авариялар салдарынан келтірілген залалдар;

11) әлеуметтік жобалар бойынша шығындар;

12) қызметкерлерді ерікті сақтандыру бойынша шығыстар;

13) сот талқылауларына байланысты шеккен шығындар;

14) жер қойнауын пайдаланушыдан мемлекеттік органдар алатын айыппұлдар мен өсімпұлдар;

15) қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген жеке тұтынуына арналған шығыстарды төлеуге байланысты шығындар;

- 16) жер қойнауын пайдаланғаны үшін тіркелген біржолғы төлемдер немесе коммерциялық табу бонустары;
- 17) төленген салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер;
- 18) (алып тасталды)
- 19) келісім-шарт бойынша қызметке тікелей қатысы жоқ басқа да шығындар жатады.

*Ескерту. 313-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **313-2-бап. Жер қойнауын пайдаланушының шығындарын өтеу тәртібі**

*Ескерту. 313-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

1. Жер қойнауын пайдаланушының шығындарын өтеу өнімде бөлу туралы келісім-шартта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапта айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.
2. Жер қойнауын пайдаланушыға шығындарды өтеу пайдалы қазбаларды сынамалық пайдалану және (немесе) коммерциялық мақсатта өндіру (бұдан әрі - коммерциялық өндіру) басталған кезден бастап өтемдік өнімнің шекті үлесінен аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Бұл ретте өз қажеттері үшін өндіруге жатпайтын пайдалы қазбалар өндіру коммерциялық өндіру болып табылады.
3. Өтемдік өнімнің шекті үлесі қазылатын кен орнының экономикалық құндылығы ескеріле отырып, өнімді бөлу туралы әрбір келісім-шарт бойынша жеке белгіленеді және олар:  
жобаның өзін-өзі өтеуіне жеткенге дейінгі кезеңде - салық кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген пайдалы қазбалардың жалпы көлемінің жетпіс бес процентінен аспауға;  
кейінгі кезеңдерде - елу процентінен аспауға тиіс.
4. Әрбір кен орны бойынша шығындарды өтеу келісім-шарт аумағында өндірілген барлық өтемдік өнім есебінен жүзеге асырылады.
5. Салық кезеңінің аяғында өтелмеген, өтелетін шығындардың қалдығы:  
салық кезеңінің басында жер қойнауын пайдаланушыға өтелмеген, өтелетін шығындар,  
қосу  
салық кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген өтелетін шығындар,  
алу  
салық кезеңінде жер қойнауын пайдаланушыға өтелген, өтелетін шығындар ретінде айқындалады.
6. Егер салық кезеңінің басында өтелетін шығындардың және көрсетілген салық кезеңінде шеккен өтелетін шығындардың қалдықтары сомасына тең өтемдік өнімнің мөлшері өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген өтемдік өнімнің тиісті шекті үлесінен аз болса, онда көрсетілген кезеңде өтелетін шығындардың қалдығы толық көлемде өтеледі.

### **313-3-бап. Өтемдік және пайда түсіретін өнім есебі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы өтемдік және пайдалы өнім есебін ұлттық валютамен және осы Кодексте белгіленген салық есебі ережелеріне сәйкес осы баптың ережелерін ескере отырып жүргізеді.
2. Жер қойнауын пайдаланушы өтемдік өнім есебін жүргізуді бір шығынның өтемдік өнімде екі рет көрсетілуін болдырмайтындай түрде қамтамасыз етуге тиіс.

*Ескерту. 313-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **313-4-бап. Өндірілген өнім құнын есептеу**

1. Өндірілген өнім құны бөлу нүктесінде белгіленеді және әрбір есептік кезең үшін өндірілген өнімнің бөлу нүктесінде өлшенген және тоннамен көрсетілген көлемінің осындай есептілік кезеңі ішінде бөлу нүктесінде өткізудің орташа бағасына көбейтіндісі ретінде айқындалады. Өнімді бөлу нүктесі жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта айқындалады.
2. Өнімді өткізудің орташа бағасы аталған өнімді өткізумен байланысты және осы Кодекстің 313-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес есептілік кезеңде өтелетін шығыстарға қосылмаған шығыстар алынған есептілік кезеңде жанама салықтар ескерілмей, өнімді өткізуден түскен табыстың есептілік кезеңде өткізілген өнімнің тиісті жалпы көлеміне бөлінген жалпы сомасын білдіреді.
3. Есептілік кезеңде өнімді өткізу толығымен болмаған кезде өнім соңғы өткізілген есептілік кезеңдегі өнімді өткізудің орташа бағасы кейіннен түзетіле отырып, өнімді өткізудің орташа бағасы ретінде алынады.
4. Өндірілген өнім құны Қазақстан Республикасының трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау жөніндегі заңдарына сәйкес түзетуге жатқызылуы мүмкін.

Өндірілген өнім құнын түзету осы Кодекстің 312-1-бабының 3-тармағында айқындалған триггерлер мәнінің өзгеруіне алып келген жағдайда Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесінің және қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемінің мөлшері де түзетілуі тиіс.

*Ескерту. 313-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **314-бап.**

*Ескерту. 314-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **314-1-бап. Салық кезеңі**

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің төлемдері бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

*Ескерту. 314-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **314-2-бап. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу мерзімі**

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей төленеді.

*Ескерту. 314-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **314-3-бап. Салық декларациясы**

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

*Ескерту. 314-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **49-1-тарау. Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі**

*Ескерту. 49-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **314-4-бап. Төлеушілер**

Өнімді бөлу туралы келісім-шарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін төлеушілер болып табылады.

#### **314-5-бап. Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеу тәртібі**

1. Өнімді бөлу туралы келісім-шартты орындау кезінде мемлекет түсімдерінің үлесі әрбір салық кезеңінде өндіру басталған кезден салынған инвестициялар қайтарылған кезге дейін өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген мәннің бес процентінен он процентіне дейінгіден кем болмауға және жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде, келесі кезеңдерде алған өнім көлемінің қырық процентінен кем болмауға тиіс.

2. Осы баптың мақсаттары үшін мемлекет түсімдерінің үлесі жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңі ішіндегі өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер болып табылатын, орындалған салықтық міндеттемелерін білдіреді.

Мемлекет түсімдерінің үлесі қосылған құн салығын және жер қойнауын пайдаланушы оларға қатысты салық агенті ретінде әрекет ететін салықтарды қамтымайды.

3. Егер қайсыбір салық кезеңінің қорытындылары бойынша түсімдер сомасы осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәннен кем болып шықса, тиісті айырманы жер қойнауын пайдаланушы бюджетке Қазақстан Республикасы үлесінің шотына осы Кодекстің 127-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімдерде төлейді.

*Ескерту. 314-5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **314-6-бап. Салық кезеңі**

Күнтізбелік жыл қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі жөніндегі салық кезеңі болып табылады.

#### **314-7-бап. Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемді төлеу мерзімі**

Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейін он бес күннен кешіктірілмей төленеді.

#### **314-8-бап. Салық декларациясы**

Қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген жері бойынша салық органына осы Кодекстің 137-бабында белгіленген мерзімде табыс етеді.

## **11-бөлім. Әлеуметтік салық**

### **50-тарау. Жалпы ережелер**

#### **315-бап. Төлеушілер**

1. Мыналар:

- 1) бюджетпен есеп айырысуды біржолғы талон негізінде жүзеге асыратындарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлер;
  - 2) жеке нотариустар, адвокаттар;
  - 3) егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғалар;
  - 4) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер, филиалдар мен өкілдіктер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.
2. Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салық төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

*Ескерту. 315-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **316-бап. Салық салу объектісі**

1. 315-баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында және 2-тармағында көрсетілген төлеушілер үшін салық салу объектісі жұмыс берушінің осы Кодекстің 149-бабының 2-тармағында, 153-1-бабында анықталған табыстар түрінде резидент қызметкерлерге, осы Кодекстің 178-бабының 14)-17) тармақшаларында анықталған табыстар түрінде резидент емес қызметкерлерге төленетін шығыстары, сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабының 6-1-тармағында көрсетілген шетелдік персоналдың табыстары және осы Кодекстің 144-бабының 1), 3), 6), 8), 10), 11), 14)-17), 22-1), 23), 25)-29), 31)-34), 39) тармақшаларында белгіленген төлемдерді қоспағанда, сондай-ақ мыналар қосылмайды:

- 1) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желілері арқылы берілетін гранттар қаражаты есебінен жасалатын төлемдер;
  - 2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік сыйлықақылар, стипендиялар;
  - 3) спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда жүлделі орындар үшін белгіленетін ақшалай наградалар;
  - 4) ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, қызметкерлердің штат саны қысқартылған немесе қызметкер әскери қызметке шақырылған жағдайларда еңбек шарты бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерлерде төленетін өтемдер;
  - 5) пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін жұмыс берушінің қызметкерлерге төлейтін өтемдері;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары.
  - 7) (алып тасталды)
2. Осы Кодекстің 315-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған төлеушілер үшін, төлеушілердің өздерін қоса алғанда, қызметкерлер саны әлеуметтік салық салу объектісі болып табылады.

3. Егер төлемдер грант алушымен не грант мақсаттарын (міндеттерін) жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес жүргізілсе, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасының ережелері қолданылады.

*Ескерту. 316-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.*

### **317-бап. Салық ставкалары**

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері, сондай-ақ тұрақты мекеме, филиалдар мен өкілдіктер арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер әлеуметтік салықты мынадай ставкалар бойынша төлейді:

Салық төлеушінің салық салынатын табысы	Ставкасы
15 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	салық салынатын табыс сомасының 13 проценті
15-тен 40 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	15 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын соманың 11 проценті
40-тан 200 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	40 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын соманың 9 проценті
200-ден 600 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін	200 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын соманың 7 проценті
600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен жоғары	600 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын соманың 5 проценті

2. Жеке кәсіпкерлер, арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлері үшін арнаулы салық режимінен басқа, жеке нотариустар, адвокаттар өзі үшін екі айлық есептік көрсеткіш және әрбір қызметкер үшін бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

3. Тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар осы Кодекстің 121-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес 4,5 процент ставка бойынша әлеуметтік салық төлейді.

4. Арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін әлеуметтік салық ставкалары осы Кодекстің 374-384-баптарында белгіленген.

*Ескерту. 317-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 177 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **51-тарау. Салықты есептеу және төлеу тәртібі**

### **318-бап. Әлеуметтік салықты есептеу тәртібі**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, әлеуметтік салықты есептеу осы Кодекстің 317-бабының 1 және 3-тармақтарында белгіленген ставкаларды осы Кодекстің 316-бабына сәйкес айқындалған салық жылы ішіндегі әлеуметтік салық салу объектісіне және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсетін әлеуметтік аударымдар сомасына кеміту арқылы жүргізіледі.

Әлеуметтік салықты есептеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ай сайын өсу қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Жұмыс орнын ауыстырған кезде жеке тұлға бұрынғы жұмыс орнынан аталған жеке тұлғаға кірістер төлеуге төлеушінің шығыстар сомасы туралы және осы шығыстардан төленген салық сомасы туралы есепті жаңа жұмыс орнына табыс етуге тиіс.

1-1. Қызметтің жекелеген түрлері үшін арнаулы салық режимінен басқа арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар осы Кодекстің 317-бабының 2-тармағында белгіленген ставкаларды қолдану арқылы есептелген әлеуметтік салық сомасын Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсетін әлеуметтік аударымдар сомасына азайтады.

2. Арнаулы салық режимдерін қолданушы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер әлеуметтік салықты есептеуді осы Кодекстің 374-390-баптарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

*Ескерту. 318-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **319-бап. Әлеуметтік салықты төлеу**

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, әлеуметтік салықты төлеу салық төлеушінің тіркеу есебіне алынған жері бойынша есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей жүргізіледі.
2. Құрылымдық бөлімшелері бар әлеуметтік салық төлеушілер әлеуметтік салық төлеуді осы Кодекстің 321-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.
3. Арнаулы салық режимдерін қолданушы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер әлеуметтік салық төлеуді осы Кодекстің 374-390-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

*Ескерту. 319-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **320-бап. Мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салықты төлеу ерекшеліктері**

1. Мемлекеттік мекемелердің есепті айға есептеген әлеуметтік салық сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша төленген әлеуметтік жәрдемақы сомасына кемітіледі.
2. Осы баптың 1-тармағында аталған әлеуметтік жәрдемақының төленген сомасы есепті айда есептелген әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен жағдайда, асып кеткен сома келесі айға ауыстырылады.

*Ескерту. 320-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 9 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **321-бап. Құрылымдық бөлімшелер бойынша салықты есептеу және төлеу тәртібі**

1. Құрылымдық бөлімшелер бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасы осы құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің табыстары бойынша есептелген әлеуметтік салық негізге алына отырып есептеледі.
2. Төлеушілер құрылымдық бөлімшелер үшін өздерінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге әлеуметтік салық төлеуді жүзеге асырады.

*Ескерту. 321-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **52-тарау. Салық декларациясы**

#### **322-бап. Әлеуметтік салық жөніндегі декларация және құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есеп-қисабы**

1. Әлеуметтік салық жөніндегі декларация салық органдарына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей тоқсан сайын тапсырылып отырады.
2. Арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер әлеуметтік салық жөніндегі декларацияны осы Кодекстің 374-390-баптарында белгіленген тәртіппен тапсырады.
3. Құрылымдық бөлімшелері бар төлеушілер әлеуметтік салық бойынша декларацияны беру мерзімінен кешіктірмей өзінің тіркелген жеріндегі салық органдарына құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есеп-қисабын тапсырады. Құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есеп-қисабының тиісті қосымшалары есеп-қисапты беру үшін белгіленген мерзім күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салық органдарына беріледі.

*Ескерту. 322-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **12-бөлім. Жер салығы**

## **53-тарау. Жалпы ережелер**

**323-бап. Жалпы ережелер**

1. Салық салу мақсатында барлық жерлер олардың арналған нысанасы мен тиесілілігіне қарай мынадай санаттарға:

- 1) ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге;
- 2) елді мекендер жерлеріне;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі - өнеркәсіп жерлері);
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері);
- 5) орман қорының жерлеріне;
- 6) су қорының жерлеріне;
- 7) запастағы жерлерге жатқызылуына қарай қарастырылады.

2. Жердің белгілі бір немесе өзге санатқа жататындығы Қазақстан Республикасының жер туралы заң актілерімен белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үшін мынадай екі топқа бөлінген:

- 1) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда елді мекендер жерлері;
- 2) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер.

3. Жердің мынадай санаттары:

- 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері;
- 2) орман қорының жерлері;
- 3) су қорының жерлері;
- 4) запастағы жерлер салық салуға жатпайды.

Аталған жерлер (запастағы жерлерді қоспағанда) тұрақты жер пайдалануға немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалануға берілген жағдайда, оларға осы Кодекстің 336-бабында белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс.

4. Жер салығының мөлшері жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты болмайды.

5. Жер салығы:

- 1) меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар;
- 2) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде есептеледі.

*Ескерту. 323-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**324-бап. Төлеушілер**

1. Мынадай:

- 1) жеке меншік құқығындағы;
- 2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы;
- 3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі - заңды тұлғалар) жер салығын төлеушілер ретінде қарастырылады.

3. Мыналар:

- 1) бірыңғай жер салығын төлеушілер шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнайы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша;
- 2) мемлекеттік мекемелер;
- 3) осы Кодекстің 283-бабында белгіленген салық режимінің екінші үлгісі бойынша салық салу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдаланушылар;
- 4) уәкілетті органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;
- 5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуі;

тұрғын-үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері;  
үй маңындағы жер учаскелері;

жеке үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу, бау-бақша шаруашылығы үшін берілген және құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, саяжай құрылысына арналған жер учаскелері;

гаражға арналған жер учаскелері бойынша;

6) тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері және үй маңындағы жер учаскелері бойынша - "Ардақты ана" атағына ие болған, "Алтын алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналар;

7) діни бірлестіктер жер салығын төлеушілер болып табылмайды.

4. Осы баптың 3-тармағының 4)-7) тармақшаларында аталған салық төлеушілер пайдалануға немесе жалға берілген жер учаскелері бойынша салық төлеуден босатылмайды.

*Ескерту. 324-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **325-бап. Жекелеген жағдайларда төлеушіні анықтау**

1. Егер жер учаскелерін иелену немесе пайдалану құқығын растайтын құжаттарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ меншігіндегі (пайдалануындағы) жер учаскесі бойынша осы тұлғалардың әрқайсысы жер салығын төлеуші болып табылады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесі бойынша осы пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы жер салығын төлеушілер болып табылады.

2. жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда, пайдаланушыны жер учаскесіне қатысты жер салығын төлеуші ретінде тану үшін осындай учаскені оның нақты иеленуі және пайдалануы негіз болып табылады.

3. Лизинг алушы қаржы лизингі шартына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісімен бірге қаржы лизингіне берілген (алынған) жер учаскесі бойынша жер салығын төлеуші болып табылады.

*Ескерту. 325-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **326-бап. Салық салу объектісі**

1. Жер учаскесі (жер учаскесіне ортақ үлестік меншік кезінде - жер үлесі) салық салу объектісі болып табылады.

2. Мыналар салық салу объектісі болып табылмайды:

1) елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жер учаскелері.

Алаңдар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар, парктер, скверлер, бульварлар, су қоймалары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылу құбырлары, электр беру желілері, тазарту құрылыстары, күл-қоқыс құбырлары, жылу трассалары және басқа да ортақ пайдаланылатын инженерлік жүйелер) алып жатқан және соларға арналған жерлер елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жерлерге жатады.

2) ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдары желісі алып жатқан жер учаскелері.

Ортақ пайдаланудағы кесіп берілген белдеудегі мемлекеттік автомобиль жолдары желісі алып жатқан жерлерге жер алаптары, көлік жүріп өтетін тарамдар, жол салымдары, жасанды құрылыстар, жол бойындағы резервтер мен өзге де жол қызметін көрсету жөніндегі құрылыстар, жол қызметінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары, қардан қорғау екпелері мен жасыл желектер орналасқан жерлер жатады.

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілер орналасқан жер учаскелері.

4) осы Кодекстің 138-140-баптарында белгіленген тәртіппен инвестициялық жобаны іске асыру үшін иемденіп алынған және пайдаланылатын жер учаскелері;

5) жалға берілетін үйлерді күтіп-ұстау үшін сатып алынған жер учаскелері.

*Ескерту. 326-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 375, 2006.07.07. N 182 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **327-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін анықтау**

1. Темір жолдар, оқшаулау белдеулері, темір жол станциялары, вокзалдар орналасқан жер учаскелерін қоса алғанда, заңдарда белгіленген тәртіппен темір жол көлігі ұйымдарының объектілеріне берілген жер учаскелері темір жол көлігі ұйымдары үшін салық салу объектісі болып табылады.

2. Электр беру желілері мен кіші станциялар тіректері алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, балансында электр беру желілері бар энергетика және электрлендіру жүйесі ұйымдары үшін осы ұйымдарға заңдарда белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері салық салу объектісі болып табылады.

3. Мұнай құбырлары, газ құбырлары алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, балансында мұнай құбырлары, газ құбырлары бар, мұнай мен газ өндіруді, тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар үшін осы ұйымдарға заңдарда белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері салық салу объектісі болып табылады.

4. Байланыс желілерінің тіректері алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, балансында радиорелелік, әуе, кабельдік байланыс желілері бар байланыс ұйымдары үшін осы ұйымдарға заңдарда белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері салық салу объектісі болып табылады. 328-бап. Салық базасы Жер салығын анықтау үшін жер учаскесінің алаңы салық базасы болып табылады.

## 54-тарау. Салық ставкалары

### Параграф 1. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын салық ставкалары

#### 329-бап. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары

1. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын жер салығының базалық ставкалары 1 гектарға есептеліп белгіленеді және топырақтың сапасы бойынша сараланады.

2. Далалық және қуаң далалық аймақтардың жерлеріне бонитет балына барабар түрде жер салығының мынадай базалық салық ставкалары белгіленеді:

Бонитет балы	Базалық салық	Бонитет балы	Базалық салық
	ставкасы (теңге)		ставкасы (теңге)

1	2	3	4
1	0,48	51	43,42
2	0,67	52	44,49
3	0,87	53	45,55
4	1,06	54	46,65
5	1,25	55	47,71
6	1,45	56	48,77
7	1,68	57	49,83
8	1,93	58	50,95
9	2,16	59	52,01
10	2,41	60	53,07

11	2,89	61	57,90
12	3,09	62	60,63
13	3,28	63	63,26
14	3,47	64	65,95
15	3,67	65	68,61
16	3,86	66	71,31
17	4,09	67	73,96
18	4,34	68	76,66

19	4,57	69	79,32
20	4,82	70	82,02
<hr/>			
21	5,31	71	86,85
22	5,79	72	89,55
23	6,27	73	92,19
24	6,75	74	94,89
25	7,24	75	97,56
26	7,72	76	100,26
27	8,20	77	102,91
28	8,68	78	105,61
29	9,17	79	108,27
30	9,65	80	110,97
<hr/>			
31	14,47	81	115,80
32	15,54	82	119,02
33	16,59	83	122,21
34	18,08	84	125,45
35	18,76	85	128,67
36	19,82	86	131,86
37	20,88	87	135,10
38	22,00	88	138,32
39	23,06	89	141,51
40	24,12	90	144,75
<hr/>			
41	28,95	91	149,57
42	30,01	92	154,40
43	31,07	93	159,22
44	32,17	94	164,05
45	33,23	95	168,87
46	34,29	96	173,70
47	35,36	97	178,52
48	36,48	98	183,35
49	37,54	99	188,17
50	38,60	100	193,00
<hr/>			
100-ден жоғары			202,65
<hr/>			
3. Шөлейтті, шөлді және тау бөктеріндегі шөлді аймақтардың жерлеріне бонитет балына барабар түрде жер салығының мынадай базалық салық ставкалары белгіленеді:			
<hr/>			
Бонитет балы	Базалық салық	Бонитет балы	Базалық салық
	ставкасы (теңге)		ставкасы (теңге)
<hr/>			
1	2	3	4

---

1	0,48	51	19,78
2	0,54	52	20,26
3	0,58	53	20,75
4	0,62	54	21,23
5	0,67	55	21,71
6	0,73	56	22,19
7	0,77	57	22,68
8	0,81	58	23,16
9	0,87	59	23,64
10	0,96	60	24,12

---

11	1,45	61	24,61
12	1,83	62	25,28
13	2,22	63	25,82
14	2,55	64	26,44
15	2,93	65	27,02
16	3,32	66	27,64
17	3,71	67	28,22
18	4,05	68	28,85
19	4,44	69	29,49
20	4,82	70	30,07

---

21	5,31	71	30,69
22	5,79	72	31,27
23	6,27	73	31,88
24	6,75	74	32,46
25	7,24	75	33,09
26	7,72	76	33,68
27	8,20	77	34,31
28	8,68	78	34,93
29	9,17	79	35,51
30	9,65	80	36,15

---

31	10,13	81	36,71
32	10,61	82	37,34
33	11,09	83	37,92
34	11,58	84	38,56
35	12,06	85	39,18
36	12,54	86	39,76
37	13,03	87	40,38
38	13,51	88	40,95
39	13,99	89	41,59
40	14,47	90	42,17

41	14,96	91	42,18
42	15,44	92	43,39
43	15,92	93	44,00
44	16,40	94	44,62
45	16,89	95	45,20
46	17,37	96	45,84
47	17,85	97	46,38
48	18,33	98	47,03
49	18,82	99	47,61
50	19,30	100	48,25

100-ден жоғары 50,18

*Ескерту. 329-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**330-бап. Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары**

Жеке тұлғаларға өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, берілген ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге, базалық салық ставкалары мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

көлемі 0,50 гектарға дейін қоса алғанда - 0,01 гектар үшін 20 теңге;

көлемі 0,50 гектардан асатын алаңға - 0,01 гектар үшін 100 теңге.

**331-бап. Ауыл шаруашылық мақсаттары үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылық мақсаттарына арналмаған жерлерге салынатын салық ставкалары**

Елді мекендердің, өнеркәсіптің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орман және су қорларының құрамына кіретін, ауыл шаруашылық мақсаттарына пайдаланылатын жер учаскелеріне осы кодекстің 338-бабының 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 329-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

## Параграф 2. Елді мекендердің жерлеріне салынатын салық ставкалары

**332-бап. Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары**

Елді мекендердің (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары алаңның бір шаршы метріне шаққанда мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

Елді мекеннің түрі	Тұрғын үй қоры, оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың ставкалары (теңге)	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның іргесіндегі құрылыс тар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын салықтың базалық ставкалары (теңге)
--------------------	---	--

1	2	3
---	---	---

Қалалар:

Алматы	28,95	0,96
Астана	19,30	0,96
Ақтау	9,65	0,58
Ақтөбе	6,75	0,58
Атырау	8,20	0,58
Тараз	9,17	0,58
Қарағанды	9,65	0,58
Қызылорда	8,68	0,58
Көкшетау	5,79	0,58
Қостанай	6,27	0,58
Павлодар	9,65	0,58
Петропавл	5,79	0,58
Орал	5,79	0,58
Өскемен	9,65	0,58
Шымкент	9,17	0,58
Алматы облысы:		
Облыстық бағыныстағы		
басқа қалалар	6,75	0,39
Аудандық бағыныстағы		
басқа қалалар	5,79	0,39
Ақмола облысы:		
Облыстық бағыныстағы		
қалалар	5,79	0,39
Аудандық бағыныстағы		
қалалар	5,02	0,39
Облыстық маңызы бар	Облыс орталығы үшін белгіленген	0,2
басқа қалалар	ставканың 85 проценті	
Аудандық маңызы бар	Облыс орталығы үшін белгіленген	0,19
басқа қалалар	ставканың 75 проценті	
Поселкелер	0,96	0,13
Селолар (ауылдар)	0,48	0,09

### 333-бап. Үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкалары

Елді мекендердің тұрғын үйге қызмет көрсетуге арналған және тұрғын үй қоры, оның ішінде ондағы құрылыстар мен ғимараттар орналаспаған жерлеріне жататын жер учаскесінің бір бөлігі үй іргесіндегі жер учаскесі деп есептеледі.

Үй іргесіндегі жер учаскелеріне мынадай базалық салық ставкалары бойынша салық салынуға тиіс:

1) Астана, Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қалалар үшін:

көлемі 1000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

көлемі 1000 шаршы метрден асатын алаңға - 1 шаршы метрі үшін 6,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 1000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне салық ставкалары 1 шаршы метрі үшін 6,0 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

2) басқа елді мекендер үшін:

көлемі 5000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

көлемі 5000 шаршы метрден асатын алаңға - 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 5000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне салық ставкалары 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

### Параграф 3. Өнеркәсіп жеріне салынатын салық ставкалары

#### 334-бап. Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары

1. Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары бір гектарға шаққанда бонитет ба-  
лына барабар мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

Бонитет балы	Базалық салық	Бонитет балы	Базалық салық
	ставкасы		ставкасы
	(теңге)		(теңге)
1	2	3	4
0	48,25		
1	91,67	51	2634,45
2	135,10	52	2690,23
3	178,52	53	2745,95
4	221,95	54	2801,72
5	265,37	55	2857,46
6	308,80	56	2913,24
7	352,22	57	2968,96
8	395,65	58	3024,73
9	439,07	59	3080,47
10	482,50	60	3136,25
11	530,75	61	3188,36
12	592,41	62	3247,75
13	654,08	63	3325,49
14	715,68	64	3364,61
15	777,35	65	3423,05
16	839,01	66	3489,25
17	900,67	67	3539,95
18	962,29	68	3598,39
19	1023,96	69	3656,81
20	1084,66	70	3715,25
21	1138,70	71	3769,29
22	1189,07	72	3829,64
23	1239,35	73	3890,53
24	1287,73	74	3951,67
25	1340,29	75	4012,79
26	1390,66	76	4073,88

27	1441,07	77	4135,02
28	1491,45	78	4196,15
29	1541,88	79	4257,23
30	1592,25	80	4319,34

31	1646,29	81	4371,45
32	1693,03	82	4432,57
33	1740,76	83	4493,66
34	1788,47	84	4554,80
35	1836,20	85	4615,92
36	1883,87	86	4677,01
37	1931,58	87	4738,15
38	1979,31	88	4799,27
39	2027,02	89	4860,36
40	2074,75	90	4921,50

41	2126,86	91	4975,54
42	2178,19	92	5054,48
43	2228,61	93	5134,32
44	2278,98	94	5214,22
45	2329,41	95	5294,09
46	2379,79	96	5373,99
47	2340,22	97	5453,83
48	2480,57	98	5533,73
49	2531,00	99	5613,59
50	2582,34	100	5693,50

100-ден жоғары 5790,00

2. Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес басқа жер пайдаланушылар уақытша пайдаланатын жерді қоспағанда, қорғаныс мұқтажы үшін берілген жерлерге осы баптың 1-тармағында белгіленген ставкалар бойынша салық салынуға тиіс.

3. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген, қорғаныс мұқтажы үшін уақытша пайдаланылмайтын және ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін басқа жер пайдаланушыларға берілген жерлерге осы Кодекстің 338-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 329-бапта белгіленген ставкалар бойынша салық салынуға тиіс.

4. Магистралды темір жолдарды бойлай қорғаныштық екпе ағаштар орналасқан темір жол көлігі кәсіпорындарының жерлеріне осы Кодекстің 338-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 329-бапта белгіленген ставкалар бойынша салық салынады.

### **335-бап. Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын салық ставкалары**

1. Елді мекендер шегінде (осы баптың 3-тармағында аталған жерлерді қоспағанда) орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) және олардың санитариялық-қорғаныш, техникалық және өзге де өңірлеріне осы Кодекстің 338-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 332-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

2. Елді мекендер шегінде, бірақ селителі аумақтан тыс (осы баптың 3-тармағында аталған жерлерді қоспағанда) орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) және олардың санитариялық-қорғаныш, техникалық және өзге де өңірлеріне базалық ставкалар жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен төмендетілуі мүмкін. Осы Кодекстің 338-бабының 1-тармағында белгіленген төмендетуді ескере отырып, аталған жерлерге салық ставкасын жалпы төмендету базалық ставканың 30 процентінен аспауы тиіс.

3. Елді мекендер шегінде орналасқан, аэродромдар алып жатқан өнеркәсіп жерлеріне осы Кодекстің 338-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 334-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жерлеріне, аэродромдар алып жатқан жерді қоспағанда, әуежайлар алып жатқан жерлерге осы Кодекстің 338-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 332-бапта белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін әуе кемелерінің ұшуын, қонуын, бұрылуын, тұрағын қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету үшін арнайы дайындалып, жабдықталған жер учаскесі аэродром деп ұғылады.

## **Параграф 4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне салынатын салық ставкалары**

### **336-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне салынатын салық ставкалары**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының ауыл шаруашылық мақсаттарында пайдаланылатын жерлеріне осы Кодекстің 338-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 329-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша жер салығы салынады.
2. Жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылық мақсаттарынан өзге мақсаттарға пайдалануға берілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне осы Кодекстің 338-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 334-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салынуға тиіс.

## **Параграф 5. Автотұрақтар, автомобильге май құю станциялары, базарлар мен казино үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық ставкалары**

*Ескерту. Параграф тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **337-бап. Автотұрақтар, автомобильге май құю станциялары, базарлар мен казино үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық ставкалары**

1. Елді мекендердің автотұрақтар мен автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген жерлеріне, тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, осы Кодекстің 332-бабында елді мекендер жерлеріне белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салынуға тиіс.

Автотұрақтар мен автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге, тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, таяу орналасқан елді мекендер жерлері үшін осы Кодекстің 332-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салынуға тиіс.

Жерлеріне базалық ставкалар салықты есептеу кезінде қолданылатын елді мекенді жергілікті өкілді орган белгілейді.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы кемітілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 332-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.

2. Жергілікті атқарушы орган белгілеген сауда орындары тікелей орналасқан елді мекендердің базарлар аумағына бөлінген жерлеріне, тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, осы Кодекстің 332-бабында елді мекендер жерлеріне белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салынуға тиіс. Базарларға қызмет көрсету өңірлері алып жатқан өзге де базар аумағына осы Кодекстің 332-бабына сәйкес белгіленген ставкалар бойынша салық салынады.

Жергілікті атқарушы орган белгілеген сауда орындары тікелей орналастырылған базарлар аумағына бөлінген басқа санаттағы жерлерге, тұрғын үй қоры, соның ішінде оның қасындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, осы Кодекстің 332-бабында таяу орналасқан елді мекендер жерлері үшін белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салынуға тиіс. Базарларға қызмет көрсету өңірлері алып жатқан өзге де базар аумағына осы Кодекстің 332-бабына сәйкес белгіленген ставкалар бойынша салық салынады.

Жерлеріне базалық ставкалар салықты есептеу кезінде қолданылатын елді мекенді жергілікті өкілді орган белгілейді.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы кемітілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 332-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.

Осы тармақтың ережесі мал сату жөніндегі базарларға қолданылмайды, оларға жер салығы осы Кодекстің 332-бабында белгіленген ставкалар бойынша салынады.

2-1. Елді мекендердің казино орналасқан жерлеріне осы Кодекстің 332-бабында белгіленген елді мекендердің жерлеріне арналған базалық ставкалар бойынша одан он есе ұлғайтылған мөлшерде салық салынуға тиіс.

Казино орналасқан басқа санаттағы жерлерге, тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, жақын жатқан елді мекендер жерлері үшін осы Кодекстің 332-бабында белгіленген, елді мекендердің жерлеріне арналған базалық ставкалар бойынша одан он есе ұлғайтылған мөлшерде салық салынуға тиіс.

Елді мекеннің жерлеріне салықты есептеу кезінде қолданылатын базалық ставкаларды жергілікті өкілді орган белгілейді.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы төмендетілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 332-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.

3. алып тасталды

*Ескерту. 337-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## Параграф 6. Салық ставкаларын түзету

### 338-бап. Базалық салық ставкаларын түзету

1. Жергілікті өкілді органдар Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жүргізілетін жерлерді өңірлерге бөлу жобалары (схемалары) негізінде жер салығының ставкаларын осы Кодекстің 329, 330, 332, 334-баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкаларынан елу проценттен аспайтындай етіп төмендетуге немесе жоғарылатуға құқығы бар.

Бұл ретте жекелеген салық төлеушілер үшін жер салығының ставкасын жеке-дара төмендетуге немесе жоғарылатуға тыйым салынады.

2. Мынадай төлеушілер салықты есептеген кезде тиісті ставкаларға 0,1 коэффициентті қолданады:

- 1) сауықтыру балалар мекемелері;
- 2) діни бірлестіктерді қоспағанда, осы Кодекстің 120-бабында белгіленген заңды тұлғалар;
- 3) осы Кодекстің 121-бабының 1-тармағында белгіленген заңды тұлғалар;
- 4) қызметінің негізгі түрі ормандардың өртке қарсы құрылғысы, өртке қарсы, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес, табиғи биологиялық ресурстарды ұдайы молайту және ормандардың экологиялық әлеуетін арттыру жөніндегі жұмыстарды орындау болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;
- 5) балықты ұдайы молайту мақсатындағы мемлекеттік кәсіпорындар;
- 6) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;
- 7) психоневрологиялық және туберкулез мекемелері жанындағы емдеу-өндірістік кәсіпорындар.

2-2. Осы Кодекстің 121-бабының 2-тармағында айқындалған заңды тұлғалар салықты есептеген кезде тиісті ставкаларға 0 коэффициентін қолданады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған жер салығын төлеушілер жер учаскесін немесе оның бір бөлігін (ондағы үйлермен, құрылыстармен, ғимараттармен бірге не оларсыз) жалға, өзге де негіздерде пайдалануға беру немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалану кезінде салықты 0,1 коэффициентті қолданбай, жалпы белгіленген тәртіппен есептейді.

4. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар жер салығын осы Кодекстің 140-2-бабының 4-тармағында және 140-5-бабының 3-тармағында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

*Ескерту. 338-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 176 Заңдарымен.*

## 55-тарау. Салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

### 339-бап. Салықты есептеу мен төлеудің жалпы тәртібі

1. Салықты есептеу әрбір жер учаскесі бойынша жеке салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы жүргізіледі.

2. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, жер салығы салық төлеушіге жер учаскесі берілген айдан кейінгі айдан бастап есептеледі.
3. Жер учаскесін иелену құқығы немесе пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер салығы жер учаскесін іс жүзінде пайдалану кезеңі үшін есептеледі.
4. Бюджетке жер салығын төлеу жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.
5. Салық жылы ішінде елді мекенді қоныстың бір санатынан басқа санатына ауыстыру кезінде ағымдағы жылғы жер салығы салық төлеушілерден осы елді мекендер үшін бұрын белгіленген ставкалар бойынша, ал келесі жылы - қоныстардың жаңа санаты үшін белгіленген ставкалар бойынша алынады.
6. Елді мекен таратылған және оның аумағы басқа елді мекеннің құрамына қосылған кезде, таратылған елді мекеннің аумағында жаңа ставка тарату іске асырылған жылдан кейінгі жылдан бастап қолданылады.
7. Салық төлеушілер орналасқан жер учаскелері бонитетінің баллдарын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жер салығының мөлшері шектесіп орналасқан жерлердің бонитет балы негізге алына отырып анықталады.
8. Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша салық олардың осы жер учаскесіндегі үлесіне барабар есептеледі.
9. Ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін бюджетпен есеп айырысуды арнаулы салық режимінде жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жер салығын төлеу тәртібі осы Кодекстің 385-390-баптарында белгіленген.
10. (алынып тасталды - 2007.07.26. N 312 )

*Ескерту. 339-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **340-бап. Заңды тұлғалардың салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері**

1. Заңды тұлғалар жер салығы сомаларын салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы дербес есептейді.
  2. Заңды тұлғалар салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеуге және төлеуге міндетті.
  3. Ағымдағы төлемдердің сомалары ағымдағы жылдың 20 ақпанынан, 20 мамырынан, 20 тамызынан, 20 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімдерде тең үлестермен төленуге тиіс.
- Жаңа құрылған салық төлеуші құрылған күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.
- Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілер ағымдағы салық кезеңі үшін салық сомасын осы баптың 9-тармағында көзделген мерзімдерде төлейді.
4. Ағымдағы төлемдер мөлшері салық кезеңінің басында болған салық төлеу объектілері бойынша салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану жолымен белгіленеді.
  5. Жер салығын төлеу бойынша салық міндеттемелері туындаған күннен кейінгі, осы баптың 3-тармағында белгіленген кезекті мерзім салық міндеттемелері туындаған кезде салық кезеңінде салықтың ағымдағы сомаларын төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.
- Осы Кодекстің 324-бабы 3-тармағының 4), 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға берген кезде салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға беру күнінен кейінгі кезекті мерзім салықтың ағымдағы сомаларын төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.
6. Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салық міндеттемелері туындаған кезде түпкілікті есеп айырысу және салық сомасын төлеу осы баптың 9-тармағында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.
- Осы Кодекстің 324-бабының 3-тармағының 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаларға пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейінгі түпкілікті есеп айырысу мен салық сомасын төлеу осы баптың 9-бабында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.
7. Салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша міндеттемелер өзгерген жағдайда, ағымдағы төлемдер салық міндеттемелерінің өзгеру сомасына жер салығын төлеудің алдағы мерзімдері бойынша тең үлестермен түзетіледі.
  8. Салық салу объектілеріне құқықтар салық кезеңінің ішінде берілген жағдайда салық сомасы жер учаскесіне құқықты іске асырудың нақты кезеңі үшін есептеледі.
- Осы құқықтарды беретін тұлғаның жер учаскесіне іс жүзінде иелік еткен кезеңі үшін төлеуге жататын салық сомасы құқықтарды мемлекеттік тіркеуге дейін немесе тіркеген кезде бюджетке енгізілуге тиіс. Бұл ретте бастапқы төлеуші ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап өзі жер учаскесін беретін айдың басына дейін салық сомасын есептейді. Одан кейінгі төлеуші өзінің жер учаскесіне құқығы пайда болған айдың басынан басталатын кезең үшін салық сомасын есептейді.
- Бұл ретте бастапқы төлеушіге ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап ол жер учаскесін берген айдың басына дейін есептелген салық сомасы көрсетіледі. Одан кейінгі төлеушіге салық органдары жіберетін жер салығының есептелген сомасы туралы хабарламада оның жер учаскесіне құқығы пайда болған кезеңдегі ай басынан есептелген салық сомасы көрсетіледі.

Жер учаскесіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезде салықтың жылдық сомасын бюджетке тараптардың (келісім бойынша) бірі енгізуі мүмкін. Жер учаскесіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде төленген салық сомасы кейіннен қайта төленбейді.

9. Салық төлеуші салық кезеңінде декларация табыс ету мерзімі басталғаннан кейін он жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей біржолата есеп айырысуды жүргізіп, жер салығын төлейді.

10. Осы баптың ережелері бюджеттен есеп айырысуды ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимінде жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, аталған арнайы салық режимі қолданылатын қызметке пайдаланылатын жер учаскелері бойынша қолданылмайды.

*Ескерту. 340-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **341-бап. Жекелеген жағдайларда салық есептеудің ерекшеліктері**

1. Бірнеше салық төлеушілердің пайдалануындағы үйлер, құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелеріне жер салығы олардың бөлек пайдалануындағы үйлер мен құрылыстардың алаңына барабар әр салық төлеуші бойынша жеке есептеледі.
2. Осы Кодекстің 324-бабы 3-тармағының 4), 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар үйдің, құрылыстың және ғимараттың бір бөлігін жалға берген кезде жер салығы осы жер учаскесінде орналасқан барлық үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың жалпы алаңындағы жалға берілген үй-жай алаңының үлес салмағына қарай есептелуге тиіс.
3. Тұрғын үй қорының құрамындағы жылжымайтын мүлікті заңды тұлға сатып алған жағдайда, жер салығы тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың осы Кодекстің 332-бабында белгіленген базалық ставкалары бойынша есептелуге тиіс.
4. Қазақстан Республикасының мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен жария етілген жер учаскелеріне салық жер учаскесі жария етілді деп танылған кезден бастап есептеледі.

Бұл ретте жария еткен кезге дейін төленген жер салығы осы Кодекстің 325-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген болып саналады.

*Ескерту. 341-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.05. N 158 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 1 сәуірде өзінің қолданылуын тоқтатады) Заңдарымен.*

#### **342-бап. Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері**

1. Жеке тұлғалар (өз қызметінде пайдаланатын жер учаскелері бойынша жекелеген кәсіпкерлерді, жеке нотариустар мен адвокаттарды қоспағанда) төлеуге жататын жер салығын есептеуді салық органдары тиісті салық ставкалары мен салық базасын негізге ала отырып, 1 тамыздан кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді.
- Салық кезеңі ішінде салық салу объектілеріне құқықты берген жағдайда салық сомасы осы Кодекстің 340-бабы 3-тармағының ережелері ескеріле отырып есептеледі.
2. Жеке тұлғалар бюджетке жер салығын ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей төлейді.
3. Жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар өз қызметінде пайдаланатын жер учаскелері бойынша жер салығын осы Кодекстің 340-бабында белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

*Ескерту. 342-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **56-тарау. Салық кезегі және салық есептілігі**

*Ескерту. Тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **343-бап. Салық кезеңі**

Жер салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес белгіленеді.

#### **344-бап. Салық есептілігі**

1. Заңды тұлғалар (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар жер салығы бойынша декларацияны салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдарына есептік салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей, сондай-ақ ағымдағы төлемдер есеп-қисабын осы бапта белгіленген мерзімде табыс етеді.
2. Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдер есеп-қисабы ағымдағы салық кезеңінің 20 ақпанынан кешіктірілмей табыс етіледі.

3. Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілерді қоспағанда, жаңадан құрылған салық төлеушілер ағымдағы төлемдер есеп-қисабын салық төлеуші мемлекеттік тіркеуден өткен айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

4. Осы Кодекстің 324-бабы 3-тармағының 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдердің есебін осы баптың 5-тармағында көзделген мерзімдерде табыс етеді.

5. Салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде ағымдағы төлемдердің есебі салық салу объектілері бойынша 1 ақпандағы, 1 мамырдағы, 1 тамыздағы және 1 қарашадағы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 20 ақпанынан, 20 мамырынан, 20 тамызынан және 20 қарашасынан кешіктірмей табыс етіледі.

6. Осы баптың ережелері бюджетпен есеп айырысуды ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимінде жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, аталған арнайы салық режимі қолданылатын қызметке пайдаланылатын жер учаскелері бойынша қолданылмайды.

*Ескерту. 344-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 13-бөлім. Көлік құралдары салығы

### 57-тарау. Жалпы ережелер

#### 345-бап. Салық төлеушілер

1. Егер осы бапта өзгеше көрсетілмесе, меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі - заңды тұлғалар) көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады.

1-1. Лизинг алушы қаржы лизингі шарты бойынша берілген (алынған) салық салу объектілері бойынша көлік құралдары салығын төлеуші болып табылады.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін көлік құралдарына қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер;

1-1) меншікті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде пайдаланылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер. Аталған мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілетін адамдар;

4) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша - меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар мүгедектер;

5) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша - Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, "Халық қаһарманы" атағын алған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен наградталған адамдар, "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

6) ауыл шаруашылық құралымынан шығу нәтижесінде пай ретінде алынған, пайдаланған мерзімі жеті жылдан асқан жүк автомобильдері бойынша жеке тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылмайды.

*Ескерту. 345-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### 346-бап. Салық салу объектілері

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жататын және (немесе) есепте тұрған көлік құралдары, тіркемелерді қоспағанда, салық салу объектілері болып табылады.

2. Мыналар:

1) жүк көтергіштігі 40 тонна және одан асатын карьерлік автосамосвалдар;

2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары салық салу объектілері болып табылмайды.

*Ескерту. 346-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 58-тарау. Салық ставкалары

### 347-бап. Салық ставкалары

1. Салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай ставкалар бойынша жүргізіледі:

Салық салу объектісі (айлық есептік көрсеткіш)	Салық ставкасы
1. Двигатель көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см.):	
1100-ге дейін қоса алғанда	4,0
1100-ден жоғары 1500-ді қоса	6,0
1500-ден жоғары 2000-ды қоса	7,0
2000-нан жоғары 2500-ді қоса	12,0
2500-ден жоғары 3000-ды қоса	17,0
3000-нан жоғары 4000-ды қоса	22,0
4000-нан жоғары	117,0
2. Жүк көтергіштігі мынадай жүк таситын арнаулы автомобильдер (тіркемелерді есептегенде):	
1 тоннаға дейін қоса алғанда	6,0
1 тоннадан жоғары - 1,5 тоннаны қоса	9,0
1,5 тоннадан жоғары - 5 тоннаны қоса	12,0
5 тоннадан жоғары	15,0
3. Шынжыр табанды машиналар мен механизмдерді қоспағанда, өздігінен жүретін машиналар мен пневматикалық жүрістегі механизмдер	3,0
4. Автобустар:	
12 отыратын орынға дейін қоса алғанда	9,0
12-ден жоғары - 25 отыратын орынды қоса	14,0
25 отыратын орыннан жоғары	20,0
5. Мотоциклдер, мотороллерлер, мотоцианалар, көлемі шағын кемелер (двигательінің қуаты 55 кВт-тан артық емес)	1,0
Мотоциклдер (двигательінің қуаты 55 кВт-тан жоғары)	10,0
6. Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (двигательдің қуаты мынадай ат күшіне тең):	
160-қа дейін қоса алғанда	6,0
160-тан жоғары 500-ді қоса	18,0
500-ден жоғары 1000-ды қоса	32,0
1000-нан жоғары	55,0

## 7. Ұшу аппараттары

әрбір киловатт қуаттан  
айлық есептік  
көрсеткіштің  
4,0 проценті

2. Жеңіл автомобильдердің жеті айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын двигателінің көлемі 1500-ден жоғары - 2000 текше сантиметрді қоса, он екі айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2000-нан жоғары - 2500 текше сантиметрді қоса, он жеті айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2500-ден жоғары - 3000 текше сантиметрді қоса және жиырма екі айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын двигателінің көлемі 3000-нан жоғары - 4000 текше сантиметрді қоса алған көлемде болған кезде салық сомасы двигательдің аталған көлемінен асқан әрбір бірлік үшін 7 теңгеге ұлғайтылады.

3. Егер осы тармақпен өзгеше белгіленбесе, салық төлеудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін пайдаланылу мерзімі алты жылдан асқан жеңіл автокөлік құралдары бойынша мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

ТМД елдерінде шығарылған автокөлік құралдары үшін:

6 жылдан - 15 жылға дейін қоса алғанда - 0,3;

15 жылдан жоғары - 25 жылды қоса - 0,2;

25 жылдан жоғары - 0,1;

двигатель көлемі мынадай басқа автокөлік құралдары үшін:

3000 текше сантиметрге дейін қоса алғанда - 0,5;

3000-нан жоғары - 4000 текше сантиметрді қоса - 0,7;

4000-нан жоғары - 1,0.

Пайдаланылу мерзімі жиырма жылдан асқан ТМД елдері шығаратын жеңіл автомобильдер мен мотоциклдер бойынша жеке тұлғалар үшін түзету коэффициенті - 0.

4. Белгіленген салық төлеу мерзімі аяқталғанға дейін пайдаланылу мерзімі жеті жылдан асқан ТМД елдерінде шығарылған жүк таситын, арнаулы автокөлік құралдары бойынша мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

7 жылдан - 14 жылға дейін қоса алғанда - 0,5;

14 жылдан жоғары - 20 жылды қоса - 0,3;

20 жылдан жоғары - 0,1.

5. Пайдаланылу мерзіміне байланысты ұшу аппараттарының салық ставкаларына мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1999 жылғы 1 сәуірден кейін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден сатып алынған ұшу аппараттарына:

пайдаланылу мерзімі 5 жылға дейін қоса алғанда - 1,0;

пайдаланылу мерзімі 5 жылдан жоғары - 15 жылды қоса - 2,0;

пайдаланылу мерзімі 15 жылдан жоғары - 3,0;

1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған, сондай-ақ 1999 жылғы 1 сәуірден кейін алынған және Қазақстан Республикасында 1999 жылғы 1 сәуірге дейін пайдалануда болған ұшу аппараттарына:

пайдаланылу мерзімі 5 жылға дейін қоса алғанда - 1,0;

пайдаланылу мерзімі 5 жылдан жоғары - 15 жылды қоса - 0,5;

пайдаланылу мерзімі 15 жылдан жоғары - 0,3.

6. Көлік құралының пайдаланылу мерзімі көлік құралдарының паспортында (әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқамада) көрсетілген көлік құралы шығарылған жыл негізге алына отырып есептеледі.

7. Осы баптың 1-тармағындағы кестенің 6-тармағында көрсетілген көлік құралдарының пайдаланылу мерзіміне қарай салық ставкаларына мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

5 жылға дейін қоса алғанда - 1,0;

5 жылдан жоғары - 10 жылды қоса алғанда - 0,5;

10 жылдан жоғары - 20 жылды қоса алғанда - 0,3;

20 жылдан жоғары - 30 жылды қоса алғанда - 0,2;

30 жылдан жоғары - 0,1.

*Ескерту. 347-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 59-тарау. Салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

### 348-бап. Салықты есептеу тәртібі

1. Салық төлеушілер салық салу объектілерін, әрбір көлік құралы бойынша салық ставкасын және түзету коэффициенттерін негізге ала отырып, салық кезеңі үшін салық сомасын дербес есептейді.

Көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында салық кезеңінен аз уақыт болған жағдайда салық сомасы көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында болған кезең үшін салықтың жылдық сомасын 12-ге бөліп, оны көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында іс жүзінде болған айлардың санына көбейту арқылы есептеледі.

2. Салық кезеңі ішінде жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар өз қызметінде пайдаланатын салық салу объектілеріне меншік құқығын, сондай-ақ заңды тұлғалар салық салу объектілеріне меншік құқығын, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығын берген кезде, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салық сомасы мынадай тәртіппен есептеледі:

1) беретін тарап үшін:

салық кезеңінің басында қолда бар көлік құралдары бойынша салық сомасы салық кезеңінің басынан бастап көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын берген айдың бірінші күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

салық кезеңінің ішінде сатып алынған көлік құралдары бойынша салық сомасы көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын алған айдың бірінші күнінен бастап көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын берген айдың бірінші күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

2) алушы тарап үшін - салық сомасы көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын алған айдың бірінші күнінен бастап, салық кезеңінің соңына дейін немесе алушы тарап одан кейін аталған көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын берген айдың бірінші күніне дейінгі кезеңге есептеледі.

3. Салық кезеңі ішінде жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын жеке тұлғалар салық салу объектілеріне меншік құқығын берген кезде салық сомасы мынадай тәртіппен есептеледі:

1) көлік құралына меншік құқығын жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын жеке тұлғаларға берген кезде жылдық салық сомасын тараптардың біреуі (келісім бойынша) есептеп, бюджетке енгізеді;

2) көлік құралына меншік құқығын жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға, заңды тұлғаларға берген кезде бюджетке төленуге тиісті салық сомасын есептеу осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Алу кезінде Қазақстан Республикасында есепте тұрмаған көлік құралын сатып алған кезде салық сомасы көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе оралымды басқару құқығы туындаған айдың 1 күнінен бастап салық кезеңінің соңына дейінгі кезең үшін есептеледі.

*Ескерту. 348-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 348-1-бап. Салық төлеу мерзімдері

1. Егер меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында 1 шілдеге дейін болған көлік құралдары бойынша осы бапта өзгеше белгіленбесе, бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша, ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірілмей жүргізіледі.

2. Осы Кодекстің 348-бабының 4-тармағында көрсетілген көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын салық кезеңінің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, бюджетке салық төлеу көлік құралын мемлекеттік тіркеуге дейін немесе тіркеу кезінде жүргізіледі.

3. Алу кезінде Қазақстан Республикасында есепте тұрған көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын 1 шілдеден кейін алған жағдайда заңды тұлғалар салық кезеңі үшін декларацияны табыс ету мерзімі ба-сталғаннан кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілген көлік құралдары бойынша салық төлеуді жүргізеді.

4. Бюджетпен есеп айырысуды ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнаулы салық режимінде жүргізетін заңды тұлғалардың көлік құралдарына салық төлеуі осы Кодекстің 389-бабында белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5. Көлік құралының меншік иесі атынан меншікті сенімгерлік басқару құқығымен көлік құралын иеленуші тұлғаның көлік құралдарына салық төлеуі көлік құралы меншік иесінің осы салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

*Ескерту. 348-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 60-тарау. Салық кезеңі және салық декларациясы

### 349-бап. Салық кезеңі

Көлік құралдары салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес белгіленеді.

### 350-бап. Салық есептілігі

Төлеуші - заңды тұлғалар (бюджетпен есеп айырысуды ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнаулы салық режимінде жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда) көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебін ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етеді.

*Ескерту. 350-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 14-бөлім. Мүлік салығы

### 61-тарау. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы

#### 351-бап. Салық төлеушілер

1. Мыналар мүлік салығын төлеушілер болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар, сондай-ақ концессия шарты бойынша концессионер;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар жеке кәсіпкерлер.
2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген құқықтарда салық салу объектілері бар заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері дербес салық төлеушілер ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан салық салу объектілері бойынша салық төлеушілер болып табылады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған салық төлеушілер мүлікке салынатын салықты осы тарауда заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

4. Мыналар мүлікке салынатын салықты төлеушілер болып табылмайды:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қажеттілік нормативтері шегінде салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер.

Салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын белгіленген қажеттілік нормативтерінен артық төлеушілер мүлікке салынатын салықты осы бөлімде белгіленген тәртіппен төлейді;

- 2) салық салу осы Кодекстің 283-бабында белгіленген салық режимінің екінші үлгісі бойынша жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдаланушылар;
- 3) мемлекеттік мекемелер;
- 4) алып тасталды

- 5) уәкілетті органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;  
6) діни бірлестіктер.

Осы тармақтың 5) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша салық төлеуден босатылмайды.

*Ескерту. 351-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **352-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні анықтау**

1. Меншік иесі салық салу объектілерін сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген кезде меншік иесімен келісім бойынша салық төлеуші сенімгер басқарушы немесе жалға алушы болуы мүмкін.

Бұл ретте сенімгер басқарушының немесе жалға алушының салық төлеуі салық салу объектілері меншік иесінің есепті кезең үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

2. Егер салық салу объектісі пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілерін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші деп танылады.

3. Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша осы салық салу объектілерінің меншік иелерінің бірі олардың арасындағы келісім бойынша салық төлеуші бола алады.

4. Қаржылық лизингке берілген объектілер бойынша лизинг алушы салық төлеуші болып табылады.

5. Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілері бойынша пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы салық төлеуші болып табылады.

*Ескерту. 352-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **353-бап. Салық салу объектісі**

1. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін негізгі құралдар (оның ішінде тұрғын үй қорының құрамында тұрған объектілер) мен материалдық емес активтер салық салу объектісі болып табылады.

2. Мыналар салық салу объектілері болып табылмайды:

1) осы Кодекстің 326 және 327-баптарына сәйкес жер салығын салу объектісі болып табылатын жер;

2) осы Кодекстің 346-бабына сәйкес көлік құралдарына салық салу объектісі болып табылатын көлік құралдары;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияда тұрған негізгі құралдар;

4) жалпыға ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдары мен оларға салынған жол құрылыстары:

бұрылу белдеуі;

жолдардың конструкциялық элементтері;

жол жағдайы мен оны абаттандыру;

көпірлер;

өткерме жолдар;

виадуктар;

жол тарамдары;

тоннельдер;

корғаныш галереялары;

жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен құрылғылар;

суды бұрып жіберетін және су өткізгіш құрылыстар;

жол бойындағы орман алаптары;

желілік тұрғын үйлер және жол пайдалану қызметінің кешендері;

5) осы Кодекстің 138-140-баптарында белгіленген тәртіппен инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға жаңадан енгізілетін негізгі құралдар;

6) аяқталмаған құрылыс объектілері, сондай-ақ орнатылмаған жабдықтар мен негізгі құралдардың құрамдас бөліктері.

*Ескерту. 353-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **354-бап. Салық базасы**

1. Бухгалтерлік есептің деректері бойынша анықталатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің салық салу объектілері бойынша салық базасы болып табылады.

2. Салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны ағымдағы салық кезеңінің әр айының бірінші күні мен есепті кезеңнен кейінгі кезең айының бірінші күніндегі салық салу объектілерінің баланстық құнын қосу кезінде алынған соманың он үштен бірі ретінде анықталады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа сәйкес айқындалған бағалау міндеттемелері (қайта монтаждаудың есептік құны, активті жою және учаскені қалпына келтіру) салық салу объектілерінің баланстық құнына кірмейді.

3. Осы Кодекстің 351-бабы 4-тармағының 5) тармақшасында аталған заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салық базасы пайдалануға немесе жалға берілген осы салық салу объектілерінің үлесін негізге ала отырып анықталады.

*Ескерту. 354-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **355-бап. Салық ставкалары**

1. Заңды тұлғалар (осы баптың 2 және 2-1-тармақтарында аталғандарды қоспағанда) салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 1 процент ставка бойынша мүлік салығын есептейді.

1-1. Жеке кәсіпкерлер мүлік салығын салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0,5 процент ставка бойынша есептейді.

2. Төменде аталған заңды тұлғалар салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0,1 процент ставка бойынша мүлік салығын есептейді:

1) діни бірлестіктерді қоспағанда, осы Кодекстің 120-бабында белгіленген заңды тұлғалар;

2) осы Кодекстің 121-бабында белгіленген заңды тұлғалар;

3) негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) болып табылатын ұйымдар;

4) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) мемлекеттік меншікке жататын және мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының және табиғат қорғау мақсатындағы басқа да су шаруашылығы құрылыстарының объектілері бойынша заңды тұлғалар;

6) ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер - заңды тұлғалардың және шаруа (фермер) қожалықтарының жерін суару үшін пайдаланылатын су мелиорациялық құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар.

2-1. Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар мүлік салығын салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0,5 процент ставка бойынша есептейді.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша мүлік салығын осы баптың 1-тармағында белгіленген салық ставкасы бойынша есептейді және төлейді.

4. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мүлік салығын осы Кодекстің 140-2-бабының 4-тармағында және 140-5-бабының 3-тармағында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

*Ескерту. 355-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **356-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Салық төлеушілер салықты есептеуді салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы дербес жүргізеді.

2. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың салық төлеу тәртібі осы Кодекстің 385-390-баптарында белгіленген.

3. Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша мүлік салығы әрбір салық төлеушінің мүлік құнындағы оның үлесіне барабар есептеледі.

4. Салық төлеушілер салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді төлеуге міндетті, олар салық кезеңінің басындағы бухгалтерлік есеп деректері бойынша белгіленген салық салу объектілерінің баланстық құнына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы анықталады.

5. Бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

6. Салықтың ағымдағы төлемдерінің сомаларын салық төлеуші салық кезеңіндегі 20 ақпаннан, 20 мамырдан, 20 тамыздан және 20 қарашадан кешіктірмей тең үлестермен енгізеді.

Салық төлеушінің құрылу күнінен (салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға беру күнінен) кейінгі кезекті мерзім осы Кодекстің 351-бабы 4-тармағының 5) тармақшаларында аталған жаңадан құрылған салық төлеушілер мен заңды тұлғалар бойынша ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілер мен осы Кодекстің 351-бабы 4-тармағының 5) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға берген кезінде салық сомасын ағымдағы салық кезеңі үшін осы баптың 8-тармағында көзделген мерзімдерде төлейді.

7. Салық кезеңі ішінде сатып алынған салық салу объектілері бойынша мүлік салығының ағымдағы төлемдері салық салу объектісін сатып алу кезіндегі салық базасына салық ставкасын қолдану арқылы анықталады. Ағымдағы төлемдер сомасы тең үлестермен осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімдерде төленеді, бұл ретте салық салу объектілерін сатып алған күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салық кезеңі ішінде шығып қалған салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдер шығып қалған салық салу объектілерінің шығып қалған кездегі салық базасына салық ставкасын қолдану арқылы анықталатын салық сомасына азайтылады. Азайтылуға тиіс салық сомасы салық төлеудің қалған мерзімдеріне тең үлестермен бөлінеді.

Салық кезеңінің ішінде мүлікке салынатын салықты есептеу мен төлеу жөніндегі міндеттемелер өзгерген кезде мүлік салығының ағымдағы төлемдері мүлік салығы төленетін алдағы мерзімдер бойынша тең үлестермен салық міндеттемелерінің өзгерген сомасына түзетіледі.

8. Салық төлеуші салық кезеңі ішінде декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде түпкілікті есеп айырысуды жүргізеді және мүлік салығын төлейді.

*Ескерту. 356-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **357-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеу мен төлеу**

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын үй-жайлар бойынша салықты жеке кәсіпкер осы тарауда белгіленген ставкалар бойынша және тәртіппен есептейді және төлейді.

*Ескерту. 357-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **358-бап. Салық кезеңі**

1. Мүлік салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес белгіленеді.

2. Осы Кодекстің 351-бабы 4-тармағының 5) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар үшін салық кезеңі салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға берген кезден бастап мұндай пайдаланудың аяқталу кезіне дейін белгіленеді.

*Ескерту. 358-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **359-бап. Салық есептілігі**

1. Салық төлеушілер (ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда) салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын және декларация табыс етуге міндетті.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мүлік салығы бойынша салық есептілігін табыс ету тәртібі осы Кодекстің 385-390-баптарында белгіленген.

Осы Кодекстің 351-бабы 4-тармағының 5) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша салық есептілігін жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен табыс етеді.

2. Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есебі есепті салық кезеңінің 20 ақпанынан кешіктірілмей табыс етіледі. Жаңадан құрылған салық төлеушілер ағымдағы төлемдер сомасының есебін салық органдарына тіркеу есебіне қойылған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

Осы Кодекстің 351-бабы 4-тармағының 5) тармақшасында аталған заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдер сомасының есебін объектілерді пайдалануға немесе жалға берген айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

3. Салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде ағымдағы төлемдердің есебі салық салу объектілері бойынша 1 ақпандағы, 1 мамырдағы, 1 тамыздағы және 1 қарашадағы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 20 ақпанынан, 20 мамырынан, 20 тамызынан және 20 қарашасынан кешіктірмей табыс етіледі.

4. Декларация есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

*Ескерту. 359-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **360-бап. Құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалардың салық есептілігін табыс ету ерекшеліктері**

*Ескерту. 360-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **62-тарау. Жеке тұлғалардың мүлік салығы**

### **361-бап. Салық төлеушілер**

1. Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер болып табылады.

2. Мыналар жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды:

1) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мерзімді қызметтен өту (оқу) кезеңінде;

2) меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір мың айлық есептік көрсеткіш шегінде - Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, "Халық қаһарманы" атағын алған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен наградталған адамдар, "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналар, жеке тұратын зейнеткерлер;

3) меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш шегінде - Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер;

4) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын салық салынатын объектілер бойынша дара кәсіпкерлер.

Осы тармақта аталған адамдар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша салықты осы тарауда белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

*Ескерту. 361-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **362-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушілерді анықтау**

1. Салық салу объектілерін меншік иесі сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген кезде салық салу объектілері меншік иесінің келісімі бойынша сенімгер басқарушы немесе жалгер берілген объектілер бойынша салық төлеуші болуы мүмкін.

Бұл ретте сенімгер басқарушының немесе жалгердің салық төлеуі салық салу объектілері меншік иесінің осы салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

2. Егер салық салу объектісі бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші деп табылады.

3. Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша өздерінің арасындағы келісіммен осы салық салу объектісі меншік иелерінің бірі салық төлеуші бола алады.

### **363-бап. Салық салу объектісі**

Жеке тұлғаларға меншік құқығымен тиесілі мынадай объектілер:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғын үй-жайлар, саяжай құрылыстары, гараждар және өзге де құрылыстар, ғимараттар, үй-жайлар;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы аяқталмаған құрылыс объектілері - қоныстану (пайдалану) кезінен бастап жеке тұлғалардың мүлкіне салық салу объектісі болып табылады.

*Ескерту. 363-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **364-бап. Салық базасы**

1. Өрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті орган белгілейтін салық салу объектілерінің құны жеке тұлғалар үшін салық базасы болып табылады.

Жеке тұлғалардың салық салу объектілерінің құнын анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. (алып тасталды)

3. Бірнеше салық салу объектілері бойынша салық төлеуші бір жеке тұлға болған жағдайда, салық базасы әр объект бойынша жеке есептеледі.

*Ескерту. 364-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 365-бап. Салық ставкалары

Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, салық салу объектілерінің құнына қарай, мынадай ставкалар бойынша есептеледі:

1) 1 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	салық салу объектілері құнының 0,05 проценті;
2) 1 000 000 теңгеден жоғары - 2 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	500 теңге + 1 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,08 проценті;
3) 2 000 000-нан теңгеден жоғары - 3 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	1 300 теңге + 2 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,1 проценті;
4) 3 000 000 теңгеден жоғары - 4 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	2 300 теңге + 3 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,15 проценті;
5) 4 000 000 теңгеден жоғары - 5 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	3 800 теңге + 4 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,2 проценті;
6) 5 000 000 теңгеден жоғары - 6 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	5 800 теңге + 5 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,25 проценті;
7) 6 000 000 теңгеден жоғары - 7 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	8 300 теңге + 6 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,3 проценті;
8) 7 000 000 теңгеден жоғары - 8 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	11 300 теңге + 7 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,35 проценті;
9) 8 000 000 теңгеден жоғары - 9 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	14 800 теңге + 8 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,4 проценті;
10) 9 000 000 теңгеден жоғары - 10 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	18 800 теңге + 9 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,45 проценті;
11) 10 000 000 теңгеден жоғары	23 300 теңге + 10 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,5 проценті;

*Ескерту. 365-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 366-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

1. Жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықты есептеуді салық кезеңінің 1 тамызынан кешіктірілмейтін мерзімде тиісті салық ставкасын салық базасына қолдану арқылы салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдары жүргізеді.

1-1. Егер салық кезеңінің ұзақтығы он екі айдан аз болса, төлеуге жататын мүлік салығы осы баптың бір тармағына сәйкес анықталған салық сомасын он екіге бөлу және салық кезеңінде меншік құқығын іске асыру айларының санына көбейту жолымен есептеледі.

2. Бірнеше жеке тұлғаның ортақ үлестік меншігіндегі салық салу объектісі үшін салық олардың осы мүліктегі үлесіне барабар есептеледі.

3. Бірнеше салық салу объектілері бойынша салық төлеуші бір жеке тұлға болған жағдайда, салықты есептеу әрбір салық салу объектісі бойынша бөлек жүргізіледі.

4. Жаңадан құрылған салық салу объектілері бойынша салықты есептеу олардың құрылу жылынан кейінгі салық жылында жүргізіледі.

5. Салық салу объектісі жойылған, қираған, бұзылған кезде жойылу, қирау, бұзылу фактісін растап уәкілетті орган беретін құжаттар болған жағдайда салық сомасын қайта есептеу жүргізіледі.

6. Салық кезеңі ішінде салық төлеушінің салық төлеуден босатылу құқығы туындаған кезде осы құқық туындаған айдан бастап салық сомасын қайта есептеу жүргізіледі.

7. Бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінің 1 қазанынан кешіктірілмей жүргізіледі.

8. Салық кезеңі ішінде салық салу объектілеріне меншік құқықтары берілген жағдайда салық сомасы мүлікке меншік құқықтарын іске асырудың нақты кезеңі үшін есептеледі.

Меншік құқығын берген тұлға салық салу объектісін іс жүзінде иелену кезеңі үшін төленуге жататын салық сомасын меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу кезіне дейін немесе тіркеу кезінде бюджетке енгізуге тиіс. Бұл орайда бастапқы төлеушіге ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, ол меншік құқығын берген айдың басына дейін есептелген салық сомасы көрсетіледі. Одан кейінгі төлеушіге мүлік салығының есептелген сомасы туралы салық органдары жіберетін хабарламада оның меншік құқығы туындаған айдың басынан басталатын кезең ішінде есептелген салық сомасы көрсетіледі.

Салықтың жылдық сомасын салық салынатын объектіге меншік құқығын мемлекеттік тіркеу кезінде тараптардың бірі (келісім бойынша) бюджетке енгізуі мүмкін. Аталған салық сомалары кейіннен қайталап төленбейді.

9. Жылжымайтын мүлікке құқықты және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу кезінде (бастапқы тіркеуді қоспағанда) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган салық салу объектілерінің құнын айқындамаған жағдайда, салық алдынгы салық кезеңінде есептелген салық сомасы негізге алына отырып төленеді.

*Ескерту. 366-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

### **367-бап. Салық кезеңі**

1. Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес айқындалады.

2. Жеке тұлғалардың салық салу объектілері жойылған, қираған, бұзылған кезде салық салу объектілерінің жойылу, қирау, бұзылу фактісі болған ай салық кезеңінің есебіне кіреді.

## **14-1-бөлім. Ойын бизнесі салығы**

*Ескерту. 14-1-бөліммен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

## **62-1-тарау. Ойын бизнесі салығы**

### **367-1-бап. Төлеушілер**

Мыналар:

1) казино;

2) ойын автоматтары залы;

3) тотализатор;

4) букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ойын бизнесі салығын төлеушілер болып табылады.

#### **367-2-бап. Салық салу объектілері**

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде:

1) ойын үстелі;

2) ойын автоматы;

3) тотализатор кассасы;

4) букмекер кеңсесінің кассасы ойын бизнесіне салық салу объектілері болып табылады.

#### **367-3-бап. Салық ставкалары**

Салық салу объектісінің бірлігінен ойын бизнесі салығын есептеу мынадай ставкалар бойынша жүргізіледі:

ойын үстелі - тоқсанына 2 500 айлық есептік көрсеткіш;

ойын автоматы - тоқсанына 88 айлық есептік көрсеткіш;

тотализатор кассасы - тоқсанына 375 айлық есептік көрсеткіш;

букмекер кеңсесінің кассасы - тоқсанына 225 айлық есептік көрсеткіш.

#### **367-4-бап. Салық кезеңі**

Ойын бизнесі салығын есептеуге және төлеуге арналған салық кезеңі тоқсан болып табылады.

#### **367-5-бап. Салықты төлеу тәртібі мен мерзімі**

1. Салық кезеңі ішінде төленуге тиісті ойын бизнесі салығы осы Кодекстің 367-2-бабында айқындалған әрбір салық салу объектісіне тиісті салық ставкасын қолдану арқылы айқындалады.

2. Ойын бизнесі салығы есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей салық салу объектілерінің тіркелген орны бойынша бюджетке төленуге тиіс.

#### **367-6-бап. Салық есептілігін табыс ету**

Салық төлеушілер салық салу объектілерінің тіркелген орны бойынша салық органдарына ойын бизнесі салығы бойынша декларацияны есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей табыс етуге міндетті.

#### **367-7-бап. Ойын бизнесі салығын төлеушілердің қосымша төлемі**

1. Қосымша төлем ойын бизнесі саласындағы қызметтен алынған табыс осы баптың 2-тармағында белгіленген кірістің шекті сомасынан асып кеткен жағдайда есептеледі.

2. Ойын бизнесі салығын төлеушілер үшін салық кезеңі ішіндегі кірістің шекті мөлшері:

казино қызметінен - 135 000 айлық есептік көрсеткішті;

ойын автоматтары залы қызметінен - 25 000 айлық есептік көрсеткішті;

тотализатор қызметінен - 2 500 айлық есептік көрсеткішті;

букмекер кеңсесі қызметінен - 2 000 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

#### **367-8-бап. Қосымша төлемді есептеу және төлеу тәртібі**

1. Қосымша төлем кірістің шекті мөлшерінен асып кеткен сомасына отыз процент мөлшеріндегі ставканы қолдану арқылы есептеледі және ол есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 20-ынан кешіктірілмей төленуге тиіс.

2. Ойын бизнесі салығын төлеушілер ойын бизнесі саласындағы қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған кезде қосымша төлем ойын бизнесі саласындағы әрбір қызмет түрінен алынған табыстан бөлек есептеледі.

## **15-бөлім. Арнаулы салық режимдері**

### **63-тарау. Жалпы ережелер**

#### **368-бап. Жалпы ережелер**

**1. Мыналарға:**

- 1) шағын бизнес субъектілеріне;
  - 2) шаруа (фермер) қожалықтарына;
  - 3) ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға;
  - 4) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне қатысты арнаулы салық режимдері көзделеді.
2. Біржолғы талон - арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда, жеке табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысу фактісін растайтын құжат.
3. Патент - арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын құжат.
4. Белгілі бір арнаулы салық режимін қолдануға арналған патент нысанын уәкілетті орган белгілейді.
5. Патент жоғалған немесе бүлінген жағдайда салық төлеушінің өтініші бойынша дубликат беріледі. Салық төлеуші бүлінген патентті салық органына тапсыруға тиіс.
6. Берілген патенттерді тіркеуді салық органдары патенттерді тіркеу (беру) журналында жүргізеді. Тіркеу журналдарының нысандарын және оларды толтыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.
7. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, біржолғы талон және патент бланкілері қатаң есептілік бланкілері болып табылады және ақша алынбай беріледі. Оларды басқа адамдарға беруге тыйым салынады.
8. Арнайы салық режимдері қолданылатын тұлғаларға салық салу мақсатында салық төлеушінің өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып оның функцияларының бір бөлігін орындайтын, орналасқан жері бойынша тұрақты жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше танылады. Егер жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол тұрақты болып есептеледі.

*Ескерту. 368-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**369-бап. Арнаулы салық режимдерін қолдану ерекшеліктері**

1. Осы Кодекстің 378 және 385-баптарында көзделмеген қызметтер бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші шаруа (фермер) қожалықтары мен заңды тұлғалар бюджетпен есеп айырысуды шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимінде жүзеге асыра алады.
2. Базарларда тауар сату бойынша (жалдау шарттары бойынша базарлар аумағындағы киоскілерде, тұрақты үй-жайларда (оқшауланған блоктарда) өткізуді қоспағанда) бюджетпен есеп айырысу, осы Кодекстің 392-бабының 1-тармағында айқындалған тұлғалардан басқа, осы Кодекстің 373-бабында белгіленген тәртіппен біржолғы талон негізінде арнаулы салық режимі бойынша ғана жүргізіледі.  
Бұл ретте, рыноктарда өткізу бойынша бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын тұлғаларға осы Кодекстің 370, 371 және 379-баптарының ережелері қолданылмайды.
3. 392-баптың 1-тармағында белгіленген тұлғалар бюджетпен есеп айырысуды осы Кодекстің 391-397-баптарында көзделген кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимінде ғана жүзеге асырады.

*Ескерту. 369-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358, 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **64-тарау. Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі**

### **Параграф 1. Жалпы ережелер**

**370-бап. Жалпы ережелер**

1. Осы Кодекстің 371, 372, 374, 376-баптарында белгіленген талаптарға сай келетін жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар осы Кодекстің мақсаттары үшін шағын бизнес субъектілері деп танылады.
2. Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін, төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, әлеуметтік салықты және корпорациялық немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді. Бұл орайда, осы Кодекстің 132-134-баптарын, 135-бабының 2-тармағын, 146-162-баптарын қоспағанда, жоғарыда аталған салықтарды есептеу, төлеу және салық есептілігін табыс ету тәртібі 77-140, 315-322, сондай-ақ 141-174-баптарда белгіленген шағын бизнес субъектілеріне қолданылмайды.

Осы тармақта аталмаған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеу, төлеу және салық есептілігін табыс ету жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған салықты есептеудің оңайлатылған тәртібі салық салу объектісіне осы Кодекстің 375, 377-баптарында белгіленген ставканы қолдану жолымен жүргізіледі.

4. Төлем көзінен салық ұсталғанын растайтын құжаттар және (немесе) біржолғы талон болған кезде, бұрын салық салынған табыстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алынуға тиіс) табыстардың барлық түрлерінен тұратын салық кезеңі ішіндегі табыс салық салу объектісі болып табылады.

Осы Кодекстің 163-бабына сәйкес жеке кәсіпкердің, мүлікті жалға беруден түскен табыстарды қоспағанда, төлем көзінен салық салынбайтын мүліктік табысы мен өзге де табыстары салық салу объектісі болып табылмайды.

5. Бюджетпен есеп айырысуды патент негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін - он екі ай, бюджетпен есеп айырысуды оңайлатылған декларация негізінде жүзеге асыратын шағын бизнес субъектісі үшін - тоқсан, салық кезеңі болып табылады.

6. Арнаулы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері кәсіпкерлік қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда табыс қызметтің барлық түрлерін жүзеге асырудың жиынтығымен айқындалады.

7. Арнаулы салық режимін қолданатын және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын шағын бизнес субъектілері үшін салық кезеңі ішінде қосылған құн салығының сомасы табысқа қосылмайды.

*Ескерту. 370-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **371-бап. Арнаулы салық режимін қолдану талаптары**

1. Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін тапсырудың төменде аталған тәртіптерінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы:

- 1) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп;
- 2) біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі;
- 3) патент негізіндегі арнаулы салық режимі;
- 4) оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.

Бұл талап базарларда (жалдау шарттары бойынша базарлар аумағындағы тұрақты үй-жайларда сауда жасайтындарды қоспағанда) тауарлар өткізетін адамдарға қолданылмайды.

2. Салықтарды есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне ауысқан кезде жалпыға бірдей белгіленген тәртіп екі жыл қолданылғаннан кейін ғана арнаулы салық режиміне қайта ауысуға болады.

3. Мыналардың:

- 1) филиалдары, өкілдіктері бар заңды тұлғалардың;
- 2) филиалдардың, өкілдіктердің;
- 3) заңды тұлғалардың еншілес ұйымдарының және тәуелді акционерлік қоғамдардың;
- 4) әртүрлі елді мекендерде өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілердің арнаулы салық режимін қолдануға құқығы жоқ.

4. Арнаулы салық режимі:

- 1) акцизделетін өнімді өндіретін;
- 2) консультациялық, қаржы, бухгалтерлік қызмет көрсететін;
- 3) мұнай өнімдерін өткізетін;
- 4) шыны ыдыстарды жинайтын және қабылдайтын;
- 5) жер қойнауын пайдаланатын;
- 6) мыналарды:

медициналық, дәрігерлік қызметті; ветеринария саласындағы қызметті: ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру мен өткізуді; ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды өткізуді; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитарлық сараптама жүргізуді; ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті;

тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газбен жабдықтау жүйелерін пайдалануды, жөндеуді және салуды;

күзет белгісі құралдарын монтаждауды, жөнге келтіруді және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

жолаушы лифтілерін монтаждауды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

дәрілік заттарды дайындауды, көтерме және бөлшек саудада сатуды;

жобалау-ізвестіру, сараптау, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификацияталатындарын қоспағанда) өндіру (шығару) жөніндегі жұмыстарды;

алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сатуды;

ақпараттандыру мен байланыс, телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызмет, жалпыреспубликалық магистральдық, халықаралық байланыс желілерін жобалау, салу саласында қызметтер көрсетуді;

жолаушыларды өзен көлігімен тасымалдауды;

жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуді;

өлшеу құралдарын жасауды және жөндеуді;

тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын;

пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдану жөніндегі қызметті;

мыналардың:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының;

мамандандырылған және арнаулы жалпы білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың;

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, оның ішінде мамандықтар бойынша негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың;

рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметін;

жеке және заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруын;

электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және таратуды, электр станцияларын, электр желілері мен шағын станцияларды жобалауды және пайдалануды;

тау-кен, мұнай-химия, химия, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау мен пайдалануды, газ, мұнай және мұнай өнімдерін сақтау объектілерін, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды;

химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық-барлау, тау-кен-шахта, металлургия, энергетика жабдықтарын, жарылыстан қорғалған электр-техникалық жабдықтарды, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ жұмыс қысымы 0,7 кг/см<sup>2</sup> -ден жоғары және жылу тасығыш температурасы 115<sup>0</sup> С болатын қазандықтарды, 0,7 кг/см<sup>2</sup> -ден жоғары қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар мен құбырларды жобалауды, жасауды, монтаждауды, жөндеуді (негізгі лицензияланатын қызмет түрінің технологиялық процесінде пайдаланылатын жабдықты жобалауды, жасауды, монтаждауды, жөндеуді қоспағанда);

астық қабылдауды, өлшеуді, кептіруді, тазартуды, сақтауды және тиеуді;

қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруды және қызмет көрсетуді;

мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау жөніндегі қызметтің барлық түрлерін;

мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын әзірлеуді, жасауды, жөндеуді және оларға сервистік қызмет көрсетуді;

мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын монтаждауды, орнатуды, оларға қызмет көрсетуді қоспағанда, лицензияланатын қызмет түрлеріне қолданылмайды.

*Ескерту. 371-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.04.15. N 45, 2007.01.12. 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## Параграф 2. Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі

### 372-бап. Жалпы ережелер

1. Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қызметі ара-тұра сипатта болатын жеке тұлғалар, сондай-ақ осы Кодекстің 369-бабының 2-тармағында айқындалған тұлғалар қолданады.
2. Салық агенттерімен жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, күнтізбелік жылда бәрін жинақтағанда тоқсан күннен аспайтын қызмет ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет деп ұғынылады.

*Ескерту. 372-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### 373-бап. Біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі

1. Қызмет түрлерінің тізбесін, біржолғы талондардың нысаны мен берілу тәртібін уәкілетті орган белгілейді .

2. Біржолғы талондардың құны кіріс алынатын объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен көлемін, сондай-ақ қызметпен шұғылдану тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, салық органы жүргізген орташа күндік хронометраждық қадағалау мен зерттеу деректері негізінде жергілікті өкілді органдардың шешімімен белгіленеді.

3. Жалдамалы еңбекті қолданбай біржолғы талон негізінде ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылмайды және жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден босатылады.

4. Біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысуды:

1) қызметі ауық-ауық сипаттағы жеке тұлғалар;

2) осы Кодекстің 369-бабының 2-тармағында айқындалған тұлғалар жүргізеді.

Нарықтағы қызметті жалдамалы қызметкер жүзеге асырған жағдайда біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысуды дара кәсіпкер немесе заңды тұлға жүргізеді, сондай-ақ оны дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атынан жалдамалы қызметкер немесе оның өкілі қызметкердің біржолғы талон алу құқығына арналған нотариалды куәландырылған сенімхатын және салық төлеуші (дара кәсіпкер немесе заңды тұлға) куәлігінің көшірмесін көрсеткен кезде жүргізуі мүмкін.

*Ескерту. 373-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## Параграф 3. Патент негізіндегі арнаулы салық режимі

### 374-бап. Жалпы ережелер

1. Патент негізіндегі арнаулы салық режимін мынадай талаптарға сай келетін:

1) жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

2) жеке кәсіпкерлік нысанындағы қызметті жүзеге асыратын;

3) патент негізінде арнаулы салық режимін қолданудың әрбір он екі ай мерзімі ішіндегі табысы 2,0 млн. теңгеден аспайтын дара кәсіпкерлер қолданады.

2. Патент негізінде арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаған ретте салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режиміне не салықты есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне өтініш негізінде ауысады.

Аталған өтініш патент негізінде арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаған кезде беріледі.

Салық органы патент негізінде арнаулы салық режимін қолданған дара кәсіпкерлерді осы тармақта көрсетілген жағдайларды белгілеу кезінде салықты есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне жоғарыда аталған өтінішсіз ауыстыруға құқылы.

3. Дара кәсіпкер патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін оны қолдана бастағанға дейін кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жердегі салық органына уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтінішті табыс етеді.

Патент дара кәсіпкерге кемінде бір ай мерзімге және он екі айдан аспайтын мерзімге беріледі.

4. Дара кәсіпкер патент алу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жері бойынша салық органына:

1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша патент алуға өтінішті ;

2) дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ;

3) бюджетке патент құнының, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына сақтандыру аударымдарының төленгенін растайтын құжаттарды;

4) дара кәсіпкер лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асырған жағдайда мұндай қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензияны табыс етеді. Бұл орайда патент лицензияның қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге беріледі.

Патент алуға өтінішті электронды түрде беретін салық төлеушілер осы тармақтың 2) - 4) тармақшаларында тізіп көрсетілген құжаттарды табыс етпейді.

Кезекті патентті алу үшін патент алуға өтініш алдыңғы патенттің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін табыс етіледі.

Дара кәсіпкер жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, ол патент алуға берген өтінішінде тасымалдау түрін (тұрақты немесе тұрақты емес тасымалдаулар) көрсетуге міндетті. Автомобильмен тасымалдаулар түрінің Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуін бақылауды автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде кәсіпкерлік қызметті уақытша тоқтата тұрған жағдайда, дара кәсіпкер қызметін жүзеге асыратын жердегі салық органына уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтінішті береді.

6. Салық органдары осы баптың 4-тармағында көрсетілген құжаттар болған кезде патент беруді бір күн ішінде жүргізеді.

7. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көрсетілмейінше, патент жарамсыз болады.

8. Патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын салық төлеуші салық органдарына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар мен жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептемелерді ұсынбайды.

*Ескерту. 374-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **375-бап. Патент негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі**

1. Патенттің құнын есептеуді жеке кәсіпкер мәлімделген кірістің 2 проценті мөлшеріндегі ставканы қолдану жолымен жүзеге асырады.

2. Патенттің құны бюджетке мынадай түрде:

1) жеке табыс салығы - патент құнының 1/2 бөлігі мөлшерінде;

2) әлеуметтік салық - Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын алып тастағаннан кейінгі патент құнының 1/2 бөлігі мөлшерінде төленуге тиіс.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең болады.

3. Жеке кәсіпкерді іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған жағдайды қоспағанда, патенттің күші жойылған мерзімге дейін кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған кезде салықтың енгізілген сомасы қайтарылуға және қайта есептеуге жатпайды.

4. Нақты табыс патент алған кезде мәлімделген табыстан асып кеткен жағдайда, салық төлеуші бес жұмыс күні ішінде асып кеткен соманы мәлімдейді және осы сомадан салық төлейді. Салық төлеушінің өтініші бойынша бұрын берілген патенттің орнына оған нақты табысы көрсетілген жаңа патент беріледі.

Нақты табыс патент алған кезде мәлімделген табыстан төмен болған жағдайда, артық төленген патенттің құны салық төлеушінің өтініші бойынша салық органы жүргізген хронометраждық зерттеуден кейін қайтарылады.

*Ескерту. 375-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **Параграф 4. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі**

#### **376-бап. Жалпы ережелер**

1. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режиміне салық кезеңі басталғанға дейін көшу үшін шағын бизнес субъектілері өз қызметін жүзеге асыратын жері бойынша салық органына уәкілетті орган белгілеген нысанда өтініш береді.

Қызметін бір елді мекен шегіндегі орналасқан бірнеше объектілерде жүзеге асырған кезде салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға өтініш беру үшін салық органын дербес анықтайды.

2. Мынадай талаптарға сай келетін шағын бизнес субъектілері:

1) жеке кәсіпкерлер үшін:

жеке кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде жиырма бес адам болса;

салық кезеңі ішінде шекті табысы 10000,0 мың теңге болса;

2) заңды тұлғалар үшін:

қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде елу адам болса;

салық кезеңі ішінде шекті табысы 25000,0 мың теңге болса, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданады.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келмеген жағдайларда немесе арнаулы салық режимінен өз еркімен шыққан кезде шағын бизнес субъектісі есепті тоқсаннан кейінгі тоқсаннан бастап өтініш негізінде салықты есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшеді.

Жеке кәсіпкер осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талаптар өзгерген жағдайда (көрсеткіштер асып кетсе) ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген кездегі заңды тұлға ретінде оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға құқылы.

4. Салықты есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібінен оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режиміне көшкен кезде әлеуметтік, корпорациялық салық немесе жеке табыс салығын төлеу және олар бойынша есептілікті тапсыру жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

*Ескерту. 376-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **377-бап. Оңайлатылған декларация негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі**

1. Салықты оңайлатылған декларация негізінде есептеуді шағын бизнес субъектісі салық салу объектісіне есепті салық кезеңіне 3 процент мөлшеріндегі ставканы қолдану арқылы дербес жүргізеді.

2. алып тасталды

3. алып тасталды

4. Егер есепті кезеңнің қорытындысы бойынша жалдамалы қызметкерлердің орташа айлық жалақысы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ең төменгі айлық жалақының кемінде жеке кәсіпкерлердің кемінде 2 еселенген, заңды тұлғалардың кемінде 2,5 еселенген мөлшеріндей болса, онда осы баптың 2 немесе 3-тармағына сәйкес салық кезеңі ішінде есептелген салық сомасы, қызметкерлердің орташа тізімдік санын негізге ала отырып, әрбір қызметкер үшін салық сомасының 1,5 проценті мөлшеріндегі сомаға азайтылу жағына қарай түзетілуге тиіс.

5. Табыстың шекті мөлшері осы Кодекстің 376-бабының 2-тармағында белгіленгеннен асып кеткен жағдайда, салық сомаларын есептеу табыстың шекті сомасынан және нақты алынған табыс сомасынан жеке-жеке жүргізіледі. Салықтың осы сомаларының арасындағы айырма осы баптың 4-тармағында көзделген түзетусіз бюджетке төленуге тиіс.

Осы баптың 4-тармағында көзделген түзетуге табыстың шекті сомасынан есептелген салық сомасы ғана жатады.

6. Шекті орташа тізімдік сан осы Кодекстің 376-бабының 2-тармағында белгіленгеннен асып кеткен жағдайда, осы баптың 4-тармағында көзделген түзету осы Кодекстің 376-бабының 2-тармағында белгіленген шекті орташа тізімдік санға ғана жүргізіледі.

7. Оңайлатылған декларация есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей, салық органына табыс етіледі.

8. Оңайлатылған декларация бойынша есептелген салықты бюджетке төлеу жеке (корпорациялық) табыс салығы және әлеуметтік салық түрінде салық есептілігі кезеңінен кейінгі айдың 25-інен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

Бұл ретте жеке (корпорациялық) табыс салығы оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының 1/2 мөлшерінде, әлеуметтік салық - Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын алып тастағаннан кейінгі оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының 1/2 бөлігі мөлшерінде төленуге тиіс.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең болады.

9. Оңайлатылған декларацияны табыс ету және салықтарды төлеу оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға өтініш берген жері бойынша салық органында жүргізіледі.

*Ескерту. 377-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **377-1-бап. Жекелеген салық түрлерін және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу ерекшеліктері және олар бойынша есептілікті табыс ету**

1. Салық төлеуші оңайлатылған декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімдерде:

1) төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есепті;

2) жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептілікті;

3) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша есепті табыс етеді.

2. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомаларын төлеу салық есептілігі кезеңінен кейінгі айдың 25-інен кешіктірілмей жүргізіледі.

3. Жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын жеке кәсіпкерлер жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша есептерді табыс етпейді.

*Ескерту. 377-1-баптан толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 65-тарау. Шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі

### 378-бап. Жалпы ережелер

1. Шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың айрықша тәртібін көздейді және акцизделетін өнімдерді өндіру, ұқсату және сату жөніндегі қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, өзі өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату және оны өткізу жөніндегі шаруа (фермер) қожалықтары қызметіне қолданылады.

2. Жеке меншік құқығымен және (немесе) жер пайдалану құқығымен (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа (фермер) қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы беріледі.

3. Шаруа (фермер) қожалықтары осы арнаулы салық режимін немесе салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін дербес таңдауға құқылы.

Арнаулы салық режимінен өз еркімен шыққан кезде шаруа (фермер) қожалығы есепті кезеңнен кейінгі салық мерзімінен бастап салықтарды есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне өтініш негізінде көшеді.

4. Шаруа (фермер) қожалықтары арнаулы салық режимін қолдану үшін осы арнаулы салық режимі қолданылған бірінші жылдың 20 ақпанынан (бірінші салық кезеңінде) кешіктірмей жер учаскесі орналасқан жердегі салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өтініш береді.

Салық төлеушінің аталған мерзімде өтініш бермеуі оның бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға келісімі деп есептеледі.

20 ақпаннан кейін құрылған шаруа (фермер) қожалықтары Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алғаннан кейін отыз жұмыс күнінен кешіктірмей жер учаскесі орналасқан жердегі салық органына арнаулы салық режимін қолдану құқығына өтініш береді.

20 ақпаннан кейін басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы жер учаскесіне құқық туындаған жағдайда шаруа (фермер) қожалығы осы жер учаскесі орналасқан жері бойынша тіркеу есебіне қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде салық органына арнайы салық режимін қолдану құқығына өтініш береді.

Осы арнайы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілер де 20 ақпаннан кейін жер учаскесіне құқық туындаған жағдайда арнайы салық режимін қолдану құқығына өтінішті салық органына осы жер учаскесі орналасқан жері бойынша тіркеу есебіне қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

5. Таңдап алынған салық салу режимі салық кезеңі ішінде өзгертуге жатпайды.

6. Күнтізбелік жыл бірыңғай жер салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.

*Ескерту. 378-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 379-бап. Арнаулы салық режимін қолдану ерекшеліктері

1. Бірыңғай жер салығын төлеу негізінде арнаулы салық режимін қолданатын шаруа (фермер) қожалықтары (бұдан әрі - бірыңғай жер салығын төлеушілер) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлерін:

1) осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметтен түскен шаруа (фермер) қожалықтарының табысынан жеке табыс салығын;

2) осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметті жүзеге асырудан түскен айналым бойынша қосылған құн салығын;

3) осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын және (немесе) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қажеттілік нормативтері шегінде салық салу объектілері бойынша көлік құралдарына салынатын салықты;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қажеттілік нормативтері шегінде салық салу объектілері бойынша мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер салық органына осы салық бойынша есепке қою туралы өз еркімен өтініш беруге құқылы.

3. Шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде бірыңғай жер салығын төлеушілер кірістер мен шығыстардың (жалақыны есептеуді қоса алғанда), мүліктің (соның ішінде көлік құралдарының) бөлек есебін жүргізуге және жалпы белгіленген тәртіппен және (немесе) шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимінде қызметтің осындай түрлері бойынша тиісті салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді, салық есептілігін тапсыру мен төлеуді жүргізуге міндетті.

Бұл тармақтың ережесі осы Кодекстің 163-бабына сәйкес төлем көзінен салық салынбайтын мүліктік табысты және басқа табыстарды алған кезде де қолданылады.

*Ескерту. 379-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **380-бап. Бірыңғай жер салығын есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Жер учаскесін бағалау құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін салық салу объектісі болып табылады.

Жер учаскесін (жер пайдалану құқығын) бағалау құнын айқындау Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскесін бағалау құнына 0,1 процент ставканы қолдану жолымен жүргізіледі.

3. Бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскесі орналасқан жер бойынша тиісті бюджетке екі мерзімде:

1) ағымдағы төлем ағымдағы салық кезеңінің 25 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді;

2) бірыңғай жер салығы бойынша түпкілікті есеп айырысу есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 25 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде (салық жөніндегі декларация есепке алына отырып) жүргізіледі.

Төлеудің бірінші мерзімінде бірыңғай жер салығын төлеушілер ағымдағы төлемді бұдан бұрынғы салық кезеңі үшін бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияда есептелген бірыңғай жер салығы жалпы сомасының 1/2 бөлігінен кем емес мөлшерде төлейді. 25 қазанға дейін құрылған бірыңғай жер салығын төлеушілер, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған салық төлеушілер - салық есептеудің базасы өзгерген кезде ағымдағы төлем төлеуді бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебімен есептелген салық сомасының кемінде 1/2 бөлігі мөлшерінде жүргізеді. 25 қазаннан кейін құрылған бірыңғай жер салығын төлеушілер есепті жылдан кейінгі жылдың 25 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде ағымдағы есепті кезең үшін төлеуге тиісті жалпы салық сомасын енгізеді.

4. Шаруа (фермер) қожалықтары жер пайдалану құқығындағы жер учаскесін иеленудің нақты кезеңі үшін бірыңғай жер салығын (салық салу объектісінің өзгеруін есепке ала отырып) есептейді және төлейді.

*Ескерту. 380-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **381-бап. Жер учаскелерін жалға берген (алған) кезде салық салу ерекшеліктері**

1. Шаруа (фермер) қожалығы жер учаскесін басқа шаруа (фермер) қожалығына жалға берген кезде тараптардың әрқайсысы осындай жер учаскесі бойынша бірыңғай жер салығын жалға беру шартында көрсетілген жер учаскесінің нақты пайдаланылу кезеңін негізге ала отырып есептейді және төлейді.

Жалға алушының пайдалану кезеңі жер учаскесін жалға алған айдан кейінгі айдан бастап белгіленеді.

Бұл орайда жер учаскесін жалға беруден алынған (алынуға тиіс) табыс бойынша шаруа (фермер) қожалығы салықты жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

2. (алып тасталды)

*Ескерту. 381-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **382-бап. Бірыңғай жер салығы бойынша салық есептілігі**

1. Бірыңғай жер салығын төлеушілер жыл сайын ағымдағы салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде жер учаскелері орналасқан жердегі салық органдарына өткен салық кезеңі үшін бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация тапсырады.

2. Бірыңғай жер салығын төлеуші осы арнаулы салық режимін қолданған бірінші жылдың 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде (бірінші салық кезеңінде) мынадай құжаттарды:

1) ағымдағы салық кезеңі үшін бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебін;

2) нотариат немесе селолық (поселкелік) атқарушы органдар куәландырған жер пайдалануға құқық беретін құжаттардың көшірмелері.

Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат актісі болмаған жағдайда бірыңғай жер салығын төлеушілер жергілікті атқарушы органның жер пайдалану құқығын беру туралы шешімін табыс етеді. Кейінгі жер пайдалану құқығына акт алған кезде салық төлеуші оны алған кезден бастап отыз күн ішінде оның нотариат немесе селолық (поселкелік) атқарушы органдар куәландырған көшірмесін салық комитетіне табыс етеді.

3) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган берген жер учаскесін (жер пайдалану құқығын) бағалау құнын анықтайтын актінің нотариат немесе селолық (поселкелік) атқарушы органдар куәландырған көшірмесін табыс етеді. Акт болмаған жағдайда жер учаскелерін бағалау құны жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган берген деректер бойынша 1 гектар жердің аудан бойынша орташа бағалау құнын негізге ала отырып анықталады;

4) әлеуметтік салық сомаларын есептеу үшін қажетті деректерді міндетті түрде көрсете отырып, қызметкерлерді алдағы салық кезеңінде жалдау туралы мәліметтер табыс етеді.

Содан кейінгі салық кезеңдерінде бірыңғай жер салығын төлеуші бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебін және жоғарыда аталған құжаттарды олардағы деректер өзгерген жағдайда ғана табыс етеді.

3. Осы арнаулы салық режимін таңдап алған жаңадан құрылған салық төлеушілер бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебі мен арнаулы салық режимін қолдану құқығына өтініш бергеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде осы баптың 2-тармағында аталған құжаттарды табыс етеді.

4. Таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде бірыңғай жер салығын төлеуші қызметті тоқтату немесе қайта ұйымдастыру туралы өтінішті салық органына бергеннен кейін он бес күн мерзімде өткен салық кезеңі үшін декларация тапсыруға міндетті.

*Ескерту. 382-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **383-бап. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу мен төлеу ерекшеліктері**

1. Бірыңғай жер салығын төлеушілер әрбір қызметкер, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалығының басшысы мен кәмелетке толған мүшелері үшін айлық есептік көрсеткіштің 20 проценттік ставкасы бойынша әлеуметтік салық сомасын ай сайын есептеп отырады. Шаруа (фермер) қожалығының кәмелетке толған мүшелерінің әлеуметтік салықты есептеу мен төлеу жөніндегі міндеттемелері олар кәмелетке толған тиісті жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың басынан бастап туындайды.

Әлеуметтік салықтың есептелген сомасы Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасына азайтылуы тиіс.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең.

Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын есептеу осы Кодекстің 153, 155, 158, 160-баптарына сәйкес жүргізіледі. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны және жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу тиісінше 451-465-баптарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Төлем көзінен ұсталатын әлеуметтік салықтың, жеке табыс салығының, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемнің және жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген сомасын төлеу бірыңғай жер салығын төлеу үшін көзделген мерзімдерде мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) ағымдағы салық кезеңінің 25 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде 1 қаңтардан 1 қазанға дейінгі кезең үшін есептелген сома төленеді;

2) есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 25 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде 1 қазаннан бастап 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін есептелген сома төленеді.

3. Төлем көзінен ұсталатын әлеуметтік салық пен жеке табыс салығын төлеу жер учаскесі орналасқан жер бойынша жүргізіледі.

*Ескерту. 383-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **384-бап. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері бойынша салық есептілігін табыс ету**

Бірыңғай жер салығын төлеушілер бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияны беру үшін белгіленген мерзімдерде:

1) алып тасталды

2) төлем көзінде ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есепті;

3) алып тасталды - 2006.01.31. N 125 Заңымен.

4) жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша және қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-кисабын табыс етеді.

5) алып тасталды - 2006.01.31. N 125 Заңымен.

*Ескерту. 384-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **66-тарау. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимі**

### **385-бап. Жалпы ережелер**

1. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимі патент негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және заңды тұлғалардың:

- 1) жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, өзі өндірген осы өнімді ұқсату және өткізу жөніндегі;
- 2) толық кезеңді (төлді өсіруден бастап) мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының (соның ішінде асыл тұқымды), ара шаруашылығының ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жөніндегі, сондай-ақ өзі өндірген осы өнімдерді ұқсату және өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

2. Мыналардың:

- 1) еншілес ұйымдары, филиалдары мен өкілдіктері бар заңды тұлғалардың;
- 2) филиалдардың, өкілдіктердің;
- 3) осы арнаулы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлғалардың аффилиирлендірілген тұлғалары болып табылатын заңды тұлғалардың ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін (бұдан әрі - арнаулы салық режимі) қолдануға құқығы жоқ.

Осы тармақтың мақсаттары үшін аффилиирленген тұлға болып шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) көрсетілген арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлға қабылдайтын шешімге, оның ішінде шартқа және (немесе) өзге мәмілеге байланысты, ықпал етуге құқығы бар заңды тұлға, сондай-ақ көрсетілген арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлғаға қатысты осындай құқығы бар тұлға танылады.

3. Арнаулы салық режимі салық төлеушілердің акцизделетін өнімді өндіру, ұқсату және өткізу жөніндегі қызметіне қолданылмайды.
4. Осы баптың 1-тармағында аталған қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар осы арнаулы салық режимін немесе салық салудың жалпы белгіленген тәртібін дербес таңдауға құқылы.

Таңдап алынған салық салу режимі салық кезеңі ішінде өзгертілмеуге тиіс.

5. Салық төлеушілер осы арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде кірістер мен шығыстардың (жалақыны есептеуді қоса алғанда), мүліктің (соның ішінде көлік құралдары мен жер учаскелерінің) есебін бөлек жүргізуге және қызметтің мұндай түрлері бойынша тиісті салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жалпы белгіленген тәртіппен және (немесе) шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимінде есептеуді және төлеуді жүргізуге міндетті.

*Ескерту. 385-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500, 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **386-бап. Салық кезеңі**

Күнгізбелік жыл патент құны есебіне енгізілген салықты және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеуге арналған салық кезеңі болып табылады.

*Ескерту. 386-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **387-бап. Патент беру тәртібі**

1. Арнаулы салық режимін қолдану үшін салық төлеуші жыл сайын 20 ақпаннан кешіктірмей жер учаскесінің орналасқан жері бойынша салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша патент алуға өтініш береді.

Салық төлеушінің көрсетілген мерзімде өтініш бермеуі оның салықты және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны жалпы белгіленген тәртіппен есептеуге және төлеуге келіскені болып есептеледі.

2. Салық төлеуші осы арнаулы салық режимін қолданудың алғашқы салық кезеңінде өтінішпен бірге жер учаскесінің орналасқан жері бойынша салық органына мынадай құжаттарды:

- 1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін;
- 2) нотариат немесе селолық (поселкелік) атқарушы органдар куәландырған жер учаскесіне құқығын растайтын құжаттардың көшірмелерін;
- 3) алып тасталды
- 4) алып тасталды
- 5) лицензиясын (қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асырған жағдайда);
- 6) жұмыс берушінің (жаңадан құрылғандарын қоспағанда) мәлімделген қызметкерлер санына табыс түрінде төлейтін шығындарын қоса алғанда, салық төлеушінің өткен бес жыл үшін жылдық жиынтық табысы мен шығындарын растау үшін қажетті есептерінің көшірмелерін табыс етеді. Бұл орайда аталған табыстары осы Кодекстің 149-бабының 2-тармағына сәйкес анықталады;
- 7) салық төлеушінің уәкілетті орган белгілеген нысан мен тәртіп бойынша толтырған патент құнының есебін табыс етеді.

Патент алуға өтінішті электронды түрде беретін салық төлеушілер осы тармақтың 1), 2), 5) және 6) тармақшаларында тізіп көрсетілген құжаттарды табыс етпейді.

3. Жоғарыда аталған құжаттардың бәрі болған жағдайда салық органы бес жұмыс күні ішінде патент береді.

Келесі салық кезеңдерінде салық төлеушілер салық органына патент алу жөнінде өтініш берген кезде, осы баптың 2-тармағының 1) -5) тармақшаларында белгіленген құжаттарды олардағы деректер өзгерген кезде ғана табыс етеді.

4. Жаңадан құрылған салық төлеушілер заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркелген кезден бастап отыз күнтізбелік күн ішінде осы арнаулы салық режимін қолдану құқығына өтініш береді.

20 ақпаннан кейін басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы жер учаскесіне құқық туындаған жағдайда салық төлеуші осы жер учаскесі орналасқан жері бойынша тіркеу есебіне қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде салық органына арнайы салық режимін қолдану құқығына өтініш береді.

Осы арнайы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілер де 20 ақпаннан кейін жер учаскесіне құқық туындаған жағдайда арнайы салық режимін қолдану құқығына өтінішті салық органына осы жер учаскесі орналасқан жері бойынша тіркеу есебіне қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

5. Патент беру әрбір салық кезеңіне жүргізіледі.

*Ескерту. 387-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **388-бап. Патент құнының есебіне енгізілген салықты және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем ақыны есептеу тәртібі**

1. Патент құнының есебіне корпорациялық табыс салығы, әлеуметтік салық (Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасына азайтылған), меншік, жерді тұрақты пайдалану немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығымен жер учаскесі болған кезде төлейтін жер салығы, уақытша өтеулі жер пайдалану учаскесі болған кезде жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлейтін ақы, мүлік салығы, көлік құралдары салығы, қосылған құн салығы (салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепте тұрған жағдайларда) енгізіледі.

2. Салық кезеңінің басында патент құнының есебіне енгізілген салық сомаларын есептеу:

1) корпорациялық табыс салығын және қосылған құн салығын белгілеу кезінде - өткен бес жыл ішіндегі шаруашылықтың табысы мен шығындарының көрсеткіштері негізінде жүргізіледі. Жаңадан құрылған салық төлеушілер табыс пен шығындар көрсеткіштерін осыған ұқсас шаруашылықтардың орташа көрсеткіштері бойынша анықтайды.

Табыстар мен шығындар көрсеткіштерін анықтау тәртібін уәкілетті орган белгілейді;

2) әлеуметтік салықты анықтау кезінде - осы Кодекстің 316-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленетін табыстар түрінде жұмыс берушінің қызметкерлерге төлейтін шығыстарына осы Кодекстің 317-бабында белгіленген ставканы қолдану арқылы жүргізіледі.

Бұл орайда жұмыс берушінің қызметкерлерге табыс түрінде төлейтін шығындары осы шаруашылық бойынша өткен жыл ішіндегі орташа жалақыны ағымдағы жылда мәлімделген қызметкер санына көбейту жолымен анықталады.

Жаңадан құрылған кәсіпорындар үшін мәлімделген орташа жалақының мөлшері Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен болмауға тиіс;

3) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлейтін ақының мүлік салығы мен көлік құралдары салығының сомасы - жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Патент құнын есептеу кезінде бюджетке төленуге тиісті және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлейтін ақы сомасы 80 процентке азайтылады.
4. Осы арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер, қосылған құн салығын қоспағанда, патент құны есебіне енгізілген салық есептілігін тапсырудан және жер учаскесін пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатылады.
5. Ағымдағы салық кезеңі ішінде салық салу объектілері және (немесе) патенттің құны есебіне енгізілген салық бойынша және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төленген ақы бойынша салық базасы өзгерген жағдайда, салық төлеушілер мұндай салық және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы сомаларына қайта есептеу жүргізеді және салық есептілігі кезеңінен кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей салық органына патент құнының өзгертілген есептемесін табыс етеді.

*Ескерту. 388-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **389-бап. Салық және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеудің тәртібі мен мерзімдері**

Патент құны есебіне енгізілген салық және жерді пайдаланғаны үшін ақы сомаларын бюджетке төлеу жер учаскелері орналасқан жерлер бойынша 20 мамырдан және 20 қазаннан кешіктірілмей, патент құны есебінде көрсетілген салық және жерді пайдаланғаны үшін ақы сомаларының тиісінше 1/6 және 1/2 мөлшерінде және патент құны есебіне енгізілген салық және жерді пайдаланғаны үшін ақы бойынша берілген қайта есептеулерді ескере отырып, патент құнының қалған бөлігі мөлшерінде келесі салық кезеңінің 20 наурызында жүргізіледі.

*Ескерту. 389-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **390-бап. Патент құны есебіне кірмеген салықтың және басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу, төлеу ерекшеліктері және олар бойынша салық есептілігін табыс ету**

1. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын есептеу осы Кодекстің 153, 155, 158, 160-баптарына сәйкес жүргізіледі. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны және жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу тиісінше 451-465-баптарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.
2. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомаларын төлеуді, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы мен жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны, бюджетпен есеп айырысуды патент негізінде жүзеге асыратын салық төлеушілер мынадай тәртіппен жүргізеді:
  - 1) ағымдағы салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі кезең үшін есептелген сомалар 25 қазаннан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді;
  - 2) 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін есептелген сомалар есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 25 наурызынан кешіктірілмей төленеді.
- 2-1. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын төлеу жер учаскелері орналасқан жерлер бойынша жүргізіледі.
3. Арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар өткен салық кезеңі үшін 20 наурыздан кешіктірілмейтін мерзімде мынадай салық есептілігін:
  - 1) жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын;
  - 2) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын табыс етеді.
4. Арнайы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есепті, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептілікті және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша есепті мынадай мерзімдерде:
  - 1) ағымдағы салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі кезең үшін есептелген сома бойынша - 20 қазаннан кешіктірілмейтін мерзімде;
  - 2) 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін есептелген сома бойынша - есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей тапсырады.
5. Осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлері бойынша патент құны есебіне енгізілмеген және осы бапта көрсетілмеген салық пен басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеу төлеу және салық есептілігін тапсыру жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

*Ескерту. 390-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 67-тарау. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимі

### 391-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы тарауда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

- 1) бильярд үстелі - торлары (жақтауларда саңылаулары) бар және оларсыз бильярд ойынына арналған арнаулы үстел;
- 2) алып тасталды
- 3) алып тасталды
- 4) ойын жолы - боулинг ойнауға арналған арнаулы жол (кегельбан);
- 5) алып тасталды
- 6) ойын автоматы - ойындар өткізу үшін пайдаланылатын арнаулы жабдық (механикалық, электрлі, электронды және өзге де техникалық жабдық);
- 7) карт - қорапсыз, дифференциалсыз және дөңгелектерінде серпінді аспа жоқ, жұмыс көлемі 250 текше сантиметрге және ең жоғары жылдамдығы сағатына 150 километрге дейін жететін екітәктілі двигательді, көлемі шағын жарыс автомобилі;
- 8) алып тасталды
- 9) алып тасталды
- 10) алып тасталды
- 11) салық салу объектілері есепке алынатын тіркеу карточкасы - салық органдарындағы нысанын уәкілетті орган бекітетін салық салу объектілерінің тіркелгенін куәландыратын құжат;
- 12) тұрақты нүкте - боулинг (кегельбан), картинг, бильярд және лотоны ұйымдастыру бойынша ақшасыз ұтыс ойын автоматтарының қызмет көрсетуімен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын орын.

*Ескерту. 391-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

### 392-бап. Жалпы ережелер

1. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимі (бұдан әрі - арнаулы салық режимі):
  - 1) алып тасталды
  - 2) ақшасыз ұтыс ойын автоматтарына;
  - 3) боулинг (кегельбан) бойынша;
  - 4) картинг бойынша;
  - 5) бильярд бойынша қызметтер көрсететін жеке кәсіпкерлердің, заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қолданылады.
  - 6) алып тасталды
2. Арнаулы салық режимі осы баптың 1-тармағында анықталған тұлғалар (бұдан әрі - салық төлеушілер) үшін:
  - 1) тіркелген жиынтық салық түрінде корпорациялық немесе жеке табыс салығын және қосылған құн салығын есептеу мен төлеудің;
  - 2) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған салық және акциз бойынша бірыңғай оңайлатылған декларация түрінде салық декларациясын тапсырудың оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Бұл тәртіп төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы мен мүліктік табыс жөніндегі жеке табыс салығы және төлем көзінен салық салынбайтын басқа да табыстар бойынша салық есептілігін есептеуге, төлеуге және оны табыс етуге қолданылмайды.
3. Корпорациялық (жеке) табыс салығы - тіркелген жиынтық салық мөлшерінің 30 процентін, қосылған құн салығы - тіркелген жиынтық салық мөлшерінің 70 процентін құрайды.
4. Салық төлеушілер тіркелген жиынтық салықты төлеумен бірге акциз төлейді, оның сомасы осы Кодекстің 255-278-баптарында белгіленген тәртіппен анықталады.
5. Осы баптың 1-тармағында аталмаған өзге де кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде салық төлеушілер мұндай қызмет түрлері бойынша кіріс пен шығыстың бөлек есебін жүргізуге және корпорациялық немесе жеке табыс салығын, қосылған құн салығын және акцизді есептеу мен төлеуді жалпы белгіленген тәртіппен жүргізуге міндетті.

6. Осы баптың 2-4-тармақтарында аталмаған салық пен басқа да міндетті төлемдер бойынша салық есептілігін есептеу, төлеу және оны табыс ету осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

7. Ойын мекемесінде (тұрақты орында) пайдаланылатын, осы Кодекстің 393-бабында аталған салық салу объектілерінің әрбір түрінің жалпы саны, объектілердің жалпы санының өзгерісі осы Кодекстің 397-бабында белгіленген тәртіппен салық органдарында міндетті тіркелуге (қайта тіркелуге) тиіс.

*Ескерту. 392-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

### **393-бап. Тіркелген жиынтық салық салу объектісі**

Мыналар тіркелген жиынтық салық салу объектісі болып табылады:

1) алып тасталды

2) ақшасыз ұтыс ойын автоматтары қызметін көрсететін салық төлеушілер үшін:

бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматты;

біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматты;

ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер;

3) боулинг (кегельбан) бойынша қызмет көрсететін салық төлеушілер үшін:

ойын жолы;

4) картинг бойынша қызмет көрсететін салық төлеушілер үшін:

карт;

5) бильярд бойынша қызмет көрсететін салық төлеушілер үшін:

бильярд үстелі;

6) алып тасталды

*Ескерту. 393-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

### **394-бап. Тіркелген жиынтық салық ставкалары**

Тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі және ең жоғары базалық ставкаларының мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Бекітілген базалық ставкалар шегінде жергілікті өкілді органдар қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілейді.

*Ескерту. 394-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.05.06. N 140 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **395-бап. Тіркелген жиынтық салықты және акцизді есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Күнтізбелік бір жылда төленуге тиісті тіркелген жиынтық салық осы Кодекстің 393-бабында белгіленген әрбір салық салу объектісіне тиісті жылдың салық ставкасын қолдану арқылы анықталады. Осы Кодекстің 396-бабында белгіленген есепті кезең үшін төленуге тиісті тіркелген жиынтық салық жыл бойынша есептелген соманы он екіге бөлу жолымен анықталады.

2. Акциз және тіркелген жиынтық салық сомасы есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей, ай сайын салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленуге тиіс.

3. Салық төлеушінің облыста (қалада) бірнеше ойын мекемелері (тұрақты нүктелері) болған кезде тіркелген жиынтық салық және акциз бір аудан (қала ауданы) шегінде орналасқан салық салу объектілері бойынша бөлек есептеледі.

4. Салық салу объектілерін салық кезеңінің 15-іне дейін пайдалануға енгізу кезінде тіркелген жиынтық салық толық салық кезеңі үшін деп есептеледі де, 15-інен кейінгісі кезеңнің жартысы үшін деп есептеледі.

Салық салу объектілері салық кезеңінің 15-іне дейін шығып кеткен кезде тіркелген жиынтық салық - салық кезеңінің жартысы үшін деп, ал 15-інен кейінгісі толық кезең үшін деп есептеледі.

### **396-бап. Салық кезеңі және салық декларациясы**

1. Күнтізбелік ай тіркелген жиынтық салықты және акцизді есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі болып табылады.

2. Салық төлеушілер тіркелген жиынтық салық және акциз бойынша бірыңғай онайлатылған декларацияны есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей, салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына табыс етуге міндетті.

### **397-бап. Тіркелген жиынтық салық салу объектілерін тіркеу (қайта тіркеу) тәртібі**

1. Тіркелген жиынтық салық салу объектілерін тіркеу (қайта тіркеу) салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органына салық төлеушінің өтініші негізінде жүргізіледі.

Салық төлеушінің бір елді мекен шегінде орналасқан бірнеше ойын мекемесі (тұрақты нүктесі) болған жағдайда салық салу объектілерін тіркеу салық төлеушінің таңдауы бойынша бір салық органында жүргізілуі мүмкін.

2. Салық органы өтініште көрсетілген деректер негізінде объектілер есепке алынған тіркеу карточкасын екі дана етіп толтырады, екі дананы да мөрмен және салық органы басшысының қолымен куәландырады.

Объектілерді есепке алуды тіркеу карточкасының біреуі салық органында қалады, екінші данасы салық төлеушіге беріледі.

Объектілер есепке алынған тіркеу карточкасы әрбір ойын мекемесіне (тұрақты нүктеге), оларда пайдаланылатын салық салу объектілері есепке алына отырып, жеке беріледі.

Ойын мекемелерінде (тұрақты нүктелерде) салық салу объектілері есепке алынған тіркеу карточкасының түпнұсқасы болуға тиіс.

3. Салық салу объектілерінің әрбір түрінің жалпы саны өзгерген жағдайда салық төлеуші салық салу объектілерін қайта тіркеу туралы салық органына өтініш беруге міндетті.

Салық салу объектілерін қайта тіркеу объектілерді есепке алуды тіркеу карточкасына тиісті өзгерістер енгізу арқылы жүргізіледі.

Осы Кодекстің 392-бабының 1-тармағында белгіленген қызмет түрлерін жүзеге асыруды тоқтатқан кезде, сондай-ақ салық салу объектілерінің жалпы саны (стационарлық нүкте) шығып қалған кезде, объектілердің есебін тіркеу карточкасы қызметті жүзеге асыру тоқтаған, салық салу объектілерінің (стационарлық нүкте) шығып қалған кезден бастап он жұмыс күні ішінде салық органына тапсырылуға тиіс.

4. Салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді тіркеуді (қайта тіркеуді) өтініш берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде салық органы жүргізеді және объектілерді есепке алуды тіркеу (қайта тіркеу) журналына белгі қояды.

5. Салық органдарында тіркелмеген салық салу объектілерінің ойын мекемесі (тұрақты нүкте) аумағында болуына тыйым салынады.

*Ескерту. 397-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 16-бөлім. Басқа да міндетті төлемдер

### 68-тарау. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін алым

*Ескерту. Тарау тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### 398-бап. Жалпы ережелер

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін алым (бұдан әрі - алым) заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін құру мен қызметін тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу, оларды қайта тіркеу, сондай-ақ олардың мемлекеттік (есептік) тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) туралы куәліктің дубликатын алуы кезінде алынады.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

*Ескерту. 398-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### 399-бап. Алым төлеушілер

Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес тіркелуге тиіс жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктер алым төлеушілер болып табылады.

*Ескерту. 399-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### 400-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы салық төлеуші ретіндегі алым төлеушінің мемлекеттік тіркеу орны бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Алымды төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл орайда алым сомасы тиісті тіркеу органы берген, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

## 69-тарау. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым

### 401-бап. Жалпы ережелер

1. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым (бұдан әрі - алым) жеке кәсіпкерлер ретінде Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде, сондай-ақ олар мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.
2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда салық органдары (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

### 402-бап. Алым төлеушілер

1. Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес тіркелуге тиіс жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.
2. Шаруа (фермер) қожалықтары, I, II және III топтағы мүгедектер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын оралмандар алым төлеушілер болып табылмайды.

### 403-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.
2. Алым сомасы тіркеу жүзеге асырылған жер бойынша бюджетке енгізіледі.
3. Алымды төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл орайда алым сомасы тиісті тіркеу органы берген, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

## 70-тарау. Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым

### 404-бап. Жалпы ережелер

1. Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым (бұдан әрі - алым) жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу) куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.
2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

### 405-бап. Алым төлеушілер

1. Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес тіркелуге тиіс, жылжымайтын мүлікпен іс-қимылды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.
2. Мыналар:
  - 1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар;
  - 2) I және II топтағы мүгедектер;
  - 3) бөлек тұрып жатқан зейнеткерлер;
  - 4) Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін - оралмандар;
  - 5) кадрларды даярлаумен және оқытумен шұғылданатын шағын кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік тіркелген кезден бастап үш жыл ішінде;
  - 6) Қазақстан Республикасының мүлкті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісіне сәйкес, жылжымайтын мүлкті жария еткен азаматтар алым төлеушілер болып табылмайды.

*Ескерту. 405-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 158 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 1 сәуірде өзінің қолданылуын тоқтатады) Заңымен.*

**406-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.
2. Алым сомасы тіркеу жүзеге асырылған жер бойынша бюджетке енгізіледі.
3. Алымды төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл орайда алым сомасы тиісті тіркеу органы берген, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

## **70-1-тарау. Жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым**

*Ескерту. 70-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**406-1-бап. Жалпы ережелер**

1. Жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым (бұдан әрі - алым) жылжымалы мүлік кепілін, кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу) куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.
2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

*Ескерту. 406-1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**406-2-бап. Алым төлеушілер**

1. Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес тіркелуге тиіс жылжымалы мүлік кепілі туралы шартты, кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасы шартын жасасқан жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

**2. Мыналар:**

- 1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар;
- 2) I және II топтағы мүгедектер;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін - оралмандар алым төлеушілер болып табылмайды.

*Ескерту. 406-2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**406-3-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.
2. Алым сомасы тіркеу жүзеге асырылатын жер бойынша бюджетке енгізіледі.
3. Алымды төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасын қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте қайтару тиісті тіркеу органы берген, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды көрсетілген тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін жүргізіледі.

## **71-тарау. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым**

**407-бап. Жалпы ережелер**

1. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым (бұдан әрі - алым) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құрылғыларды тіркеу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу) куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

*Ескерту. 407-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **408-бап. Алым төлеушілер**

1. Тіркеуші орган тіркеген кезде мүдделері көзделетін жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

2. Мемлекеттік мекемелер алым төлеушілер болмайды.

#### **409-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша тіркеуші орган есептейді.

2. Алым сомасы тіркеу жүзеге асырылғанға дейін тіркеу жүзеге асырылған жер бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Алымды төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл орайда алым сомасы тиісті тіркеу органы берген, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

## **72-тарау. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым**

*Ескерту. 72-тарауға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **410-бап. Жалпы ережелер**

1. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені) үшін алым (бұдан әрі - алым) механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді, теңіз, өзен және шағын көлемді кемелерді, азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

*Ескерту. 410-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **411-бап. Алым төлеушілер**

1. Тіркеуге жататын механикалық көлік құралдарымен тіркемелерді пайдаланатын, теңіз, өзен және шағын көлемді кемелері, азаматтық әуе кемелері бар жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісіне сәйкес, мүлікті жария еткен азаматтар алым төлеушілер болып табылмайды.

*Ескерту. 411-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 158 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 1 сәуірде өзінің қолданылуын тоқтатады), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **412-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тиісті құжаттарды тіркеуші органға бергенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы тіркеу жүзеге асырылған жер бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Алымды төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл орайда алым сомасы тиісті тіркеу органы берген, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

#### **73-тарау.**

*Ескерту. 73-тарау алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**73-1-тарау.**

*Ескерту. 73-1-тарау алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**74-тарау.**

*Ескерту. 74-тарау алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **75-тарау. Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым**

**419-бап. Жалпы ережелер**

1. Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым (бұдан әрі - алым) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу) растайтын құжаттың дубликатын берген кезде алынады.
2. Тіркеуді дәрі-дәрмек құралдарына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырады.

**420-бап. Алым төлеушілер**

Дәрі-дәрмек құралдарын тіркеуші органға тіркеуге ұсынған жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

**421-бап. Алым ставкалары**

Алым ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**422-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасы белгіленген ставкалар бойынша есептеледі және тиісті құжаттарды тіркеуші органға бергенге дейін төленеді.
  2. Алым сомасы салық төлеушінің есепке тіркелген жері бойынша бюджетке енгізіледі.
  3. Алым төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.
- Бұл орайда алым сомасы тиісті тіркеу органы берген, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

## **75-1-тарау. Туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым**

*Ескерту. 75-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

**422-1-бап. Жалпы ережелер**

1. Туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу) куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.
2. Тіркеуді зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырады.

**422-2-бап. Алымды төлеушілер**

Жеке және заңды тұлғалар алымды төлеушілер болып табылады, тіркеуші орган солардың мүддесі үшін тіркеуді жүргізеді.

#### **422-3. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.
2. Алым сомасы салық төлеушінің тіркеу есебіне алынған жері бойынша бюджетке енгізіледі.
3. Алымды төлеген тұлғалар тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл ретте қайтару аталған тұлғаның тіркеу іс-әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды табыс етпегенін растайтын, тиісті тіркеу органы берген құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін жүргізіледі.

## **76-тарау. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алым**

#### **423-бап. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүргені үшін алым (бұдан әрі - алым):

- 1) халықаралық қатынастарда жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан кетуі;
- 2) халықаралық қатынастарда жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетел автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасы аумағына келуі (кетуі), Қазақстан Республикасы аумағы бойынша транзиті;
- 3) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүруі;
- 4) концессияға берілген ақылы автомобиль жолдарын қоспағанда, отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүруі үшін өндіріп алынады.

2. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль құралдарының жүруі, егер ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүру үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көлік саласындағы уәкілетті орган берген рұқсат құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүру және рұқсат құжаттарын беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

*Ескерту. 423-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **424-бап. Алым төлеушілер**

Осы Кодекстің 419-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүруін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

#### **425-бап. Алымды есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және рұқсат құжаттарын алғанға дейін төленеді.

Қазақстан Республикасының ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарын пайдаланған кезде алым сомасы осындай автомобиль жолдарымен жүру фактісі бойынша төленеді.

2. Алым банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы бюджетке аудару жолымен не көлік саласындағы уәкілетті органның арнаулы пункттерінде қатаң есеп бланкілері негізінде қолма-қол ақшамен төленеді.

Қатаң есеп бланкілерінің нысанын және қолма-қол ақшамен енгізілген алымдар сомасын бюджетке есептеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

3. Алым сомасы рұқсат құжаттары алынған жер бойынша немесе ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарын пайдалану орны бойынша бюджетке енгізілуге тиіс.

4. Алымдардың төленген сомалары қайтарылмайды.

*Ескерту. 425-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04 N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 76-1-тарау. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алым

*Ескерту. 76-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### 425-1-бап. Жалпы ережелер

1. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алым (бұдан әрі - алым) бұқаралық ақпарат құралын есепке қойған кезде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюды куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде алынады.
2. Есепке қоюды Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

### 425-2-бап. Алымды төлеушілер

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес есепке қоюға жататын бұқаралық ақпарат құралын құрушы жеке немесе заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

### 425-3-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тиісті құжаттарды уәкілетті органға бергенге дейін төленеді.
2. Алым сомасы төлеушінің тіркеу есебіне алынған жері бойынша бюджетке енгізіледі.
3. Алымды төлеген тұлғалар уәкілетті органға тиісті құжаттарды бергенге дейін бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомалары қайтарылмайды.

Бұл ретте қайтару аталған тұлғаның бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюды жүзеге асыруға арналған құжаттарды табыс етпегенін растайтын, уәкілетті орган берген құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін жүргізіледі.

## 77-тарау. Аукциондардан алынатын алым

### 426-бап. Жалпы ережелер

Аукциондардан алынатын алым (бұдан әрі - алым) аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сату кезінде алынады.

### 427-бап. Алым төлеушілер

Аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сатуға шығаратын жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

### 428-бап. Салық салу объектісі

1. Мүлікті (мүліктік құқықтарды) сатудың аукцион өткізу нәтижелері бойынша белгіленген құны алым алу объектісі болып табылады.
2. Сатылатын мүлік (мүліктік құқықтар) құнына:
  - 1) мемлекеттік мүлік объектілерін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын уәкілетті орган, оның аумақтық органдары өткізетін аукциондардан;
  - 2) мемлекет пайдасына атқарушы құжаттарды мәжбүрлеп орындату бойынша атқарушы іс жүргізу органдары өткізетін аукциондардан;
  - 3) мыналарды:
    - салық органдары иелік етуді шектеген мүлікті;
    - салық міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында кепілге салынған мүлікті;
    - соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп шығарылған жарияланған акцияларды орналастыруды сату бөлігінде мамандандырылған ашық аукциондардан;
  - 4) мыналарды:
    - соттардың атқарушы құжаттарының негізінде мемлекет кірісіне тәркіленген мүлікті;
    - белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған мүлікті;

- белгіленген тәртіппен мемлекетке өткен мүлікті сату жөніндегі аукциондардан;
- 5) банкрот кәсіпорындардың конкурстық массасын сату жөніндегі аукциондардан;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын қор биржасындағы сауда-саттықта;
- 7) бағалы қағаздарды сату бойынша аукциондардан алым алынбайды.

*Ескерту. 428-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **429-бап. Алым ставкалары**

Алым ставкасы аукцион өткізу нәтижелері бойынша белгіленген мүлікті (мүліктік құқықтарды) сату құнының 3 проценті мөлшерінде белгіленеді.

#### **430-бап. Алымды есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Төлеушілер алым сомасын салық салу объектісіне ставка қолдану арқылы дербес есептейді.
2. Атқарушы құжаттар арқылы атқарушы іс жүргізу органдары өткізетін аукциондар бойынша алым сомасын есептеу кезінде бюджетке есептелетін атқару санкциясының сомасына қарай салық салынатын объектіге түзету жүргізіледі.
3. Алым төлеу аукциондар (аукцион) өткізілген есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.
4. Сот аукцион заттарын сатып алу-сату мәмілелері жарамсыз деп таныған жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомалары қайтарылуға жатпайды.

*Ескерту. 430-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **431-бап. Салық декларациясы**

1. Алым төлеушілер аукциондар (аукцион) өткізілген есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей, салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен жердегі салық органдарына алым жөніндегі декларацияны табыс етеді.
2. Аукцион ұйымдастырушылар тоқсан ішінде өткізілген аукциондар бойынша тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-не дейінгі мерзімде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ақпаратты салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етуге міндетті.

*Ескерту. 430-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **78-тарау.**

*Ескерту. 78-тарау алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **79-тарау. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым**

#### **438-бап. Жалпы ережелер**

1. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (бұдан әрі - алым) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға тиісті белгілі бір қызмет түрімен айналысуға лицензия (лицензияның дубликатын) беру (қайта ресімдеу) және осы тарауда көзделген өзге де жағдайларда алынады.
2. Лицензия беруді Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.

*Ескерту. 438-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

#### **439-бап. Алым төлеушілер**

Лицензия алатын жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

**440-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасы, осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі.

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия алатын (алған) төлеушілер үшін лицензиялық алымның мөлшері:

- 1) казино мен ойын автоматтары залы үшін - жылына 3 845 айлық есептік көрсеткішті;
- 2) тотализатор мен букмекер кеңсесі үшін - жылына 640 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

2. Алым сомасы лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін алым төлеушінің салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркелген жері бойынша бюджетке енгізіледі.

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия алған төлеушілер алым сомасын жыл сайын ағымдағы жылдың 20 қаңтарына дейін төлейді.

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асырудың бірінші жылында лицензия алатын төлеушілер алым сомасын лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін төлейді.

3. Алым төлеген тұлғалар лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін лицензия алудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл орайда төленген алым сомасы тиісті лицензиар берген, лицензия алуға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

*Ескерту. 440-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен.*

## **80-тарау. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым**

**441-бап. Жалпы ережелер**

1. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым (бұдан әрі - алым) байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат (рұқсат дубликаты) (бұдан әрі - рұқсат) берген кезде алынады.

Осы тараудың ережелері бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып байланыс саласындағы уәкілетті орган берген лицензия негізінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына қолданылады.

2. Рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Радиожилік спектрінің белдеулерін (номиналдарын) бөлу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес конкурстық негізде жүргізілуі мүмкін.

Радиожилік спектрінің белдеулерін (номиналдарын) конкурс өткізу арқылы бөлу кезінде алынатын бір жолғы сомалар осы тарауға сәйкес төленуге тиісті алымның есебіне жатқызылмайды.

4. Байланыс саласындағы уәкілетті орган тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей, салық төлеушіні есепке алып, тіркеген жер бойынша салық органына уәкілетті орган белгілеген нысанда ақпарат табыс етеді.

**442-бап. Алым төлеушілер**

Осы Кодекстің 441-бабының 1-тармағында аталған телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдары алым төлеушілер болып табылады.

Өздеріне жүктелген негізгі функционалдық міндеттерін орындау үшін радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат алған мемлекеттік мекемелер алым төлеушілер болып табылмайды.

**443-бап. Алым ставкалары**

Алым ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**444-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі**

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және байланыс саласындағы уәкілетті органнан рұқсат алғанға дейін бюджетке төленеді.

2. Алым сомасы салық төлеушіні есепке алып, тіркеген жер бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Алым төлеген тұлғалар байланыс саласындағы уәкілетті органға тиісті құжаттарды бергенге дейін, рұқсат алудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомасы қайтарылмайды.

Бұл орайда алым сомасы тиісті уәкілетті орган берген, рұқсат алуға арналған құжаттарды аталған тұлғаның табыс етпегенін растайтын құжатты салық төлеуші табыс еткеннен кейін қайтарылады.

## 81-тарау. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы

### 445-бап. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттің жер учаскелерін өтемін төлеп (жалға) уақытша жер пайдалануға бергені үшін жер учаскелерін пайдалану төлемақысы (бұдан әрі - төлемақы) алынады.
2. Жер учаскелерін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға беру тәртібі Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленеді.
3. Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар, ал арнайы экономикалық аймақтар аумағында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мәліметтер табыс етеді.

*Ескерту. 445-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.06. N 275 Заңдарымен.*

### 446-бап. Төлеушілер

Жер учаскесін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

### 447-бап. Төлемақы ставкалары

Төлемақы ставкалары Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес белгіленеді. Бұл орайда, осы Кодекстің 338-бабының 2,4-тармақтарында көзделген ережелерді есептемегенде, төлемақы ставкалары жер салығы ставкаларының мөлшерінен кем белгіленбейді.

*Ескерту. 447-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 448-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы сомасы жергілікті атқарушы органмен, ал арнайы экономикалық аймақтар аумағында жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен жасаған өтемін төлеп уақытша жер пайдалану шартының негізінде есептеледі.

Төлемақының жыл сайынғы сомалары жергілікті атқарушы органдар, ал арнайы экономикалық аймақтар аумағында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері жасаған есеп-қисаптарда белгіленеді.

Шарт талаптары, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген жер салығын есептеудің тәртібі өзгерген жағдайларда жергілікті атқарушы орган, ал арнайы экономикалық аймақтар аумағында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері төлемақы сомаларының есеп-қисаптарын қайта қарайды.

2. Салық кезеңінде төленуге тиіс төлемақы мөлшері есеп-қисаптарда көрсетілген төлемақы ставкаларына және жер учаскесін салық кезеңінде пайдалану кезеңіне қарай белгіленеді.

3. Төлемақы мөлшері осы Кодекске сәйкес осы жер учаскесі бойынша есептелген жер салығының сомасынан кем болмайтындай мөлшерде белгіленеді.

3-1. Инвестициялық салық преференцияларын алуға уәкілетті органмен келісімшарт жасасқан концессионер осы Кодекстің 139-бабында айқындалған инвестициялық салық преференциялары қолданыла бастаған кезден бастап бес жыл ішінде есептелген төлем сомасын жүз процентке кемітеді.

4. Осы баптың 4-1 және 4-2-тармақтарында аталғандарды қоспағанда, төлемақы төлеушілер төлемақының ағымдағы сомаларын ағымдағы жылдың 20 ақпанынан, 20 мамырынан, 20 тамызынан және 20 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде тең үлестермен бюджетке төлейді.

4-1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер төлем сомаларын осы Кодекстің 389-бабында белгіленген тәртіппен төлейді.

4-2. Дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалар төлем сомаларын салықтың есептілік кезеңінің 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде төлейді.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген төлеушілер үшін төлеудің белгіленген мерзімдерінен кейін өтемі төленетін уақытша жер пайдалануға мемлекет жер учаскелерін берген жағдайларда, төлеудің келесі (кезекті) мерзімі төлемақыны бюджетке енгізудің алғашқы мерзімі болып табылады.

5-1. Осы баптың 4-2-тармағында айқындалған төлеушілер жер учаскесін осы Кодекстің 450-бабының 2-1-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, төлемді уақытша өтеулі жер учаскесін пайдалануға алған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмейтін мерзімде төлейді.

6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген төлеушілер үшін мемлекет өтемін төлеп уақытша ақы төлеп жер пайдалануға жер учаскелерін төлемнің соңғы мерзімінен кейін берген жағдайларда, жер учаскесі берілген айдан кейінгі айдың 20-күні бюджетке төлем төлеу мерзімі деп есептеледі.

7. Өтемін төлеп уақытша жер пайдалану шартының мерзімі біткен немесе салық кезеңі басталғаннан кейін ол бұзылған жағдайда, қалған мерзім үшін бюджетке енгізілуге тиіс төлемақы сомасы, шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап он бес күннен кешіктірілмей төленеді.

8. Төлемақы сомасы жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша бюджетке енгізілуге тиіс.

9. алып тасталды

*Ескерту. 448-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.29 N 512 , 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.06 N 275 , 2008.07.05 N 66-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **449-бап. Салық кезеңі**

Жер учаскелерін пайдалану төлемінің сомаларын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес белгіленеді.

#### **450-бап. Салық есептілігі**

1. Арнайы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, ақы төлеушілер, жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына ағымдағы төлемдер сомасының есебін табыс етеді.

2. Төлеушілер ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын есепті салық кезеңінің 20 ақпанынан кешіктірмей табыс етеді.

2-1. Салық кезеңі басталғаннан кейін өтемін төлеп уақытша жер пайдалану туралы шарт жасасқан тұлғалар шарт жасалғаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын табыс етеді.

3. алып тасталды

4. Бірінші салық кезеңінде ағымдағы төлемдер сомасының есебімен бірге жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен жасалған өтемін төлеп уақытша жер пайдалану туралы шарттың нотариат арқылы куәландырылған көшірмесі табыс етіледі.

Одан кейінгі кезеңдерде шарттың нотариат куәландырылған көшірмесі төлем сомалары немесе шарттың талаптары өзгерген кезде ғана табыс етіледі.

Осы тармақтың ережелері төлеушілерге - дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғаларға қолданылмайды.

5. Уақытша жер пайдалану туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған немесе салық кезеңі басталғаннан кейін жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен оны бұзған кезде шарттың қолданылу мерзімі аяқталған (бұзылған) күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей ағымдағы төлемдер сомаларының есебі табыс етіледі.

*Ескерту. 450-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.12.29. N 512 , 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.06. N 275 Заңдарымен.*

## **82-тарау. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы**

#### **451-бап. Жалпы ережелер**

1. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) жер үсті көздерінен суды ала отырып немесе оны алмай, арнаулы су пайдаланудың барлық түрлері үшін алынады.

2. Арнаулы су пайдалану су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсат беру құжаты негізінде жүзеге асырылады.

Су пайдаланудың арнаулы түрлері Қазақстан Республикасының су заңдарымен белгіленеді.

3. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өңірлік уәкілетті органдар есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 1-інен кешіктірмей уәкілетті органның облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық салық бөлімшелеріне уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мәліметтер береді.

*Ескерту. 451-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **452-бап. Төлеушілер**

Құрылыстарды, техникалық құралдарды немесе құрылғыларды қолдана отырып, жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануды жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар төлемақыны төлеушілер болып табылады.

#### **453-бап. Салық салу объектілері**

1. Төлемақы салынатын объектілер:

1) мыналарды:

ағынды бассейнаралық бұруды жүзеге асыратын каналдарда және ағынды реттеуді жүзеге асыратын ернеуден тыс су қоймаларында сүзуге және булануға кететін, су шаруашылығы жүйелерінің жобалық деректері негізінде су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган растаған су шығындарын;

су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен бекіткен табиғат қорғау және (немесе) санитарлық-эпидемиологиялық су ағызу көлемін;

су тасқынын, су басуды және су астында қалуды болғызбау мақсатында жүзеге асырылатын, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган растаған суару жүйелеріне мәжбүрлі су жинау көлемін қоспағанда, жер үсті су көзінен алынған судың көлемі;

2) өндірілген электр энергиясының көлемі;

3) су көлігімен тасымалдау көлемі;

4) балық аулау көлемі және су пайдаланудың басқа да көлемдері болып табылады.

2. Су ресурстарын жекелеген азаматтарға бекітіп бермей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстарды немесе техникалық құрылғыларды қолданбай жүзеге асырылатын кеме тіркемесінсіз ағашты ағызуға, рекреацияға, жер қазатын техниканы қолдануға, батпақты құрғатуға, жалпы су пайдалануға төлемақы қолданылмайды.

*Ескерту. 453-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **454-бап. Төлемақы ставкалары**

1. Төлемақы ставкаларын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілейді.

2. Су жинаудың нақты көлемі су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген лимиттен асып кеткен жағдайда, осы баптың 1-тармағында белгіленген төлемақы ставкалары осындай асып кеткен бөлігінде үш есе ұлғайтылады.

3. Су объектілерін тиісті рұқсат беру құжатынсыз пайдаланған кезде осы баптың 1-тармағында белгіленген төлемақы ставкалары бес есе ұлғайтылады.

*Ескерту. 454-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **455-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Төлем сомасын су пайдаланудың нақты көлемі мен белгіленген ставкаларды негізге ала отырып төлеуші дербес айқындайды.

2. Төлеушілер (шаруа (фермер) қожалықтарына және ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын салық төлеушілерден басқа) нақты пайдаланылған су көлемі үшін ағымдағы төлем сомаларын есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей ай сайын бюджетке енгізуге міндетті.

3. алып тасталды

4. Төлем рұқсат құжаттарында аталған арнаулы су пайдаланылатын жер бойынша бюджетке төленеді.

5. алып тасталды

*Ескерту. 455-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **456-бап. Салық төлеушілердің жекелеген санаттарының төлемақыны есептеу мен төлеу ерекшеліктері**

1. Шаруа (фермер) қожалықтары және ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын салық төлеушілер төлем сомаларын төлеуді мына тәртіппен жүргізеді:

1) ағымдағы салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі кезеңге есептелген ағымдағы төлемдер сомасы ағымдағы салық кезеңінің 25 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді;

2) 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге есептелген сома есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 25 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.

2. Өнеркәсіп орындары өндірістік қажеттер үшін су шаруашылығы жүйелерінен алатын суға, ол тікелей су шаруашылығы жүйелерінен, басқа өнеркәсіп орындарынан немесе тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету ұйымдарынан келетініне қарамастан, төлемақы төлейді.

3. Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары өнеркәсіп орындарына берілетін судың көлемін шегере отырып, жер үсті көздерінен алынатын су үшін бюджетке төлемақы төлейді.

4. Жеке және заңды тұлғалар суды қысыммен ағызатын және суды реттейтін құрылыстары бар су көздерінде жүк тасымалы үшін төлемақы төлейді.

5. Жылу энергетикасы кәсіпорындары тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қажеттер үшін жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын су үшін төлемақы мөлшерін тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары үшін көзделген ставкалар бойынша белгілейді.

6. Агрегаттарды суыту (суды қайталап тұтыну) үшін технологиялық қажеттерге суды жинау лимиті шегінде су алатын жылу энергетикасы кәсіпорындары төлемақы мөлшерін тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары үшін көзделген ставкалар бойынша белгілейді. Суды қайтарусыз тұтыну төлемақысының мөлшері өнеркәсіп орындары үшін белгіленген ставкалар бойынша айқындалады.

*Ескерту. 456-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **457-бап. Салық кезеңі**

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін бюджетке төлемді есептеу және енгізу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес белгіленеді.

#### **458-бап. Салық есептілігі**

1. Төлемақы төлеушілер арнаулы су пайдалану орны бойынша салық органдарына ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын табыс етеді.

2. Төлемақы төлеушілер ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын, осы баптың 4-тармағында аталған төлемдерді қоспағанда, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

3. алып тасталды

4. Шаруа (фермер) қожалықтарына және ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

5. Ағымдағы төлемдер сомасының есебі салық органына табыс етілгенге дейін су қорын пайдалану және қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті органда куәландырылады.

*Ескерту. 458-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **83-тарау. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы**

#### **459-бап. Жалпы ережелер**

1. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) қоршаған ортаға эмиссия үшін арнайы табиғат пайдалану тәртібімен алынады.

2. Арнайы табиғат пайдалану қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін экологиялық рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

3. Экологиялық рұқсатта белгіленген тәртіппен ресімделмеген қоршаған ортаға эмиссиялар, жылжымалы көздерден шығатын ла-стағыш заттар шығарындыларын қоспағанда, қоршаған ортаға белгіленген эмиссиялар нормативтерінен тыс қоршаған ортаға эмис-сиялар ретінде қарастырылады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші ай-дың 1-нен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мәліметтер береді.

*Ескерту. 459-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.09. N 213 Заңымен.*

#### **460-бап. Төлеушілер**

Арнайы табиғат пайдалану тәртібімен Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға-лар төлемақы төлеушілер болып табылады.

#### **461-бап. Салық салу объектісі**

Салық салу объектісі қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері шегіндегі және (немесе) қоршаған ортаға одан ар-тық эмиссиялардың нақты көлемі болып табылады.

*Ескерту. 461-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.09. N 213 Заңымен.*

#### **462-бап. Төлемақы ставкалары**

Төлемақы ставкаларын базалық ставкалардан кем болмайтындай және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен шекті ставка-дан жоғары болмайтындай етіп облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары жыл сайын белгілеп отырады.

қоршаған ортаға белгіленген лимиттерден тыс эмиссия үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімімен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары бекіткен төлемақы ставкалары он есе ұлғайтылады.

*Ескерту. 462-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.09. N 213 Заңдарымен.*

#### **463-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Төлемақы сомасын салық төлеушілер қоршаған ортаға эмиссияның және белгіленген ставкалардың нақты көлемін негізге ала отырып дербес есептейді.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті органдарға шағын көлемді төлемдер төлейтін ұйымдар үшін (жылдық жиынтық көлемде 100 есептік көрсеткішке дейінгі) төлемақыларды қоршаған ортаға эмиссиялауға лимитті сатып алу нысанында жеткізуіне рұқсат етіледі. Лимитті сатып алу рұқсат ету құжаты салықтың есептілік кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде ресімделген жағдайда есепті жыл үшін алдын ала толық төлеу арқылы жүргізіледі.

2-1. Рұқсат ету құжатын осы Кодекстің 465-бабының 2-1-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған кезде лимитті сатып алу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсат ету құжатын алған айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірілмей-тін мерзімде жүргізіледі.

3. Уәкілетті орган оларды мемлекеттік тіркеуден өткізген жер бойынша бюджетке төлемақы енгізілетін ластанудың жылжымалы көздерін қоспағанда, бюджетке төлемақы енгізу қоршаған ортаға эмиссия көзінің (объектісінің) рұқсат құжатта аталған орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

4. Төлеушілер қоршаған ортаға эмиссияның нақты көлемі үшін төленетін төлемақының ағымдағы сомаларын, осы баптың 2 және 6-тармақтарында аталған салық төлеушілерді қоспағанда, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей төлейді.

5. алып тасталды

6. Шаруа (фермер) қожалықтарына және ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілердің төлемақы сомаларын төлеуі мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) ағымдағы салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі кезең үшін есептелген ағымдағы төлем сомасы ағымдағы салық кезеңінің 25 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді;

2) 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін есептелген сомалар есепті кезеңнен кейінгі салық кезеңінің 25 наурызынан кешік-тірілмейтін мерзімде төленеді.

7. алып тасталды

*Ескерту. 463-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358, 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **464-бап. Салық кезеңі**

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны бюджетке есептеу мен енгізу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес айкындалады.

#### 465-бап. Салық есептілігі

1. Төлемақы төлеушілер, ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын уәкілетті орган мемлекеттік тіркеуден өткізген жері бойынша есеп-қисабы табыс етілетін жылжымалы ластау көздерін қоспағанда, ластау объектісі орналасқан жердегі салық органдарына табыс етеді.
2. Ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабы төлем төлеушілер, осы баптың 2-1 және 4-тармақтарында аталғандарды қоспағанда, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.
- 2-1. Төлемақы көлемі аз (жылдық жиынтық көлемде алғанда 100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі) ұйымдар ағымдағы төлем сомаларының есебін салықтың есептілік кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде табыс етеді.
- 2-2. Рұқсат ету құжаты осы баптың 2-1-тармағында белгіленген мерзімнен кейін рәсімделген жағдайда, аталған төлеушілер ағымдағы төлем сомаларының есебін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсат ету құжатын алған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.
3. алып тасталды
4. Шаруа (фермер) қожалықтарына және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.
5. Декларация салық органына табыс етілгенге дейін рұқсат ету құжатын беретін ортада куәландырылады.

*Ескерту. 465-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 84-тарау. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы

#### 466-бап. Жалпы ережелер

1. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) табиғи еркін жағдайда мекендейтін жануарларды табиғи ортадан айырғаны үшін алынады.
2. Жануарларды ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарда ен салу, сақина салу, көшіру, жерсіндіру мен будандастыру мақсаттары үшін ұстап алып, кейіннен табиғи ортаға жіберген кезде төлемақы алынбайды.
3. Жануарлар дүниесінің мынадай санаттары:  
аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлері;  
балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері;  
сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлері;  
өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын жануарлар түрлері (аңшылықтан және балық аулаудан басқа) үшін төлемақы белгіленеді.
4. Аңшылық және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің санаттары үшін төлемақы осы хайуанаттардың бағалы түрлеріне ғана белгіленеді.  
Аңшылық және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.
5. Жануарлар дүниесін пайдалану жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.
6. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін пайдалану үшін төлемді әрбір жекелеген жағдайда осы жануарларды табиғи ортадан аулауға рұқсат беру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.  
Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.
7. Жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей уәкілетті органның облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық салық бөлімшелеріне уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мәліметтер табыс етеді.

*Ескерту. 466-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### 467-бап. Төлеушілер

Жануарлар дүниесін пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

#### **468-бап. Төлемақы ставкалары**

Төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **469-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Төлемақы сомасы ставкалар мен жануарлардың саны (су жануарларының жеке түрлері үшін салмағы) негізге алына отырып белгіленеді.
2. Бюджетке төлемақы сомаларын төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар арқылы аудару не жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде ақшаны қолма-қол төлеу арқылы жүргізіледі.
3. Жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері төлемақы сомасын қабылдауды қатаң есеп бланкілері негізінде қолма-қол ақшамен жүзеге асырады.  
Қатаң есеп бланкілерінің нысанын және қолма-қол ақшамен енгізілген төлемақы сомаларын бюджетке енгізу тәртібін уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.
4. Төлеушілер төлемақы сомасын белгіленген ставкалар бойынша дербес есептейді және жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінен рұқсат алғанға дейін төлейді.
5. Бюджетке төлемақы енгізу жануарлар дүниесін пайдалану орны бойынша жүргізіледі.
6. Төлемақының төленген сомалары қайтарылмауға тиіс.

## **85-тарау. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы**

#### **470-бап. Жалпы ережелер**

1. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) орманды пайдаланудың мынадай түрлері:
  - 1) ағаш дайындағаны;
  - 2) шайыр және ағаш шырындарын дайындағаны;
  - 3) екінші дәрежелі ағаш ресурстарын (қабықтарды, бұтақтарды, томарларды, тамырларды, жапырақтарды, ағаш бүршіктері мен бұталарды) дайындағаны;
  - 4) орманды жанама пайдаланғаны (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарталар орналастыру, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, шипалы өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман төсеніштері мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау және жинау);
  - 5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсатында, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттарында пайдаланғаны;
  - 6) мемлекеттік орман қоры учаскелерін аң шаруашылығы қажеттері үшін пайдаланғаны;
  - 7) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдаланғаны үшін алынады.
2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының орман заңдарында белгіленген тәртіппен берілген ағаш кесуге рұқсат билеті мен орман пайдалануға орман билетінің негізінде беріледі.
3. Бюджетке төлемақы сомаларын төлеу орман пайдалану орыны бойынша банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар арқылы аудару не қатаң есептілік бланкілері негізінде тиісті органда ақшаны қолма-қол төлеу арқылы жүргізіледі.  
Қатаң есептілік бланкілерінің нысанын және қолма-қол ақшамен енгізілген төлемақы сомаларын бюджетке есептеу тәртібін уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.
4. Мемлекеттік орман иеленушілер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 1-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мәліметтер береді.

*Ескерту. 470-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **471-бап. Төлеушілер**

1. Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген тәртіппен орман пайдалануды жүзеге асыру құқығын алған жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - орман пайдаланушылар) төлемақы төлеушілер болып табылады.

**2. Мыналар:**

1) мемлекеттік орман иелері - ағашты түбірімен жөнелткені үшін аралық пайдалануда ағаш кесуді және басқа да кесулерді жүзеге асыру кезінде;

1-1) жекеше орман қоры учаскелері меншігінде болатын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

2) орман пайдаланушылар - ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жүзеге асыратын ағаш ресурстарын, шайырды, қосымша орман материалдарын алу кезінде төлемақы төлеушілер болып табылмайды. Бұл орайда, алынған өнім, оның ғылыми зерттеулерді орындау үшін қажетті бөлігін қоспағанда, орман қоры учаскелері иелерінің меншігі болып табылады. Оның тізбесі мен көлемі зерттеулердің бағдарламаларын және әдістемелерін негізге ала отырып белгіленеді және орман шаруашылығы басқармасының аумақтық органдарымен жасалған келісімде немесе шартта көрсетіледі.

*Ескерту. 471-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**472-бап. Салық салу объектісі**

Пайдалануға берілетін орман пайдаланудың көлемі және (немесе) орман қоры учаскелерінің аумағы төлемақы салу объектісі болып табылады.

*Ескерту. 472-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**473-бап. Төлемақы ставкалары**

1. Осы баптың 2-тармағында аталғандарды қоспағанда, төлемақы ставкаларын орман шаруашылығын басқару жөніндегі уәкілетті орган жасаған есеп-қисаптар негізінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілейді.

2. Тамырымен жіберілетін ағаш төлемақысы жөніндегі базалық ставкаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Бұл орайда облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының ставкалар мөлшерін екі есеге дейін арттыруға құқығы болады.

*Ескерту. 473-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**474-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Төлемақыны есептеу тәртібін және бюджетке енгізу мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде ормандардың қурауы немесе құрып кетуі қатері төнген кезде орман ресурстарын пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдауын қоспағанда, төленген соманы қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте төлеуші орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган берген ағаш кесуге рұқсат билетін, орман пайдалануға орман билетін пайдаланбағанын растайтын құжатты бергеннен кейін қайтару жүргізіледі.

*Ескерту. 474-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **86-тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы**

**475-бап. Жалпы ережелер**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын ғылыми, мәдени-ағарту, оқыту, туристік, декреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланғаны үшін алынады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ әкімшілігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мәліметтер береді.

**476-бап. Төлеушілер**

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар төлеушілер болып табылады.

**477-бап. Төлемақы ставкалары**

1. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.
2. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілейді.

*Ескерту. 477-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**478-бап. Төлемақы төлеу тәртібі және мерзімдері**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орналасқан жері бойынша бюджетке төлемақы сомаларын төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын мекемелер арқылы аудару не ерекше қорғалатын табиғи аумақтар әкімшіліктері белгілеген бақылау-өткізу пункттерінде не өзге де арнайы жабдықталған орындарда қатаң есептілік бланкілері негізінде ақшаны қолма-қол төлеу арқылы жүргізіледі.

Қатаң есептілік бланкілерінің нысанын және қолма-қол ақшамен енгізілген төлемақы сомаларының бюджетке енгізілу тәртібін уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

2. Қолдарында төлем төлегенін растайтын құжаттар болған кезде ғана ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды төлемақы төлеушілердің пайдалануына жол беріледі.
3. Төленген төлемақы сомалары қайтарылмайды.

## 87-тарау. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы

**479-бап. Жалпы ережелер**

1. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) байланыс саласындағы уәкілетті орган бөлген радиожиілік спектрінің номиналдары (белдеулері, диапазондары) (бұдан әрі - радиожиілік спектрінің номиналдары) үшін алынады.
2. Радиожиілік спектрін пайдалану құқығы байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берген рұқсат құжаттармен куәландырылады.
3. Радиожиілік спектрінің номиналдарын бөлу конкурстық негізде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізілуі мүмкін. Бұл орайда, конкурс қорытындылары бойынша жеңімпаз Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде мемлекеттік бюджетке бір жолғы төлемақы енгізеді.
4. Бюджетке төленуге тиіс бір жолғы төлемақы сомасы осы баптың 3-тармағына сәйкес төлем есебіне есептелмейді.

**480-бап. Төлеушілер**

1. Заң актісінде белгіленген тәртіппен радиожиілік спектрін пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.
2. Мыналар:
  - 1) өздеріне жүктелген негізгі функционалдық міндеттерін орындау кезінде радиожиілік спектрін пайдаланатын мемлекеттік мекемелер;
  - 2) осы Кодекстің 442-бабында аталған салық төлеушілер;
  - 3) радио әуесқойлық қызметтің радиожиілік спектрінің номиналдарын пайдаланатын жеке тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

*Ескерту. 480-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

**481-бап. Төлемақы ставкалары**

Жылдық төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**482-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Төлемақыны есептеуді байланыс саласындағы уәкілетті орган рұқсат құжаттарында көрсетілген техникалық параметрлерге сәйкес, радио байланысының түрі мен радиожиілік спектрін пайдалану аумағына қарай, жылдық ставкалар негізінде жүргізеді.
2. Есепті салық кезеңіндегі радиожиілік спектрін пайдалану кезеңі бір жылдан кем болған жағдайда төлемақы сомасы жыл бойына есептелген төлем сомасын он екіге бөліп, оны радиожиілік спектрі пайдаланылған айлардың санына көбейту арқылы анықталады.

3. Байланыс саласындағы уәкілетті органдар төлемақының жылдық сомасын көрсетіп хабарлама жазады және оны төлеушілерге ағымдағы есепті кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.
  4. Радиожилілік спектрін пайдалану құқығын куәландыратын рұқсат құжатын осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, байланыс саласындағы уәкілетті орган салық төлеушіге төлемақы сомасын көрсете отырып, салық төлеуші радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей хабарлама жібереді.
  5. Жылдық төлемақы сомасы салық төлеушінің тіркеу есебінде тұрған жері бойынша бюджетке ағымдағы жылдың 20 наурызынан, 20 маусымынан, 20 қыркүйегінен және 20 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімдерде тең үлеспен төленеді.
  6. Радиожилілік спектрін пайдалану құқығын куәландыратын рұқсат құжатын осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, рұқсат құжатын алған күннен кейінгі кезекті мерзім алғашқы төлеу мерзімі болып табылады.
7. (алып тасталды)
8. алып тасталды

*Ескерту. 482-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **483-бап. Салық кезеңі**

Төлемақы бойынша салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес белгіленеді.

#### **484-бап. Салық есептілігі**

1. Төлемақы төлеушілер жыл сайын өзі тіркеу есебінде тұрған жердегі салық органдарына ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын табыс етеді.
  2. Ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабы есепті салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде табыс етіледі.
- Радиожилілік спектрін пайдалану құқығын осы Кодекстің 482-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, салық төлеуші ағымдағы төлемдер сомасының есебін байланыс саласындағы уәкілетті органның жазып беретін хабарламасын алған айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей табыс етеді.
3. алып тасталды

*Ескерту. 484-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **87-1-тарау. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы**

*Ескерту. 87-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 568 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен. Ескерту. 87-1-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **484-1-бап. Жалпы ережелер**

1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы):
  - 1) қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын;
  - 2) ұялы байланысты беру құқығы үшін алынады.
2. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру құқығы (бұдан әрі - құқық) байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берген рұқсат құжаттарымен куәландырылады.

*Ескерту. 484-1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **484-2-бап. Төлеушілер**

Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен құқық алған, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы, сондай-ақ ұялы байланыс операторлары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

*Ескерту. 484-2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **484-3-бап. Төлемақы ставкалары**

Төлемақының жылдық ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **484-4-бап. Есептеу және төлеу тәртібі**

1. Төлемақыны есептеуді байланыс саласындағы уәкілетті орган жылдық ставкалар негізінде, төлеушілердің электр байланысы (телекоммуникация) қызметтерін көрсетуден түсетін табыстарын негізге ала отырып жүргізеді.
2. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру кезеңі есепті салық кезеңінде бір жылдан кем болған жағдайда, төлемақы сомасы жыл бойынша есептелген төлемақы сомасын он екіге бөліп, оны жыл бойы қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы берілген тиісті ай санына көбейту арқылы айқындалады.
3. Байланыс саласындағы уәкілетті орган жылдық төлемақы сомасы көрсетілген хабарлама жазады және ағымдағы есепті кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде төлеушіге жібереді.
4. Құқықты куәландыратын рұқсат құжатын осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, байланыс саласындағы уәкілетті орган салық төлеуші қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беруге рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей, төлемақы сомасы көрсетілген хабарламаны салық төлеушіге жібереді.
5. Жылдық төлемақы сомасы салық төлеушінің тіркеу есебінде тұрған жері бойынша тең үлестермен ағымдағы жылдың 20 наурызынан, 20 маусымынан, 20 қыркүйегінен және 20 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімдерде бюджетке төленеді.
6. Құқықты куәландыратын рұқсат құжатын осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған кезде рұқсат құжатын алған күннен кейінгі кезекті мерзім алғашқы төлеу мерзімі болып табылады.

7. алып тасталды

*Ескерту. 484-4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **484-5-бап. Салық кезеңі**

Төлемақы бойынша салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес айқындалады.

#### **484-6-бап. Салық есептілігі**

1. Төлемақы төлеушілер жыл сайын өзі тіркеу есебінде тұрған жердегі салық органдарына ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабын табыс етеді.
  2. Ағымдағы төлемдер сомаларының есебі есепті салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде табыс етіледі.
- Осы Кодекстің 484-4-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін құқық алған жағдайда, салық төлеуші байланыс саласындағы уәкілетті орган жазып жіберген хабарламаны алған айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ағымдағы төлемдер сомаларының есебін береді.

3. алып тасталды

*Ескерту. 484-6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **88-тарау. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы**

#### **485-бап. Жалпы ережелер**

1. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін алынады.
2. Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдалану құқығы көліктік бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган беретін рұқсат құжатымен әрбір күнтізбелік жылға беріледі.
3. Тиісті рұқсат құжаты болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдалану төлемақы сомасын өндіріп алу және бюджетке енгізу үшін негіз болып табылады.
4. Көліктік бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган келесі айдың 15-нен кешіктірмей ай сайын салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдалануға рұқсат құжатын алған тұлғалар бойынша мәліметтер беріп отырады.

**486-бап. Төлеушілер**

1. Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.
2. Мемлекеттік мекемелер төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

**487-бап. Төлемақы ставкалары**

Төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**488-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланушылардан алынатын төлемақы мөлшері рұқсат беру құжатында белгіленген, бірақ бір күнтізбелік ай үшін төлемақы мөлшерінен кем емес төлемақы ставкалары мен кеме жүзетін су жолдарын пайдаланудың нақты мерзімі негізге алына отырып анықталады.
2. Ай сайынғы төлемақы мөлшері көліктік бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ағымдағы жылға белгілейтін навигация кезеңіне жыл бойынша есептелген төлемақы сомасын бөлу жолымен анықталады.
3. Ағымдағы ай ішінде бюджетке енгізуге жататын төлемақы сомасы келесі айдың 20-сынан кешіктірілмей төленеді.
4. Төлемақы төлеушілер рұқсат құжатын алу кезінде көліктік бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланудың бірінші айы үшін бюджетке төлемақы сомасы енгізілгенін растайтын құжатты табыс етеді.
5. Кеменің бір жолғы кіруі кезінде шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін бюджетке төлемақы рұқсат құжатын алғанға дейін айлық ставка мөлшерінде енгізіледі. Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарында шетелдік тұлғалар бір айдан астам болған кезде бюджетке төлемақы осы бапта белгіленген тәртіппен енгізіледі.
6. Төлемақы сомалары бюджетке рұқсат беру құжатында көрсетілген кеме жүзетін су жолдарын пайдалану орны бойынша енгізілуге тиіс.
7. Төленген сомалар қайтарылуға тиіс емес.

*Ескерту. 488-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 89-тарау. Сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлемақы

**489-бап. Жалпы ережелер**

1. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) Қазақстан Республикасының аумағындағы ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі және елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістіктегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде плакаттар, стенділер, жарық беруші табло, билбордтар, транспаранттар, афишалар және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған сыртқы (көрнекі) жарнаманың басқа да объектілері түріндегі сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін алынады.
2. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін (бұдан әрі - жарнама объектісі) орналастыру:
  - 1) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде жарнама объектілерін орналастыру кезінде - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен белгілі бір мерзімге автомобиль жолдары мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - жол органы) беретін құжат негізінде;
  - 2) елді мекендерде жарнама объектілерін орналастыру кезінде - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдар беретін рұқсат негізінде жүргізіледі.
3. Тиісті рұқсат құжаттары болмаған кезде жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жарнама объектілеріне бөлінген белдеуіндегі жер учаскелерін нақты пайдалану және (немесе) оларды елді мекендерде орналастыру төлемақы сомаларын бюджетке өндіріп алу және енгізу үшін негіз болып табылады.
4. Жол органдары және жергілікті атқарушы органдар ай сайын, айдың 15-інен кешіктірмей салық органдарына мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша рұқсат беру құжатын алған тұлғалар жөнінде мәлімет береді.

*Ескерту. 489-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**490-бап. Төлеушілер**

1. Жарнама объектілерін орналастырушы жеке және заңды тұлғалар (соның ішінде жеке кәсіпкерлер) төлемақы төлеушілер болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары олардың өз функцияларын іске асыруына байланысты орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері бойынша төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

#### **491-бап. Төлемақы ставкалары**

Төлемақы ставкаларын жарнама объектісі орналастырылатын алаңды және жерді негізге ала отырып:

- 1) республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырылатын және елді мекендерде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша - жергілікті өкілді органдар белгілейді.

*Ескерту. 491-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **492-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі**

1. Алынатын төлемақы мөлшері рұқсат құжатында белгіленген, бірақ бір күнгізбелік ай үшін төлемақы мөлшерінен кем емес төлемақы ставкасы және жарнама объектілерін орналастырудың нақты мерзімі негізге алына отырып анықталады.
2. Бір күнгізбелік ай үшін бюджетке енгізілуге тиісті төлемақы сомалары келесі айдың 20-сынан кешіктірілмей төленеді.
3. Төлемақы төлеушілер рұқсат құжатын алу кезінде жол органына немесе жергілікті атқарушы органдарға жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақы сомасын бюджетке енгізгендігін растайтын құжатты табыс етеді.
4. Төлемақы сомалары бюджетке сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің орналасқан орны бойынша енгізілуге тиіс.
5. Төленген төлемақы сомалары қайтарылуға тиіс емес.

## **90-тарау. Мемлекеттік баж**

### **Параграф 1. Мемлекеттік баж**

#### **493-бап. Жалпы ережелер**

Мемлекеттік баж - уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны үшін және (немесе) құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

#### **494-бап. Төлеушілер**

Заңдық мәні бар іс-қимылдар жасау және (немесе) құжаттар беру жөнінде мемлекет уәкілдік берген органдарға немесе лауазымды адамдарға өтініш жасайтын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік баж төлеушілер болып табылады.

#### **495-бап. Баж алу объектілері**

1. Мыналардан:

- 1) сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), апелляциялық шағымдардан, атқару парағының дубликатын беру туралы мәселе бойынша сот ұйғарымына жеке шағымдардан, сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, сондай-ақ соттың, аралық соттардың, шетел соттары мен арбитраждарының шешімдері бойынша орындау парағын, құжаттардың көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін;
- 2) нотариаттық іс-қимылдар жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттар көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін;
- 3) азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін;
- 4) шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін;
- 5) шетелдіктердің паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін;

- 7) тұрғылықты жерін тіркегені үшін;
  - 8) аңшылық құқығына рұқсат бергені үшін;
  - 8-1) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре балықтарының түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсат бергені үшін;
  - 9) жеке басты қуәландыратын құжаттарды бергені үшін;
  - 10) қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін;
  - 11) жеке және заңды тұлғалар азаматтық, қызметтік қарудың (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған басқа құрылғыларды, ату қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі қоса алғанда 4,5 миллиметрге дейінгі пневматикалық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін;
  - 12) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған, ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың апостиль қойғаны үшін;
  - 13) жүргізуші куәлігін, тракторшы-машинистің куәлігін, механикалық көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, мемлекеттік нөмір белгілерін бергені үшін;
  - 14) зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органның осы Кодекстің 499-1-бабында көзделген заңды мәні бар іс-әрекеттерді жасағаны үшін мемлекеттік баж алынады.
2. Мемлекеттік баждың тіркелген проценттік ставкалары, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заң актісімен мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшері негізге алына отырып есептеледі.

*Ескерту. 495-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, 2004.12.28. N 24 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **496-бап. Мемлекеттік баждың соттардағы ставкалары**

1. Сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), апелляциялық шағымдардан, сот бұйрығын шығару туралы, апелляциялық шағымға қосылу туралы өтініштерден, сондай-ақ соттың құжаттардың көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін мынадай мөлшерде мемлекеттік баж алынады:
  - 1) мүліктік сипаттағы талап арыздардан:  
жеке тұлғалар үшін - талап қою сомасының 1 проценті;  
заңды тұлғалар үшін - талап қою сомасының 3 проценті;
  - 2) мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының жеке тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін заңсыз іс-әрекетіне шағымдардан - 30 процент;
  - 3) мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының заңды тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін заңсыз іс-әрекетіне шағымдардан - 500 процент;
  - 4) салық тексеруі актілері бойынша хабарламаларға дауласу туралы талап арыздардан:  
жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары үшін - салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер хабарламада көрсетілген (өсімпұлдарды қоса) даулы соманың 0,1 проценті;  
заңды тұлғалар үшін - хабарламада көрсетілген салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (өсімпұлдарды қоса) даулы соманың 1 проценті;
  - 5) некені бұзу туралы талап арыздардан - 30 процент.  
Неке бұзу кезінде мүлікті бөлген жағдайларда баж осы баптың 1) тармақшасына сәйкес талап қою бағасына қарай белгіленеді;
  - 6) белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетті деп немесе жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен, не үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен неке бұзу кезінде мүлікті бөлу туралы талап арыздардан осы баптың 1) тармақшасына сәйкес;
  - 7) тұрғын үй-жайларды жалға алу туралы шартты өзгерткені немесе бұзғаны туралы, мұраға қабылдау мерзімін ұзарту туралы, тыйым салынған мүлікті босату туралы талап арыздардан және мүліктік емес сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын басқа да талап арыздардан - 50 процент;
  - 8) ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан) - 50 процент;
  - 8-1) аралық соттар шешімдерін, төреліктің шешімдерін жою туралы өтініштерден:

жеке тұлғалар үшін - талап арыз сомасының 1 проценті;

заңды тұлғалар үшін - талап арыз сомасының 3 проценті;

9) сот шешіміне жасалған апелляциялық шағымдардан - мүліктік емес сипаттағы талап арызды берген кездегі алынатын мемлекеттік баж мөлшерінен - 50 процент, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша - арыз беруші дауға салып отырған сома негізге алына отырып есептелген мемлекеттік баж мөлшерінен;

9-1) сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден - осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік баж ставкасының 50 проценті;

10) атқару парағының дубликатын беру туралы мәселе бойынша сот ұйғарымына жеке шағымдардан, сондай-ақ аралық соттардың, шетел соттары мен арбитраждарының шешімдері бойынша орындау парағын бергені үшін - 500 процент;

11) сот шешімдерінен, үкімдерінен, ұйғарымдарынан, соттың өзге де қаулыларынан көшірмелерді (дубликаттарды), сондай-ақ іске қатысатын тараптар мен басқа да адамдардың өтініші бойынша соттар берген істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайталап бергені үшін - әрбір құжат үшін 10 процент және, одан басқа, әрбір дайындалған бет үшін 3 процент;

12) заңды тұлғаларды банкрот деп тану туралы арыздардан - 500 процент.

2. Мүліктік сипаттағы және мүліктік емес сипаттағы талаптар қоса көрсетілген талап арыздар үшін мүліктік сипаттағы талап арыздар мен мүліктік емес сипаттағы талап арыздарға белгіленген мемлекеттік баж бір мезгілде алынады.

*Ескерту. 496-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, 2004.12.28. N 24 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **497-бап. Нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж ставкалары**

Нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін, сондай-ақ құжаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелерін бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) қалалық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен айыру туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болса - 1000 процент;

құны 30 айлық есептік көрсеткішке дейін:

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері, апа-қарындастары мен сіңділеріне, немерелеріне - 100 процент;

басқа адамдарға - 300 процент;

құны 30 айлық есептік көрсеткіштен жоғары:

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері, апа-қарындастары мен сіңділеріне, немерелеріне - 500 процент;

басқа адамдарға - 700 процент;

егер мәміле жылжымайтын мүлікті ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша алынған қаражат есебінен сатып алу мақсатында жасалатын болса - 200 процент;

2) ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, ғимараттар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен айыру туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болса - 100 процент;

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері, апа-қарындастары мен сіңділеріне, немерелеріне - 50 процент;

басқа адамдарға - 70 процент;

3) автотөлемді құралдарын иеліктен айыру туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болса - 700 процент;

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері, апа-қарындастары мен сіңділеріне, немерелеріне - 200 процент;

басқа адамдарға - 500 процент;

4) жалға беру, қарыз, (ипотекалық тұрғын үй заемын қоспағанда) кепілақы, лизинг, мердігерлік, неке келісім-шарттары, ортақ меншіктегі мүлік бөлісі, мұрагерлік мүлікті бөлу, алименттерді төлеу жөніндегі келісімдерді, құрылтай шарттарын куәландырғаны үшін - 500 процент;

4-1) ипотекалық тұрғын үй заемы шарттарын куәландырғаны үшін - 200 процент;

5) өсиетхаттарды куәландырғаны үшін - 100 процент;

6) мұрагерлікке құқық туралы куәлікті беру үшін - берілген әр куәлікке 100 процент;

- 7) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске және бірлескен ортақ меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың меншік құқығы туралы куәлікті беру үшін - 100 процент;
- 8) мүлікті пайдалану мен иелену құқығы туралы сенімхаттарды куәландырғаны үшін - 50 процент;
- 9) сату құқығынсыз автокөлік құралдарын пайдалану және басқару құқығына сенімхаттарды куәландырғаны үшін - 100 процент;
- 10) автокөлік құралдарын сатуға, сыйға тартуға айырбастауға сенімхаттарды куәландырғаны үшін - 200 процент;
- 11) өзге сенімхаттарды куәландырғаны үшін:  
жеке тұлғаларға - 10 процент;  
заңды тұлғаларға - 50 процент;
- 12) мұраға қалдырылған мүлікті қорғау жөнінде шаралар қолданғаны үшін - 100 процент;
- 13) теңіздік наразылық білдіргені үшін - 50 процент;
- 14) құжаттардың көшірмесі мен құжаттардың үзінді көшірмесінің растығын куәландырғаны үшін (әр бетіне):  
жеке тұлғаларға - 5 процент;  
заңды тұлғаларға - 10 процент;
- 15) құжаттардағы қойылған қолдың, сондай-ақ құжаттардың бір тілден басқа тілге аудармасының дұрыстығын куәландырғаны үшін (әр құжат үшін):  
жеке тұлғаларға - 3 процент;  
заңды тұлғаларға - 10 процент;
- 16) жеке және заңды тұлғалардың басқа жеке және заңды тұлғаларға өтініштерін бергені үшін - 20 процент;
- 17) құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін бергені үшін - 20 процент;
- 18) дубликаттарды бергені үшін - 100 процент;
- 19) банктерде шоттар ашқан кезде қойылған қолдың растығын куәландырғаны үшін (әр құжат үшін):  
жеке тұлғаларға - 10 процент;  
заңды тұлғаларға - 50 процент;
- 20) жылжымайтын мүліктің кепіл шарттарын, ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша талап етілетін құқықтарды және ипотекалық куәліктерді куәландырғаны үшін - 200 процент; өзге де кепіл шарттарын куәландырғаны үшін - 700 процент;
- 21) вексель наразылығын жасағаны үшін және чектің төленбегенін куәландырғаны үшін - 50 процент;
- 22) құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтағаны үшін - әр айға 10 процент;
- 23) кепілгерлік пен кепілдік шарттарын куәландырғаны үшін - 50 процент;
- 24) Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген басқа нотариаттық әрекеттерді жасағаны үшін - 20 процент.

*Ескерту. 497-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **498-бап. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін мемлекеттік баж ставкалары**

1. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді, сондай-ақ туу, неке, некені бұзу, өлім туралы актілердің жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзету мен қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайталап бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

- 1) тууды тіркегені, әкелікті анықтағаны, Қазақстан Республикасы азаматтарының ұл бала асырап (қыз бала асырап) алғанын тіркегені үшін - 100 процент;
- 2) некеге тұруды тіркегені үшін - 30 процент;
- 3) некені бұзуды тіркегені үшін:  
кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша - 200 процент;  
сот шешімі негізінде - 150 процент (ерлі-зайыптылардың біреуінен немесе екеуінен);  
белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетті деп немесе жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен не қылмыс жасағаны үшін үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен сот шешімі негізінде - 10 процент;
- 4) тегін, атын немесе әкесінің атын, ұлтын және жынысын өзгерткенін тіркегені үшін - 10 процент;  
осы негізде берілген жұбайының, балаларының әрбір құжаты үшін - 10 процент;

- 5) туу, неке, некені бұзу, қайтыс болу туралы актілер жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзету мен қалпына келтіруге байланысты куәліктерді бергені үшін - 10 процент;
- 6) азаматтық хал актілерін тіркегені туралы куәліктерді қайталап бергені үшін - 100 процент;
- 7) шетел азаматтарының ұл бала асырап (қыз бала асырап) алғанын тіркегені үшін - 200 процент.

2. Қайтыс болуды тіркеу, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты куәліктер беру мемлекеттік баж алынбай жүргізіледі.

*Ескерту. 498-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 310 (бұл өзгеріс 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**499-бап. Шетелге шығуды, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуды ресімдеу кезіндегі мемлекеттік баж ставкалары**

Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруге немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келуге немесе шетелге шығуға байланысты іс-әрекеттер жасағаны үшін мынадай мөлшерде:

- 1) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мыналарға құқық беретін виза бергені немесе ұзартқаны үшін:

Қазақстан Республикасынан кетуге - 50 процент;

Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге - 100 процент;

- 2) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекараны көп мәрте кесіп өту құқығына виза бергені үшін - 200 процент;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан кетуге және Қазақстан Республикасына келуге құқық беретін құжаттарына өзгерістер енгізгені үшін - 100 процент;

4) Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шетелден шақыру келгені туралы құжаттар бергені үшін - әрбір шақырылған адам үшін 50 процент;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін - 100 процент;

6) Қазақстан Республикасына шақыру туралы жоғалған не бүлінген құжаттарды ауыстырып бергені үшін - осы баптың тиісінше 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген мөлшерде мемлекеттік баж алынады.

**499-1-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органның заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж ставкалары**

Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органның заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін мынадай мөлшерде:

- 1) инновациялық патент, патент, куәлік бергені үшін - 100 процент;

2) жалпыға белгілі тауар таңбасына сертификат бергені үшін - 100 процент;

3) өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға байланысты басқаға беру, кепіл шарттарын, лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркегені үшін - 150 процент;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін - 1500 процент;

5) патенттік сенім білдірілген өкілдерді тіркеу туралы куәлік бергені үшін - 100 процент мемлекеттік баж алынады.

*Ескерту. 499-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.02. N 237 Заңдарымен.*

**500-бап. Басқа да іс-әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж ставкалары**

Басқа да іс-әрекеттер жасағаны үшін:

- 1) тұрғылықты жерін тіркегені үшін - 10 процент;

2) аң аулау құқығына рұқсат бергені үшін - 10 процент;

2-1) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре балықтарының түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсат бергені үшін - 200 процент;

3) мыналарды бергені үшін:

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі - 400 процент;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат, уақытша жеке куәлігі - 20 процент;

4) мыналарды бергені үшін:

заңды тұлғаларға:

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын әкелуге рұқсат - 200 процент;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын әкетуге рұқсат - 200 процент;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын сақтауға рұқсат - 100 процент;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсат - 100 процент;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын тасымалдауға рұқсат - 200 процент;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама - 100 процент;

жеке тұлғаларға:

азаматтық қаруды және оның патрондарын әкелуге рұқсат - 50 процент;

азаматтық қаруды және оның патрондарын әкетуге рұқсат - 50 процент;

азаматтық қаруды және оның патрондарын сатып алуға рұқсат - 50 процент;

азаматтық қаруды және оның патрондарын сақтауға рұқсат - 50 процент;

азаматтық қаруды және оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсат - 50 процент;

азаматтық қаруды және оның патрондарын тасымалдауға рұқсат - 10 процент;

азаматтық қаруды және оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама - 50 процент;

5) жеке және заңды тұлғалар азаматтық, қызметтік қарудың (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұнғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған басқа құрылғыларды, ату қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі қоса алғанда 4,5 миллиметрге дейінгі пневматикалық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін - 10 процент;

6) жеке басты куәландыратын құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін - 10 процент;

7) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар апостиль қойғаны үшін - 20 процент;

8) мыналар үшін:

жүргізушінің куәлігін бергені үшін - 125 процент;

көлік құралдарының мемлекеттік тіркелгені туралы куәлікті бергені үшін - 125 процент;

автомобильге мемлекеттік тіркеудің нөмір таңбасын бергені үшін - 280 процент;

мотокөлікке, автомобиль тіркемесіне мемлекеттік тіркеудің нөмір таңбасын бергені үшін - 140 процент;

көлік құралын айдап әкелгені үшін мемлекеттік тіркеудің нөмір (транзиттік) таңбасын бергені үшін - 35 процент;

9) мыналарды бергені үшін:

тракторшы-машинист куәлігі - 50 процент;

тракторларға, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса алғанда, оларға тіркемелерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерге мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісі - 100 процент;

тракторларды, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса алғанда, оларға тіркемелерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерді мемлекеттік тіркеу үшін техникалық паспорт - 50 процент мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

*Ескерту. 500-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **501-бап. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Соттарда:**

1) талапкерлер - еңбекке ақы төлеу сомаларын өндіріп алу туралы талап қоюлар және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша;

2) талапкерлер - авторлық құқықтан, сондай-ақ жаңалық ашуға, өнертабысқа, рационализаторлық ұсынысқа және өнеркәсіптік үлгілерге құқықтардан туындайтын талап қоюлар бойынша;

3) талапкерлер - алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша;

- 4) талапкерлер - мертігуге немесе денсаулығына зақым келтірілуге, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талап қоюлар бойынша;
- 5) талапкерлер - қылмыспен келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру туралы талап қоюлар бойынша;
- 6) жеке адамдар - некені бұзу туралы істер бойынша апелляциялық шағымдардан;
- 7) іске қатысы жоқ адамдардан басқа жеке және заңды тұлғалар - оларға қылмыстық істерге және алимент бойынша істерге байланысты құжаттар бергені үшін;
- 8) талапкерлер - Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарын бұзу арқылы мемлекетке келтірілген залалды өтеу қаражатын мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша;
- 9) білікті еңбек қызметкерлерін және біліктілігі көтеріңкі деңгейдегі жұмысшы кадрларын дайындауды қамтамасыз ететін кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлер - оқу орындарын өз бетімен тастап кеткен немесе олардан шығарылған оқушыларды күтіп-қарауға мемлекет шығарған шығындарды өндіріп алу жөніндегі талап қоюлар бойынша;
- 10) жеке тұлғалар - қылмыспен келтірілген материалдық залалды өндіріп алудың дұрыстығына дау айтылатын қылмыстық істер бойынша апелляциялық шағымдардан;
- 11) заңдарда көзделген жағдайларда басқа тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға сотқа арыз жазып жүгінген жеке және заңды тұлғалар;
- 11-1) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік кредиттерді, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды қайтару жөнінде талап қойып сотқа жүгінген сенім білдірілген өкіл (агент);
- 12) талапкерлер - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер - барлық істер мен құжаттар бойынша;
- 13) талапкерлер - оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық істер мен құжаттар бойынша;
- 14) жеке және заңды тұлғалар - сотқа мынадай арыздарды бергені үшін:
  - іс жүргізуді қысқарту туралы сот ұйғарымының күшін жою немесе соттың іс жүргізуді қысқарту туралы мәлімдемесін қарамай қалдыру немесе арызды қарамай қалдыру туралы;
  - шешімнің орындалуын кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы;
  - шешімді орындаудың әдісі мен тәртібін өзгерту туралы;
  - талап қоюларды қамтамасыз ету немесе қамтамасыз етудің бір түрін басқаларымен ауыстыру туралы;
  - жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша соттың шешімдерін, ұйғарымдарын немесе қаулыларын қайта қарау туралы;
  - сот ұйғарымдарымен салынған айыппұлдарды қосу немесе азайту туралы;
  - өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы сот шешімдерінің орындалуын кері бұрып атқару туралы;
  - апелляциялық шағымға қосылу туралы;
  - сондай-ақ:
    - сот орындаушыларының іс-әрекеттеріне;
    - соттардың айыппұлдарды қосудан немесе азайтудан бас тарту туралы ұйғарымдарына жеке шағымдар;
    - сот ұйғарымдарына басқа да жеке шағымдар;
    - әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға шағымдар;
    - соттың сырттай шешімінің күшін жою туралы;
- 15) прокуратура органдары - барлық талап қоюлар бойынша;
- 16) мемлекеттік мекемелер - үшінші тұлғалардың мүдделерін қорғайтын жағдайларды қоспағанда, өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қойған және сот шешіміне шағым жасаған кезде;
- 17) мүгедектердің қоғамдық ұйымдары - өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қоюларды берген кезінде;
- 18) сақтандырушылар мен сақтанушылар - міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын талап қоюлар бойынша;
- 19) талапкерлер мен жауапкерлер - азаматқа заңсыз сотталу, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен қамауға алуға заңсыз тарту не тұтқынға алу немесе түзеу жұмыстары түрінде заңсыз әкімшілік жазаға тарту арқылы келтірілген залалды өтеуге байланысты даулар бойынша;
- 20) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның филиалдары мен өкілдіктері - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қоюларды берген кезде;
- 20-1) қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап-арыздар берген кезде;

21) еріксіз таратылатын қаржы ұйымдарының тарату комиссиялары - берешекті өндіріп алу туралы және таратылатын банктердің борышкерлерін банкрот деп тану туралы талап қоюлар бойынша;

22) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті банктер:

бюджет қаражаты есебінен қайтарымды негізде берілген кредиттер бойынша берешектерді өндіріп алу туралы;

мүлікті өндіріп алу туралы;

борышкерлердің сыртқы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен берілген қарыздар бойынша міндеттемелерді орындамауына байланысты олардың банкроттығы туралы талап қойған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады;

23) конкурстық және оналтушы басқарушылар - Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасында көзделген өз өкілеттіктері шегінде конкурстық іс жүргізу, оналту рәсімі мүддесінде талап қойған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

*Ескерту. 501-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23 N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.10 N 483, 2003.11.29 N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.10 N 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 N 60-IV (енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **502-бап. Нотариаттық іс-қимылдар жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату**

Нотариаттық іс-қимылдар жасаған кезде мыналар:

1) жеке тұлғалар - өздерінің, мемлекет пайдасына мүлікті сыйға тартатын өсиеттерін, шарттарын куәландырғаны үшін;

2) мемлекеттік мекемелер - оларға мемлекеттің мұраға құқығы туралы куәліктерді (куәліктердің дубликаттарын) бергені үшін, сондай-ақ осы куәліктерді (куәліктердің дубликаттарын) алу үшін қажетті барлық құжаттар үшін;

3) жеке адамдар - оларға мұраға құқық туралы куәліктер берілгені үшін:

Қазақстан Республикасын қорғау кезінде, өзге де мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты не адам өмірін құтқарып қалу, мемлекеттік меншікті және құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы азаматының борышын орындауға байланысты қаза тапқан адамдардың мүлкі;

егер мұрагер мұра қалдырушы қайтыс болған күнде мұра қалдырушымен кемінде үш жыл тұрған болса және ол қайтыс болғаннан кейін де осы үйде (пәтерде) тұруын жалғастырып жатса, тұрғын үйі (пәтері) немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативіндегі пайы;

сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдері, мемлекеттік заемдардың облигациялары, еңбекке төленетін ақы, авторлық құқық сомалары, авторлық қаламақы және ашқан жаңалықтары, өнертабыстары мен өнеркәсіптік үлгілері үшін сыйақы сомалары;

ақталған азаматтардың мүлкі;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар, I және II топтардағы мүгедектер - барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша;

5) оралмандар - Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық нотариаттық іс-әрекеттері бойынша;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, оның филиалдары мен өкілдіктері - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін өтініш берген кезінде;

6-1) қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өтініш жасаған кезде;

7) "Ардақты Ана" атағы берілген, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар - барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша;

8) заңдарда белгіленген тәртіппен қорғаншылық тағайындалған созымалы жүйке ауруымен ауыратын жеке адамдар - өздерінің мүлікке мұрагерлігі туралы куәліктер алғаны үшін;

9) "Қазақстан мүгедектерінің ерікті қоғамы" одағы (ҚМЕК), Қазақ саңыраулар қоғамы (ҚСҚ), Қазақ зағиптар қоғамы (ҚЗК), сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары барлық нотариалдық іс-әрекет бойынша мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

*Ескерту. 502-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.10. N 483 Заңымен.*

#### **503-бап. Азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде мемлекеттік баж төлеуден босату**

Азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде мыналар:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, барлық топтардағы мүгедектер, қорғаншылар (қамқоршылар), мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар - тууы туралы куәліктер тіркелгені және қайталап берілгені үшін;

2) жеке адамдар - азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты туу, қайтыс болу туралы, әкелікті анықтау, ұл бала асырап алу (қыз бала асырап алу) туралы актілер жазбалары өзгертілген, толықтырылған және түзетілген кезде өздеріне куәліктер бергені үшін;

- 3) жеке адамдар - ақталған туыстарының қайтыс болуы туралы оларға бұрын берілген куәліктер қайталап немесе алмастырылып берілгені үшін;
- 4) жеке адамдар - бала асырап алу мен әкелікті анықтауға байланысты актілер жазбаларына өзгерістер, толықтырулар енгізілгені үшін мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

**504-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және алу кезінде мемлекеттік баж төлеуден босату**

Мыналар:

жаппай қуғын-сүргіндер, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, өзге де имандылыққа жат саяси акциялар салдарынан Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге мәжбүр болған адамдар және олардың ұрпақтары - Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өздері тілек білдірген жағдайда;

оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Аталған мемлекеттік баж төлеуден босату бір рет беріледі.

*Ескерту. 504-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**505-бап. Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу жөніндегі істер бойынша мемлекеттік баж төлеуден босату**

Қазақстан Республикасынан кету жөніндегі істер бойынша мыналар:

1) Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және Еңбек даңқы орденінің үш дәрежесімен, "Алтын Қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен наградталған адамдар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілген басқа да мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедек және оны ертіп жүретін адам, сондай-ақ II топтағы мүгедектер, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар;

2) азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің соттарына азаматтық және қылмыстық істер бойынша тараптар, куәлер және сарапшылар ретінде шақырылған жеке адамдар - оларға шетелге кетуге құжаттар берілгені үшін мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Қазақстан Республикасына келу жөніндегі істер бойынша оралмандар олардың паспорттарына немесе солардың орнына берілетін құжаттарына Қазақстан Республикасына келуге рұқсат берілетін виза берілген кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

*Ескерту. 505-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**505-1-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті орган заңды мәні бар іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату**

Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті орган заңды мәні бар іс-әрекеттер жасаған кезде:

- 1) қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде тұратын қарттар мен мүгедектер;
- 2) мектеп-интернаттардың, кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлердің мемлекет толық қамсыздандыратын және жатақханаларда тұратын оқушылары;
- 3) оралмандар - Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін;
- 4) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, "Алтын Қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен марапатталған адамдар, "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар;
- 5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оларға теңестірілген адамдар, бала кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер, Чернобыль апаты салдарынан зардап шеккен азаматтар мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

*Ескерту. 505-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

**506-бап. Басқа да іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату**

1. Тұрғылықты жерін тіркегені үшін мыналар:

- 1) қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде тұратын қарттар мен мүгедектер;
- 2) мектеп-интернаттардың, кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлердің мемлекет толық қамсыздандыратын және жатақханаларда тұратын оқушылары;
- 3) оралмандар - Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін;

4) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, "Алтын қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен наградталған адамдар, "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектері және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, оларға теңестірілген адамдар; бала кезінен мүгедектер; I және II топтағы мүгедектер; Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

2. Аң аулау құқығына рұқсат бергені үшін: аңшылық мамандары, қорықшылар мен штаттағы аңшылар - оларға аң аулау құқығына рұқсаттар берілгені немесе ұзартылғаны үшін мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

3. Мыналардан:

1) (алып тасталды)

2) (алып тасталды)

3) қылмыстық істе азаматтық талап қоюды табыс ету кезінде;

4) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы апостильдеуге түсетін құжаттарға апостиль қою кезінде;

5) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы өтініш жасаған азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайта куәліктер берілгені үшін мемлекеттік баж алынбайды.

4. Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктері, сондай-ақ, шет ел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат және азаматтығы жоқ адамның куәліктерін берілгені үшін: Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек даңқы, "Алтын Қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен наградталған адамдар, "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектері және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес оларға теңестірілген адамдар, бала кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер, қарттарға арналған интернат-үйлерде тұратын қарттар, мемлекеттің толық қарамағындағы және балалар үйлері мен интернат ұйымдарында тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

*Ескерту. 506-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **507-бап. Мемлекеттік бажды төлеу тәртібі**

1. Мемлекеттік баж қолма-қол ақшамен, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен төленеді.

2. Мемлекеттік баж:

1) сот қарайтын істер бойынша - тиісті арыздар (шағымдар) немесе апелляциялық шағымдар, сот бұйрығын шығару туралы өтініш бергенге дейін, сондай-ақ сот құжаттардың көшірмелерін берген кезде;

2) нотариаттық іс-әрекеттерді орындағаны үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін, дубликаттарын бергені үшін - жасалған нотариалдық іс-әрекетті тіркеген кезде;

3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркегені үшін, тиісті арыздар берген кезде азаматтық хал актілерінің жазбаларына түзетулер мен өзгерістер енгізгені үшін, сондай-ақ куәліктер мен анықтамаларды қайтадан бергені үшін - оларды берген кезде;

4) кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені бұзуды мемлекеттік тіркегені үшін - актілерді тіркеген кезде;

5) азаматтардың тұрғылықты жерін тіркегені үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

6) Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктерін, азаматтығы жоқ адамның куәліктерін, сондай-ақ шет ел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат бергені үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

6-1) жүргізуші куәліктерін, тракторшы-машинист куәліктерін, механикалық көлік құралдарының мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктерін, мемлекеттік тіркеудің нөмір таңбаларын бергені үшін - тиісті құжаттарды және мемлекеттік тіркеудің нөмір таңбаларын бергенге дейін;

7) аң аулау құқығына рұқсат бергені үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

7-1) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре балықтардың түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсаттар бергені үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

8) қаруды және оның патрондарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсаттар бергені үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

9) жеке және заңды тұлғалар азаматтық, қызметтік қарудың (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған басқа құрылғыларды, ату қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі қоса алғанда 4,5 миллиметрге дейінгі пневматикалық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

10) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кетуге және Қазақстан Республикасына келуге байланысты істер бойынша - тиісті құжаттарды алғанға дейін;

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен нотариустарынан шығатын ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар апостиль қою үшін - апостиль қойғанға дейін;

12) зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органның инновациялық патенттер, патенттер, куәліктер, сертификаттар беруге, шарттарды тіркеуге, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға және тіркеуге байланысты заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.

3. Мемлекеттік баж соған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасаған және (немесе) құжаттарды берген жері бойынша есепке алынады.

*Ескерту. 507-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.03.02. N 237 Заңдарымен.*

#### **508-бап. Мемлекеттік бажды қайтару тәртібі**

1. Төленген мемлекеттік баж:

1) баж талапкер өз талаптарын азайтатын жағдайларды қоспағанда, осы Кодекс бойынша талап етілгеннен көбірек мөлшерде енгізілген;

2) арыздар (шағымдар) қайтарылған немесе оны қабылдаудан бас тартылған, сондай-ақ нотариустар немесе осыған уәкілетті адамдар нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудан бас тартқан;

3) іс жүргізу тоқтатылған немесе, егер іс соттың қарауына жатпайтын болса, сондай-ақ талапкер осы істер санаты үшін белгіленген дауды алдын ала шешудің тәртібін сақтамаған не талап қоюды әрекетке қабілетсіз адам табыс еткен жағдайда талап қою қараусыз қалдырылған;

4) мемлекеттік бажды төлеген адамдар заңдық маңызы бар іс-әрекеттерді жасаудан немесе осы заңдық маңызы бар іс-әрекеттердің жасаған органға жүгінгенге дейін құжатты алудан бас тартқан;

5) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда ішінара немесе толық қайтарылуға тиіс.

2. Салық органы мемлекеттік бажды қайтару үшін негіз болып табылатын тиісті органның құжатын, сондай-ақ мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжатты салық төлеушіден алғаннан кейін, егер аталған құжаттар салық органына мемлекеттік баж сомасы бюджетке есептелген күннен бастап бір жылдық мерзім өткенге дейін табыс етілген болса, төленген мемлекеттік бажды қайтару туралы өтінішті қарайды.

Қайтару салық төлеушінің банк шотына жүргізіледі.

## **Параграф 2. Консулдық алым**

#### **509-бап. Жалпы ережелер**

Консулдық алым - Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің консулдық іс-әрекеттер жасағаны және заңдық маңызы бар құжаттарды бергені үшін Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларынан, сондай-ақ шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан, шетелдік заңды тұлғалардан алатын мемлекеттік баж түрі.

#### **510-бап. Консулдық алым төлеушілер**

Өз мүдделері үшін консулдық іс-әрекеттер жасалып, заңдық маңызы бар құжаттар берілетін Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар консулдық алым төлеушілер болып табылады.

#### **511-бап. Консулдық алым ставкалары**

1. Консулдық алымдардың ең төменгі және барынша жоғары базалық мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі консулдық алымдардың базалық ставкалары шегінде нақты ставка мөлшерін белгілеуге құқылы.

**512-бап. Жүзеге асырылғаны үшін консулдық алым алынатын іс-әрекеттер**

1. Консулдық алым мынадай консулдық іс-әрекеттер жасау:

- 1) қызметтік паспортты, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ресімдеу және Қазақстан Республикасының визаларын беру;
- 2) шетелде болу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының өтініштерін ресімдеу;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі құжаттарды ресімдеу;
- 4) азаматтық хал актілерін тіркеу;
- 5) құжаттарды талап ету;
- 6) құжаттарды заңдастыру;
- 7) нотариаттық іс-әрекеттер жасау;
- 8) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өзге де іс-әрекеттер үшін алынады.

**513-бап. Жекелеген жағдайларда консулдық алым төлеуден босату**

Консулдық алым:

- 1) осы Кодекстің 502-506-баптарында көзделген жағдайларда;
- 2) консулдық алымдар алудан өзара бас тарту туралы Қазақстан Республикасымен келісімдері бар елдердің жеке және заңды тұлғаларынан;
- 3) Қазақстан Республикасы құқықтық көмек туралы шарттар жасасқан елдердің өкімет орындары мен жекелеген азаматтарының сұрау салуы бойынша отбасылық, азаматтық және қылмыстық істер бойынша, алименттер туралы, мемлекеттік жәрдемақылар мен зейнетақылар, бала асырап алу туралы құжаттар сұратып алдырғаны үшін;
- 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өзге де жағдайларда алынбайды.

**514-бап. Консулдық алымды төлеу тәртібі**

1. Консулдық алым консулдық іс-әрекеттер жасалғанға дейін төленеді.
2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері консулдық іс-әрекеттер төлеуші консулдық алымды төлегеннен кейін жүзеге асырады.
3. Консулдық алымды төлеу аумағында консулдық іс-әрекеттер жасалатын елдің валютасымен немесе кез келген еркін айналыстағы басқа да валютамен жүргізіледі.
4. Ставкасы АҚШ долларымен белгіленген консулдық алымдарды Қазақстан Республикасының аумағында төлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алымды төлеу сәтіне белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен жүргізіледі.
5. Консулдық алым:
  - 1) Қазақстан Республикасының аумағында - банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен консулдық іс-әрекеттер жүзеге асырылатын жердің бюджетіне немесе қатаң есептілік бланкілері негізінде консулдық мекемелерде қолма-қол ақшамен;
  - 2) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде шаруашылық пайдалану құқығынсыз дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің арнаулы (транзиттік) банк шотына банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен немесе қатаң есептілік бланкілері негізінде консулдық мекемелерде қолма-қол ақшамен төленеді.
6. Қатаң есептілік бланкілерінің нысанын уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.
7. Консулдық алымдар сомасын бюджетке есептеу тәртібін, сондай-ақ шетелде қолма-қол ақшамен төленген консулдық алымдарды дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің арнаулы (транзиттік) банк шотына есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.
8. Төленген консулдық алымдар сомасы қайтарылуға тиіс емес.

## 91-тарау. Кеден төлемдері

**515-бап. Жалпы ережелер**

1. Кеден ісін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген кеден төлемдерін алады.
2. Кеден төлемдері бойынша төлеушілер, есептеулердің, төлеудің, қайтарып берудің және кеден төлемдерін өндіріп алудың тәртібі, сондай-ақ жеңілдіктер Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен анықталады.
3. Кеден төлемдерінің ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

*Ескерту. 515-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **516-бап. Кедендік төлемдердің түрлері**

1. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар алып өткен кезде және Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген басқа да жағдайларда кедендік төлемдердің мынадай түрлері төленеді:

- 1) кедендік баж;
- 2) кедендік ресімдеу үшін кедендік алым;
- 3) тауарларды сақтау үшін кедендік алым;
- 4) кедендік ілесіп алып жүру үшін кедендік алым;
- 5) Қазақстан Республикасы кеден органдарының лицензия бергені үшін алым;
- 6) кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алым;
- 7) алдын ала шешім үшін төлемақы.

2. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген оңайлатылған тәртіппен тауарлар алып өткен кезде, осы баптың 1-тармағында көрсетілген кедендік төлемдер және салықтар жиынтық кедендік төлем түрінде төленуі мүмкін.

3. Акцизделген тауарлардың жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағына еркін айналым үшін шығарған кезде кеден бажы мен акциз жиынтық төлем түрінде төленуі мүмкін.

*Ескерту. 516-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 , (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **3. Салық әкімшілігін жүргізу**

### **17-бөлім. Жалпы ережелер**

### **92-тарау. Негізгі ережелер**

#### **517-бап. Салық бақылауы**

1. Салық бақылауы - салық қызметі органдарының салық заңдарының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуын бақылауы.

2. Салық бақылауы:

- 1) салық төлеушілерді тіркеу есебі;
- 2) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алу;
- 3) бюджетке түсімдерді есепке алу;
- 4) қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу;
- 5) салық тексерістері;
- 6) камералдық бақылау;
- 7) салық төлеушілердің қаржы-шаруашылық қызметі мониторингі;
- 8) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережелері ;
- 9) акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін таңбалау және акциздік постыларды белгілеу;

10) мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және сату тәртібін сақтауды, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған мүліктің толық және уақтылы берілуін тексеру;

11) уәкілетті және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жасау нысандарында жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлардың өтуімен байланысты төленуге тиіс салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді алу жөніндегі салық бақылауын осы Кодекске және Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

*Ескерту. 517-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **517-1-бап. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын салықтық бақылау**

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын салықтық бақылауды салық органдары уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша аудиторлық есеппен расталатын салықтық есептілік негізінде ғана жүзеге асыруы мүмкін. Аудиторлық ұйымдардың тізбесін Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен және аудиторлық қызмет саласын реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылау жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып айқындайды.

*Ескерту. 517-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **518-бап. Салық құпиясы**

1. Мына мәліметтерді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі туралы;

2) жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) салық кезеңінде бюджетке төлеген салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы;

3) салық төлеушіге салық жылында бюджеттен нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым бойынша қосылған күн салығының қайтарылатын сомалары туралы;

4) салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасаған тұлғаларды заң бойынша қудалау мақсатында құқық қорғау органдарына; салық төлеушінің салық міндеттемелерін айқындау туралы істерді және салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар үшін жауапкершілікті қарау барысында соттарға; прокурордың санкциясымен атқару құжаттарын орындау кезінде сот орындаушыларына мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткішін қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органға берілетін;

5) Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын салық немесе құқық қорғау органдары арасындағы өзара ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға (келісімдерге), сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің салық және құқық қорғау органдарына, халықаралық ұйымдарға берілетін;

6) салық есебін табыс етудің осы Кодексте белгіленген мерзімінен бастап алты ай өткеннен кейін салық есебін табыс етпеген және (немесе) нақты мекенжайында (тұрғылықты жерінде) болмаған салық төлеушілердің тіркеу деректері туралы, сондай-ақ сот жалған кәсіпорындар деп таныған салық төлеушілер туралы мәліметтерді қоспағанда, салық қызметі органы салық төлеуші туралы алған кез келген мәліметтер салық құпиясы болып табылады.

2. Салық төлеушіге қатысты ақпаратты салық төлеушінің жазбаша рұқсатынсыз басқа тұлғаға беруге болмайды.

3. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, салық қызметі органдары, олардың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органның лауазымды тұлғалары салық құпиясын жария етпеуге тиіс. Мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі уәкілетті орган салық құпиясын құрайтын мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды тұлғалардың тізбесін бекітеді.

4. Салық қызметінің және мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органның лауазымды тұлғалары аталған органдарда жұмыс істеген кезеңде де, сондай-ақ өзі қызметтен босағаннан кейін де салық құпиясы болып табылатын деректерді жария етуге құқылы емес.

5. Салық құпиясы болып табылатын мәліметтері бар құжаттарды жоғалту не осындай мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

*Ескерту. 518-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.06.22. N 147, 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **519-бап. Бюджетке түсімдерді есепке алу**

1. Бюджетке түсімдерді есепке алуды салық органдары салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелген және түскен сомалары бойынша салық міндеттемелерінің орындалуын салық төлеушінің жеке шотында көрсету жолымен жүзеге асырады.

2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін есептеу бірыңғай бюджет сыныптамасына сәйкес жүргізіледі.
3. Жеке шоттарды жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

## 93-тарау. Салық төлеушілерді тіркеу

### 520-бап. Осы тарауда қолданылатын терминдер мен анықтамалар

1. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімі - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуі мен уақтылы төленуін бақылауды жүзеге асыру мақсатымен уәкілетті орган жүргізетін салық төлеушілерді есепке алудың мемлекеттік деректер базасының жүйесі.
2. Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу - салық төлеуші туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Салық төлеушілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу.
3. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі - салық төлеуші ретінде оны мемлекеттік тіркеу және Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізіліміне ол туралы мәліметтерді енгізу кезінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша салық төлеушіге берілетін бірыңғай нөмір.
4. Тіркеу есебі - салық төлеушіні салық органында есепке қою, соның нәтижесінде салық төлеушінің тіркеу деректері, оның ішінде салық төлеушінің тұрған жері, оған салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің тиесілілігі; салық төлеушінің тіркеу деректерінің ағымдағы өзгерістерін тіркеу; есептен шығару белгіленеді. Салық төлеушінің тіркеу деректері - салық төлеушіні мемлекеттік тіркеу (тіркеу есебіне алу) кезінде оның салық органына берген мәліметтері және (немесе) уәкілетті органдар табыс еткен мәліметтер.
5. Салық төлеушінің куәлігі - қатаң есептілік бланкісі болып табылатын және салық төлеушіге оны Қазақстан Республикасы Салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу кезінде тіркеу нөмірі берілгені туралы құжат.

Салық төлеушінің куәлік нысанын уәкілетті орган белгілейді.

*Ескерту. 520-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 520-1-бап. Жалпы ережелер

1. Салық төлеушіні мемлекеттік тіркеу, осы баптың 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, және тіркеу есебіне алу тіркеу туралы (мемлекеттік тіркеу туралы, тіркеу есебіне қою туралы, тіркеу деректерінің өзгеруі туралы) өтініш, есептен шығару туралы өтініш негізінде жүргізіледі, олар:

- 1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасалады;
- 2) қол қойылады, куәландырылады және салық есептілігі үшін осы Кодекстің 69-бабында көзделген тәртіппен салық органына беріледі.

1-1. Салық төлеушілерді - заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктері мемлекеттік тіркеуді статистика жөніндегі уәкілетті орган ұсынатын хабарламалардың негізінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін бере отырып, уәкілетті орган аталған хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Хабарламаның нысанын және оны статистика жөніндегі уәкілетті органның ұсыну тәртібін уәкілетті орган мен статистика жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары бойынша хабарламаның нысанын және оны статистика жөніндегі уәкілетті органға табыс ету тәртібін уәкілетті органмен және статистика жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Салық төлеушінің куәлігін тіркелген заңды тұлғаға, филиалға және өкілдікке салық төлеушінің тіркеу нөмірін берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде беру үшін оны салық органы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісім бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен әділет органына, ал, салық төлеушіге - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысына Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган жіберуге тиіс.

2. Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу тәртібін, сондай-ақ тіркеу және есептен шығару туралы өтініштерге қоса берілетін құжаттардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

3. (алынып тасталды - 2007.07.26. N 312 )

*Ескерту. 520-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2004.03.18. N 537, 2006.06.05. N 146 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **521-бап. Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу**

1. Қазақстан Республикасында мыналар:

- 1) орналасқан жері бойынша - резидент заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері;
  - 2) тұрақты мекемесінің орналасқан жері бойынша - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құру арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар;
  - 3) Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңдарында айқындалған уәкілетті тұлғаның тұрғылықты жері бойынша - бірлескен жеке кәсіпкерлік;
  - 4) тұрғылықты жері бойынша - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылатын резидент жеке тұлғалар;
  - 5) Қазақстан Республикасында болатын жері бойынша - осы Кодекстің 192-бабының 2-тармағында аталған (осы тармақтың 5-1) тармақшасында аталған тұлғаларды қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және осы Кодекске сәйкес арнаулы салық режимдерін қолданатын резидент емес жеке тұлғалар;
- 5-1) мүлкі резидент емес заңды тұлғаның сатылған акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 процентінен аспайтын резидент-эмитенттің немесе резидент заңды тұлғаның тіркелген жері бойынша - бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсуінен табыс алатын және осы Кодекстің 178-бабының 3) тармақшасында аталған, осы Кодекстің 183 немесе 190-баптарына сәйкес салық салынуға тиіс резидент еместер болып табылатын жеке және заңды тұлғалар;
- 6) салық салу объектілері орналасқан және (немесе) тіркелген жер бойынша - Қазақстан Республикасында салық салу объектілерін иеленетін резидент еместер;
  - 7) резидент банк орналасқан жері бойынша - осы Кодекстің 521-бабы 1-тармағының 1)-3), 5) және 6) тармақшасында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік тіркеуге жатпайтын, резидент банктерде ағымдық шоттарын және карт-шоттарын ашатын резидент еместер салық төлеушілер ретінде мемлекеттік тіркелуге тиіс.
2. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін уәкілетті орган жүргізеді.
3. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін жасау және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.
4. (алып тасталды)

*Ескерту. 521-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **522-бап. Салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеуден өту мерзімдері**

1. Жеке тұлғалар осы Кодексте көзделген салық міндеттемелері туындаған кезден бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеуден өту және салық төлеушінің мемлекеттік тіркеу нөмірін алу үшін салық органына өтініш жасауға міндетті.
2. (алып тасталды)
3. (алып тасталды)
4. Осы Кодекстің 522-бабы 1-тармағының ережелері мемлекеттік тіркеуден өту мерзімі осы Кодекстің 527-бабымен белгіленген резидент еместерге қолданылмайды.

*Ескерту. 522-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.03.18. N 537 Заңдарымен.*

#### **523-бап. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі**

1. Салық төлеушілерді, осы Кодекстің 520-1 бабының 1-1-тармағында көрсетілген салық төлеушілерді қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді уәкілетті орган салық төлеушінің тіркеу нөмірін беріп және салық төлеуші салық органына мемлекеттік тіркеу туралы өтініш бергеннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде оған салық төлеушінің куәлігін бере отырып жүзеге асырады.
2. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі салық төлеуші ұсынатын салық есеп-қисабы құжаттарында, сондай-ақ салық міндеттемелерінің орындалуына байланысты өзге де құжаттарда көрсетілуге тиіс.
3. Салық төлеушінің тіркеу нөмірін салық органы оның салық міндеттемелеріне қатысты жіберілетін салық төлеушінің барлық құжаттарында көрсетуге тиіс.
4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру, өзгерту және оны жарамсыз деп тану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

#### **524-бап. Салық төлеушілерді тіркеу есебі**

1. Салық төлеушілерді тіркеу есебі салық төлеуші салық органдарында салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу рәсімінен өткеннен кейін жүзеге асырылады.
  2. Салық төлеуші:
    - 1) заңды тұлға, оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ осы Кодекстің 521-бабының 1-тармағында аталған резидент емес заңды тұлға үшін:  
заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан орны бойынша;  
қызметті жүзеге асыру орны бойынша;  
салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша;
    - 2) жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкер үшін:  
резидентке - тұрғылықты жері бойынша;  
резидент емеске - келген орны бойынша;  
салық салу объектілерінің, салық салуға байланысты объектілердің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша;  
кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны бойынша салық органдарында тіркеу есебіне тұруға міндетті.
  3. Салық органы жеке тұлғаларды салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша тіркеу есебін осы Кодекстің 530-бабына сәйкес салық салу объектілерін есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар беретін мәліметтер негізінде жүргізеді. Осы баптың мақсаты үшін мыналар:
    - 1) жылжымайтын мүлік (жер) үшін - олардың нақты орналасқан жері;
    - 2) көлік құралдары үшін - көлік құралдарының мемлекеттік тіркелген жері, ал ондай жоқ болған жағдайда - мүлік иесінің орналасқан (тұрғылықты) жері салық салу объектісінің орналасқан жері болып танылады.
  4. (алып тасталды)
  5. Құрылымдық бөлімшені тіркеу есебіне қою кезінде есепке қою туралы өтініште осы құрылымдық бөлімшені құрған салық төлеуші заңды тұлғаның тіркеу нөмірі көрсетіледі.
  6. Салық төлеуші салық органына тіркеу туралы өтінішті тіркеу есебіне қою орны бойынша:  
тіркеу есебіне қою үшін - тіркеу есебіне қою туралы талаптар туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;  
тіркеу деректерінің өзгерістерін енгізу үшін - осындай өзгерістер туындаған кезден бастап он жұмыс күні ішінде беруге міндетті.
  7. Тіркеуге алу есебі салық төлеушіге бұрын берілген тіркеу нөмірі өзгертілмей жүргізіледі.
  8. Салық органы тіркеуге алу есебіне қоюды салық төлеушінің өтініші берілген кезден бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.  
Осы баптың 11-тармағында көрсетілген жағдайда, тіркеуге алу есебіне қою салық төлеуші өтініш берген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
  9. (алынып тасталды - 2007.07.26. N 312 )
  10. Салық төлеушінің куәлігінде көрсетілген тіркеу деректері өзгерген жағдайда, салық органы осы Кодекстің 521-524-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, салық төлеушінің бұрынғы тіркеу нөмірі сақталған және салық төлеушінің бұрын берілген куәлігі жойылған жағдайда, салық төлеушінің деректері өзгертілген куәлігін беруді жүзеге асырады.
  11. Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға қызметін жүзеге асыратын орнын, тұрғылықты жерін, келген жерін немесе салық салу объектілерінің орналасқан және (немесе) тіркеу орнын өзгерткен жағдайда, салық төлеуші салық органына жиырма жұмыс күні ішінде қызметін жүзеге асыратын жаңа орны, тұрғылықты жері, келген жері немесе салық төлеушіге бұрын берілген тіркеу нөмірін көрсете отырып, салық салу объектілерінің орналасқан және (немесе) тіркелген жері бойынша тіркеу есебіне қою туралы өтініш беруге міндетті.
  12. Салық салу объектілерінің есебін жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.
- Ескерту. 524-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.03.18. N 537, 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*
- 525-бап. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шығарып тастау**
1. Салық төлеушіні Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шығарып тастау осы Кодекстің 57, 58-баптары негізінде салық міндеттемелерінің тоқтатылуына байланысты уәкілетті органдар беретін мәліметтер бойынша және (немесе) салық төлеушінің немесе оның өкілінің есептен шығару туралы өтінішімен жүзеге асырылады.
- 1-1. Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінен:

1) осы Кодекстің 521-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында аталған резидент еместерді шығару, Қазақстан Республикасында салық салу объектілеріне және салық міндеттемелерін орындауға (меншік, жерді пайдалану, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығы) қатысты осы Кодексте белгіленген құқық тоқтатылғанда жүзеге асырылады;

2) осы Кодекстің 52 1-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында аталған резидент еместерді шығару, банктегі шоты жабылған жағдайда жүзеге асырылады;

3) осы Кодекстің 525-бабы 1-1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталғандардан басқа, осы Кодекстің 521-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын резидент еместерді шығару, Қазақстан Республикасынан кеткен және осындай резидент емес Қазақстан Республикасындағы салық міндеттемелерін орындаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Салық төлеушіні Қазақстан Республикасы Салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығару:

1) салық төлеуші әрекетсіз заңды тұлға белгілеріне сәйкес келген және оның тіркеу нөмірі сақтала отырып, салық берешегі болмаған жағдайда;

2) салық төлеушіні сот жалған кәсіпорын деп таныған жағдайда жүргізіледі.

Әрекетсіз заңды тұлға болып корпорациялық табыс салығы туралы декларацияны немесе жеңілдетілген декларацияны осы Кодексте белгіленген оларды беру мерзімінен бір жыл өткеннен кейін бермеген заңды тұлға танылады, бұған аталған декларацияларды беру жөніндегі талаптар қолданылмайтын салық төлеушілер қосылмайды.

*Ескерту. 525-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **526-бап. Банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттері**

Банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар:

1) тармақшаға 2012 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 224 Заңымен өзгерту енгізіледі.

1) салық төлеушіге резидент еместердің жинақ шоттарынан және (немесе) шетелдік корреспондент-банктердің корреспонденттік шоттарынан басқа банк шоттарын ашу кезінде, салық төлеушінің тіркелу нөмірін ескеру, салық төлеуші заңды тұлғаға және жеке кәсіпкерге аталған шоттардың ашылғандығы туралы салық органдарын үш жұмыс күні ішінде хабардар ету;

2) вексельді және банк соның негізінде қолма-қол ақшаны қабылдау мен беру жүргізетін төлем құжаттарын қоспағанда, төлем құжаттарында салық төлеушінің тіркеу нөмірін қоймай, резидент еместердің шоттарынан және (немесе) шетелдік корреспондент-банктердің корреспонденттік шоттарынан басқа банк шоттары бойынша операцияларды жүргізбеуге;

3) төлем құжаттарын өңдеу кезінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін тіркеу нөмірінің құрылымына (қалыптастыру алгоритміне) сәйкес көрсетуінің дұрыстығын бақылауға;

4) клиентке қойылатын талаптардың бәрін қанағаттандыру үшін клиенттің банк шотында (шоттарында) ақшасы жеткілікті болған кезде банк шотынан салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге арналған төлем тапсырмаларын бірінші кезектегі тәртіппен орындауға міндетті. Белгіленген мерзімде енгізілмеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын, өсімпұлдар мен айыппұлдарды алуға арналған салық органдарының инкассолық өкімдерін салық органдарының нұсқамаларын алған күннен бастап бір операциялық күннен кешіктірмей осындай тәртіппен орындауға міндетті.

Клиентке қойылатын талаптардың бәрін қанағаттандыру үшін банк шотында (шоттарында) ақшасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда банк салық берешегін жабу есебіне ақшаны алып қоюды Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді;

5) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылығының шотына салық төлеушінің банк шотынан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күні аударуға;

6) нұсқамасы болған ретте, тексерілетін заңды тұлға мен жеке кәсіпкерлердің банк шоттары бойынша жасалатын операцияларды, осы шоттарда ақша бар-жоқтығын тексеруге салық органдары қызметкерлерін жіберуге;

7) осы Кодексте көзделген жағдайларда салық органының шешімі бойынша және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен салық төлеуші заңды тұлға мен жеке кәсіпкердің банк шоттарындағы салық берешегін өтеу жөніндегі операциялардан басқа барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

8) банк қарыз алушының берешегін есептен шығарған кезде салық төлеушіде міндеттемелерін есептен шығару нәтижесінде кіріс пайда болғаны туралы қарыз алушы-салық төлеуші тіркелген жер бойынша салық органын бір ай ішінде хабардар етуге;

9) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша осы Кодекстің 198-бабына сәйкес салық агенттері тіркелген орын бойынша салық органдарына есеп беруге;

10) осы Кодекстің 16-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес салық органдарының жүргізген жазбаша сауал салуы негізінде жеке кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарындағы, заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе соларға

теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымға үміткер болып табылатын адамдардың немесе олардың жұбайларының (зайыптарының) банк шоттарындағы ақшаның қалдығы және қозғалысы жөніндегі мәліметтерді салық органдарына ұсынуға міндетті.

*Ескерту. 526-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **527-бап. Резидент емес жеке және заңды тұлғаларды салық органдарында мемлекеттік тіркеу ерекшеліктері**

1. (алып тасталды)

2. Осы Кодекстің 521-бабы 1-тармағының 5) және 5-1) тармақшаларында аталған резидент емес жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруды бастаған күннен бастап немесе Қазақстан Республикасында салықтық міндеттемесі туындаған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде салық органында мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті.

3. Осы Кодекстің 521-бабы 1-тармағының 5-1) тармақшасында аталған резидент емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасында салықтық міндеттемесі туындаған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде салық органында мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті.

3-1. Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу осы Кодекстің 520-1 және 523-баптарының белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

Бұл ретте осы тармақта аталған резидент емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыруды бастаған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті.

3-2. Қазақстан Республикасында салық салынатын объектілерді иеленуші резидент еместер Қазақстан Республикасында салық салынатын объектіні алған кезден бастап отыз жұмыс күні ішінде салық органында мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті.

4. Осы Кодекстің 177-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес қызметі резидент еместің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын, соның ішінде резидент емес жеке немесе заңды тұлға тиісті келісімге (шартқа, келісім-шартқа) қол қойған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тіркеу туралы немесе аталған келісім болмаған жағдайда осындай қызметі нақты басталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуден өту мақсатында салық органына өтініш табыс етуге міндетті.

5. Қазақстан Республикасында резидент еместің қызметін жүзеге асыруын бастау күні мына күндердің бірі:

1) келісім-шартты (шартты, келісімді):

Қазақстан Республикасындағы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындауға;

Қазақстан Республикасында оның атынан іс-әрекет жасауға өкілеттік беруге;

өткізу мақсатымен Қазақстан Республикасында тауарларды сатып алуға;

Қазақстан Республикасында (жай серіктестікке қатысуға) бірлескен қызметті жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыру мақсатында жұмысты (қызмет көрсетуді) сатып алуға жасасқан күні;

2) Қазақстан Республикасында тұлғамен бірінші еңбек шартын немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы өзге де шарт жасасқан күн не осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген келісім-шарттың талаптарын орындау үшін қызметкердің Қазақстан Республикасына келу күні болған кезде айқындалады. Бұл ретте Қазақстан Республикасында резидент еместің қызметін жүзеге асыруды бастау күні осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген алғашқы күндердің біріне қарағанда ерте болмауға тиіс.

3) (алып тасталды)

6. Салық агенттері өзі тіркелген жердегі салық органына Қазақстан Республикасында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға келісім-шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде және резидент еместің қызметті жүзеге асыруды аяқтаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша резидент еместің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы және резидент еместің Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметінің жүзеге асыруды аяқтағаны туралы өтініштерді табыс етуге міндетті.

Осы Кодекстің 521-бабының 1-тармағында аталмаған резидент еместерге Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындағаны, қызметтер көрсеткені үшін кірістер төлейтін салық агенттеріне осы тармақтың ережелері қолданылады.

*Ескерту. 527-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.03.18. N 537, 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.*

#### **528-бап. Салық төлеушінің тіркеу есебін жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілігі**

Салық төлеуші Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес салық төлеушінің мемлекеттік тіркеуден өту мерзімін бұзғаны үшін; салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру мен тіркеу есебіне қою кезінде табыс етілетін мәліметтердің растығы, сондай-ақ салық есептілігінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін қоюдың дұрыстығы және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар үшін жауапты болады.

*Ескерту. 528-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **529-бап. Уәкілетті органдардың салық төлеушілерді тіркеуді жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-әрекеті**

Салық төлеушілерді тіркеу есебін жүзеге асыру кезінде салық қызметі органдары мынадай:

- 1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және таратуды жүзеге асыратын;
- 2) статистика жүргізетін;
- 3) салық салумен байланысты объектілерді және салық салу объектілерін есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын;
- 4) лицензиялар, куәліктер немесе рұқсат беру мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттарды беретін;
- 5) жеке тұлғаларды Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жері бойынша тіркеуді жүргізетін;
- 6) азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын;
- 7) нотариаттық іс-әрекеттер жасауды жүзеге асыратын;
- 8) қорғаншылық пен қамқоршылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдармен;
- 9) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін басқа да уәкілетті органдармен өзара іс-әрекет жасайды.

#### **530-бап. Салық қызметі органдары тіркеу есебін жүзеге асыратын кездегі уәкілетті органдардың міндеттері**

1. Осы Кодекстің 529-бабында белгіленген уәкілетті органдар уәкілетті орган белгілейтін тәртіпке сәйкес тиісті мәліметтерді енгізу кезінен бастап он жұмыс күні ішінде салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілері бар салық төлеушілер туралы мәліметтерді өзінің орналасқан жері бойынша салық қызметі органдарына табыс етуге міндетті.
2. Салық салу объектілерін, басқа да міндетті төлемдер алынатын объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар салық төлеушілер, сондай-ақ салық салу объектілері, басқа да міндетті төлемдер алынатын объектілер туралы мәліметтерді олардың есепке алынған және (немесе) тіркелген орны бойынша салық қызметі органдарына уәкілетті орган белгілейтін мерзім мен нысанда табыс етуге міндетті.
3. Лицензиялар, куәліктер немесе рұқсат ету мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттарды беретін уәкілетті органдар олардың берілген (тоқтатылған) кезінен бастап он жұмыс күні ішінде лицензия, куәлік немесе рұқсат ету мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттар берілген (тоқтатылған) салық төлеушілер туралы мәліметтерді өзінің орналасқан жері бойынша салық қызметі органдарына табыс етуге міндетті.
4. Шетелдік заңды тұлғалардың келуін (кетуін) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган олардың келуін (кетуін) тіркегеннен кейін келудің мақсатын, орнын және болу мерзімін көрсете отырып, келуші шетелдік жеке тұлғалар туралы мәліметтерді он жұмыс күнінен кешіктірмей салық қызметі органына табыс етуге міндетті.
5. Бюджетке міндетті төлемдер жинауды, салық салу объектілерінің және салық салуға байланысты объектілердің есебін және (немесе) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті органдар берілетін мәліметтерде салық төлеушінің тіркеу нөмірін көрсетуіне міндетті.

*Ескерту. 530-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **531-бап. Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілерді есепке алудың ерекшеліктері**

1. Осы бапта көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде салық төлеуші:

- 1) бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда жасаудың;
- 2) алкогольді өнім өндіру мен (немесе) көтерме сатудың;
- 3) шыны ыдыстар қабылдаудың;
- 4) лотереялар ұйымдастырудың, өткізудің және лотерея билеттерін сатудың;
- 5) ойын бизнесін ;
- 6) темекі өнімдерін өндіруді, көтерме сатуды және импортқа шығаруды жүзеге асырудың басталуы мен тоқтатылуы туралы салық органына мәлімдеуге міндетті.

Егер қызметтің осы түрі лицензиялауға жатса, қызметті жүзеге асырудың басталуын тіркеу салық төлеушінің тиісті лицензиясы болған жағдайда жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді кәсіпкерлік қызметінде пайдалануды бастағанға дейін оларды өтініш беру арқылы салық органында тіркеуге міндетті.

3. Салық органы өтініште аталған деректер негізінде объектілерді есепке алуды тіркеу карточкасын екі дана етіп толтырады, екі данасын да мөрмен және салық органы басшысының қолымен растайды.

Объектілерді есепке алуды тіркеу карточкасы - салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің салық органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат.

Объектілерді есепке алуды тіркеу карточкасының бір данасы салық органында қалады, екінші данасы салық төлеушіге беріледі.

Объектілерді есепке алудың тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде, салық төлеуші салық салу объектілерінің жалпы саны өзгерерден он жұмыс күні бұрын объектілерді есепке алуды тіркеу карточкасына тиісті өзгерістер енгізу үшін тиісті салық органына салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді қайта тіркеу туралы өтініш береді.

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруды тоқтатқан кезде, сондай-ақ салық салу объектілерінің жалпы саны шығып қалған кезде объектілерді есепке алудың тіркеу карточкасы қызметті жүзеге асыру тоқтатылған, салық салу объектілері шығып қалған кезден бастап он жұмыс күні ішінде салық органына тапсырылуға тиіс.

4. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық төлеуші салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтінішті олардың орналасқан жері бойынша береді.

Салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілерді тіркеуді (қайта тіркеуді) салық органы өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жүргізеді және ол объектілерді есепке алуды тіркеу (қайта тіркеу) журналында белгілейді.

5. Салық органдарында тіркелмеген салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді пайдалану Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Лотереялар ұйымдастыру, өткізу және лотерея билеттерін сату бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші оларды сату басталғанға дейін он күнгізбелік күн бұрын лотерея билеттерінің әрбір шығарылымын салық органында тіркеуге міндетті.

7. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілерді есепке алу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 531-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

#### **532-бап. Қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу**

1. Қосылған құн салығы бойынша төлеушілерді есепке қою талаптары осы Кодекстің ерекше бөлімінде айқындалады.

2. Қосылған құн салығы бойынша төлеушіні есепке қою және оларды есептен шығару тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 532-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **94-тарау. Салық тексерулері**

#### **533-бап. Салық тексерулері ұғымы мен түрлері**

1. Салық тексеруі - салық қызметі органдары жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы салық заңдарының орындалуын тексеру. Ұйғарымда көрсетілген салық қызметі органдарының лауазымды адамдары, осы Кодекске сәйкес тексеруді жүргізуге тартылатын өзге де адамдар мен салық төлеуші салық тексерулеріне қатысушылар болып табылады.

1-1. Арнайы білімді және дағдыны талап ететін мәселелерді зерттеу және консультация алу үшін, қажет болған жағдайларда, салық қызметі органы салықтық тексеруге салықтық тексерудің нәтижесіне мүдделі емес маманды тартуы мүмкін.

Алға қойылған мәселелер бойынша маман қорытынды жасайды, ол салықтық тексеру актісіне қоса беріледі.

2. Салық тексерулерін салық қызметі органдары ғана жүзеге асырады.

3. Салық тексеруі мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) құжаттық тексеру;
- 2) рейдтік тексеру;
- 3) хронометраждық зерттеу.

4. Құжаттық тексеру мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) кешенді тексеру - салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша салық міндеттемелерінің орындалуын тексеру;
- 2) тақырыптық тексеру -

салық міндеттемесінің салықтың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері бойынша орындалуын;

міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына және әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына толық және уақтылы ұстап қалуды және (немесе) есептеуді;

банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте белгіленген міндеттерді орындауын;

трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша;

салық төлеуші мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуды айқындау мәселелері бойынша тексеру;

3) қарсы тексеру - егер салықтық тексеруді жүргізу кезінде салық органында аталған тұлғаларға байланысты салық төлеушілердің жүргізген операцияларының салық есебінде дұрыс көрсетілуі туралы қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаса, үшінші бір тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру.

Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығына салықтық тексеруді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар бойынша камералық бақылауды жүргізу кезінде бұзушылықтар анықталған экспортталған тауарларды өндіру және олардың айналымы процесіне қатысқан тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші салық төлеушілерді тексеру де қарсы тексеру болып табылады;

4) қосымша тексеру - салық төлеушінің шағымында жазылған мәселелер бойынша салықтық тексерудің нәтижелері бойынша салық төлеушінің шағымын қарайтын немесе резидент еместің қосарланған салық салуды болғызбау туралы халықаралық шарттың ережелерін қолдану заңдылығына қатысты мәселелерді қайта қарау туралы өтінішін қарайтын салық қызметі органының шешімі негізінде жүргізілетін тексеру.

5. Рейдтік тексеруді салық қызметі органдары жекелеген салық төлеушілерге қатысты олардың Қазақстан Республикасы заңдарының жекелеген талаптарын, атап айтқанда:

1) салық төлеушілердің салық органдарында тіркеу есебіне қойылуы;

2) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолданудың дұрыстығы;

3) біржолғы талонның және өзге де рұқсат ету құжаттарының болуы;

4) салық қызметі органдарының құзыретінде болатын акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін және қызмет түрлерін лицензиялау ережелерін және өндіру, сақтау мен өткізу шарттарын орындау мәселелері бойынша жүргізеді.

6. Хронометраждық зерттеуді салық органдары салық төлеушінің нақты кірісін және кіріс алуға байланысты нақты шығындарды анықтау мақсатымен жүргізеді. Хронометраждық зерттеу уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүргізіледі.

7. Салық тексеруін жүргізу, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің қызметін тоқтатпауға тиіс.

8. Салық органы заңды тұлғаның өзіне салық тексеруінің жүргізілуіне қарамастан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін тексеруге құқылы.

*Ескерту. 533-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.03.13. N 394, 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (құшыне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **534-бап. Салық тексерулерін жүргізудің мерзімділігі**

1. Салық тексерулері мынадай мерзімділікпен жүргізіледі:

1) кешенді - жылына бір реттен жиі емес;

2) тақырыптық - салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің белгілі бір түрі бойынша, акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте белгіленген міндеттемелерді орындау және трансферттік бағалар қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша жарты жылда бір реттен жиі емес.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тақырыптық салықтық тексеру жылына бір реттен артық жүргізілмейді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шектеулер мынадай жағдайларда қолданылмайды:

1) заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға немесе таратуға және жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатуға байланысты жүзеге асырылатын құжаттық тексеруді жүргізу кезінде, сондай-ақ салық төлеушінің өтініші негізінде қосылған құнға салынатын салық бойынша есептен алып тастаған жағдайда.

Бұл орайда тексеру салық төлеушінің өтінішін алғаннан кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізілуіне тиіс;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың қолданылу мерзімі өтуіне байланысты жүзеге асырылатын құжаттық тексеруді жүргізу кезінде;

3) қарсы тексеруді жүргізу кезінде;

4) мынадай:

салық төлеушінің өтініші негізінде, қайтарылуға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының дұрыстығы, сондай-ақ лицензиар лицензияның қолданысын тоқтата тұрған бұзушылықтарды жою мәніне;

осы Кодекстің 52-бабына сәйкес салық төлеуші мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуды айқындау мәселелері бойынша;

резидент еместің қосарланған салық салуды болғызбау туралы халықаралық шарттың ережелерін қолдану жөніндегі өтінішінің негізінде жүргізілетін тақырыптық тексерулер жүргізу кезінде;

5) салықтық тексеру актісі бойынша хабарламаға салық төлеушінің шағымын немесе қосарланған салық салуды болғызбау туралы халықаралық шарттың ережелерін қолдану заңдылығына қатысты мәселені қайта қарау туралы резидент еместің өтінішін қарайтын органның шешімі негізінде жүргізілетін қосымша тексерулер кезінде;

6) нақты салық төлеушіге қатысты уәкілетті орган басшысының бұйрығына сәйкес жүргізілетін кезектен тыс құжаттық тексеру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген негіздер бойынша.

*Ескерту. 534-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358, 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **535-бап. Салық тексерулерін жүргізудің мерзімдері**

1. Берілетін нұсқамаларда көрсетілетін салық тексерулерін жүргізудің мерзімі, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, нұсқама тапсырылған кезден бастап отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

1-1. (тасталды)

2. Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаға салық тексеруін жүргізген кезде салық тексеруін жүргізудің мерзімін салық органы алпыс жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

3. Ерекше күрделі мәселелерді тексеру кезінде салық тексеруін жүргізудің мерзімін салық қызметінің жоғары тұрған органы құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлға үшін елу жұмыс күніне дейін, құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін сексен жұмыс күніне дейін арттыруы мүмкін. Ерекше күрделі мәселелер салық қызметінің жоғары тұрған органының салық төлеушіге тапсыратын негізделген жазбаша шешімімен расталады.

4. Салық тексеруін жүргізу мерзімі құжаттарды тапсыру туралы салық органының талаптарын салық төлеушіге беру кезі мен салық тексеруін жүргізу кезінде сұралатын құжаттарды салық төлеушіні табыс етуі аралығындағы уақыт кезеңінде, сондай-ақ салық органының мәліметтер мен құжаттарды сұратып алу кезінде тоқтатыла тұрады.

Салықтық тексеру мерзімінің ішінде халықаралық келісімдерге сәйкес шет мемлекеттерге салық қызметі органдарының ақпарат беру және ол бойынша мәліметтер алу туралы сұрау салған кездерінің арасындағы уақыт кезеңінде де тоқтатыла тұрады.

5. Хронометраждық зерттеулер жүргізудің мерзімі уәкілетті орган бекіткен хронометраждық зерттеулер жүргізу тәртібіне сәйкес белгіленеді.

*Ескерту. 535-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **95-тарау. Салық тексерулерін жүргізу тәртібі**

#### **536-бап. Салық тексеруін жүргізу негіздемесі**

1. Салық тексеруін жүргізу үшін мынадай деректемелерді:

1) нұсқаманың салық органында тіркелген күні мен нөмірін;

2) нұсқама шығарған салық органының атауын;

3) салық төлеушінің толық атауын;

4) салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

5) тексеру түрін;

- 6) тексеретін адамдардың, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес тексеру жүргізуге тартылған өзге де адамдардың лауазымын, тегін, атын, әкесінің аты;
  - 7) тексеру жүргізілетін мерзімін;
  - 8) құжаттық тексерулер кезіндегі тексерілетін салық кезеңін қамтитын нұсқама негіздеме болып табылады.
2. Рейдтік тексеру тағайындалған кездегі нұсқамада аумақтың тексерілетін учаскесі, тексеру барысында анықталуға жататын мәселелер, сондай-ақ осы баптың 3), 4) және 7) тармақшаларын қоспағанда, 1-тармағында көзделген мәліметтер көрсетілуге тиіс.
3. Тақырыптық, қосымша, қарсы тексерулер тағайындалған кезде нұсқамада:
- салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің тексерілетін түрі;
  - міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына, әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына толық және уақтылы ұстап қалу және (немесе) аудару мәселелері;
  - банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте белгіленген міндеттемелерді орындау мәселелері;
  - трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері;
  - акцизделген тауарлардың жекелеген түрлері өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері;
  - салық төлеуші мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау мәселелері көрсетіледі.
4. Нұсқамаға салық органының бірінші басшысы немесе оны ауыстыратын адам қол қоюға, ол салық органының елтаңбалы мөрмен расталуға және уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес арнаулы журналда тіркелуге тиіс.
5. Осы Кодекстің 535-бабында көзделген тексеру мерзімі ұзартылған және (немесе) тексеруді жүргізетін адамдардың саны өзгерген және (немесе) тексерілетін салық кезеңі өзгерген жағдайда қосымша нұсқама ресімделіп, онда бұдан бұрынғы нұсқаманың нөмірі мен тіркелген күні, осы Кодекске сәйкес тексеру жүргізуге тартылатын адамдардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.
6. Бір ұйғарым негізінде бір ғана салық тексеруі жүргізілуі мүмкін.

*Ескерту. 536-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **537-бап. Салық тексеруін жүргізудің басталуы**

1. Салық төлеушіге (салық агентіне) нұсқама берілген кез салық тексеруін жүргізудің басталуы болып есептеледі.
2. Салық органының салық тексеруін жүргізуші лауазымды адамдары салық төлеушіге (салық агентіне) қызмет куәлігін көрсетуге міндетті.
3. Салық органының салық тексеруін жүргізуші лауазымды адамы, рейдтік тексеруді қоспағанда, салық төлеушіге нұсқаманың түпнұсқасын табыс етеді. Нұсқаманың көшірмесіне салық төлеуші (салық агенті) нұсқамамен танысқаны және оны алғаны туралы белгі қояды.
4. Рейдтік тексеру жүргізілген кезде салық төлеушіге танысу үшін нұсқаманың түпнұсқасы көрсетіледі және оның көшірмесі табыс етіледі. Нұсқамамен таныстырылғаны және оның көшірмесін алғаны туралы түпнұсқаға белгі қойылады.
5. Салық төлеушінің (салық агентінің) нұсқаманы алудан бас тартуы салық тексеруін жүргізудің күшін жоюға негіз болып табылмайды.
6. Салық тексерулерін жүзеге асыру кезеңінде тексерілетін салық кезеңіндегі салық есептілігіне салық төлеушінің өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

#### **538-бап. Салық қызметі органы лауазымды адамдарының тексеруді жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға жіберілуі**

1. Салық төлеуші салық қызметі органының салық тексеруін жүргізетін лауазымды адамдарын табыстарды алу үшін пайдаланылатын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайлардан басқа) не салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілерге жіберуге міндетті.
2. Салық қызметі органының салық тексеруін жүргізуші лауазымды адамдарының көрсетілген аумақтарға немесе үй-жайларға (тұрғын үйлерден басқа) кіруіне бөгет жасалған жағдайда хаттама жасалады.
3. Хаттамаға салық органының тексеруді жүргізуші лауазымды адамдары және салық төлеуші (салық агенті) қол қояды. Аталған хаттамаға қол қоюдан бас тартқан кезде салық төлеуші (салық агенті) бас тартуының себептері туралы жазбаша түсініктеме беруге міндетті.
4. Егер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес салық төлеушінің аумағына немесе үй-жайына кіру үшін арнаулы рұқсат қажет болатын болса, салық қызметі органы лауазымды адамдарында ол болуға тиіс.
5. Салық төлеушінің мынадай жағдайларда, егер:

нұсқама белгіленген тәртіппен тапсырылмаса не ресімделмеген болса;

нұсқамада көрсетілген тексеру мерзімдері әлі басталмаған немесе өтіп кеткен болса;

бұл адамдар нұсқамада көрсетілмеген болса;

тексерілетін салық кезеңіне қатысы жоқ құжаттамалар сұратылса, салық органының лауазымды адамдарын салық тексеруін жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға жібермеуге құқығы бар.

#### **539-бап. Құжаттарды алып қою**

Құжаттарды алып қою Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүргізіледі.

#### **540-бап. Салық тексеруін аяқтау**

1. Салық тексеруі аяқталған соң салық қызметі органының лауазымды адамы мыналарды:

- 1) салық тексеруінің жүргізілген орнын, акті жасалған күнін;
  - 2) тексерудің түрін;
  - 3) салық қызметі органының салық тексеруін жүргізген лауазымды адамдарының қызметін, тегін, атын, әкесінің атын;
  - 4) салық төлеушінің (салық агентінің) тегін, атын, әкесінің атын не толық атауын;
  - 5) салық төлеушінің (салық агентінің) орналасқан жерін, банктік деректемелерін, сондай-ақ оның тіркеу нөмірін;
  - 6) салық төлеушінің (салық агентінің) салық есептілігі мен бухгалтерлік есептілікті, салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге тексеру жүргізуге жауапты басшысы мен лауазымды адамдарының тегін, атын, әкесінің атын;
  - 7) алдыңғы жүргізілген тексеру мен бұрын анықталған салық заңдарын бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы мәліметтерді;
  - 8) тексерілетін салық кезеңін және тексеру жүргізу үшін салық төлеуші (салық агенті) табыс еткен құжаттар туралы жалпы мәліметтерді;
  - 9) Қазақстан Республикасының салық заңдарының тиісті нормасына сілтеме жасай отырып, салық бұзушылығының егжей-тегжейлі жазылған сипаттамасын;
  - 10) салық тексеруінің нәтижелерін көрсете отырып, салық тексеруінің актісін жасайды.
2. Салық тексеруінің актісі салық төлеушіге тапсырылған күн салық тексеруі мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.
3. Салық тексеруінің аяқталуы бойынша салық заңдарының бұзылуы анықталмаған жағдайда, онда бұл туралы салық тексеруі актісіне тиісті белгі қойылады.
4. Салық тексеруі актісіне қажетті құжаттардың көшірмелері, салық қызметі органының лауазымды адамы жүргізген есеп-қисаптар және салық тексеруі барысында алынған басқа да материалдар қоса тіркеледі.
5. Салық тексеруі актісі кем дегенде екі дана етіп жасалады және оған салық тексеруін жүргізген салық қызметі органының лауазымды адамдары қол қояды.
6. Салық тексеруі актісі салық тексеруі актілері мен хабарламаларын тіркейтін арнаулы журналда тіркеледі, ол нөмірленуге, бау өткізілуге және салық қызметі органының мөрімен куәландырылуға тиіс.
7. Салық тексеруі актісінің бір данасы салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылады. Салық төлеуші (салық агенті) салық тексеруі актісін алған кезде оны алғаны туралы белгі қоюға міндетті.

#### **541-бап. Салық тексеруі нәтижелері бойынша шешім**

1. Салық тексеруі актісінде көрсетілген нәтижелер негізінде салық тексеруін аяқтау бойынша салық қызметі органы осы Кодекстің 31-бабына сәйкес белгіленген мерзімде салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілетін салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомалары және өсімпұлдар туралы хабарлама шығарады.
2. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың есептелген сомалары туралы хабарламаны және салық тексеруі актісін тіркеуді, осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, салық қызметі органы бір нөмірмен жүзеге асырады.
3. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың есептелген сомалары туралы хабарламада мынадай деректемелер мен мәліметтер:
  - 1) хабарламаны және салық тексеруі актісін тіркеу күні мен нөмірі;
  - 2) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы;
  - 3) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
  - 4) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың есептелген сомасы;
  - 5) төлеу туралы талап және төлеу мерзімі;

- 6) тиісті салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың деректемелері;
- 7) шағым жасау мерзімі мен орны болуға тиіс.
4. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың есептелген сомалары туралы хабарламаны алған салық төлеуші, егер салық төлеуші салық тексеруі нәтижелеріне шағым жасамаса, оны хабарламада белгіленген мерзімде орындауға міндетті.
5. Егер салық тексеруінің аяқталуы бойынша салық заңдарын бұзу анықталмаған болса, салық тексеруі нәтижелері бойынша хабарлама шығарылмайды.

*Ескерту. 541-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 96-тарау. Камералдық бақылау

### 542-бап. Камералдық бақылау ұғымы

1. Камералдық бақылау - салық төлеушілер берген салық есептілігін және басқа да құжаттарды зерделеу мен талдау негізінде тікелей салық органы жүзеге асыратын бақылау.
2. Камералдық бақылау тікелей салық органының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

### 543-бап. Камералдық бақылау нәтижелері

Салық органы салық есептілігін қателіктер тапқан, салық есептілігінде келтірілген мәліметтердің арасынан қайшылық табылған, сондай-ақ шағын бизнес субъектілері үшін көзделген шарттарды асыра пайдаланған кезде осы Кодекстің 31-бабына сәйкес салық төлеушіге жіберілген қателіктерді өз бетінше жоюы үшін, сондай-ақ салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшуі үшін хабарлама жіберіледі.

## 97-тарау. Мониторинг

### 544-бап. Салық төлеушілер мониторингі ұғымы

1. Салық төлеушілер мониторингі салық төлеушілердің нақты салық салынатын базасын анықтау және тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құнын қалыптастырудың негізділігіне талдау жүргізу, қаржы, валюта заңдарын, қолданылатын нарықтық бағаларды сақтау мақсатында салық төлеушілердің қаржы-шаруашылық қызметін байқау жүйесін қолдану жолымен жүзеге асырылады.
2. Электронды мониторинг - осы баптың 1-тармағында белгіленген, электрондық цифрлық қолтаңбамен расталып, электрондық құжат нысанында ақпарат беретін мониторинг түрі.
3. Салық төлеушілердің мониторингі республикалық және аймақтық деңгейде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 544-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 545-бап. Мониторингке жататын салық төлеушілер

1. Республикалық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.
2. Аймақтық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесін уәкілетті орган белгілейді.
3. Мониторингке жататын салық төлеушілер уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және мерзімдерде салық есептілігін тапсырады.

*Ескерту. 545-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 98-тарау. Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану

### 546-бап. Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану

1. Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде немесе қолма-қол ақша, банктік төлем карточкалары, чектер арқылы қызмет көрсеткенде ақшалай есеп айырысу міндетті түрде фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану және бақылау чегін беру арқылы жүргізіледі.

Осы тармақтың ережесі:

1) жеке кәсіпкерлердің (акцизделетін тауарларды өткізушілерден басқа):

қызметін шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі шеңберінде бір жолғы талон немесе патент негізінде жүзеге асыратындарының;

егер дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті бұрын алмаған салық төлеуші дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бері алты ай өтпеген болса;

қызметін шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асыратындарының;

2) салық төлеушілердің:

қызметін осы Кодекстің 391-397-баптарында белгіленген арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асыратындарының;

квитанцияларды, билеттерді, талондарды, почта төлемі белгілерін немесе құзыретті мемлекеттік орган енгізген қорытынды негізінде уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша чектерге теңестірілген басқа да қатаң есептілік құжаттарын бере отырып, халыққа қызмет көрсетуіне қатысты ақшалай есеп айырысуларына қолданылмайды. Құзыретті мемлекеттік орган қорытындысының нысаны мен оған қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді;

ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратындарының;

3) адвокаттардың ақшалай есеп айырысуларына қолданылмайды.

2. Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану мен пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналары - тауарлар сату мен қызмет көрсету кезінде ақшалай есеп айырысуды тіркеу үшін пайдаланылатын, ақпараттың маусым сайын түзетілмей тіркелуін және энергияға тәуелсіз ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін, фискальдық жады блогы бар электронды құрылғылар және (немесе) банктік компьютерлік жүйелер. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) және оны қалыптастырудың ережесін бекітеді.

Компьютерлік жүйе Мемлекеттік тізілімге (тізілімнен) байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган беретін қорытындының негізінде қосылады (ажыратылады).

Қорытынды, компьютерлік жүйенің осы бапта белгіленген техникалық талаптарға сәйкестігін растайтын құжат болып табылады. Қорытындыны берудің тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының техникалық ақауы болған немесе электр энергиясы болмаған жағдайда уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тауар чектерін пайдалануға және беруге рұқсат етіледі.

*Ескерту. 546-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 220 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.*

#### **547-бап. Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану жөніндегі талаптар**

Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының тіркеу карточкасын бере отырып, фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын тіркеу (есепке қою, тіркеу деректерін өзгерту), сондай-ақ есептен шығару қызметін жүзеге асыру орны бойынша салық органдарында жүргізіледі. Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын салық органында тіркеу қызмет басталғанға дейін жүргізіледі;

2) техникалық қызмет көрсетуге фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қою жүзеге асырылады;

3) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының чегін беру жүзеге асырылады;

4) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарына салық органдарының енуі қамтамасыз етіледі.

*Ескерту. 547-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **548-бап. Бақылау-касса машиналарының қолданылу және пайдаланылу тәртібінің сақталуына салық бақылауын жасау**

Салық органдары:

1) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының қолданылу және пайдаланылу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша салық төлеушінің салық міндеттемелерін орындау жөніндегі салық тексерулерін жүргізу кезінде фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының фискальдық блогындағы сақтаулы деректерді пайдаланады.

## **99-тарау. Акцизделетін тауарларға, мемлекеттің меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және өткізу тәртібін сақтауға бақылау жасау, уәкілетті және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жасау**

*Ескерту. 99-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

### **549-бап. Акцизделетін тауарларға бақылау жасау**

1. Шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, осы Кодекстің 257-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тауарлар, сондай-ақ, осы Кодекстің 257-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында белгіленген тауарлар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және шарттар бойынша есепке алу-бақылау маркаларымен маркалануға тиіс.
  2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес маркалауды акцизделетін тауарларды дайындаушылар мен импорттаушылар, сондай-ақ банкроттың мүлкін (активтерін) өткізетін конкурстық басқарушылар жүргізеді.
- Осы баптың 1-тармағына сәйкес маркалаудың дұрыстығы үшін акцизделетін тауарларды дайындаушылар мен импорттаушылар, сондай-ақ банкроттың мүлкін (активтерін) өткізетін конкурстық басқарушылар жауапты болып табылады.
3. Салық органы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалаудың ережесін акцизделетін тауарларды дайындаушының сақтауына бақылау жасайды.
  4. Салық органы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен акцизделетін тауарларды өндіруді жүзеге асыратын салық төлеушінің аумағында акциздік постылар белгілейді.
  5. Уәкілетті орган акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау және беру ережелерін белгілейді.

*Ескерту. 549-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **550-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібін сақтауға бақылау жасау**

1. Салық органы мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібін сақтауға және ол сатылған жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін бақылауды, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті беруді жүзеге асырады.
2. Мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

*Ескерту. 550-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.22. N 147 Заңдарымен.*

### **551-бап. Уәкілетті және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жасау**

Салық қызметінің органдары салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеудің дұрыстығы, оларды алудың толымдылығы мен уақтылы аударылуы жөніндегі мәселелер бойынша уәкілетті және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жасауды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

*Ескерту. 551-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## **18-бөлім. Салық тексеруі нәтижелеріне және салық қызметі органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау**

## 100-тарау. Салық тексеруі нәтижелеріне шағым жасау тәртібі

### 552-бап. Салық төлеушілердің салық тексеруі қорытындылары бойынша шағымдарын қарайтын органдар

1. Осы Кодексте көзделген ережелерге сәйкес салық төлеушінің салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға шағымын қарауды салық қызметінің жоғары тұрған органы жүргізеді.

1-1. Салық төлеушінің уәкілетті органның лауазымды адамдары жүргізген тексеру актісі бойынша хабарламаға шағымын қарауды осы Кодекстің 553-557-баптарында белгіленген тәртіппен тікелей уәкілетті орган жүргізеді.

1-2. Салық төлеушінің сотқа шағым беруі салықтық тексеру актісі бойынша шағым келтірілген хабарламаның орындалуын тоқтата тұрады.

2. Салық төлеуші салықтық тексеру актісі бойынша хабарламаға салықтың және өсімпұлдардың есептелген сомасы бөлігінде, сондай-ақ салық қызметі органдары лауазымды адамдарының әрекеті (әрекетсіздігі) бөлігінде сотқа шағымдануға құқылы.

*Ескерту. 552-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### 553-бап. Салық төлеушінің шағым беру тәртібі

1. Салық төлеушінің салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға шағымы хабарламаны салық төлеушіге тапсырған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде салық қызметінің жоғары тұрған органына беріледі.

1-1. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімді дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда салық төлеушінің өтініші бойынша шағымды қараушы салық қызметінің жоғары тұрған органы бұл мерзімді қалпына келтіруі мүмкін.

2. Шағымның көшірмесін салық төлеуші салық тексеруі жүргізген салық органына жіберуге тиіс.

3. Салық төлеушінің осы бапта белгіленген тәртіппен және осы Кодекстің 554-бабында айқындалған нысаны мен мазмұнын сақтай отырып берген шағымы салық органында ол келіп түскен күні міндетті түрде тіркелуге тиіс.

4. Салық қызметінің жоғары тұрған органына шағым берген салық төлеуші осы шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін оны өзінің жазбаша өтініші негізінде кері қайтарып ала алады. Салық төлеушінің шағымды кері қайтарып алуы осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім сақталған жағдайда оны қайтадан шағым беру құқығынан айырмайды.

*Ескерту. 553-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 554-бап. Салық төлеуші шағымының нысаны мен мазмұны

1. Салық төлеушінің шағымы жазбаша түрде беріледі.

2. Шағымда:

- 1) салық төлеушінің шағым берген күні, айы, жылы;
- 2) шағым берілген салық қызметінің жоғары тұрған органының атауы;
- 3) шағым берген адамның тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері) мен банктік деректемелері;
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 5) салық тексеруін жүргізген салық органының атауы;
- 6) шағым беруші адам өз талаптарын негіздейтін мән-жайлар және осы мән-жайларды растайтын дәлелдер;
- 7) қоса тіркелген құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

3. Шағымда дауды шешу үшін маңызы бар өзге де мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

4. Шағымға өтініш беруші - салық төлеуші қол қояды.

5. Шағымға:

- 1) акт пен хабарламаның көшірмесі;
- 2) өтініш беруші өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар;
- 3) іске қатысы бар өзге де құжаттар қоса тіркеледі.

### 555-бап. Салық төлеушінің шағымын қарау

1. Салық төлеушінің шағымы бойынша шағым тіркелген кезден бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде дәлелді шешім шығарылады.

Салық төлеушілердің мониторингтелуі тиіс шағымдары бойынша шағымды қарайтын салық қызметі органы көрсетілген мерзімді ұзартуға құқылы, бірақ ол он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2. Салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға салық төлеушінің шағымын қарау нәтижелері бойынша салық қызметінің жоғары тұрған органы мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) салық тексеруі актісі бойынша шағым жасалған хабарламаны өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырусыз қалдыру;
- 2) салық тексеруі актісі бойынша шағым жасалған хабарламаның толық немесе бір бөлігінде күшін жою.

*Ескерту. 555-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **556-бап. Жоғары тұрған салық органы шешімінің мазмұны**

Шағымдарды қарау нәтижелері бойынша жоғары тұрған салық органының шешімінде:

- 1) шешім қабылданған уақыт пен орын;
- 2) салық төлеушінің шағымын қараған салық органының атауы;
- 3) шағым берген салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы;
- 4) салық тексеруі актісі бойынша шағым жасалған хабарламаның қысқаша мазмұны;
- 5) шағымның мәні;
- 6) шағым бойынша шешім шығару кезінде басшылыққа алынған салық заңдарының ережелеріне сілтеме жасалған негіздеме көрсетілуге тиіс.

#### **557-бап. Салық қызметінің жоғары тұрған органына шағым берудің салдары**

1. Салық қызметінің жоғары тұрған органына салық төлеушінің шағым беруі салықтық тексеру актісі бойынша шағым жасалған хабарламаның орындалуын тоқтата тұрады.
2. Салық тексеруі актісі бойынша хабарламаның орындалуы салық қызметінің жоғары тұрған органының жазбаша шешімі шығарылғанға және осы Кодекстің 557-2-бабының 1-тармағында аталған кезең аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.
3. Салық тексеруі актісі бойынша хабарламаның күші жойылған жағдайда салықтық тексеру актісінің де күші жойылады.

*Ескерту. 557-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **100-1-тарау. Салық төлеушінің шағымын қараудың нәтижелері бойынша шешімді қайта қараудың тәртібі**

*Ескерту. 100-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

#### **557-1-бап. Шешімді уәкілетті органда қайта қарау**

1. Осы Кодексте көзделген ережелерге сәйкес шағымды қараудың нәтижелері бойынша шешімді қайта қарауды уәкілетті орган жүргізеді.
2. Уәкілетті орган шағымды қарау жөніндегі өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде оның қызметіне араласуға тыйым салынады.
3. Уәкілетті органның осы Кодексте белгіленген негізде және тәртіппен шығарылған шешімі салық органдары үшін міндетті болып табылады.

#### **557-2-бап. Уәкілетті органға шағымданудың тәртібі мен мерзімдері**

1. Уәкілетті органға шағым салық төлеуші шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімді алған кезден бастап не осы Кодекстің 555-бабының 1-тармағында аталған мерзім аяқталған соң салық қызметінің жоғары тұрған органының шешімі болмаған жағдайда отыз жұмыс күні ішінде беріледі.
2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімді дәлелді себеп бойынша өткізіп алған жағдайда, шағым беретін салық төлеушінің өтініш беруі бойынша уәкілетті орган бұл мерзімді қалпына келтіруі мүмкін.
3. Уәкілетті органға шағым беру осы баптың ережелері ескеріле отырып, осы Кодекстің 553-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Салық төлеуші шағымның көшірмесін салық төлеушінің шағымын қараған салық қызметінің жоғары тұрған органына да жіберу-ге тиіс.

*Ескерту. 557-2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 475 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **557-3-бап. Уәкілетті органға жіберілетін шағымның нысаны мен мазмұны**

1. Уәкілетті органға жіберілетін шағым нысаны мен мазмұны бойынша осы Кодекстің 554-бабында белгіленген талаптарға сай болуға тиіс.
2. Уәкілетті органға жіберілетін шағымға салық төлеушінің шағымын қараған салық қызметінің жоғары тұрған органы шешімінің көшірмесі қоса тіркелуге тиіс.

#### **557-4-бап. Уәкілетті органға жіберілетін шағымды қарау тәртібі**

1. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілген, уәкілетті органға жіберілген шағымды, осы Кодекстің 557-8-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, оның тіркелген күнінен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган қарайды. Салық төлеушілердің мониторингтелуі тиіс шағымдары бойынша уәкілетті орган көрсетілген мерзімді ұзартуға құқылы, бірақ ол он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.
2. Уәкілетті орган істі мәні бойынша қарауды аяқтаған соң жазбаша нысанда дәлелді шешім шығарады және оны өтініш беруші - салық төлеушіге жібереді немесе тапсырады және көшірмесін салық төлеушінің шағымын қараған салық органына жібереді.

*Ескерту. 557-4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.11.29. N 500 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.13. N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

#### **557-5-бап. Уәкілетті органға жіберілген шағым бойынша шешім қабылдау**

Уәкілетті орган шағымды қараудың қорытындысы бойынша:

- 1) шағымды қанағаттандырусыз қалдыруға;
- 2) салық органының шағым жасалған шешімінің күшін жоюға;
- 3) шешімді өзгертуге немесе жаңа шешім шығаруға құқылы.

#### **557-6-бап. Уәкілетті орган шешімінің мазмұны**

Уәкілетті органның шешімінде:

- 1) шешімнің қабылданған уақыты мен орны;
- 2) шағым берген салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы;
- 3) салық қызметінің жоғары тұрған органының шағым жасалып отырған шешімінің қысқаша мазмұны;
- 4) шағымның мәні;
- 5) Қазақстан Республикасының салық заңдарының нормаларына сілтеме жасалған негіздеме мен қорытындылар көрсетілуге тиіс.

#### **557-7-бап. Уәкілетті органға шағым берудің салдары**

1. Уәкілетті органға шағым беру жазбаша шешім шығарылғанға дейін салықтық тексеру актісі бойынша шағым жасалған хабарламаның орындалуын тоқтата тұрады.
2. Салықтық тексеру актісі бойынша хабарламаның күші жойылған жағдайда салықтық тексеру актісінің де күші жойылады.

#### **557-8-бап. Қосымша тексеру жүргізудің тәртібі мен мерзімдері**

1. Салық қызметі органы салық төлеушінің шағымын қараған кезде, қажет болған жағдайда, қосымша тексеру тағайындауға құқылы.
2. Қосымша тексеру осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі. Бұл ретте қосымша тексеру шағымды қарайтын салық қызметі органының осындай тексеруді жүргізу туралы шешімін алған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей басталуға тиіс.
3. Шағымды қараудың мерзімі қосымша тексеруді өткізу кезеңінде тоқтатыла тұрады.
4. Айқындық жеткілікті болмаған немесе деректер толық болмаған, сондай-ақ қосымша тексерудің барысында бұрын тексерілген мән-жайлар мен құжаттарға қатысты жаңа мәселелер туындаған кезде шағымды тексеруші орган қайта тексеруді тағайындауға құқылы.
5. Шағым бойынша шешім қосымша тексерудің нәтижелерін ескере отырып шығарылады.

*Ескерту. 557-8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**558 - 565-баптар.**

*Ескерту. 558-565-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## **101-тарау. Салық қызметі органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

### **566-бап. Шағымдану құқығы**

Әрбір салық төлеушінің жоғары тұрған салық қызметі органына немесе сотқа салық қызметі органдарының лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқығы бар.

### **567-бап. Шағымдану тәртібі**

Салық қызметі органдарының лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен шағым жасалады.

### **568-бап. Салық қызметі органдары лауазымды адамдарының салық заңдарын бұзғаны үшін жауаптылығы**

Салық қызметі органдарының салық заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

*Ескерту. 568-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.11.23. N 358 (2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**Қазақстан Республикасының Президенті**